

Международный научно-популярный журнал
ISSN 2073-333X

Наука и жизнь Казахстана Қазақстанның ғылымы мен өмірі

№4 (60) 2018



Филология факультеті

Құрылтайшы:
«ҚҰҚЫҚТЫҚ МИССИЯ» ҚОҒАМДЫҚ ҚОРЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ КЛУБЫ

Учредитель:
ОБЩЕСТВЕННЫЙ ФОНД «ПРАВОВАЯ МИССИЯ»
МЕЖДУНАРОДНЫЙ КАЗАХСТАНСКИЙ КРИМИНОЛОГИЧЕСКИЙ КЛУБ

Founder:
PUBLIC FOUNDATION «LEGAL MISSION»
INTERNATIONAL KAZAKHSTAN CRIMINOLOGY CLUB

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА
SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN
Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
Международный научно-популярный журнал
International popular-science journal

№4(60) 2018

ЗАҢТАНУ
ЮРИСПРУДЕНЦИЯ
LAW

Астана 2018

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Абдукаримов О.А., ҚР қоғам қайраткері
Асанов Ж.К., з.ғ.к., ҚР Жоғарғы сот төрағасы
Абдрасилов Б.С., б.ғ.д., профессор
Абдурасулова К.Р., з.ғ.д., профессор (Ташкент)
Абзалов Э.М., з.ғ.д., профессор, 3-сыныпты мемлекеттік заң кеңесшісі (Ташкент)
Байделдинов Д.Л., з.ғ.д., профессор
Байдаулет И.О., мед.ғ.д., профессор
Баулин Ю.В., з.ғ.д., профессор (Киев)
Бисенов К.А., тех.ғ.д., профессор
Бородин С.В., з.ғ.к., адвокат (Воронеж)
Бурханов К.Н., с.ғ.д., профессор
Букалорова Л.А., з.ғ.д., проф. (РУДН, Мәскеу)
Ведерникова О.Н., з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
Гаипов З.С., с.ғ.д., профессор
Голик Ю.В., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Гриб В.В., з.ғ.д., профессор, бас ред. (Мәскеу)
Грунтов О.И., з.ғ.д., профессор БГУ (Минск)
Дулатбеков Н.О., з.ғ.д., профессор
Елешов Р., -а-ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Есім Ғ., ф.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Елубаев Ж.С., з.ғ.д., профессор
Жұрынов М.Ж., академик, ҚР ҰҒА Президенті
Жұмағұлов Б.Т., - т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Зарипов З.С., з.ғ.д., профессор (Рязань)
Ыдырысов Д.А., т.ғ.д., профессор
Қасымбеков М.Б., с.ғ.д., профессор
Кемел М., э.ғ.д., профессор
Коробеев А.И., з.ғ.д., профессор (Владивосток)
Құл-Мұхаммед М.А., з.ғ.д., профессор
Козаченко И.Я., з.ғ.д., профессор (Екатеринбург)
Коняхин В.П., з.ғ.д., профессор (Краснодар)
Лебедев С.Я., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Лиховая С.Я., з.ғ.д., профессор (Киев)
Мацкевич И.М., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Мухамедиұлы А., ф.ғ.д., профессор
Мұсақожаева А.К., профессор, ҚазҰӨУ ректоры
Мұтанов Ғ.М., т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі
Рустамбаев М.Ю., з.ғ.д., профессор (Ташкент)
Оразалин Н.М., ҚР Жазушылар Одағының төрағасы, ақын-драматург
Орлов В.Н., з.ғ.д., «Российский криминологический взгляд» журналының бас редакторы
Сартаев С.С., з.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Сагадиев К.А., э.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Сәрсембаев М.А., з.ғ.д., профессор
Саломов Б., з.ғ.д., профессор, адвокат (Ташкент)
Сұлтанов Қ.С., с.ғ.д., профессор
Сыдыкова Л.Ч., з.ғ.д., профессор (Бішкек)
Шамурзаев Т.Т., з.ғ.д., профессор (Бішкек)
Шестаков Д.А., з.ғ.д., профессор, Санкт-Петербург халықаралық криминологиялық клубының президенті
Харченко В.Б., з.ғ.д., профессор (Харьков)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

Абдиров Н.М., з.ғ.д., профессор
Абдуллаев К.К., -а.-ш.ғ.д., профессор
Ағыбаев А.Н., з.ғ.д., профессор
Айтжанов Б.Д., вет.ғ.д., профессор
Асангазы О., тіл жанашыры
Әбішев Т.Д., з.ғ.к., профессор
Әбішев Х.А., з.ғ.д., профессор
Байменов А.М., тех.ғ.к., профессор
Бишиманов Б.М., з.ғ.д., профессор
Бектұрғанов Е.Ө., ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты
Борбат А.В., з.ғ.к., бас редактор (Мәскеу)
Джансараева Р.Е., з.ғ.д., профессор
Данилов А.П., з.ғ.к., доцент (Санкт-Петербург)
Жұмағұлова В.И. - ф.ғ.д., профессор
Жақып Б.Ө., филол.ғ.д., профессор
Жолдыбай К., жазушы-публицист
Иванчин А.В., з.ғ.д., адвокат (Ярославль)
Ивона Массакки, профессор (Польша)
Кәрібаев Б.Б., т.ғ.д., профессор
Кленова Т.В., з.ғ.д., профессор (Самара)
Куфлева В.Н., з.ғ.к., доцент (Краснодар)
Корконосенко С.Г., с.ғ.д., профессор (Санкт-Петербург)
Қанжәгітов Е.Қ., вет.ғ.д., профессор
Құрманалиев К.А., ф.ғ.д., профессор
Қуаналиева Г.А., з.ғ.д., профессор
Лопашенко Н.А., з.ғ.д., профессор (Саратов)
Мажейка Кипрас И., MEATP акад.(Мәскеу)
Маткаримова Г.С., з.ғ.д., проф. (Ташкент)
Мельник Г.С., с.ғ.д., проф. (Санкт-Петербург)
Миндагулов Ә.Х., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Омаров Б.Ж., фил.ғ.д., профессор
Саданов А.Қ., б.ғ.д., профессор
Сапиев О.С., ҚР қоғам қайраткері
Старостин С.А., з.ғ.д., профессор (Мәскеу)
Сұлтанмұрат Е., академик
Сматлаев Б.М., з.ғ.д., профессор
Сыдыков Е.Б., т.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі
Сейтжанов Ә.Ә., з.ғ.к., доцент
Рустемов Б.Т., жазушы-публицист
Турецкий Н.Н., з.ғ.д., профессор
Тұрсынов С.Т., э.ғ.д., профессор
Усманов А., п.ғ.д., профессор
Тогжанов Е.Л., з.ғ.к.
Тойлыбаев Б.А., п.ғ.д., профессор
Тұрғараев Б.Т., з.ғ.д., профессор
Рүстемова Г.Р., з.ғ.д., профессор
Фадеев В.Н., з.ғ.д., проф. (Мәскеу)
Шаукенова З.К., э.ғ.д., профессор
Усманов С.У., т.ғ.д., профессор
Челадзе Г., құқық докторы, әкімшілік бизнес докторы, профессор (Грузия)
Нхи Think, Вьетнам Жазушылар Қауымдастығының Төрағасы (Вьетнам)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

Абдукаримов О.А., общественный деятель РК
Асанов Ж.К., к.ю.н., Председатель Верховного Суда РК
Абдрасилов Б.С., д.б.н., профессор
Абдурасулова К.Р., д.ю.н., профессор (Ташкент)
Абзалов Э.М., д.ю.н., профессор, государственный советник юстиции 3-класса (Ташкент)
Асангазы О., общественный деятель
Байдельдинов Д.Л., д.ю.н., профессор
Байдаулет И.О., д.мед.н., профессор
Бисенов К.А., д.т.н., профессор
Баулин Ю.В., д.ю.н., профессор (Киев)
Бородин С.В., к.ю.н., вице-президент, адвокат (Воронеж)
Бурханов К.Н., д.п.н., профессор
Букалерева Л.А., д.ю.н., проф. (РУДН, Москва)
Ведерникова О.Н., д.ю.н., проф. (Москва)
Гаипов З.С., д.п.н., профессор
Голик Ю.В., д.ю.н., профессор (Москва)
Гриб В.В., д.ю.н., профессор, гл. ред. (Москва)
Грунтов О.И., д.ю.н., профессор БГУ (Минск)
Дулатбеков Н.О., д.ю.н., профессор
Елешов Р., д. с-х.н., академик НАН РК
Есим Г., д.ф.н., академик НАН РК
Елюбаев Ж.С., д.ю.н., профессор
Журынов М.Ж., академик, Президент НАН РК
Жумагулов Б.Т., - д.т.н., академик НАН РК, депутат Сената Парламента РК
Зарипов З.С., д.ю.н., профессор (Рязань)
Идрисов Д.А., д.т.н., профессор
Касымбеков М.Б., д.полит.н., профессор
Кемел М., д.э.н. профессор
Кул-Мухаммед М.А., д.ю.н., профессор
Коробеев А.И., д.ю.н., профессор (Владивосток)
Козаченко И.Я., д.ю.н., профессор (Екатеринбург)
Коняхин В.П., д.ю.н., профессор (Краснодар)
Лебедев С.Я., д.ю.н., профессор (Москва)
Лиховая С.Я., д.ю.н., профессор (Киев)
Мацкевич И.М., д.ю.н., профессор (Москва)
Мухамедиулы А., д.ф.н., профессор
Мусаходжаева А.К., профессор, ректор КазНУИ
Мутанов Г.М., д.т.н., профессор, академик НАН РК
Рустамбаев М.Ю., д.ю.н. профессор (Ташкент)
Оразалин Н.М., Председатель Союза Писателей Казахстана, поэт-драматург
Орлов В.Н., д.ю.н., гл. ред. журнала «Российский криминологический взгляд»
Сартаев С.С., д.ю.н., академик НАН РК
Сагадиев К.А., д.э.н., академик НАН РК
Сарсембаев М.А., д.ю.н., профессор
Саломов Б., д.ю.н., профессор, адвокат (Ташкент)
Султанов К.С., д.пол.н., профессор
Сыдыков Е.Б., д.и.н., академик НАН РК
Сыдыкова Л.Ч., д.ю.н., профессор (Бишкек)
Шамурзаев Т.Т., д.ю.н., профессор (Бишкек)
Шестаков Д.А., д.ю.н., профессор, президент Санкт-Петербургского международного криминологического клуба

РЕДАКЦИОННЫЙ СОВЕТ:

Абдиров Н.М., д.ю.н., профессор
Агыбаев А.Н., д.ю.н., профессор
Айтжанов Б.Д., д. вет.н., профессор
Абдуллаев К.К., д. с.-х.н., профессор
Абишев Т.Д., к.ю.н., профессор
Абишев Х.А., к.ю.н., доцент
Байменов А.М., к.тех.н., профессор
Бишиманов Б.М., д.ю.н., профессор
Бектұрғанов Е.У., депутат Мажилиса Парламента РК
Борбат А.В., к.ю.н., гл. редактор (Москва)
Джансараева Р.Е., д.ю.н., профессор
Данилов А.П., к.ю.н., доцент (Санкт-Петербург)
Жумагулова В.И. - д.ф.н., профессор
Жакып Б.О., д.фил.н., профессор
Жолдыбай К., писатель-публицист
Иванчин А.В., д.ю.н., адвокат (Ярославль)
Ивона Масаки, профессор (Польша)
Карибаев Б.Б., д.и.н., профессор
Канжигитов Е.К., д.вет.н., профессор
Кленова Т.В., д.ю.н., профессор (Самара)
Куфлева В.Н., к.ю.н. доцент (Краснодар)
Корконосенко С.Г., д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)
Курманалиев К.А., д.ф.н., профессор
Куаналиева Г.А., д.ю.н., профессор
Лопашенко Н.А., д.ю.н., профессор (Саратов)
Мажейка Кипрас И., академик МЕАТР (Москва)
Маткаримова Г.С., д.ю.н., профессор (Ташкент)
Мельник Г.С., д.пол.н., профессор (Санкт-Петербург)
Миндагулов А.Х., д.ю.н., профессор (Москва)
Омаров Б.Ж., д. фил.н., профессор
Саданов А.К., д.б.н., профессор
Сапиев О.С., общественный деятель РК
Старостин С.А., д.ю.н., профессор (Москва)
Султанмурат Е., академик
Сматлаев Б.М., д.ю.н., профессор
Сейтжанов А.А., к.ю.н., доцент
Рустемов Б.Т., писатель-публицист
Рустемова Г.Р., д.ю.н., профессор
Турецкий Н.Н., д.ю.н., профессор
Турсинов С.Т., д.э.н., профессор
Тогжанов Е.Л., к.ю.н., доцент
Тойлыбаев Б.А., д.п.н., профессор
Тургараев Б.Т., д.ю.н., профессор
Усманов А., д.п.н., профессор
Усманов С.У., д.т.н., профессор
Шаукенова З.К., д.соц.н., профессор
Фадеев В.Н., д.ю.н., профессор (Москва)
Челадзе Г., доктор права, доктор бизнес админ., профессор (Грузия)
Нхи Thinh, Председатель Ассоциации писателей во Вьетнаме (Вьетнам)
Харченко В.Б., д.ю.н., профессор (Харьков)

EDITORIAL BOARD:

Abdulkarimov O.A., public figure of the Republic of Kazakhstan
Asanov Zh. K., Dr. of Law, the Chairman of the Supreme court of Kazakhstan
Abdrasylov B.S., Dr. of biology, professor
Abdurasulova K.R., Dr. of Law, prof.(Tashkent)
Abzalov E.M., Dr. of Law, Professor, State Counselor of Justice of the 3rd class (Tashkent)
Asangazy O., public figure
Baideldinov D.L., Dr. of Law, professor
Baidaulet I.O., Dr. of medical science, prof.
Bisenov K.A., Dr. of technology, professor
Baulin U.V., Dr. of Law, prof. (Kiev)
Borodin S.V., Dr. of Law, vice president, lawyer (Voronezh)
Burhanov K.N., Dr. of polit., professor
Bukalerova L.A., Dr. of Law, prof. (Moscow)
Vedernikova O.N., Dr. of Law, professor (Moscow)
Gayipov Z.S., Dr. of political sciences, prof.
Gollik Y.V., Dr. of Law., Professor (Moscow)
Grib V.V., Dr. of Law., Professor (Moscow)
Gruntov O.I., Dr. of Law., Professor (Minsk)
Dulatbekov N.O., Dr. of Law, professor
Eleshov R., Dr. of agricultural sciences, acad. NAS RK
Esim G., Dr. of Philology, acad. NAS RK
Elubaev G.S., Dr. of Law, professor
Zhumagulov B.T., - Dr of technical sciences, Academician of the NAS of the RK
Zhurinov M.Zh., academic, President of NAS RK
Zaripov Z.S., Dr. of Law, professor (Ryazan)
Ydyrysov D.A., Dr. of history, professor
Kasimbekov M.B., Dr. of political sciences, prof.
Kemel M., Dr. of economics, professor
Kul-Muhammed M.A., Dr. of Law, professor
Korobeev A.I., Dr. of Law, professor (Bladibostok)
Kozachenko I.Ya., Dr. of Law, professor (Ekaterinburg)
Koniyakhin B.P., of Law, prof. (Krasnodar)
Lebedov S.Y., Dr. of Law, professor (Moscow)
Lihovaya S.Y., Dr. of Law, professor (Kiev)
Matskevich I.M., Dr. of Law, professor (Moscow)
Mukhamediuly A., Dr. of philosophy., prof.
Musakhodzhayeva A.K., professor
Rustambaev M.Yu., Dr. of Law, prof. (Tashkent)
Orazalin N.M., Chairman of the Writers' Union, Poet, playwright
Orlov B.N., Dr. of Law, Editor-in-chief «Russian criminological view»
Sartayev S.S., Dr. of Law, acad. NAS. RK
Sagadiev K.A., Dr. of Economics, acad. NAS. RK
Sarsembaev M.A., Dr. of Law, professor
Salomov B., Dr. of Law, professor
Sultanov K.S., Dr. of political sciences, prof.
Sydykov E.B., Dr. of history, professor
Sydykova. L.Ch., Dr. of Law, professor (Bishkek)
Shamurzaev T.T., Dr. of Law, professor (Bishkek)
Shestakov D.A., Dr. of Law, professor, writer

EDITORIAL COUNCIL:

Abdirov B.D., Dr. of Law, professor
Agibaev A.N., Dr. of Law, professor
Aitganov B.D., a doctor of betener sciences is a professor
Abishev T.D., candidate of Law
Abishev H.A., Dr. of Law, professor
Abdullaev K.K., Doctor of agricultural sciences, professor
Baimenov A.M., candidate of tech, professor
Bishmanov B.M., Dr. of Law, professor
Bekturganov E.U., Member of the Parliament of Kazakhstan
Borbat A.V., Deserved Lawyer of the Russian Federation, candidate of Law (Moscow)
Jansaraeva R.E., Dr. of Law, professor
Zhumagulova V.I. - Doctor of philological sciences, Professor, academician
Zhakyp B.U., Dr. of philology, professor
Zholdybay K., writer, journalist
Ivona Massaki, professor (Poland)
Karibaev B.B., Dr. of hisroy, professor
Kangigitov E.K., a doctor of betener sciences
Klenova T.V., Dr. of Law, professor (Samara)
Kufleva V.N., cand.Sc. in Law, assistant professor (Krasnodar)
Korkonosenko S.G., Dr. of polit, professor (St.-Peterburg)
Kurmanaliev K.A., Dr. of philology, prof.
Kuanalyeva G.A., Dr. of Law, professor
Loopachenko N.A., Dr. of Law, prof. (Saratov)
Mazheika Kipras I., acad.PANS (Moscow)
Matkarimova G.S., Dr. of Law, professor (Tashkent)
Melnik G.S., Dr. of polit, professor
Mindagulov A.N., Dr. of Law, professor
Omarov B.Zh., Dr. of philology, professor
Sadanov A.K., Dr. of biology, professor
Sapiev O.S., The public figure of RK
Starostin S.A., Dr. of Law, prof. (Moscow)
Sultanmurat E., academic
Smatlaev B.M., Dr. of Law, professor
Seitzhanov A.A., Ph.D., associate Professor
Rustemov B.T., writer, publicist
Rustemova G.R., Dr. of Law, professor
Turetski N.N., Dr. of Law
Tursunov C.T., Doctor of Economics, professor
Toqshanov E.L., Dr. of Law, professor
Toilybaev B.A., Dr. of pedagog., professor
Turgaraev B.T., Dr. of Law, professor
Usmanov A., Dr. of political sciences, professor
Usmanov S.U., Dr. of history, professor
Shaukenova Z.K., Dr. of soc., professor
Fadeev V.N., Dr. of Law, prof. (Moscow)
Cheladze G., Dr. of Law, professor (Gruzia)
Huu Thinh, Chairman Vietnam Writer's Association, poet (Vietnam)
Harchenko B.V., Dr. of Law, prof. (Harkov)

ТМД елдеріндегі редакция өкілдігі:

Мәскеу ММУ:	проф. Матвеева А.А.	ұялы тел.: +7 (916) 526-44-29
Мәскеу:	проф. Лебедев С.Я.	ұялы тел.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	ұялы тел.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	ұялы тел.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. В.П. Коняхин	ұялы тел.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	ұялы тел.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	ұялы тел.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	ұялы тел.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	ұялы тел.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	ұялы тел.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	ұялы тел.: + 992907702120
Бишкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	ұялы тел.: + 996555753058
Бишкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	ұялы тел.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	ұялы тел.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	ұялы тел.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	ұялы тел.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	ұялы тел.: +7 (902) 260-15-54

Представительство редакция в СНГ:

Москва МГУ:	проф. Матвеева А.А.	моб.: +7 (916) 526-44-29
Москва:	проф. Лебедев С.Я.	моб.: +7 (985) 977-28-05
Санкт-Петербург:	доцент Данилов А.П.	моб.: +7-911-963-13-91
Рязань:	проф. Зарипов З.С.	моб.: +7-960-5726474;
Краснодар:	проф. Коняхин В.П.	моб.: +7-918-443 56 21
Краснодар:	доцент Куфлева В.Н.	моб.: +79184333395
Киев:	проф. Лиховая С.Я.	моб.: +7 380674469485
Харьков:	проф. Харченко В.Б.	моб.: +7 380932339968
Ташкент:	проф. Абдурасулова К.Р.	моб.: +7 998 909 63 92 51
Ташкент:	проф. Абзалов Э.М.	моб.: +7 998 901 87 07 01
Душанбе:	проф. Бахриддинов С.Э.	моб.: + 992907702120
Бишкек:	проф. Сыдыкова Л.Ч.	моб.: + 996555753058
Бишкек:	проф. Шамурзаев Т.Т.	моб.: + 996555789546
Ярославль:	проф. Иванчин А.В.	моб.: + 89106641313
Ставрополь:	проф. Кибальник А.Г.	моб.: +79624038213
Ростов-на-Дону:	проф. Бойко А.И.	моб.: +7 (928) 158-68-17
Екатеринбург:	доцент Сергеев Д.Н.	моб.: +7 (902) 260-15-54

Веб-сайт: www.nauka-zan.kz e-mail: nauka-zan@mail.ru

Журнал редакциясының мекен жайы:

Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау, Түлкібас көш., 49 үй

Адрес редакции журнала:

г. Астана, Алматинский район, Юго-Восток, правая сторона, ул. Тулкибас, д.49.

Главный редактор: д.ю.н., профессор Алауханов Е.О. +7 701 111 8828;

Научный редактор: к.ф.н., доцент Абдиева Роза Серикбаевна, 87013323407

**«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ»
«НАУКА И ЖИЗНЬ КАЗАХСТАНА»
«SCIENCE AND LIFE OF KAZAKHSTAN»**

Халықаралық ғылыми журналы (Мемлекеттік тіркеу: №9875-Ж 09.02.2009 ж.
Халықаралық тіркеу: ISSN 2073 – 333X, Париж, наурыз)
2009 жылдан бастап жылына 6 рет шығады.

Международный научно-популярный журнал
(Гос. регистрация: №9875-Ж 09.02.2009,
Международная регистрация: ISSN 2073 – 333X, Париж, март 2009 г.)
Периодичность издания журнала выходит 6 раз в год.

Ғылыми еңбектің негізгі нәтижелерін жариялау үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім және ғылым саласындағы бақылау Комитетінің 2012 жылғы 10 шілдедегі №1082 бұйрығымен ғылыми баспалар тізіміне енгізілген.

Журнал индексті ғылыми дәйексөздер қатарына қосылады және ҚР БҒМ Білім және ғылым саласындағы бақылау жөніндегі комитет ұсынған заңтану, филология, педагогика, өнертану ғылымдары бойынша басылымдар тізіміне кіреді.

Автор мәліметтің нақтылығына, ресми құжаттардың сілтемелері мен басқа да деректердің дұрыстығына жауапты. Редакцияға келген материалдар кері қайтарылмайды.

Мақалада отандық авторлардың еңбектеріне міндетті түрде сілтеме берілу керек.

Журналға мақаланы қазақ, орыс, ағылшын, неміс, француз, қытай, түрік, араб және ТМД халықтары тілдерінде жазуға болады.

Приказом Комитета по контролю в сфере образования и науки МОН РК от «10 » июля 2012 года № 1082 рекомендован для научных публикаций.

Журнал включен в индекс научного цитирования (ИНЦ) и в список изданий, рекомендованных Комитетом по контролю в сфере образования и науки МОН РК по специальностям: **юриспруденция, филология, педагогика, искусствоведение.**

Ответственность за достоверность фактов и сведений, содержащихся в публикациях, несут авторы. Материалы редакцией не возвращаются.

В статье обязательно сопровождение ссылок на работы отечественных авторов.

Статьи журнала принимаются на казахском, русском, английском, немецком, французском, китайском, турецком, арабском языках и могут быть написаны на языках народов СНГ.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҒЫЛЫМЫ МЕН ӨМІРІ
Халықаралық ғылыми-көпшілік журнал
№ 60 2018 жыл

Бас редактор:

«Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері», з.ғ.д., профессор Е.О. Алауханов

Басуға 30.05. 2018 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108 1/8. Офсетті қағаз.

Сандық басылыс. Көлемі 39 б.т. Таралымы 500 дана. Тапсырыс №87.

Редакция мекенжайы: Астана қ., Алматы ауданы, Оңтүстік-Шығыс, оң жағалау,
Түлкібас көш., 49 үй, web-site: www.nauka-zan.kz, e-mail: nauka-zan@mail.ru

ЗАҢТАНУ

Ибраева А.С.

заң ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті,
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының
профессоры

Турсынқулова Д.А.

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті,
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық
және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ҮШІН ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПТЫЛЫҚ

Түйіндеме: Жұмыста қазіргі кездегі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен заңды жауаптылық мәселелері ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары мен заңды жауаптылық мәселелерінің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Түйін сөздер: сыбайлас жемқорлық, құқық, құқықтық таным, құқықтық мәдениет, мемлекет, мемлекеттің функциясы

Аннотация: В работе рассматриваются содержательные стороны юридической ответственности за коррупционные правонарушения. Также в работе всесторонне исследуются особенности юридической ответственности за коррупционные правонарушения. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: коррупция, право, правопонимание, правовая культура, государство, деятельность государства.

Abstract: The paper considers the content aspects of legal responsibility for corruption offenses. Also in the work the features of legal responsibility for corruption offenses are comprehensively researched. The main conclusions and position of the author may use to provide states policy in raising law awareness and legal education of the Kazakhstan society.

Keywords: corruption, law, legal education, legal culture, the state, the activities of the State.

Құқық теориясында құқық бұзушылық кінәлі, құқыққа қарсы, құқық нормасын бұзатын және артынан заңды жауаптылықтың басталуына әкеп соқтыратын әрекет деп түсініледі.

2015 жылы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының Заңының 1 бабына сәйкес: «сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу» [1] деп түсініктеме беріледі. Тиісінше жемқорлық құқық бұзушылықтары сыбайлас жемқорлықтың белгілері бар кінәлі, құқыққа қарсы әрекет не әрекетсіздік деп түсінідіріледі, ол үшін заңды әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген. Сонымен қатар жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін тәртіптік жауаптылық та көзделген.

Осылайша, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары өз мүддесі мен өз пайдасы үшін, қызметтік бабын пайдаланып сыбайлас жемқорлық субъектілері – тұлғалармен жасалады. Осы нормалардың құзырына кіретін адамдардың шеңберіне назар аударсақ. Бұлар:

- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдар.
- мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдарға тең тұлғалар,
- Лауазымды тұлғалар;
- тұлғаға пара беру арқылы, оларға игіліктер беру арқылы оларды сатып алатын кәметке толған жеке тұлғалар.

2015 жылы 23 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілер:

- 1) заңдылық қағидатын басшылыққа алуға;
- 2) мемлекеттік саясатты жақтауға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, өзінің әрекеттерімен мемлекеттік биліктің беделін нығайтуға, мемлекеттік қызметке кір келтіретіндей әрекеттер жасауға жол бермеуге;
- 3) мемлекеттік қызметке, мемлекетке және оның институттарына қоғамның сенімін сақтауға және нығайтуға;
- 4) жалпыға ортақ қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға;
- 5) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне құрметпен қараудың үлгісі болуға;
- 6) қарамағындағы мемлекеттік қызметшілерден лауазымдық өкілеттіктерінен тыс тапсырмалар орындауын талап етпеуге;
- 7) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінде көзделген өзге де әдеп қағидаларын сақтауға міндетті [2].

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары сипаты мен ауырлығына қарай тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық құқық бұзушылықтарға бөлінеді және тиісінше тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Тәртіптік құқық бұзушылық - еңбек нормаларына, оқу тәртібіне, әскери тәртіпті бұзатын әрекет. Тәртіптік жауапкершілік институты мемлекеттік қызметшілер мен оларға теңестірілген тұлғалар арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл жасау үшін өте маңызды, себебі ол қызметкердің заңды мінез-құлқын қалыптастыруға және оның міндеттерін дұрыс және заңсыз орындау арасындағы шекараны анықтауға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілерді тәртіптік жауапкершілікке тарту тетігін қарастырайық. Бұл институт Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, «Мемлекеттік қызмет туралы» Заңмен және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану Ережесін бекіту туралы» Жарлығымен реттеледі.

Жарлыққа сәйкес, саяси және әкімшілік мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі көрсетілген. Мемлекеттік саяси қызметшінің тәртіптік жазасын жоғары тұрған лауазымды тұлға (орган) немесе қызметшіні лауазымға тағайындауға және қызметтен босатуға құқылы адам яғни уәкілетті тұлға тағайындайды.

Саяси мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жаза тиісті мемлекеттік органның отырысында, оның алқасында немесе жазаны тағайындаған лауазымды тұлғамен анықталады, оған жаза қолданған қызметкерлердің қатысуымен деп танылуы мүмкін. Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі бойынша қызметтік әдеп нормаларын бұзғаны, оның ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің тағайындаған саяси мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік мемлекеттік қызметке жала жабатын теріс қылықтары сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Комиссия қаралуы мүмкін.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері жөніндегі Комиссиясы ресми тергеу жүргізу туралы ұсынымдар беруге құқылы, сондай-ақ тәртіптік ретпен қызметінен босатуға дейін қоса алғанда лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі бойынша ұсыныстар беруге құқығы бар.

Облыстардың әкімшілік орталығы болып табылатын қала әкімдерінің қызметтік әдеп нормаларын бұзуы оның ішінде мемлекеттік қызметке жала жабатын теріс қылықтары облыстардағы, республикалық маңызы бар қалалардағы, астанадағы Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі органның әдеп жөніндегі уәкілетті кеңесте қаралады, ол қызметтік тергеу жүргізу туралы ұсыныстар енгізуге құқылы, сондай-ақ қызметтен босатылғанға дейін лауазымды тұлғалардың тәртіптік жауапкершілігі туралы ұсыныстар енгізуге құқығы бар.

Тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы мен Ар-намыс кодексі нормаларын бұзуға жол берген облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелеріне, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандары мен қалалар аудандарының әкімдеріне, С-О-1, С-О-2, С-О-3, С-О-4, С-Р-1, С-Р-2, D-1, D-2, D-3, D-0-1, D-0-2, D-0-3, E-1, E-2, E-3, E-R-1, E-R-2, E-G-1 санаттарындағы қызметшілерге қатысты тәртіптік істерді Қазақстан Республикасы Мемлекеттік

қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана және Алматы қалаларындағы, облыстардағы тәртіптік кеңестері қарайды.

Қызметтік тергеу тәртіптік санкцияларды қолдануға уәкілетті адамның атынан жүргізіледі. Тәртіптік жаза қолдану туралы шешімге шағымдану оның орындалуын тоқтатпайды.

Тәртіптік санкциялар мынадай актілерді шығару арқылы жүзеге асырылады:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығы немесе бұйрығы;
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы;
3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі;

4. Орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшыларының және басқа да уәкілетті лауазымды тұлғалардың заңдарда көзделген бұйрықтары немесе өзге де актілері.

Тәртіптік жаза қолдану туралы актіге жаза қолданылатын құқық бұзушылықтың өзі, жазаның түрі және кімге қолданылатыны көрсетіледі. Егер айып тағылған күннен бастап алты ай ішінде саяси мемлекеттік қызметші жаңа жазаға тартылмаса, онда ол тәртіптік жазасы жоқ деп есептеледі. Саяси мемлекеттік қызметшінің қызметінен төмендету түріндегі тәртіптік жазаны алып тастау оны бұрынғы лауазымының қайта қалпына келуіне әкелмейді.

Саяси мемлекеттік қызметшіге бірнеше тәртіптік жаза қолданылған жағдайда, ол соңғы жаза қолданылған күннен бастап алты айлық мерзім өткенге дейін жазасы бар деп есептеледі. Егер саяси мемлекеттік қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және сонымен бірге ол өзін адал қызметкер ретінде көрсеткен болса, тәртіптік жаза алты айлық мерзім өткенге дейін жойылуы мүмкін.

Жаза мынадай жағдайларда:

- 1) еңбекке уақытша қабілетсіздік кезеңінде;
- 2) қызметшінің демалыста немесе іссапарда болған кезеңінде;
- 3) қызметші мемлекеттік немесе қоғамдық міндеттер атқару уақытына жұмыстан босатылған кезеңінде қолданылмайды.

Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес заңнамасы мен Арнамыс кодексін қоспағанда, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғатын, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзуға жол берген облыстардың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың тексеру комиссиялары мүшелеріне, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандары мен қалалар аудандарының әкімдеріне қатысты тәртіптік істерді облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы қарайды.

Облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандардың әкімдерін қоспағанда, "А" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тәртіптік жауаптылығын Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Кадр саясаты жөніндегі ұлттық комиссия не оның тапсырмасы бойынша облыстың, астананың, республикалық маңызы бар қаланың кадр комиссиясы қарайды.

Қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарды, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол беруді қоспағанда, облыстық маңызы бар қалалардың, облыстар аудандарының және қалалардағы аудандар әкімдерінің тәртіптік жауаптылығын Өңірлік кадр комиссиясы қарайды.

Қызметтік тергеп-тексеру материалдарын қарау, "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің тәртіптік теріс қылығына қатысты фактілерді зерттеу және осы Қағидаларда көзделген тиісті ұсынымдарды шығару үшін мемлекеттік органда тәртіптік комиссия құрылады.

Қызметтік әдеп нормаларын бұзуға, оның ішінде мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарға жол берген В-1, С-1, С-2, сондай-ақ С-О-1, С-О-2 санаттарындағы мемлекеттік қызметшілердің тәртіптік жауаптылығын мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы ұсынымдарды тұжырымдайтын Әдеп жөніндегі комиссиясы қарайды [3].

Тәртіптік теріс қылықтар мынандай түрлерге бөлінеді:

- 1) елеусіз;
- 2) елеулі;
- 3) өрескел.

Елеусіз теріс қылық - тәртіптік жазасы жоқ мемлекеттік әкімшілік қызметші жасаған немесе бұрын қолданылған жаза алып тасталғаннан кейін жасаған теріс қылық елеусіз теріс қылық болып табылады, ол үшін қызметшіге ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі тәртіптік жаза қолданылады.

Елеулі теріс қылық - алып тасталмаған ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түрінде қолданылған жаза болған кезде мемлекеттік әкімшілік қызметші жасаған теріс қылық елеулі теріс қылық болып

табылады, ол үшін қызметшіге қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі жаза қолданылады. Бұл ретте, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес негіздер бойынша қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза көзделген тәртіптік теріс қылықтарға жол берілген жағдайларда, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту немесе лауазымын төмендету түріндегі тәртіптік жаза алынбаған тәртіптік жазаның болуына қарамастан қолданылады.

Өрескел теріс қылық - жасағаны үшін қолданыстағы еңбек заңнамасына, мемлекеттік қызмет туралы заңнамаға сәйкес негіздер бойынша қызметтен шығару көзделген теріс қылық не мемлекеттік әкімшілік қызметші лауазымын төмендету немесе қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түріндегі алынбаған жазасы бола тұра жасалған теріс қылық өрескел теріс қылық болып табылады, ол үшін атқаратын лауазымынан босату түріндегі жаза қолданылады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің тәртіптік теріс қылық жасауы тәртіптік жаза қолдану үшін негіз болып табылады.

Тәртіптік жаза жасалған тәртіптік теріс қылықтың ауырлығына, оны жасаған адамның кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс.

Тәртіптік жазаның түрін айқындаған кезде:

- 1) теріс қылықтың мазмұны мен сипаты;
- 2) теріс қылық жасалған кездегі мән-жай (орны, уақыты, әдісі және оны жасаудың өзге де мән-жайлары), мемлекеттік әкімшілік қызметшінің кінәсі;
- 3) жасалған теріс қылық әкеп соққан немесе әкелуі мүмкін келеңсіз зардаптар;
- 4) оны жасаған адамның бұрынғы мінез-құлқы;
- 5) тиісті қызмет саласындағы жұмыс тәжірибесі;
- 6) мемлекеттік әкімшілік қызметшінің жеке басын сипаттайтын өзге де мән-жайлар жинақтала есепке алынады.

Мемлекеттік әкімшілік қызметші теріс қылық жасаған кезде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі. Мемлекеттік әкімшілік қызметші елеусіз теріс қылық жасаған жағдайда, егер жазбаша түсініктемесінде ол осы теріс қылықты жасау фактісімен келіссе, онда уәкілетті адамның қызметтік тергеп-тексеру жүргізбей ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі жаза қолдану құқығы бар. Мемлекеттік әкімшілік қызметші өзінің жазбаша түсініктемесінде теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда уәкілетті адамның бұйрығы бойынша осы Қағидаларда айқындалған тәртіпке сәйкес қызметтік тергеп-тексеру жүргізілуге тиіс. Мемлекеттік әкімшілік қызметші жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда, персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) жұмыскерлері не уәкілетті лауазымды адамдар тиісті акт жасайды. Мемлекеттік әкімшілік қызметшінің жазбаша түсініктеме беруден бас тартуы қызметтік тергеп-тексеру жүргізуге кедергі болып табылмайды. Лауазымын төмендету, қызметіне толық сәйкес еместігі туралы және атқаратын лауазымынан босату түріндегі тәртіптік жазалар жүргізілген қызметтік тергеп-тексерудің нәтижелері бойынша Комиссияның тиісті ұсынымдарына сәйкес қолданылады. Егер тәртіптік теріс қылықты мемлекеттік әкімшілік қызметке алғаш рет қабылданған адам жасаса, оған бекітілген тәлімгерден теріс қылық жасау фактісі бойынша жазбаша түсініктеме талап етіліп, ол Комиссия отырысында оның мүшелерінің назарына жеткізіледі. Уәкілетті адам Ұлттық комиссияның, Әдеп жөніндегі комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдары мен материалдарын қараған кезде қызметтік тергеп-тексерулер жүргізілмейді. Уәкілетті адам Ұлттық комиссияның, Әдеп жөніндегі комиссияның, Өңірлік кадр комиссиясының немесе Әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымына сәйкес он жұмыс күні ішінде тәртіптік жаза қолдану жөнінде шешім қабылдайды. Қабылданған шешім туралы Ұлттық комиссияға, Әдеп жөніндегі комиссияға, Өңірлік кадр комиссиясына немесе Әдеп жөніндегі кеңеске үш жұмыс күні ішінде хабарланады [3].

Уәкілетті адам мынадай шешім қабылдайды:

- 1) тиісті тәртіптік жаза қолданады;
- 2) іс-құжаттарды қосымша қызметтік тергеуге жібереді;
- 3) тәртіптік жаза қолданбайды. Тәртіптік жаза Уәкілетті адамның шығарған бұйрықтары, өкімдері арқылы қолданылады.

Мемлекеттік қызметшінің әкімшілік құқық бұзушылығы мен заң алдындағы жауаптылығын қарастырып өтейік.

Әкімшілік құқық бұзушылықтар заңнамасының маңызды міндеттерінің бірі бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, қоғамда әкімшілік-құқықтық қатығыстардың алдын алу болып табылады.

Әкімшілік құқықтық санкцияларды қалыптастыру барысында олардың қоғамға қауіптілігін және

құқық бұзушылықтың сипатын сақтау қажет, әкімшілік-құқықтық және қылмыстық-құқықтық санкцияларды айырып білу керек.

Мұндай мәселенің өзектілігі бар, себебі іс жүзінде жасалған құқық бұзушылықтың сипатына қатысты норма бұзушылықтар кездесіп жатады және кейде әкімшілік санкциялар да қатаң болып жатады. Әкімшілік құқық бұзушылықтар мемлекеттік-биліктік қатынастар саласында, мемлекеттік басқару жүйесінде жиі кездесіп жатады.

2015 жылы 1 қаңтарда күшіне енген Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексінің 2 бөлімі 3 тарауы 25 бабына сәйкес: «әкімшілік жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады»[4].

Егер бұл құқық бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша заңнамаға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін бірқатар әкімшілік жауаптылық нормаларын көздейді.

Бірақ егер осы нормалар үшін жауаптылық болмаса белгіленген ережелер мен тыйымдардың толығымен ескерілмеуіне әкеп соқтырады. Мұның жемқорлық әрекеттеріне де қатысы бар: моральдік-әдептік жағынан мүмкін емес болғанның белгілі бір мемлекеттік қызметші үшін мүмкін болса, оның қызметтесі үнемі көріп отырса осы жағдайды.

Басқа әкімшілік құқық бұзушылықтарға қарағанда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығы тек қасақаналы әрекет түрде іске асырылады.

Жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылықтар дегеніміз – мемлекеттік функцияларды атақарып жатқан уәкілетті тұлғаның өзі не ортада біреудің көмегімен материалдық игіліктерді заңсыз алуы, иемденуі болып табылады.

Бұл анықтама сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының материалды мазмұнын және әлеуметтік мәнін, оның белгілерін, қоғамға қауіптілігін, құқыққа қайшылығын, жазалатындығын, кінәлі екендігін және қол сұғушылық объектісінің бар екендігін көрсетіп отыр.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының құрамдары Кодекстің 34 тарауында көрсетілген:

Составы коррупционных административных правонарушений изложены в главе 34 Кодекса и зафиксированы в шести статьях:

- Жеке тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (676-бап);
- Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген тұлғаның не оған теңестірілген тұлғаның заңсыз материалдық сыйақы алуы (677-бап);
- Заңды тұлғалардың заңсыз материалдық сыйақы беруі (678-бап);
- Мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруы және заңсыз кірістер алуы (679-бап);
- Мемлекеттік органдар басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамауы (680-бап);
- Бұрын сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарды жұмысқа қабылдау (681-бап).

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың құрамы төрт элементті қамтиды: субъект, субъективтік жағы, объект, объективтік жағы.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың субъектісі мемлекеттік функцияны атқарушы тұлға:

- 1) Маслихаттың депутаттары;
- 2) Мемлекеттік қызмет туралы заңға сәйкес барлық мемлекеттік қызметшілер.

Мемлекеттік функцияны атқарушыға теңестірілген тұлғалар:

- 1) Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына сайланғандар;
- 2) Президент болуға, Мәжіліс депутаты болуға, Маслихат депутаты болуға үміткер кандидаттар;
- 3) ҚР Ұлттық Банк және оның ведомстволарының қызметкерлері.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың объектісі – қызметтік құзыретті іске асыру тәртібі.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың объективтік жағы – әрекет (мысалы, заңсыз кәсіпкерлікпен айналысу, заңсыз кіріс алу және т.б.) немесе әрекетсіздік (мемлекеттік органның басшысының шара қолданбауы).

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың субъективтік жағы – тікелей қасақана:

кінәлі қоғамға қауіптілікті сезінеді, құқыққа қарсы әрекет жасайды, оны тілейді. Кейбір құқық бұзушылықтарға ниет пен мақсатта тән болып табылады. Ешбір әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық абайсызда жасалмайды.

Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық үшін заңды жауаптылық ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекске сәйкес тағайындалады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. 2015 жылы 18 қарашада қабылданған «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Қазақстан Республикасының Заңы // // <http://adilet.zan.kz>

2. 2015 жылы 23 қарашада қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңы // // <http://adilet.zan.kz>

3. Мемлекеттік қызмет өткерудің кейбір мәселелері туралы / Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану Қағидалары / Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 152 Жарлығы // <http://adilet.zan.kz>

4. 2015 жылы 1 қаңтарда күшіне енген Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Кодексі // // <http://adilet.zan.kz>

Ибраева А.С.

з.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Усеинова Г.Р.

З.ғ.д., профессор, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Байкенжеев А.С.

З.ғ.к., қауымдастық профессор Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Академиясы

Турсынқулова Д.А.

З.ғ.к., доцент, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЗАҢ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация: Бұл баяндамада Қазақстандағы заң ғылымының жағдайы анықталып, мәселелері айқындалады, даму перспективалары белгіленеді, ұсыныстар беріледі. Заң ғылымы ұлттық құқық қорғау және сот жүйелерінің барлық салаларының одан әрі жетілдіру, сондай-ақ сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметтегі құқықтық негізін, стратегиялық бағытын айқындауы тиіс деген қорытынды жасалды. Баяндамада қазақстандық заң ғылымының жалпы сипаттамасы берілген. Заң ғылымының заң білімімен тығыз байланысты екендігі атап өтіледі. Бұл салада көптеген мәселелер бар. Баяндамада Қазақстандағы заң ғылымының даму деңгейі өте төмен деп бағаланады.

Түйін сөздер: заң ғылымы, заңи білім, құқық, докторантура, ғалым- заңгерлер, Болон процессі

Аннотация: В данной статье раскрывается состояние юридической науки Казахстана, выявляются проблемы, обозначены перспективы развития, предлагаются рекомендации. Сделан вывод о том, что юридическая наука должна определять стратегические направления дальнейшего совершенствования всех отраслей национального права, правоохранительной и судебной систем, а также правовых основ внешнеполитической и внешнеэкономической деятельности. Дана общая характеристика казахстанской юридической науки. Подчеркивается, что юридическая наука тесно связана с юридическим образованием. В этой сфере есть много проблем. Сделан вывод о том, что проведенные реформы в образовательной системе в соответствии с Болонской конвенцией (Болонский процесс) в подготовке научных кадров не принесли ожидаемых положительных результатов. Выделяются актуальные направления развития юридической науки Казахстана в области гражданского права, административного права, ювенального права, природоресурсного права.

Ключевые слова. Юридическая наука, юридическое образование, право, докторантура, ученые юристы, Болонская конвенция.

Abstract: This report reveals the state of Kazakhstan's jurisprudence, identifies problems, outlines development prospects, suggests recommendations. The conclusion is made that legal science should determine strategic directions for further improvement of all branches of national law, law enforcement and judicial systems, as well as legal bases for foreign policy and foreign economic activity. The report gives a general description of the Kazakhstani legal science. It is emphasized that the legal science is closely connected with the legal education. In this area, there are many problems. It was concluded that the reforms carried out in the educational system in accordance with the Bologna Convention (Bologna process) in the training of scientific personnel did not bring the expected positive results. Current trends in the development of the legal science of Kazakhstan in the field of civil law, administrative law, juvenile law, environmental law are outlined.

Key words. Legal science, legal education, law, doctoral studies, academic lawyers, Bologna process.

Қазіргі әлемде заң ғылымы әлеуметтік ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады. Бұл зерттеу объектісімен байланысты. Заң ғылымының объектісі объективті шындықтың нақты салалары болып табылады. Қазақстан Республикасының өзін құқықтық мемлекет ретінде қалыптастыруға деген ұмтылысы құқықтық жүйені, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру, тұтастай алғанда заң мен тәртіпті қамтамасыз ету, құқық бұзушылықтарымен күресуді нығайту, адам құқықтары мен бостандықтарын қорғау мәселелерін қамтиды. Азаматтық құқық, кәсіпкерлік құқық, отбасы құқығы, еңбек құқығы - Қазақстандағы азаматтық қоғамның қалыптасуы жеке құқықтың салаларын дамытуға өзекті болып табылады. Барлық мәселелер, әдетте, Қазақстан Республикасында заң ғылымының жетістіктері негізінде заңнаманы тұрақты жетілдіруді талап етеді. Заманауи заң ғылымының негізгі міндеттерінің бірі, құқықтық тәжірибеде теориялық көзқарастарды, идеяларды, құқықтық ғылымның ережелерін жүзеге асыру болып табылады. Қоғамдық қатынастардың белсенді дамуы, заңнамалық өзгерістердің көлемін және жылдамдығын, жаһандану үдерістерін, сондай-ақ нарықтық экономика ережелерін едәуір көбейту заң ғылымының іс жүзінде бағдарлануын талап етеді. Қазіргі қоғамды ақпараттандыруға байланысты жаңғырту дәуірі мемлекеттің және заңның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Айта кетейік, қазіргі таңда әлемдік ақпараттық революцияны немесе ақпараттық даму сатысын бастан кешуде. Келесі кезеңдерді атап өтуге болады:

1) жазбаша өнертабыс;

- 2) кітап басып шығару;
- 3) радио және теледидар;
- 4) электрондық есептеуіш машиналарды – компьютерлерді құру;
- 5) трансшекаралық ғаламдық желіні, Интернетті құру [1,21 б].

Ақпараттандыру заң ғылымының жаңа бағыттарын дамытуға байланысты. Бұл ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, ақпараттық құқық, мемлекеттік қызметті жетілдіру, электрондық үкімет, Қазақстанды цифрландыру, киберқұқық. 2017 жылы «Сандық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Дамудың негізі болып 31.01.2017 ж. «Қазақстанның үшінші жаңғыртылуы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Президенттің Жолдауы табылды [2].

Осыған байланысты Қазақстанның цифрландыру үдерісін құқықтық реттеу мәселелері заң ғылымы үшін маңызды. Үкіметтің жоспарларына сәйкес, ел цифрлық бизнес пайда болуына байланысты экономиканың барлық секторларын реттеуге арналған 23 жоба арқылы толық сандық трансформацияны күтеді [3, 156].

Цифрландыру үдерісінің тұрақтылығы үшін инновациялық дамытудың ұзақ мерзімді институттарын құру және оның негізгі бағыты ретінде анықталған бағдарламаның прагматикалық бастау қамтамасыз ету қажет.

Заң ғылымдарының дамуында құқықтық реттеудің екі негізгі бағыттарын атауға болады: жария және жеке құқық. Жария құқық саласында конституциялық құқық, әкімшілік құқық, қылмыстық құқық, қылмыстық процестік құқық, экологиялық құқық, жер құқығы, еңбек құқығы сияқты құқықтар өзекті болып табылады. Көші-кон құқығы, ғарыштық құқық, ұлттық қауіпсіздік құқығы, ақпараттық құқық сынды жаңа құқықтарға назар аударған жөн. Ақпараттық құқық кибер құқық, электрондық құқық сияқты заңды құрылымдардан тұрады. ҚР ҰҒА академигі М.К. Сулейменовтың пайымдауынша, жаңа интеграцияланған құқық - энергетикалық құқық туралы мәселені көтеруге болады [4,56].

Жеке құқық саласындағы азаматтық құқық, зияткерлік меншік құқығы, кәсіпкерлік құқық, инвестициялық құқық, тұрғын үй құқығы, мұрагерлік құқық және халықаралық жеке құқық салалары мен қосалқы салалардың дамуы қажет. Құқықтың жеке саласы болып - халықаралық құқық табылады.

Фундаменталды заң ғылымы ең өзекті мәселелерге жауап беруі керек. Қазақстанда заң ғылымдарының дамуына тұжырымдамалық маңызы бар болып 2010 жылдан 2020 жылға кезеңге дейінгі Қазақстан Республикасының құқықтық саясат тұжырымдамасы саналады [5].

Тұжырымдама мемлекеттің құқықтық саясат саласындағы тиісті бағдарламаларды, Қазақстан Республикасы Үкіметінің ұзақ мерзімді және жылдық заң жобалау жұмыстарын және Республика нормативтік-құқықтық актілердің жобалары жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

2014-2017 жылдары, Қазақстан Республикасының қылмыстық-атқару кодексі, Қылмыстық процестік кодексе, Қылмыстық кодексі, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі сияқты жаңа маңызды актілер әзірленіп, қабылданды. Заң ғылымының жетістіктері құқықтық тәжірибеге оң әсерін тигізді. Мемлекеттік шаралар қабылданды, соның ішінде, заң шығару процесі жаңа деңгейге жетті: заң жобалау қызметін ұзақ мерзімді жоспарлау; нормативтік құқықтық актілердің жобаларының ғылыми (құқықтық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы, криминологиялық және басқа) сараптамасын енгізу; қабылданған заңдарды толық қаржылай қамтамасыз ету; қылмыстық және әкімшілік заңнаманы ізгілендіру.

Заң ғылымы ұлттық құқық қорғау және сот жүйелерін, сондай-ақ сыртқы саяси және сыртқы экономикалық қызметінің құқықтық базасын одан әрі жетілдіру үшін стратегиялық бағыттарын анықтау керек. Заң ғылымы мемлекеттен, бизнестен, саясаттан жоғары болуы керек, үй шаруасы мәселелерін етпей керек. Заң ғылымы шындықты, әділеттікті іздеуі керек.

Қазақстандық заң ғылымының жалпы сипаттамасы

Қазақстан Республикасында заң ғылымы университеттер мен ғылыми-зерттеу институттары негізінде дамиды. 2015/2016 жылдардың басында Қазақстан Республикасында 127 университет, 2016/2017 басында - 125 ЖОО, 2017/2018 жылдың басында - 122 ЖОО болды. Заң ғылымы заң білімімен тығыз байланысты. Бұл салада көптеген проблемалар бар. Қазақстанда нарықта сұранысқа ие емес көптеген адвокаттар бар. Әрбір екінші университет заңгерлерді дайындайды. Заңгерлерді даярлайтын көптеген университеттер профилді емес. Заң факультеттерінің көптеген түлектері нашар оқуына байланысты жұмыс таба алмайды. Бас прокуратураның мәліметінше, соңғы 15 жылда 250 мыңнан астам заңгер білім алды. Тексерілген жеке университеттердің төрттен үш бөлігі білім беру стандарттарына сәйкес келмейді. Білікті оқытушылардың үштен бірі бір мезгілде бірнеше жоғары оқу орындарында жұмыс істейді. Білім беру сапасы және білімнің болуы артта қалды. Бірінші кезекте,

жоғары оқу орындары үшін коммерциялық қызығушылық болып тұр [6].

Заңгерлерді оқытумен айналысады: бакалавриат - 61, магистратура - 38, докторантура – 7 оқу орны. Ресейде 1200-ден астам оқу орны заңгерлерді оқытуда (халық саны 143,5 млн). Германияда заң факультеттері бар 43 мемлекеттік университет бар, бір жеке меншік заң мектебі (халық саны 80 миллион адам). Салыстыру үшін Кеңес Одағында 52 құқық мектебі жұмыс істегендігін атап өту қажет [7].

1 – ші кесте: Құқықтық профильдегі жоғары оқу орындарының санын салыстырмалы талдау

Атауы	Қазақстан Республикасы	Германия	Ресей Федерациясы	КСРО
Халық саны	18 млн	80 млн	143,5 млн	286 млн
ЖОО	61 ЖОО: бакалавриат – 61, магистратура – 38, докторантура – 7	43 мемл. ЖОО, бір жеке меншік	1200 ЖОО	52 ЖОО, Қазақстанда заңгерлерді дайындайтын екі ЖОО болды – Киров атындағы ҚазМУ, Букетов атындағы ҚарМУ

Қазақстанда аймақтық ЖОО-да факультеттің жетіспеушілігі байқалады. Осылайша, 2015 жылы 18, ал 2016 жылы - 14 диссертация қорғалды. 61 жоғары оқу орнына бұл жеткіліксіз. Жоғары біліктіліктің көрсеткіші– заң ғылымдарының докторы атағын беру тоқтатылғанын атап өткен жөн.

Көптеген заңгерлерді оқытатын ЖОО санына қарамастан, жетекші университеттер тек іргелі заң ғылымдарымен айналысады.

В юридической науке также существуют разночтения по пониманию таможенной политики. Некоторые авторы сводят ее к механизму регулирования, другие раскрывают через деятельность государства в сфере внешнеэкономической деятельности. В первом случае таможенная политика создается через государственные органы и институты, которые ее разрабатывают и реализуют. Речь идет о законодательных, исполнительных, таможенных органах власти, вырабатывающих разрешительные и запретительные нормы по перемещению товаров, транспортных средств, физических лиц через границу страны, организуя контроль [16, с.204]. Во втором случае, показательным является мнение того же Б.Н. Габричидзе, который определяет таможенную политику как совокупность мер, спроецированных на реализацию и защиту внутренних и внешних политических и экономических интересов, главной целью которой является формирование рыночных отношений [14, с.118]. С.Т. Алибеков понимает под таможенной политикой сферу государственного регулирования ВЭД посредством формирования целостной системы платежей и применения их к перемещаемым товарам через границу таможенной страны [13, с.15]. И, наконец, существуют третья точка зрения, с учетом внешних и внутренних факторов экономического, политического и социального характеров. Экономический - рыночная экономика, многообразие форм собственности, свободная торговля, протекционизм, Политический - формирование правового и демократического государства. Социальный - свобода предпринимательства. Отсюда разнообразие мер таможенно-тарифного регулирования, нетарифного регулирования, экономические преференции и т.п. Так В.Н. Галузо рассматривает таможенную политику как неотъемлемую часть политики государства, внутренней и внешней. Суть - выработка синхронной системы правовых, экономических и организационно-политических мер по развитию внешних экономических связей [17, с.206].

Таким образом, определение категории "таможенное дело" не однозначно в юриспруденции. Полагаем надо исходить из специфичности института таможенного дела, выявления характерных черт. В целом отличие таможенного дела от других правовых институтов заключается в их сложном смежноотраслевом характере и разнородности его составляющих. Это объяснимо юридической природой данного института и целью его деятельности, решаемых посредством комплексных и различных задач. В этом и уникальность такого явления как таможенное дело.

Список использованной литературы:

1. Щедровицкий Г.П. *Процессы и структуры в мышлении*. М.: Изд-во «Путь», 2003. -320с.
2. Бачило И.Л. *Методы и формы административно-правового регулирования в государственном управлении // Административное право Российской Федерации / Отв.ред. Ю.В. Хаманева.* - М., 2005.- 301 с
3. Аубакирова И.У. *Современная евразийская концепция государственного управления (теоретико-правовое исследование на материалах России и Казахстана) // Автореферат дисс.на соискание д.ю.н.* - Москва, 2016.
4. Курашвили Б.П. *Очерк теории государственного управления /Отв. ред. Пискотин М.И.* М.: Наука, 1987. - 294 с.
5. Лебедева Т.М., Михайлова О.В. *Государственное управление в зарубежных странах: опыт проведения административных реформ*. М.: Изд-во Московского университета, 2011.–232 с.
6. *Таможенный Кодекс СССР 1964 года* // http://www.libussr.ru/doc_ussr/usr_18486.htm
7. *Таможенный Кодекс СССР 26 марта 1991 года N 2052-1* // http://www.libussr.ru/doc_ussr/usr_18486.htm
8. Марков Л.Н. *Таможенное право СССР. Учебное пособие*. - М., 1987. – 220 с.
9. Указ Президента, имеющего силу Закона «О таможенном деле в Республике Казахстан» от 20 июля 1995 года // ИС Параграф.www.zakon.kz
10. *Таможенный кодекс РФ 2018 года* // <http://www.tamogkodeks.ru/>
11. "Таможенный кодекс Евразийского экономического союза" 2018 года (приложение N 1 к Договору о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза) // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_215315/
12. *Кодекс Республики Казахстан от 26 декабря 2017 года № 123-VI «О таможенном регулировании в Республике Казахстан»* // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=39082703
13. Алибеков С. Т. *Таможенное право Республики Казахстан. (Общая и особенная часть).*- Алматы, 2-13.- 1897 с.
14. Габричидзе Б.Н., Чернявский А.Г. *Курс таможенного права Российской Федерации: Учебник для вузов*. - М., 2002.- 330 с.
15. Бахрах Д.Н. *Административное право России*. - М.: Эксмо, 2010. - 700 с.
16. Сандровский К. К. *Международное таможенное право: учебник*. Киев, 2011.- 354 с.
17. Галузо В.Н. *Таможенное право: Учебник / Галузо В.Н.* - М.:ЮНИТИ-ДАНА, 2016. - 367 с. // <http://znanium.com/catalog/author/74194211-35f4-11e4-b05e-00237dd2fde2>

Карбеков К.С.

Начальник Центра подготовки специалистов по антитеррору Алматинской академии
МВД РК имени М. Есбулатова к.ю.н., доцент, полковник полиции

Григорьев В.В.

Научный сотрудник Центра подготовки специалистов по антитеррору Алматинской академии
МВД РК имени М. Есбулатова, майор полиции, witas-909@mail.ru

ОСНОВНЫЕ ЧЕРТЫ И ПОНЯТИЯ СОВРЕМЕННОГО ЭКСТРЕМИЗМА

***Аннотация:** В данной статье рассматриваются основные понятия, методы и инструменты противодействия экстремизма в Республике Казахстан.*

***Ключевые слова:** экстремизм, терроризм, религиозная и национальная безопасность.*

***Аңдатпа:** Мақалада негізгі ұғымдар, әдістері мен құралдары экстремизмге қарсы іс-қимыл.*

***Түйін сөздер:** экстремизм, терроризм, діни және ұлттық қауіпсіздік.*

***Abstract:** This article examines the basic concepts, methods and tools for countering extremism in the Republic of Kazakhstan.*

***Keywords:** extremism, terrorism, religious and national security.*

С самого начала обретения государственной независимости республики Центральной Азии столкнулись с такой важной проблемой, как обеспечение региональной и национальной безопасности. Особенно это было обусловлено ростом проявления здесь таких явлений, как терроризм и экстремизм. Пиком проявления этих двух угроз безопасности центрально-азиатских государств стали гражданская война в Таджикистане и двукратное вторжение на территорию Киргизии и Узбекистана вооруженных формирований боевиков Исламского движения Узбекистана (ИДУ).

За последние 4 года практически во всех странах региона имели место отдельные проявления терроризма и экстремизма в таких их формах, как политический, религиозный и криминальный. Этому способствуют как внутренние, так и внешние факторы, связанные с развитием данных государств.

К первым из них следует отнести высокий уровень нарушения прав и свобод граждан со стороны органов власти, рост бедности, безработицы и социально-бытовой неустроенности среди большей части населения, маргинализация сознания и поведения значительной части населения, большое влияние в общественном сознании ценностей исламской религии. Все это способствует развитию протестного настроения среди граждан в отношении официальной политики государства.

Что касается внешних факторов, то они обусловлены геополитическим положением Центрально-азиатского региона. Страны региона оказались в окружении таких зон политической нестабильности и конфликтов, как Закавказье, Кавказ, Синцзян-Уйгурский автономный район Китая, Афганистан, Средний и Ближний Восток.

В наше время современное общество находится в состоянии перестройки системы ценностей, чему способствует модернизация общественной жизни, которая вызывает ослабление устойчивости здорового потенциала общества в целом в связи с чем, наблюдается проникновение в сферу общества факторов способствующих его разрушению.[1]

Данные факторы, имеют свое проявление в идеологии современного общества, в частности затрагивая религиозную сферу, в связи с чем, на этой почве созревают различные оппозиционные группы, которые пытаются добиться для них желаемого результата посредством различных способов, в том числе и религиозного экстремизма.

Под религиозным экстремизмом понимается деятельность конкретных религиозных групп, лиц, организаций приверженных к крайним радикальным религиозным взглядам, позициям и мерам в общественной жизни. Религиозный экстремизм имеет свое распространение как на отношения между социальными группами, этносами так и на область общественного сознания, морали, общественной психологии, идеологии в целом. Религиозный экстремизм является разнообразным действием, так же разнообразны порождающие его мотивы.

Мотивацию религиозного экстремизма следует разделить на два типа: групповой и индивидуальный. В групповом типе религиозного экстремизма, можно наблюдать возникновение определенных мотивов поведения, поставку целей ориентированных на группу лиц, при формировании мотивов и целей экстремистской деятельности в группе, соответственно происходит

обмен знаниями, опытом, мнениями, а также взаимное внушение и убеждение, способствующие ускорению решимости совершить преступление.[8]

Религиозный экстремизм во всех его проявлениях является одной из основных проблем современного общества, которая способствует разрушению устойчивого развития любого государства мира.

В практической деятельности религиозный экстремизм имеет проявление в сфере национальных, политических, общественных отношений. О чем свидетельствуют деятельность современных радикальных религиозных группировок.[2]

Следует отметить, что религиозный экстремизм – опаснейшее явление, которое становится причиной разжигания нетерпимости, которая направлена на искоренение духовных и традиционных ценностей общества.

Главной целью религиозного экстремизма является установление своей религии господствующей и подавление других представителей религиозных конфессий через их принуждение к своим нормам религиозной веры. Более усердные экстремисты ставят своей целью осуществление идеи по созданию отдельного государства, основные принципы и нормы которого будут построены согласно идеям религии экстремистов.

Следует отметить, тот факт, что зачастую религиозный экстремизм пересекается с религиозным фундаментализмом, который включает в себе суть воссоздания фундаментальных основ религии и привитии их в общество.[7]

Под экстремисткой деятельностью понимаются такие действия как:

- публичное оправдание экстремизма и терроризма;
- насильственное изменение основ конституционного строя, целостности и неотчуждаемости территории государства;
- возбуждение расовой, социальной, национальной и религиозной розни;
- нарушение прав, свобод и законных интересов человека и гражданина в зависимости от его социальной, расовой, национальной и религиозной принадлежности;
- воспрепятствование законной деятельности государственных органов, органов местного самоуправления, общественных и религиозных объединений или иных организаций, соединенное с насилием либо угрозой его применения.[3]

Основные принципы мер по противодействию экстремисткой деятельности, а также ответственность за осуществление экстремисткой деятельности определены в "Государственной программе по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан на 2015-2020 годы".

Практика религиозного экстремизма осуществляется в разных формах экстремисткой деятельности, имея в своем содержании деяния не выходящие за конституционные рамки, однако в то же время данные деяния могут являться такой общественно опасной формой, как терроризм.

Терроризм в общественной деятельности оценивается как крайняя форма проявления экстремизма, что представляет из себя реальную угрозу для жизненно важных интересов общества в глобальных и региональных масштабах.

В связи с чем, следует отметить, что профилактика экстремизма и его крайней формы терроризма – это важнейшая задача современного общества, результат которой зависит от конкретно поставленной позиции общественных и религиозных объединений, политических партий, отдельных граждан. В современном обществе профилактика экстремистских проявлений должна рассматриваться как инструмент установления стабильности и сохранности моральных устоев современной общественной жизни.[4]

Для современного общества немаловажно осознавать тот факт, что экстремисты и их сподвижники присутствуют и живут в этом современном обществе, и подвергают его психологическому, эмоциональному и информационному воздействию, а так же нельзя не учесть тот факт, что само это информационно-психологическое влияние на общество может быть по своей сути разнообразным.

Применение мер по противодействию идеологии насилия в современном обществе в условиях демократического строя, не может являться задачей исключительно самого государства, а должно быть задачей всего общества в целом. Успешно решить проблему религиозного экстремизма возможно только совместными усилиями государства и общественности. Поэтому задачи всех государственных структур, органов местного самоуправления, общественных объединений, религиозных организаций, всех слоев населения вместе сообща бороться с этим злом.

Сегодня, для избавления от одного из самых опасных социальных явлений современного

общества необходимо объединить все силы общества, которые заключаются в духовно-нравственной и психологической работе в частности с молодежью.[5]

Профилактика экстремистской деятельности является особым направлением противодействия религиозному экстремизму в современном обществе. Результативная борьба с экстремистскими проявлениями и терроризмом невозможна без осуществления работы по профилактике экстремизма и терроризма, искоренению причин, порождающих и способствующих экстремизму и терроризму. Таким образом, от тактики опережения, предупреждения и оперативного пресечения экстремистской деятельности сегодня многое зависит в сфере противодействия экстремизму и терроризму в современном обществе.

Проникновение любого рода экстремистской деятельности в современное общество является проблемой глобального характера, которая затрагивает каждого индивида общества.[6]

Таким образом, противодействие современного общества экстремизму является действием, к которому следует уделять особое внимание, заключающиеся в грамотном подходе развития направлений противодействия и искоренения сущности религиозного экстремизма и терроризма из системы общества в целом.

Список использованных источников

1. Красножен М. Е. Основы церковного права. М., 2017. С.741
2. Лукашева Е. А. Право, мораль, личность. М., 1986. С.297
3. Нерсесянц В.С. Общая теория права и государства. М. 2017. С.322
4. Основы религиоведения / Под ред. Н. Н. Яблокова. М. 2017. С.187
5. Послание Президента Республики Казахстан – Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана «Стратегия Казахстан – 2050» // Новый политический курс состоявшегося государства. – Астана.
6. Клочков В.В. Религия, государство, право. - М.: Мысль, 1978. С.841
7. Арановский К.В., Бойцова В.В., Бойцова Л.В. Грамматика свободы. Конституционное право Казахстана и зарубежных стран (англосаксонская, континентальная и иные правовые системы). Учебные и научно-информационные материалы // Государство и право. – 2017. – №8. С. 116–119
8. Бобылев А.И., Миннихметов Р.Г. Актуальные теоретические проблемы правовой системы общества // Государство и право. – 2004. – №7. С. 108–113

Джумабаева Қарлығаш Асылхановна

заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» Университетінің «Заңтану» мамандығы бойынша,
PhD докторанты, e-mail: karla.dzhumabaeva@bk.ru

Ерболова Насихат Сабырхановна

заң ғылымдарының магистрі, «Тұран» Университетінің «Заңтану және халықаралық
құқық» кафедрасының аға оқытушысы, e-mail: too_moldir88@mail.ru

МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ДАМУ ТАРИХЫНЫҢ ЖОЛДАРЫ

Түйін: Осы мақалада автор мұрагерлік құқықтың даму тарихындағы кездескен мәселелерге көз жүгірткен. Мұрагерлік құқық ұғымының қайдан пайда болғанын және қалай дамығаны жайлы қарастырған.

Резюме: Данная статья посвящена проблеме развития наследственного права. Автор рассматривает понятие и возникновение наследственного права.

Summary: In this article author tells about problems of hereditary right in origin. Also considers where the concept of hereditary right descended and how it developed.

«Егеменді ел атанған Қазақстан Республикасында нарықтық қатынастарға көшкендігімізді жариялау, заңдарды білу ондағы көзделген әрбір азаматтың өзінің құқығын қорғау өмір сүруі мен гүлденуіне күресу мүмкіншілігін іске асыруды қамтиды. Мұның өзі құқық тәртібін сақтау мен нормативті заң актілері талаптарының қалтқысыз орындалуына жете көңіл бөлу керек деген сөз». [1]

Мемлекет бастамаларын нығайту ең алдымен құқықтық қоғам қалыптастырумен, құрумен байланысты. Яғни, бұл құқықтық мәдениет пен мемлекетте құқықтық реформа жүргізу керектігін білдіреді. Себебі бұларсыз қоғамның дамуы ілгері баспайды және тәуелсіздік толық болмайды.

Егемендік алуға және тәуелсіз мемлекет құруға ең алғашқы үлкен қадам 1995 жылдың 30 тамызында болған тарихи оқиға Қазақстан Республикасының Конституциясының қабылдануы.

Мемлекеттің негізгі қайнар көзі, оның халқының болуы және халықтың әл-ауқатының жақсы дәрежеде болуы. Экономикалық қатынас жүйесіне көшу, демократиялық азаматтық қоғам құру секілді жағдай меншік институты жайлы мәселесіне әсерін тигізбей қоймады. Жеке меншік нарықтық экономиканың негізгі негізі болып табылады. Мұрагерлік – бұл тараптардың бірінің жеке меншігінің пайда болуы.

Конституция адам құқықтарын және заңды негізде нақты айқындап бекітті. Жеке меншікке құқық, мұрагерлікке құқық, өз меншігінде кез келген мүлікті иелену секілді заңдарды бекіту арқылы оның маңыздылығы артты.

Қазақстан Республикасының Конституциясы өзінің аяғын нық басқанша, мынадай тарихи кезеңдерді өткізіп, меншік ұғымын былай түсінді: Қазақтың Советті Социалистік Республикасының Конституциясы (Негізгі Заңы) - 26.03.1937 ж., - меншік, не мемлекеттік меншігі бүкіл халық дәулеті түрінде, не кооператив-колхоз меншігі жеке колхоздардың меншігі, кооператив бірлестіктерінің меншігі түрінде болады, ал осы Конституцияның 6 бабына сәйкес, жер, оның кендері, сулар, ормандар, зауыттар, шахталар, рудниктер, темір жол, су, әуе транспорттар, үй, пәтер, қоры – мемлекет меншігі, яғни бүкіл халық дәулеті [2], Қазақ ССР Жоғарғы Советінің кезектен тыс жетінші сессиясында 1978 жылғы 20 сәуірде Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Конституциясы – мемлекеттік меншік бүкіл совет халқының ортақ дәулеті социалистік меншіктің негізгі формасы [3], 1993 жылғы - Қазақстан Республикасының Конституциясы – Республика азаматы меншік иесі болуға құқығы бар. Меншік иесі өзіне тиесілі мүлікті өз қалауынша иеленеді, пайдаланады және оған билік етеді. [4], 1995 жылғы - Қазақстан Республикасының Конституциясының 26-баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкес, әркім заңды түрде алған қандай да болсын мүлкін жеке меншігінде ұстай алады. Жеке меншік құқығына қол сұғылмайды. Меншікке, оның ішінде мұрагерлік құқығына заңмен кепілдік беріледі.[5] Конституция адам құқықтарын және заңды негізде нақты айқындап бекітеді. Жеке меншікке құқық, мұрагерлікке құқық, өз меншігінде кез келген мүлікті иелену секілді заңдарды бекіту арқылы оның маңыздылығы арттырады.

Мұрагерлік құқық концепциясын өзгерткен - Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі болды. ҚР АҚ мұрагердің мұраға қатысты шектелген құқықтарын алып тастап, мұраны қабылдау тұғырнамасын нығайтып, сол арқылы мұраны қабылдау және одан бас тарту тәртібін өзгертті, меншік иесіне өзіне тиесілі мүлікке қатысты толық еркіндік беріп, заң бойынша мұрагерлер шеңберін кеңейтіп, сондай-ақ мұрагерлік құқық институтының өзге де институттарына маңызды өзгерістерін енгізді: мұрадан лайық емес мұрагерлерді шеттету, өсиеттің нысаны, өсиеттің жарамсыздығы, өсиетті

орындау, ұсыну құқығы бойынша мұрагерлік, еңбекке жарамсыз мұра қалдырушының қарауындағы адам, міндетті үлес, өлген адамның мұрасы және т.б.

ҚР АҚ мұрагерлік құқық саласындағы ережелерге енгізілген жаңалықтар аталған заңның заманауи көрінісінің теоретикалық мағынасын талап етеді және осы саладағы қатынастарды реттейтін дамытатын заңдарды талап етеді

Мұрагерлікті реттейтін нормалар ҚР АҚ көзделген, сондай-ақ ҚР-ның «Нотариат туралы» [6] заңдарымен және ҚР өзге де нормативтік актілерде көзделген. Дегенмен, әрекет ететін заңдар шынайы өмірден алшақтау. Бұлардың барлығы мұрагерлік қатынастарда құқықтық реттеу сапасының және мұрагерлік істерге байланысты сот тәжірибелерінің сапасының төмендігінен көрініс табады.

Мұрагерлік – бұл өмірде бір рет болса да кез келген адамның басынан өтетін қоғамдық қатынастардың саласы.

Мұрагерлік құқықтың даму тарихын біздің ойымызша осы институттың біздің заманымызға дейін дамуының тұтас көрінісін суреттеу үшін адамзат қоғамының даму кезеңінен бастауымыз қажет. Берілген сұрақ бойынша деректерді бір бірінен экономикалық формациясы бойынша ерекшеліктін хронологиялық тәртіпте қарастырыл, содан соң мұрагерлік құқықтың ерекшеліктерін мұсылман құқығы бойынша, қарапайым қазақ құқығы бойынша, кеңес заманындағы құқық бойынша жеке жеке әрі тиянақты қарастыру қажет. Себебі бұл нормалардың әрқайсысы берілген құқық жүйесіне белгілі бір өзгеріс енгізуде немесе түсініктеме беруде сондай-ақ дамуына қатысты үлкен роль атқарады.

Алғашқы қауымдық құрылыстағы мұрагерлік: Адамзат тарихы негізгі 2 топтан тұрады: алғашқы қауымдық құрылыс және өркениетті қоғам. Адамзат дамуының негізгі әрі заңды сатысы болып табылатын алғашқы қауымдық құрылыс қазіргі заманғы есептеулерге сүйенсек 2 миллион жылдай ұзақ уақытты қамтыған екен. Бұл дәуірде мемлекет те құқықта болмаған. Бірақ олардың даму тарихы осы дәуірден бастау алған [7].

Адамзат дамуының бұл дәуірінде адамдардың жеке мүлкі меншігі яғни мұраға қалдырарлық мүлкі болмағандықтан мұрагерлік туралы түсінік болмаған.

Мемлекеттің пайда болуымен құқықта пайда болды. Мұрагерлік қатынастарды реттеген құқықтың алғашқы ескерткіші алғашқы қауымдық құрылыстың соңғы сатысында пайда болған мұрагерліктің үшінші сатысын нығайтты.

Ежелгі мысыр ескерткіштеріне қарай отырып құл иеленуші мемлекетте заң және өсиет бойынша мұрагерліктің болғандығын айтуға болады [8].

Ежелгі Үнді құқығы қатаң әрі діни сипатта болды. Ежелгі Үндіде адамдардың әлеуметтік жағынан бірінің жоғары бірінің төмен болуы қоғамда құлдар мен құл иеленушілер тобына емес, ерекше сословиелік топ варндардың қалыптасуына ықпалын тигізді. Сондықтан мұрагерлік қатынастар әр түрлі қоғамдық топтар үшін әркелкі болды. Мысалы, шастрлар тәртібі бойынша ауралар, мүгедектер, ақыл есі кемджер секілді әйелдерді де мұрагерлер санатына қоспады, тек әр түрлі варндардың жұбайларынан туылған балалардың мұрагерлік құқығын таныды.

Афинада мұрагерліктің үшінші тәртібі қатаң қолға алынған. Солон (б.э.д 594) афиналық заң шығарушы өсиет туралы заңдарымен атағы шықты. Ол егер де баласы болмаған жағдайда өзіне тиесілі мүлікті өзі қалаған адамға өсиет бойынша мұра етіп қалдыра алады деп таныды. Осылайша ол достықты туыстықтан жоғары қойды [9].

Антикалық құқық Ежелгі Шығыс құқығынан біршама өзгеше болды, себебі ол қалалар мен мемлекеттер аумағында дамыды. Антикалық Грецияда Рим қоғамындағыдай құқық және заңдық түсінік турасында мәдениет дамыды.

Рим құқығы бойынша мұрагерліктің нормаларынан осы құқықтық жүйеден бастау алатын романо-германдық құқықтық отбасылардың жеке құқығы, сондай-ақ біздің де мемлекетіміздің құқығы бастау алатын құқық жүйесі біздің ойымызша көңіл аударарлықтай.

Рим құқығында мұрагерлік институтының орны ерекше, себебі дәл осы рим заңгерлері осы саланың негізгі түсінігі мен ережелерін бекітуде үлесі зор.

Рим мұрагерлік құқығының 4 негізгі даму сатысын атап көрсетуге болады: өркениетті құқық бойынша мұрагерлік (hereditas), меншік отбасы мүшелеріне тиесілі болады, преторлық эдикт бойынша (bonorum possessio), мұрагерліктегі қандық туыстықты ең алғашқы болып мойындаған, императорлық заңнама (құқық жүйесінің мұрагерлікке қатысты негізі қаланды) және Юстениан заңнамасы бойынша (өсиет бойынша мұрагерлік, заң бойынша мұрагерлік, даму сатысы пайда болды) [10].

Феодалдық дәуірдің негізгі ерекшелігі ондағы адамдардың әлеуметтік топтарға бөлінуі болды. Сословие: феодалдар, дінбасылар, крестьяндар, азаматтар қоғамның әлеуметтік топтарға бөлінуіне байланысты олар бір бірінен қарым қатынас жағынан, өндірістегі өнімді пайдалануына байланысты

ерекшеленетіндіктен, осы әлеуметтік топты іштей тәртіпке келтіретін нормалар қажет болды. Бұл жүйе жоғарыда аталған әлеуметтік топтарға сай келді. Яғни феодалдық құқық, крестьяндық құқық, шіркеу құқығы, қала құқығы, цех құқығы, сауда құқығы.

Рим құқығының ықпалымен Герман құқығында Теодорихтың эдиктінде қабылданған өсиет бойынша мұрагерлік құқығы қалыптасты. Эдикт өсиетті заңды деп тану үшін сыйға тарту өндірісіндегідей қатаң әрі қарапайым шарттардан тұрды: арнайы құжатты куәгерлердің көзінше дайындау, лауазымды адамдар бекіткен.

Буржуазиялық дәуірдегі мұрагерлік құқыққа тоқталатып кетуіміз қажет, себебі бұл дәуірдегі мұрагерлік құқықтың дамуын зерттемеген болсақ мұрагерліктің тарихи дамуы толық болмас еді.

Буржуазиялық дәуірдің жеңісінен кейін, сословты-феодалдық заңнамалардың орнын буржуазиялық заңнамалар ауыстырды. Буржуазиялық елдердің конституциясы дворяндардың құзыреттілігін жоққа шығарып, заң алдында адамдардың тең екендігін алға тартады.

Буржуазиялық мұрагерлік құқық экономикалық маңызы жағынан ортақ бола тұра әр елдердегі мұрагерлік қатынастар әр түрлі тәртіпте шешіледі. Мұрагерлік қатынастарды құқықтық реттеудегі айырмашылықтар әр түрлі факторларға байланысты, соның ішінде экономикалық себептерге қатысы жоқ факторларға байланысты. Ол белгілі бір халықтардың өмір сүру дағдысы, дәстүрлердің нәтижесі елдегі саяси жағдайлардың орын алуы.

Мұрагерлік қатынастарды құқықтық реттеудің осындай жолдарын қолданатын мемлекеттерді 3 топқа бөлуге болады. Бірінші топқа: Голандия, Бельгия, Италия, Румыния, Испания, Люксембург, Польша, Португалия, Аргентина, Мексика. Осы топтағы мемлекеттердің мұрагерлік құқығы 1804 жылы Француз азаматтық құқығының негізінде жинақталған.

Мемлекеттердің екінші тобын: Швейцария, Австрия, Эльзас пен Лотарингияның құрамындағы департаменттер, Тайланд, Жапония. Бұл топтың мұрагерлік құқығы Германияның азаматтық заңдар жинағының негізінде құрастырылған.

Үшінші топқа: Ағылшын-американдық құқықтың негізінде Англия, Солтүстік Ирландияның, АҚШ-тың мұрагерлік құқықтары құрастырылған [11].

1804 жылғы Француз азаматтық кодексі бойынша мұрагерлік: Франция мұрагерлік құқығының мұрагерлік қатынастарды реттейтін институты Рим құқығынан алынған. ФАК-сі феодалдардың меншігіне қатысты мұрагерлік туралы тәртіпті өзгертті, сондай-ақ ұлдарының құқығы мен қыздарының құқығын тең дәрежеде қойды. Осы арқылы мұрагерлердің теңдігі, мұраға балаларының тең құқықтылығы, буржуазиялық отбасының құқығын қорғау қағидаларын нығайтты.

Француз құқығы көп жылдар бойы мұрадағы мүлікке заңды, тіпті некеден тыс, яғни қанды туыстыққа негізделген мұрагерлік қатынастарды орнатудың тәртібін қалыптастырды.

1896 жылғы Германия азаматтық заңдар жинағы (ГАЗЖ) бойынша мұрагерлік: Германия азаматтық заңдар жинағы бойынша мұрагерлердің санаты парантел боойынша анықталады. Парантелла – қандас туыстардың тобы, яғни бір атадан тараған туыстар. Заң парантел санына шек қоймайды.

Германия және Швейцариядағы мұра қалдырушының артынан жесір қалған әйелі Франциядағы мұрагерлік құқықтағы статусына қарағанда анағұрлым маңызды мұрагерлік құқықтарға ие. Аталған парантелдердің ешқайсысының қатарына кірмесе де ол бірінші үш парантел құрамындағы туыстармен бірдей мұрагерлік меншікке мұрагер ретінде танылады. Яғни қалған мұрагерлерді ысырады. Егер бірінші үш парантел болмаса әйелі өзі мұрагер танылады.

Некесіз туылған балаларының өздерінің анасының немесе әкесінің мұрасына мұрагерлік құқығы, олардың заңды туған балаларының құқығымен теңестірілген. Заң бойынша мұрагерлер болмаса мұрагерлік мүлік мемлекеттің меншігіне өтеді.

Германия құқығының өсиет бойынша мұрагерлікті реттейтін нормаларын Француз құқығымен салыстырғанда ерекшелігі бар. ГАЗЖ бойынша тұлға 16 жастан бастап өсиет жазатын әрекет қабілеттілікке ие болады. Тек осы жастан бастап өзінің заңды өкілінің көмегінсіз өсиет етуге құқылы болады.

Мұсылман құқығының негізгі қайнар көзі – құран және сунна. Оның негізінде керемет шынайылық жатыр және ең бастысы сенімнің негізін, мәдениет пен мораль ережесін бекітеді. Тұтас алғанда мұсылман құқығын заңдық мағынада айқындайды.

Мұсылман құқығы өзінің қайнар көзін 2 топқа бөледі. Бірінші топқа Құран мен сунна кіреді. Қалған қайнар көздері екінші санаттағылар деп аталады. Оған иджитхад, кияс, шарифат, фикх. Мұсылман құқығының тағы бір қайнар көзі Иджма – мұсылман қауымдастығының ортақ келісімі.

Қазіргі шығыстанушылар мұсылман құқығын «заң археологиясы» деп те атайды.

Шариғатта жеке және отбасы құқығы ең маңызды деп есептеледі. Мұсылман елдерінде ислам заңнамаларының көбісі неке-отбасы және мұрагерлік құқық саласына бағытталған. Құран мен суннаның құқықтық актілерінің көп бөлігі мұрагерлік мүлікті бөлу және мұрагерлік үлеске қатысты сұрақтарды шешуге бағытталған.

Осылайша мұсылман құқығы өсиет етушінің жақын туыстарының, заңды мұрагерлердің құқығын қорғайды.

Сонымен шариғат ережелеріне сәйкес мұсылманның мүлкі мынадай тәртіпте реттеледі: 1) қайтыс болушының жағдайына қарай жерлеу рәсімі өткізіліп, шығыны шегертіледі; 2) қайтыс болушының қарыздары өтеледі; 3) және 2 аталған әрекеттер жүзеге асырылғаннан кейін қалған мүліктің үштен бір бөлігі діни жан өсиетін қанағаттандыруға кетеді; 4) қалған мүлік оның мұрагерлерінің арасында бөлінеді.

Мұраны ашудың негізі мұра қалдырушының өлімі болып табылады. Шын мәнісіндегі өлімі немесе өлді деп танығанда (хабар ошарсыз кеткен жағдайларда) немесе діни сенімін өзгерткенде (бұл жағдайда мұраның мұрагерлерге өтуі тек ханифаттар үшін ғана болады, басқа жағдайда бүкіл мүлік мұсылман қауымдастығына, янемесе діни сенімін өзгерткенде (бұл жағдайда мұраның мұрагерлерге өтуі тек ханифаттар үшін ғана болады, басқа жағдайда бүкіл мүлік мұсылман қауымдастығына, яғни қазынаға кетеді)

Заң бойынша мұрагерлікке мұра қалдырушы қайтыс болған сәтте тірі тұлғалар, сондай-ақ оның балалары және кейін туылған балалары шақырылады.

Мұсылман құқығына сәйкес мұра қалдырушы қайтыс болған сәтте іште қалған баласы егер ол тірі туылса мұрагер болады. Оның туылғаннан кейін қанша уақыт сүргеніне қарамастан, тіпті ол сағат, минут өмір сүрсе де нәресте мұрагерлік трансмиссияның негізі болады, яғни оның үлесі мұрагерлеріне беріледі.

Мұсылман мұрагерлігі мұрадан айыру жағдайларын да қарастырған:

1) қасақана немесе абайсызда қылмыс жасаған тұлғалар; 2) мұра қалдырушымен байланыста болған әр түрлі діндегі тұлғалар.

Мұсылман құқығын зерттеуші атақты француз Р.Шарльдің айтуынша «Мұсылман құқығы бойынша өсиетті белгілі бір қатаң ережелерге сай жазуды талап етпейді. Ол ауызша және жазбаша нысанда болуы мүмкін. Өсиетті заңды деп есептеу үшін екі куәгердің қатысуы жеткілікті болды. Өсиет өсиет етушінің өз қолымен немесе оның сұрауы бойынша кади немесе адуп жазуы мүмкін (хатшы, куәгер)»

Мұраны қабылдау және одан бас тарту. Жоғарыда айтып өткендей мұсылман құқығы әсіресе мұрагерлік саласында өзінің ұстанымына берік. Бірақ мұсылман мұрагерлік құқығының барлық институты бәз қалпында сақталмаған, бұл мұраны қабылдау және одан бас тарту институтына қатысты.

Шариат заңдары бойынша мұрагердің мұрадан бас тартуға және мұраны қабылдау тәртібін өзгертуге еш құқығы жоқ.

Қазақтардың қарапайым құқығы бойынша мұрагерлің институты ерекше қызығушылыққа ие. Қазақтың қарапайым құқығы жазылмаған құқық ретінде көрініс табады. Салт-дәстүр нормалары қазақтың барлық саладағы тұрмыс тіршілігін, яғни отбасылық және саяси өмірге дейінгі қатынастарын реттеуші заң болып табылады. Салт -дәстүр нормалары орындалуға міндеттілігімен қуатты. Қазақтың қарапайым құқық нормалары өзінің түп тамырымен ежелгі ғасырлар тоғысынан бастау алады және ұрпақтан ұрпаққа қысқаша, түсінікті формада ауызша беріліп отырды.

Дегенмен, Қазақстан тарихында дәстүр ережелерінен қарапайым құқықтық заңдар жасау әдістері де жасалды. Қазақ құқығы үшін ең маңызды сәт Тәуке ханның билік еткен уақыты, яғни «Жеті жарғының» пайда болған кезі болды.

«Жеті жарғы» қылмыстық, азаматтық құқықтық нормаларымен және дәстүр нормаларын бір арнаға біріктірді. Мазмұны бойынша 3 бөліктен тұрады. Бірінші бөлік – ежелгі қазақтардың қарапайым құқығы «Қасым ханның қасқа жолы», екінші бөлік – «Есім ханның ескі жолы», үшіншісі – Тәуке ханның билік еткен уақытында енгізілген заңдар. Дәстүрлі мұрагерлік бойынша жұбайының біреуінің қайтыс болуы – кімнің қайтыс болғаныны (күйеуі, әйелі) қарай артынан қалған мұрагерлеріне әр түрлі әсерін тигізген. Сонымен, егер әйелі қайтыс болса және оның балалары болмаса күйеуі оның ата анасына сәукелесі мен жасауының бір бөлігін қайтарып беруге міндетті болған. Ал егер балалары болған жағдайда, жасаудың барлығы күйеуінің билігінде болады да, ата анасы қызының бір затын естелікке өздеріне алған.

Күйеуі қайтыс болған жағдайда, 19 ғасырдың екінші жартысындағы мұрагерлер шеңбері мынандай тәртіпте анықталған. Бірінші кезекте - әйелі және балалары, екінші кезекте – жақын туыстары, яғни мұра қалдырушының ағалары.

Өркениетті ғылымда әрбір заңгер мұрагерлік құқыққа - өзінің анықтамасын береді.

Отандық заңгер Х.С.Шарифбаева былайша сипаттама берді: «Мұрагерлік құқық – бұл қайтыс болған тұлғаның міндеттері мен құқықтарының мұралық жолымен ауысу тәртібі, азаматтық құқықтың бір бөлігі болып табылатын құқықтық нормалардың жиынтығы, құқық институты» [12]. Н.Д.Егоровтың ойынша, мұрагерлік құқық мүліктік және мүліктік емес игіліктердің қайтыс болған тұлғадан мұрагерге ауысуымен байланысты қоғамдық қатынастарды реттейді [13].

Мұрагердің мұрагерлік құқығы тек мұра ашылған уақыттан басталатындығын айта керкен жөн. Мұра қалдырушының көзі тірісінде болжамды мұрагерлері болашақтағы болжамды мұраға ешқандай құқық иеленбейді. Сондықтан да олар мұра қалдырушыға өзінің мүлкін өсиет етуге кедергі бола алмайды. Сондай-ақ, болжамды мұрагерлер мұра қалдырушының көзі тірісінде мұрадан бас тарта алмайды. Осындай құқық кімге тиесілі болса сол ғана бас тарта алады, ал болжамды мұрагерлерде мұндай құқық жоқ. Сонымен, мұраны қабылдау құқығы тек ол ашылған уақытта басталады.

Мұрагерлік мүлікке мұрагер деп танылған тұлға ғана мұраны қабылдау және одан бас тарту құқығына ие бола алады. Егер мұрагер мұрадан бас тартса, онда ол үшін бәрі бітеді, ал егер ол мұраны қабылдаса онда мұраны иелену құқығы пайда болады, яғни мұрагер мұра қалдырушының барлық құқықтары мен міндеттерінің мирасқоры болып табылады.

Мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың ең маңызды бөлігін құрайды, онда басқа бөліктерінде кездеспейтін заңды түсініктер көрсетілген. Елдің экономикасының өзгеруіне себеп болған өзгерістердің мұрагерлік құқықтың өзгеруіне де әсер етті. Жер, пәтер және өзге де мүліктің түрлері азаматтардың жеке меншігінің объектісі, сондай-ақ мұраға қалдырылды. Қазақстанның мұрагерлік құқығы шетел мемлекетінің мұрагерлік туралы заңдарының дәрежесімен теі екендігін сенімділікпен айта аламыз.

Кейбір авторлардың ойынша мұрагерлік құқық азаматтық құқықтың бір бөлігі ғана емес, сондай-ақ отбасы құқығының институты болып табылады. Осы екі институттың арасындағы тығыз байланыс осындай ойдың қалыптасуына итермелеген сияқты.

Расында да заң бойынша мұрагерлік институты өзінің пайда болғаны үшін отбасына қарыздар. К.Маркс оны «отбасының мұрагерлік құқығы» деп атады. Заң бойынша қайтыс болған адамның жақын мұрагерлері отбасы мүшелері болып табылады [14].

Мұрагерге мұра қалдырушының құқықтары мен міндеттерінің жалпы кешен ретінде ауысуы – бұл жалпы тәртіп. Шын мәнісінде мұрагерге тек мұра қалдырушы қаза болса да заңды күшін жоғалтпайтын құқықтары мен міндеттері ғана өтеді. Бұл кешеннің құрамына мұра қалдырушының жеке басына байланысты құқықтар мен міндеттер кірмейді.

Мұраның құрамына мүліктік құқықтар ғана емес, сонымен қатар мүліктік міндеттердің, оның ішінде мұра қалдырушының ақшалай қарыздарының да енуі мұрагерлік құқық мирасқорлығының көпқырылылығынан бастау алады. Мұндай міндеттер (қарыздар) мұрагерге мұраның енжар бөлігі ретінде өтеді. Бұл сұрақтың басқадай шешімі мұра қалдырушының мүлкінен өз қарыздарын өндірітіп аламын деген несие берушілерге қатысты әділетсіздік болар еді.

Мұра қалдырушы мүлде ешкімге қарыз болмауы да мүмкін, мұндай жағдайда мұрагерлерге ешқандай қарызды өтейтін құқықтар мен міндеттер жүктелмейді. Бірақ кейде мұраның құрамында қарыздан басқа еш нәрсе болмауы да мүмкін жағдайларды да қарастырған жөн. Яғни, қарыздар қалған мұрагерлік мүліктің құнынан да асып кетуі мүмкін. Мұндай жағдайларда мұрагерлік құқық мұрагерлердің құқығын қорғайтын нормаларымен қаралады. Мұрагерлер қарыз үшін мұрагерлік мүліктің құнының шегінде ғана жауап береді.

ҚРАК 1038 бабының 1 тармағына сәйкес, мұрагерлік – бұл қайтыс болған азаматтың мүлкінің басқа тұлғаға – мұрагерге өтуі.

Мұрагерлік құқық қатынас өзімен түгелдей азаматтың қайтыс болған кезінде пайда болатын қатынастар кешенін қамтиды. Осы кешен ерекше түрде мұрагерлік құқық-қатынасты бөліп көрсету қажет. Өйткені, ол өсиетті ашқанға дейін пайда болады және өзімен толықтай өсиетті жүзеге асыру, жою және өзгерту бойынша қатынастар тізбегін құрайды. Бұл жағдайда мұра қалдырушыны мұра қалдырушылық құқық қатынасының субъектісі ретінде алып тастауға болмайды. Ал, керісінше жағдайда мұралық ету тек заң бойынша ғана жүзеге асыралатын болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Табанов С.А. Салыстырмалы құқықтану негіздері, Алматы, 2003 ж. 4 б.
2. ҚР Конституциясы 26.03.1937 ж. .
3. ҚР Конституциясы 20.04.1978 ж.
4. ҚР Конституциясы 28.01.1993 ж.
5. ҚР Конституциясы 30.05.1995 ж.
6. Инструкция о порядке совершения нотариальных действий нотариусами Республики Казахстан: Сборник законодательных актов, Алматы, 2002, 172 с.
7. Кашианина Т.В. Происхождение государства и права. Современные трактовки и новые подходы: Учебное пособие, М., 1999, 335 с.
8. 8. Скаридов А.С. Международное частное право: Учебное пособие, СПб, 1988, 22 с.
9. Ковнарева Н.Р. Римское наследственное право // Под ред. В.Н. Казанцева, М., 2001, 38 с. Бондарев Н.И., Шимелевич С.Я., Эйдинова Э.Б. Выдача свидетельство праве наследования по закону // Под ред. Ю.А. Каленова, М., 1963, 512 с.
10. Ковнарева Н.Р. Римское наследственное право // Под ред. В.Н. Казанцева, М., 2001, 38 с. Бондарев Н.И., Шимелевич С.Я., Эйдинова Э.Б. Выдача свидетельство праве наследования по закону // Под ред. Ю.А. Каленова, М., 1963, 480 с.
11. Основные институты гражданского права зарубежных стран. Сравнительно-правовое исследование // Под ред. В.В. Залесского, М., 2000, 648 с.
12. Шарифбаева Х.С. Наследственное право, Алматы, 2003, 30 с.
13. Основные институты гражданского права зарубежных стран. Сравнительно-правовое исследование // Под ред. В.В. Залесского, М., 2000, 648 с.
14. Таукелев Т.А., Жакипова А.Ж., Дюков Л.В. История государства и права Каз.ССР. Вып. I. (С древнейших времен до присоединения Казахстана к России). Учебное пособие, Алма-Ата, 1976, 86 с.

Нысанбекова Л.Б

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультет халықаралық
құқық кафедрасының аға оқытушысы, nysanbekova.lazzat@kaznu.kz

Жақсылықова Ж.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық қатынастар факультеті халықаралық
құқық мамандығының 4-курс студенті

ЕАЭО ЕЛДЕРІ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫНЫҢ КЕЙБІР ЕРЕЖЕЛЕРІНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ-ҚҰҚЫҚТЫҚ САРАПТАМА

***Аңдатпа.** Мақалада аумақтық экономикалық бірлестік – Еуразиялық экономикалық одаққа мүше-мемлекеттердің, атап айтқанда Ресей Федерациясы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Армения Республикасы мен Беларусь Республикасының салық заңнамасының кейбір ережелеріне талдау жасалған. Аталған мемлекеттердің салық заңнамалары кодификацияланған, осыған орай мақалада мүше-мемлекеттердің салық кодекстерінің негізгі ережелеріне талдау жүргізілді. Мақалада салық салудың негізгі қағидаларына, салық, салық қатынастарының қатысушылары ұғымдарына, салық және кеден заңнамаларының ара қатынасына көңіл бөлінген. Мемлекеттердің бюджетке түсімдерінде үлесі мол салық түрі - жеке тұлғалардың табыс салығының негізгі белгілерін анықтайтын нормаларға салыстырмалы талдау жасалған.*

***Кілт сөздер:** ЕАЭО, салық құқығы, салық заңнамасы, жеке табыс салығы*

***Аннотация.** В статье проведен анализ некоторых норм налоговых законодательств стран-участниц регионального экономического объединения – Евразийского Экономического союза, а именно Российской Федерации, Республики Казахстан, Республики Кыргызстан и Республики Армении, а также Республики Беларусь. Налоговое законодательство перечисленных стран кодифицирована, поэтому были проанализированы основные нормы налоговых кодексов государств-участников. В статье обращено внимание на основные принципы налогообложения, понятиям налог и участники налоговых отношений, соотношению налогового и таможенного законодательства. Также проведен сравнительный анализ норм, определяющих основные признаки подоходного налога физических лиц, который является одним из самых весомых поступлений в бюджет государств.*

***Ключевые слова:** ЕАЭС, налоговое право, налоговое законодательство, подоходный налог.*

***Annotation.** The article analyzes some norms of the tax laws of the member countries of the regional economic association - the Eurasian Economic Union, namely the Russian Federation, the Republic of Kazakhstan, the Republic of Kyrgyzstan and the Republic of Armenia, as well as the Republic of Belarus. The tax legislation of the listed countries is codified, therefore the main norms of the tax codes of the participating states were analyzed. The article draws attention to the main principles of taxation, the concepts of tax and participants in tax relations, the correlation of tax and customs legislation. A comparative analysis of the norms that determine the main features of personal income tax, which is one of the most significant revenues to the state budget, was also conducted.*

***Key words:** EAEU, tax law, tax legislation, income tax*

Уақыт өткен сайын тереңдеп келе жатқан интеграциялық үрдістер халықаралық шарттар мен ұлттық құқықтық актілердің өзара сәйкестігін қажет етеді, себебі ұлттық құқықтық актілердің өз бетімен қызмет етуінен олардың халықаралық шарттар нормаларына жақындауына және оларға сай келуге өту жүзеге асуды. Осыған байланысты халықаралық және ұлттық құқықтық актілердің функционалдық тепе-теңдігіне қол жеткізуге бағытталған гармонизация үрдісіне үлкен мән беріледі.

Мемлекетаралық экономикалық бірлестіктердің қалыптасуы мен дамуы әрқашан екі негізгі міндетті көздейді, олар: төрт интеграциялық бостандықтардың (тауар, қызмет, капитал және жұмыс күші) еркін қозғалысын қамтамасыз ету, сондай-ақ бірлестік аясында өз қызметін жүзеге асыратын барлық субъектілердің бәсекелестігі үшін тең жағдайларды қалыптастыру, осыған байланысты тікелей салық заңнамасын гармонизациялау қажеттілігі ерекшеленеді, себебі салық аталған міндеттердің орындалуына зор ықпал етеді.

Еуразиялық Экономикалық Одақ – 2014 жылдың 29 мамырында қол қойылған және 2015 жылдың 1 қаңтарында күшіне енген «Еуразиялық экономикалық одақты құру туралы» Шарттың негізінде құрылған халықаралық интеграциялық экономикалық бірлестік (одақ) болып табылады. ЕАЭО Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың Кеден Одағы негізінде қатысушы мемлекеттердің экономикасын күшейту, оларды бір-бірімен жақындастыру, қатысушы мемлекеттердің әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттігін арттыру үшін құрылған [1]. Бүгінгі күні одақтың құрамына Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Қырғызстан Республикасы, Армения Республикасы және Беларусь Республикасы кіреді.

Аталған экономикалық бірлестік қызметінің шеңберінде де бүгінде салық заңнамасын гармонизациялау туралы сұрақ үлкен мәнге ие болып келеді. Кучеровтың ойынша, салық заңнамасын гармонизациялау – салық саласында құқыты жүзеге асыру үрдісінің маңызды элементі; ол салықтарды жүйеге келтіру және унификациялау, салық жүйесі мен салық саясатын үлестіруден тұратын салық саясатының маңызды бағыты болып табылады [2]. Салық заңнамасын гармонизациялаудың негізгі кезеңдерінің бірі – салыстырмалы-құқықтың сараптама жүргізу.

Бүгінгі күні ЕАЭО барлық мүше-мемлекеттерінде салық кодекстері қызмет етеді, және дәл осы кодекстің ережелері осы сараптаманың пәні болып табылады.

Қырғыз Республикасында посткеңестік кеңістікте ең алғашқылардың бірі болып Салық Кодексі қабылданған болатын – 1996 жылдың 26 маусымы. Ағымдағы Қырғызстан Салық Кодексі [3] 2008 жылдың 17 қазанында қабылданған, соңғы өзгерістер 2017 жылдың 28 сәуіріндегі және 12 шілдесіндегі Заңдармен енгізілген. Салық кодексі 15 бөлімнен, 59 тараудан, 398 баптан тұрады.

Ресей Федерациясының қазіргі Салық Кодексі [4] 1998 жылдың 31 шілдесінде қабылданған, соңғы өзгерістер 2018 жылдың 19 ақпанындағы Федеративті заңмен енгізілген болатын. Кодекстің мазмұны 2 бөлімге бөлінген 20 бөлімнен, 34 тараудан, 432 баптан тұрады.

Беларусь Республикасының салық заңнамасы да кодификацияланған, оның көрінісі – 2002 жылдың 19 желтоқсанында қабылданған Салық Кодексі [5]. Ол 19 бөлімге, 44 тарауға бөлінген, 331 баптан тұрады.

Армения Республикасының Салық Кодексі [6] 2016 жылдың 4 қазанында қабылданған. Ол да екі үлкен бөлімге бөлінген, жалпы мазмұны 22 бөлім, 82 тараудан, 458 баптан құралған.

Қазақстан Республикасының Салық Кодексіне келетін болсақ, толық атауы – «Салықтар және бюджетке өзге міндетті төлемдер туралы Кодекс» [7]. Ол 2017 жылдың 25 желтоқсанында қабылданған, мазмұны 23 бөлім, 88 тарау, 773 бапқа бөлінген.

ЕАЭО мүше мемлекеттерінің салық кодекстерінің жалпы бөліміне тән белгі – олардың салық салуды құқықтық реттеудің барынша жалпы және негізгі ережелерін қамтитын бөлімдерден құралуы болып табылады. Мұндай бөлімдер әдетте салық салудың қағидаларын, салық заңнамасының жүйесін, қолданылатын терминдерді, салықтардың тізімінен тұратын бірнеше тарауларға бөлінеді.

Ең алдымен салық кодексімен реттелетін қатынастардың ретін анықтап алу қажет. Қарастырып отырған салық кодекстері мәселені барынша ұқсас анықтайды. Осылаша, салық кодекстері салықтар жүйесін, салық салудың негізгі қағидаларын анықтайды, салықтарды анықтау, енгізу, өзгерту және жоб бойынша билік қатынастарын және салық міндеттемелерін орындау кезінде пайдаланатын қатынастарды, салықтық бақылауды жүргізу, салық органдарының шешімдеріне, олардың лауазымды тұлғаларының әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым білдіру, сондай-ақ салық төлеушілердің, салық органдары мен салық заңнамасымен реттелетін қатынастардың басқа да қатысушыларының құқықтары мен міндеттерін анықтайды.

Айта кету керек, бүгінде Қырғызстанда Салық кодексінің әрекет ету аясынан алымдар, төлемдер, табыстар мен санкцияларды құқықтық реттеу шығарылған, себебі бұл қатынастар Қырғыз Республикасының 1994 жылдың 14 сәуіріндегі «Салықтық емес төлемдер туралы» Заңымен реттеледі.

Қазақстан мен Беларусьпен салыстырғанда, Ресейде, Армения мен Қырғызстанда салық кодекстері белгілі бір деңгейде салықтық құқықбұзушылықтар үшін жауаптылық туралы сұрақтарды да реттейді.

Салық заңнамасының кеден заңнамасымен арақатынасы әр мемлекетте әр түрлі анықталған. Ресей Федерациясының кодексі (2-бап) кеден төлемдерін анықтау, енгізу және алу, сондай-ақ олардың төленуіне бақылауды жүзеге асыру кезінде пайда болатын қатынастарға, Кодекспен тікелей көзделмесе, салықтар мен алымдар туралы заңнама қолданылмайды деп анықтайды.

Беларусь Республикасының СК салық және кеден заңнамаларының нормалары арасындағы ара қатынас туралы жеке бап жоқ, алайда кеден төлемдеріне қатысты қатынастардың барлығы Беларусь Республикасының Кеден кодексімен реттеледі.

Қазақстан Республикасының Салық кодексінен кедендік төлемдерді реттеуші нормалар толығымен шығарылған. Осылайша, кеден төлемдерін төлеушілер, оларды есептеу, төлеу, қайтару және өндіру тәртібі, сондай-ақ кеден төлемдері бойынша қатынастар Қазақстан Республикасының «Кеден ісі туралы Кодексімен» реттеледі.

Армения Республикасының Салық кодексі бойынша (1 бап, 4 тармақ) кеден алымдарының түрлері, төлеушілер шеңбері, кеден төлемдерінің мөлшерлемесі, оларды есептеу және төлеу тәртібі мен мерзімдері, сонымен қатар жеңілдіктер, Салық кодексімен көзделмесе, Армения Республикасының кеден заңнамасымен анықталады.

Қырғыз Республикасы СК 1 бабының 1 тармағында Кеден одағының кеден шекарасы арқылы орын ауыстырылатын тауарлардан салық алу бойынша қатынастарға Қырғыз Республикасының кеден ісі саласындағы заңнамасы Қырғыз Республикасының салық кодексімен реттелмеген және оған қарсы келмейтін бөлігінде қолданылады делінген.

Осылайша, Беларусь пен Қазақстанда салық кодексінің нормалары кеден қатынастарына қолданылмайды, Армения мен Ресейде – Кодекстің өзімен тікелей көзделмесе, СК қолданылмайды, ал Қырғызстанда кеден заңнамасы салық заңнамасымен реттелмейтін және оған қарсы келмейтін бөлігінде қолданылады.

Кодификацияланған заңдарда заңнаманың негізгі бастапқы ережеде оін бекіту кез келген заңнама саласының барынша ортақ, сипатты және басты белгілерін анықтаудың маңызды және қажетті бөлігі болып табылады. Бұл салық заңнамасына да қатысты болып келеді.

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің салық кодекстері салық салу қағидалары туралы нормаларды бекіткен. Бұл сұрақ егжей-тегжейлі түрде Қазақстан және Қырғызстан Республикасының кодекстерінде ашылған, онда әр қағида құрылымды түрде жеке баптарға бөлінген.

Салық кодекстерінің сараптамасы келесідей негізгі қағидаларды бөліп алуға мүмкіндік береді:

1) салық төлеушілерге заңмен анықталған салықтарды төлеу, осы арқылы мемлекеттік шығындарды қаржыландыруға қатысу;

2) салық салудың жалпыға ортақтығын тану;

3) Кодекспен көздемеген салықтарды, сондай-ақ салықтарға тән Кодекспен анықталған белгілері жоқ өзге төлемдер мен жарналарды төлеу міндетін біреуге артуға жол бермеу;

4) салық төлеудің әділеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жеке сипаттағы салық жеңілдіктерін ұсынуға тыйым салу;

5) мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігіне, аумақтық тұтастығына, саяси және экономикалық тұрақтылығына зиян келтіретін салықтар мен оларды төлеу бойынша жеңілдіктерді орнатуға жол бермеу;

6) салықты анықтау кезінде салық салудың барлық элементтерін анықтау қажеттілігі.

Сонымен қатар Салық заңнамасында күмәннің, қарама-қайшылықтар мен түсінбеушіліктің барлығын салық төлеушінің пайдасына қарай түсіндіру туралы ережені бекіту маңызды болып табылады.

Салық кодекстерінің нормаларын мазмұндау кезінде берілген құқықтық нұсқаулар бағытталған субъектілер, яғни салық қатынастарының қатысушылары туралы сөз қозғамауға болмайды. Оларға, бір жағынан, мемлекеттік органдарды, жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдарын және өзге өкілетті ұйымдарды (лауазымды тұлғаларды), ал, екінші жағынан, салық төлеушілер мен салық агенттерін жатқызуға болады.

ЕАЭО мемлекеттерінің салық кодекстерінің барлығы «салық заңнамасымен реттелетін қатынастардың қатысушылары» сияқты ұғымды ажырата бермейді, бірақ жоғарыда аталған субъектілер туралы міндетті түрде айтылады.

Армения Республикасының салық кодексі салық қатынастарының қатысушысы деген ұғымды анықтамайды. Алайда «Салық төлеушілер (салық агенттері) және салық органдары» деп аталатын 2-бөлім ұйымдар мен жеке тұлғаларға, бірлескен қызмет қатысушылары, салық агенті, салық органдарына анықтама бере отырып, олардың құқықтары мен міндеттерін анықтайды. Осындай жағдай ҚР Салық кодексінде де орын алған.

Берілген сұрақтың нақты құқықтық реттелуі Ресей Федерациясы мен Беларусь Республикасының, сондай-ақ Қырғыз Республикасының салық кодекстерінде көрініс тапқан. Аталған кодекстер салық заңнамасымен реттелетін қатынастардың қатысушыларын анықтауға бірдей әдісті қолданады және ол келесілерді құрайды:

1) Кодекске сәйкес салық төлеушілер деп танылатын ұйымдар мен жеке тұлғалар;

2) Кодекске сәйкес салық агенттері деп танылатын ұйымдар мен жеке тұлғалар;

3) салық органдары;

4) кеден органдары;

5) мемлекеттік басқарудың республикалық (федералды) органдары (атқарушы биліктің мемлекеттік органдары), жергілікті басқару және өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ салық және кеден органдарымен қатар салықтар және (немесе) алымдар (баждар) қабылдау және өндіруді анықталған тәртіпте жүзеге асыратын өкілетті ұйымдар мен лауазымды тұлғалар;

6) өзге өкілетті органдар, оның ішінде Кодекспен және басқа заңнамамен олардың құзыреттілігіне жатқызылған сұрақтарды шешу кезінде мемлекеттік бақылау органдары және қаржы органдары.

«Салық» ұғымының түсінігі ЕАЭО елдерінің барлық салық кодекстерінде берілген (Беларусь Республикасы СК 6-бабының 1 тармағы, Ресей Федерациясы СК 8 бабы 1 тармағы, Қазақстан Республикасы СК 1 бабы 1 тармағының 55 тармақшасы, Армения СК 4 бабы 1 тармағының 1 тармақшасы, Қырғыз Республикасы СК 19 бабы). Анықтамалардың сараптамасы салықтың келесі ортақ белгілерін ажыратуға мүмкіндік береді:

- міндеттілігі;
- жеке қайтарымсыздығы;
- төлеушілерге тиісті ақша қаражаттарын иеліктен шығару;
- бюджетке түсімдер (Қазақстан, Беларусь, Қырғызстанда)

ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің салық кодекстерімен салықтардың бірнеше түрі анықталған. Олардың ішінде бюджет құраушы салықтарға: ҚҚС, табысқа салынатын салық, жеке табыс салығы және акциздер. Осының ішінде ЕАЭО мүше мемлекеттерінің жеке табыс салығының негізгі құрамдас бөлігіне талдау жасайық.

Жеке тұлғалардың табыс салығы – бұл тікелей салықтардың негізгі түрі; ол жеке тұлғалармен күнтізбелік жылда алынған ақшалай және щат түріндегі табыстардың барлық түрінен төленеді.

Салық төлеушілер. Ресейде салық төлеушілер ретінде жеке тұлғалар танылады (РФ СК 207 бабы). Қырғызстан заңнамасы салық төлеушілер қатарына жеке тұлғаларға табыс төлейтін салық агенттерін де қосады, алайды бұл категориядан жеке кәсіпкерлерді шығарып тастайды. Беларусь және Арменияда салық төлеушілер жеке тұлғалардың табыс талығын төлеушілер деп аталады және олар жеке тұлғалар болып табылады. Қазақстанда ЖТС төлеушілер салық салу объектілері бар жеке тұлғалар танылады.

РФ «төлеуші» термині кең мағынада қолданылады, себебі ол салық төлеуші – жеке тұлғамен қатар ЖТС төленетін салық агенттері де бола алады. РФ СК 23 тарауында заң шығарушы өзіне берілген дискреция аясында белгілі бір жағдайларда салық агенттері арқылы салық төлеу бойынша конституциялық міндетті орындаудың тәртібін бекіткен [8]. Әдетте бұл салық төлеушінің жұмыс орны бойынша жүзеге асырылады. Осыған ұқсас тәртіп ЕАЭО барлық елдерінде әрекет етеді.

Салық салу механизмін жасау кезінде әдетте екі әдіс қолданылады. Біріншісі аумақтық байланыс концепциясына негізделген. Оған сәйкес әр мемлекет өз аумағында жүзеге асырылатын қызметпен байланысты табыстарға ғана салық салады [9]. ЕАЭО елдеріне екінші әдіс тән, бұл ретте негізгі салық төлеушінің резиденттігі алынады.

РФ СК 209 бабына сәйкес салық салу объектісі деп салық төлеушілермен: РФ салық резиденттері болып табылатын жеке тұлғалар үшін – РФ-да және (немесе) оның аумағынан тыс жердегі көздерден; РФ салық резиденттері болып табылмайтын жеке тұлғалар үшін – РФ-дағы көздерден алынған табыс танылады. Осындай норма Беларусь Республикасының салық заңнамасымен де бекітілген.

Аталған екі елде де резиденттік белгісі қолданылғанмен, бұл ұғымды түсіндіру әдістері әр түрлі. РФ СК сәйкес салық резиденттері деп қатарынан келген 12 айдың ішінде кемінде 183 күнтізбелік күн ішінде РФ аумағында фактілі болған жеке тұлғалар танылады. Беларусь Салық кодексі жеке тұлғаларды, егер олар күнтізбелік жыл ішінде Беларусь Республикасының аумағында 183 күннен артық болса, салық резиденттері деп таниды. Қырғызстан Республикасының салық заңнамасында да осыған ұқсас норма бар. Демек, ЕАЭО елдері үшін жеке тұлғаның азаматтығы мен тұрғылықты мекен-жайы маңызды емес [10]. Қазақстанда салықтық резиденттерге өмірлік мүдделер орталығы республикада болатын тұлғалар жатқызылады. Бұл келесі критерийлерге бір уақытта сәйкес келетін жеке тұлғалар: ҚР азаматтығының не ҚР аумағында тұруға рұқсаты бар; жеке тұлғаның ҚР-да отбасының не жақын туыстарының тұруы; жеке тұлғаның өзінің не оның отбасы мүшелерінің, кез келген уақытта тұру үшін жарамды жылжымайтын мүлігінің болуы. Арменияда да өмірлік мүдделер орталығы қағидасы қолданылады және ол ҚР нормаларына сәйкес келеді, алайда бұдан бөлек, мұндай орталық жеке тұлғаның экономикалық (кәсіби) қызметінің жүзеге асырылу орны болуы тиіс.

Қазақстан Республикасында салық салу объектілері:

- төлем көзінен салық салынатын табыстар;
- төлем көзінен салық салынбайтын табыстар түріндегі жеке тұлғаның табыстары болып табылады.

Қырғызстан Республикасының Салық кодексімен жеке табыс салығының объектілері ретінде келесілер анықталған:

- нәтижесінде келесідей табыстар алынған, кәсіпкерлік қызметті қоспағанда, экономикалық қызметті жүзеге асыру:

а) Қырғыз Республикасындағы көзден және/немесе Қырғыз Республикасының шегінен тыс көзден – Қырғыз Республикасының азаматына және Қырғыз Республикасының азаматы болып

табылмайтын, Кыргыз Республикасының ықтияр хаты не қайырылман мәртебесі бар жеке тұлға-резидент үшін;

а) Кыргыз Республикасындағы көзден – Кыргыз Республикасының азаматы болып табылмайтын жеке тұлға-резидент үшін;

б) Кыргыз Республикасындағы көзден – Кыргыз Республикасының шегінен тыс тіркелген отандық ұйымның филиал және/немесе өкілдігінің жұмыскері болып табылатын Кыргыз Республикасының жеке тұлға-бейрезидентін қоспағанда, Кыргыз Республикасының жеке тұлға-бейрезиденті үшін;

2) кез келген басқа табыс алу.

Армения Республикасында табыс салығының объектісі Кыргыз Республикасына ұқсас анықталады. Классикалық та, заманауи да экономикалық теория табыс салығын табысқа салу керектігін жоққа шығармайды, бірақ табыс әрқашан салық салынатын табыспен сәйкес келе бермейді [11]. Салық салу базасы түзетулер мен салықтық шегерулерді есепке алғанда, салық салынуға жататын табыстар арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

ЕАЭО барлық мүше-мемлекеттерінде салық салушылардың ақшалай да, заттай да түрде алған барлық табыстары есепке алынады.

Беларусь пен Кыргызстанда, Ресейдегі сияқты салық бойынша кезең деп күнтізбелік жыл танылады. Қазақстан Республикасында салық агенттерімен табыс көзінен салық салынатын табыстар бойынша ЖТС есептеу үшін салықтық кезең күнтізбелік айды, ал басқа жағдайларда күнтізбелік жылды құрайды. Арменияда салықтық кезең ретінде есептік жыл танылған. Алайда жекелеген жағдайда, мысалы, жеке табыс салығы салық агентімен есептелгенде, салық кезеңі ретінде әр есептік ай саналады.

Салық мөлшерлемесіне келетін болсақ, бүгінгі күні РФ заңнамасымен ЖТТБ бойынша 11 мөлшерлеме көзделген: 9%, 13%, 15%, 30%, 35% (РФ СК 224 бабы), негізгі мөлшерлеме - 13%. Беларусьте төрт адвалорлық мөлшерлеме әрекет етеді - 4%, 9%, 13% және 16%, сондай-ақ нақты сома түріндегі мөлшерлеме, негізгі мөлшерлеме - 13%.

Қазақстанда ЖТС екі мөлшерлемесі анықталған: негізгі – 10% және дивидендтер бойынша мөлшерлеме - 5%. ЕАЭО басқа елдерімен салыстырғанда, Арменияда салық салудың прогрессивті деңгейі анықталған: негізгі мөлшерлеме – 120 000 драмға дейінгі ай сайынғы салық салынатын табыс үшін 24,4%, одан артық сомадан 26%. Табыстардың жеке түрлері бойынша 3%, 5%, 10%, 11% түріндегі мөлшерлемелер, және 1% мөлшерінде минималды салық сомасы мен 60 000 драм түріндегі салықтың нақты сомасы бар. Кыргызстанда салықтың бірыңғай мөлшерлемесі 10% мөлшерінде бекітілген.

Жеке табыс салығын төлеу мерзімдері әр мемлекетте әр түрлі анықталған. Мысалы, Армения және Кыргыз Республикасының салық заңнамалары жеке табыс салығын мемлекеттік бюджетке төлеу мерзімі ретінде есептік кезеңнен кейінгі айдың 20-сын анықтайды. Қазақстан Республикасында салық төлеу мерзімі төлеушілердің түрлі санаттарына жеке анықталған: төлем көзінен алынатын салық бойынша есептік кезеңнен кейінгі айдың 25-нен кешіктірмей; төлем көзінен салық салынбайтын салық бойынша – салықтық жылдың қорытындысы бойынша есептік кезеңнен кейінгі жылдың 31 наурызынан кейін 10 күннен кешіктірмей; адвокаттар мен жеке нотариустардың табыстары бойынша салық есептік кезеңнен кейінгі айдың 5-нен кешіктірілмей төленуі керек. Ресейде ЖТТС төлеу мерзімі – салық агенттері үшін – еңбекақы бойынша табыс төленген күннен кейінгі күннен кешіктірілмей; басқа еңбек төлемдері үшін – олар төленген айдың соңғы күнінен кешіктірілмей; табыс салығын өздері төлейтін салық төлеушілер үшін есептік жылдан кейінгі жылдың 15 шілдесінен кешіктірмей деп көрсетілген.

Осылайша, ЕАЭО мүше мемлекеттерінің салық заңнамаларының негізгі нормаларына салыстырмалы-талдау жасау барысында, салық салудың негізгі элементтері мен қағидалары ұқсас екендігін байқаймыз, алайда салықтың кейбір міндетті белгілерін анықтау кезінде айырмашылықтардың бар екендігі көрінеді. Мысалы, салық резиденттігін анықтау, жеке табыс салығы бойынша салықтық кезең, салықты төлеу мерзімдеріндегі, салық мөлшерлемелеріндегі ерекшеліктерді байқауға болады. Қазіргі таңда ЕАЭО мүше-мемлекеттерінің алдында экономикалық интеграцияны әлі де тереңдету мақсатында салық заңнамасын әрі қарай гармонизациялау міндеті тұр.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі:

1. 29.05.2014 жылғы Еуразиялық экономикалық одақ туралы Шарт
2. Мамбеталиев Н. Т., Кучеров И. И. Налоговое право ЕвразЭС. М.: ЮрИнфоР-Пресс, 2011.
3. 2008 жылдың 17 қазанындағы Қырғыз Республикасының Салық Кодексі
4. 1998 жылдың 31 шілдесіндегі Ресей Федерациясының Салық Кодексі. Екі бөлім.
5. 2002 жылдың 19 желтоқсанындағы Беларусь Республикасының Салық Кодексі.
6. 2016 жылдың 4 қазанындағы Армения Республикасының Салық Кодексі.
7. 2017 жылдың 17 желтоқсанындағы Қазақстан Республикасының Салық Кодексі.
8. 11.05.2012 ж. РФ Конституциялық Сотының №801-О Ұйғарымы.
9. Полежарова Л.В. Международное двойное налогообложение: механизм устранения в Российской Федерации. М.: Магистр, 2009. 303 с.
10. Едророва В.Н., Телегус А.В. Подходное налогообложение в странах Евразийского Экономического Союза: идентичность и различия. Издательский дом Финансы и Кредит, 2016.
11. Батарин А.А. Правовое регулирование исчисления налога: монография / под ред. И.И.Кучерова. М.: Юриспруденция, 2014. 216 с.

Қуаналиева Гүлдана Амангельдиевна
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Кеден, қаржы және экологиялық құқық" кафедрасының профессоры
м.а., з.ғ.д., E-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Жетібаев Нұрбол Сатыбалдыұлы
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ "Халықаралық құқық" кафедрасының доценті, з.ғ.к.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫҢ КӨПТІГІ ЖӘНЕ СЕБЕПТІ БАЙЛАНЫС МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Аннотация.** Аталған мақалада қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі, оның түсінігі мен нысандары жан-жақты талқыланады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі мен себепті байланыстың ара-қатынасы зерделенген. Себепті байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде анықтау мәселесіне талдау жасалған. Бұл мәселе өте күрделі. Сондықтан авторлар, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде себепті байланысты анықтаудың жаңа түрлерін ұсынып отыр. Бұл қылмыстық құқық теориясындағы жаңа қадам болып табылады. Авторлар өз тарапынан аталған мәселеге қатысты өзінің көзқарастарын білдіріп кеткен.*

***Түйін сөздер:** қылмыстық құқық бұзушылық, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі, қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы, қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы, себепті байланыс және т.б.*

***Аннотация.** В данной статье рассматриваются понятие и формы множественности уголовных правонарушений. Изучается взаимосвязь множественности уголовных правонарушений и причинной связи. Анализируются проблемы установления причинной связи во множественных уголовных правонарушениях. Это очень сложная проблема. Авторами предлагаются новые виды причинной связи в определений множественных уголовных правонарушений. Это новый шаг в теории уголовного права. Авторы излагают свои взгляды по этому вопросу.*

***Ключевые слова:** уголовное правонарушение, множественность уголовных правонарушений, неоднократность уголовных правонарушений, совокупность уголовных правонарушений, рецидив преступлений, опасный рецидив преступлений, причинная связь и т.д.*

***Annotation.** In this article the concept and forms of plurality of criminal offenses are considered. The interrelation of plurality of criminal offenses and a causal relationship is studied. Problems of establishment of a causal relationship in multiple criminal offenses are analyzed. It is very complex problem. Authors offer new types of a causal relationship in definitions in multiple criminal offenses. It is a new step to theories of criminal law. Authors state the opinion on this matter.*

***Key words:** criminal offense, plurality of criminal offenses, not momentariness of criminal offenses, set of criminal offenses, recurrence of crimes, dangerous recurrence of crimes, causal relationship, etc.*

Қылмыстық құқықтың жалпы бөлімінің негізгі институттарының бірі - қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп аталады. Қылмыстық құқықта қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін анықтаған кезде, себепті байланыстың ерекше маңызы бар. Бұл ерекшелік себепті байланыстың міндеттілігінен айқын көрінеді. Бір адамның жасаған жеке қылмыстық құқық бұзушылығында себепті байланысты анықтау және бір адаммен жасалатын бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтардағы себепті байланысты анықтау қылмыстық құқық бұзушылықтарды біріншіден – жеке, екіншіден – көптік деп ажыратуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, бұл ажырату қылмыстық жауаптылық мәселесін, жаза мөлшерін шешуге бірден-бір негіз болып табылады. Жеке және көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарда себепті байланыс қандай ретпен орын алады? Екі жағдайдағы себепті байланысты қалай анықтау қажет? Осы сұрақтарға жауап бермес үшін, жеке және көптік қылмыстық құқық бұзушылықтардың айырмашылығын білу қажет. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажыратудың тергеу және сот қызметінде елеулі маңызы бар. Кейбір жағдайларда оны ажырату белгілі бір тұрғыда қиындық та туғызады. Айтылған қиындықтың орын алуы заңды нәрсе, өйткені кейбір жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мазмұны жағынан күрделі болып, бірнеше іс-әрекеттен құралғандықтан көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарға ұқсас болып келеді. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар деп, қылмыстық заңда көрсетілген бір қылмыстық құқық бұзушылықтың белгілері бар қоғамға қауіпті іс-әрекетті айтамыз. "Жеке қылмыстық құқық бұзушылық деп қылмыстық заңда көрсетілген бір әрекеттен, зардаптан, кінәнің нысанынан құралатын бір құрамды білдіретін және Ерекше бөлімнің бір бабымен ғана сараланған қылмыстық құқық бұзушылықты айтамыз" [1, 165 б.]. Қылмыстық заңда көрсетілген бірнеше әрекеттерді жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің орын алғанын білдірмейді. "Қылмыстар көптігін жекелеген қылмыстан, яғни қылмыстың бір құрамының

белгілері бар іс-әрекеттен ажыратқан жөн. Егер қылмыс жай құрамның белгілері бар қылмыстық әрекеттің бір актісімен сипатталса онда олардың арасын ажырату қиындық тудырмайды. Бірақ сот практикасында жекелеген қылмыс сырттай қылмыстар көптігіне ұқсас болатын кездер жиі кездеседі" [2, 251 б.]. Құқыққа қайшы бірнеше әрекет жасалғанда, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігін ажырату үшін келесі белгілерді ескеру қажет.

Біріншіден, жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлық объективтік және субъективтік белгілері өзара ішкі байланыста болады.

Екіншіден, объективтік белгілердің ортақтығы, әрбір әрекет бір объектіге және бірдей зардап келтірумен сипатталады.

Үшіншіден, субъективтік белгілердің ортақтығы, әрбір әрекет кінәнің бір нысанымен жасалып және қылмыстық құқық бұзушылық ниеттің бірдей болуымен сипатталады. Ал керісінше болғанда қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі орын алады.

Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар заңдылық құрылымына байланысты жай және күрделі болып екіге бөлінеді. ""Жай" және "күрделі" терминдері ерекше мағынада қолданылады, және қандай да болсын қылмысты жай немесе күрделіге жатқызу келтірілген зардап мөлшеріне, қылмыс жасауға қатысқан адамдардың санына, тиісті қылмыс жасауға дайындық техникасы мен оның жасалуының жай немесе күрделі болуына, оны тергеу немесе сотта қарау кезіндегі қиындықтарға да байланысты болып табылмайды" [3, 251 б.].

Жеке жай құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар бір объектіге, бір әрекет арқылы кінәнің бір нысанымен зиян келтіру арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 99-бабы Адам өлтіру. "1. Адам өлтіру, яғни басқа адамды құқыққа қарсы қасақана қазаға ұшырату" [4]. Бұл жерде бір объектіге яғни адамның өміріне, бір әрекет немесе әрекетсіздік арқылы және бір кінә нысанымен яғни қасақаналықпен жәбірленушіге қаза келтіру орын алады.

Күрделі жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар, жай құрам сияқты бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамын құрайды және Қылмыстық кодекстің бір бабымен сараланады, бірақ жеке жай қылмыстық құқық бұзушылықтармен салыстырғанда, оның объективтік жағы күрделі мазмұнмен сипатталады яғни бұл жерде істелінетін іс-әрекеттің сандық жағы, басқа да қосымша қылмыстық құқық бұзушылық зардаптарының орын алуы сөз болып отыр. Күрделі жеке құрамдағы қылмыстық құқық бұзушылықтар қылмыстық заңға сәйкес: жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық, созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық, күрделі құрамды қылмыстық құқық бұзушылық, балама іс-әрекетті қылмыстық құқық бұзушылық және қосымша ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылық деп бірнеше түрлерге бөлінеді.

Жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз, ортақ мақсатқа жетуге бағытталған ұқсас (бірдей) қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттерден құралған, жиынтығында бір қылмыстық құқық бұзушылық болып табылатын әрекеттерді айтамыз. "Жалғасқан қылмыс дегеніміз, бірнеше бөлікке бөлініп жасалатын бір қылмысты айтамыз" [5, 288 б.]. Аталған қылмыстық құқық бұзушылықтар тек қана әрекет арқылы жасалып және қасақаналықпен сипатталады. Көрсетілген анықтамаға сәйкес жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың мынандай белгілері бар: Біріншіден, барлық әрекеттер бір объектіге бағытталуы қажет. Мысалы, тек қана адамның жеке меншігіне. Әртүрлі объектіге бағытталған әрекеттер жеке қылмыстық құқық бұзушылық ретінде сараланбайды. Екіншіден, ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің жиынтығынан құралуы қажет. Мысалы, компьютер жинақтайтын фирмада жұмыс істейтін Н., компьютерді ұрлап, кейін оны сату мақсатымен, компьютердің бөлшектерін бір апта бойына жұмыстан кейін фирмадан ұрлап отырған. Бұл мысалдағы Н-ң әрекеті бір апта ішіндегі әрбір әрекеті бір-біріне ұқсас. Мәселен, бір күні Н., компьютердің мониторын, екінші күні клавиатурасын, үшінші күні басқа бөлшектерін ұрлайды. Бірақ Н-ң мақсаты сол бір компьютерді ұрлау. Осы жерден, жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтардың үшінші белгісін ажыратуға болады, олардың бір мақсаттылығы және әрбір әрекет бір бүтіннің бөлшегі болып табылады. Егер кінәлі Н., бір аптадан кейін емес, айталық үшінші күні аз сомма мөлшеріндегі бөлшектерді ұрлаған соң, құқық қорғау органдарымен ұсталатын болса, онда оның әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 24-бабы және 188-бабы, ұрлыққа оқталу деп саралануы қажет. Өйткені, аяқталмаған Н-ң әрекеті мен пайда болаған зардап арасында себепті байланыс бар. Жалғасқан қылмыстық құқық бұзушылықтарда аяқталған ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттердің жиынтығы мен зардап арасында бір себепті байланыс орын алады. Жеке күрделі қылмыстық құқық бұзушылықтардың келесі түрі - созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық. Ол белгілі бір уақыт аралығында үзіліссіз жүретін іс-әрекет. Бұл жерде іс-әрекет уақыт аралығына созылғанымен біреу болып табылады, демек іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап

арасындағы себепті байланыс та біреу. "Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық кінәлінің өзіне қылмыстық заң жазамен қорқытып жүктеген міндеттемелерін ұзақ мерзімге орындамай әрекет немесе әрекетсіздік арқылы белгілі бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын үзіліссіз, белгілі бір уақыт аралығында жүзеге асыруы болып табылады" [6, 76 б.]. Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылықтарға Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексіндегі мынандай құрамдарды жатқызуға болады. Мысалы, бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзетпен ұстаудан қашу (426-бап), қылмыс туралы хабарламау (434-бап), қашқындық (442-бап), әскери қызметті атқарудан жалтару немесе бас тарту (443-бап) және т. б.

Созылмалы қылмыстық құқық бұзушылық қандай да бір қылмыстық құқық бұзушылық әрекеттен немесе әрекетсіздіктен басталып, кінәлінің өзінің сол іс-әрекетті жалғастырудан бас тарту (айыбын өз мойнына алып келу) немесе қылмыстық құқық бұзушылықты әрі қарай жалғастырып жасауға тосқауыл болатын (қылмыскерді ұстау) оқиғалардың орын алуымен аяқталады. Үшінші түрі, күрделі құрамды қылмыстық құқық бұзушылықтар. Күрделі құрам деп екі немесе одан да көп іс-әрекеттерден құралатын, оның әрқайсысының бірінен-бірін бөліп қарағанда жай түрдегі құрамына жататын, бірақ ішкі бірлігі бойынша бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайтын іс-әрекеттердің жиынтығын айтамыз. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 192-бабы қарақшылық құрамын алсақ, мұнда бөтен біреудің мүлкіне иелік ету жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш жұмсау арқылы жүзеге асырылады. Осы жағдайда және әртүрлі қылмыстық әрекеттер яғни жәбірленушінің өмірі мен денсаулығына қауіпті күш көрсету және мүлікті иемдену немесе иемденуге окталу бір күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамын құрайды, бірақ осы әрекет ішкі бірлігіне байланысты бір қылмыстық құқық бұзушылық құрамын – қарақшылықты құрап тұр. Жеке күрделі қылмыстық құқық бұзушылық құрамының төртінші түрі - балама іс-әрекет. Оның ерекшелігі Қылмыстық кодекстің Ерекше бөлігіндегі баптың диспозициясында көрсетілген әрбір әрекет немесе әрекетсіздікті жасау аяқталған қылмыстық құқық бұзушылық құрамын білдіреді. Мысалы, Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 287-бабы, қаруды, оқ- дәрілерді, жарылғыш заттарды және жарылыс құрылғыларын заңсыз иемдену, беру, өткізу, сақтау, тасмалдау немесе алып жүру. Кінәлі көрсетілген балама әрекеттердің біреуін немесе екеуін, я болмаса бәрін жасаса да аталған қылмыс құрамы орын алады.

Жеке күрделі құрамның соңғы түрі қосымша ауыр зардаптың болуымен сипатталатын қылмыстық құқық бұзушылық болып табылады. Ол екі жеке іс-әрекеттен құралғанымен, ішкі өзара байланысының нәтижесінде бір қылмыстық құқық бұзушылықты құрайды. Мысалы, науқасқа көмек көрсетпеу ҚРҚК-ң 320 бабының 1 бөлігі: "Қазақстан Республикасының заңына сәйкес немесе арнайы қағида бойынша науқасқа көмек көрсетуге міндетті адамның дәлелсіз себептермен оны көрсетпеуі, егер бұл абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтіруге әкеп соқса" делінген [4]. Бұл жерде өз алдына екі жеке іс-әрекет (әрекетсіздік) бар, бірі науқасқа көмек көрсетпеу, екіншісі абайсызда науқастың денсаулығына ауырлығы орташа зиян келтірілсе. Бірақ, олардың ішкі байланысына яғни әрекетсіздік пен зардаптың және олардың арасындағы себепті байланыс, аталған іс-әрекеттерді бір қылмыс құрамы ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді.

Аталған жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардың барлығында, іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында бір себепті байланыс болады. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтардағы себепті байланысты шартты түрде "жеке себепті байланыс" деп атауға болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі мынандай белгілермен сипатталады:

- бір адам екі немесе одан да көп әрқайсысы жеке-жеке құрам болып табылатын қылмыстық құқық бұзушылықты істеуі қажет;
- кінәлімен істелген әрбір іс-әрекет сот үкімінде белгіленуі керек;
- заңға сәйкес қылмыстық жауаптылықтың ескіру мерзімі өтіп кетпеуі тиіс, бұрын шығарылған үкімінің орындалу мерзімі өтіп кетпеуі қажет және кешірім немесе рақымшылық актілерімен адамның бұрын жасалған іс-әрекеттері үшін соттылығы жойылмауы керек;
- әрбір қылмыстық құқық бұзушылық аяқталған немесе аяқталмаған болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деген санат жоқ. Қылмыстық кодекстегі бекітілген оның нысандары қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі туралы айтуға мүмкіндік береді. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі дегеніміз не? Қылмыстық жауапқа тартудың мерзімі ескірмеген немесе сотталғандықтан арылмаған немесе сотталғандығы жойылмаған жағдайда бір адамның екі немесе одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуін қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігі деп айтамыз. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңы іс-әрекеттің құрылысына байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің үш түрлі нысанын бөліп ажыратады: қылмыстық құқық

бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы (12-бап), қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы (13-бап), қылмыстардың қайталануы, қылмыстардың қауіпті қайталануы (14-бап).

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы ҚРҚК-ң 12- бабының 1 бөлігіне сәйкес: "Осы Кодекстің Ерекше бөлігінің дәл сол бір бабында немесе бабының бөлігінде көзделген екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы деп танылады. Қылмыс және қылмыстық теріс қылық өзара бірнеше рет жасалуды құрамайды" [4].

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуының өзіне тән белгілері бар. Олар: бірінші және одан кейінгі қылмыстық құқық бұзушылықтарды істеуде уақыт жөнінен үзіліс болуы қажет; адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталмауы қажет; адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмауы қажет. "Егер адам бұрын жасаған қылмыстық құқық бұзушылығы үшін сотталған не заңда белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылған болса, қылмыстық құқық бұзушылық бірнеше рет жасалған деп танылмайды".

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуында себепті байланысты анықтау негізгі шарт болып табылады. Себепті байланыс анықталмайынша, қылмыстық құқық бұзушылықтарды бірнеше рет жасалған деп тануға болмайды. Кінәлінің істеген (Қылмыстық кодекстің белгілі бір бабында немесе бабының бөлігінде) әрбір аяқталған іс-әрекеті мен одан туындаған зардап арасындағы себепті байланыс міндетті түрде анықталуға жатады. Және ол екі немесе одан да көп болуы мүмкін. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуында орын алатын себепті байланысты кең мағынада "көптік немесе күрделі себепті байланыс" деп атауға болады. Сонымен біздің ойымызша жеке қылмыстық құқық бұзушылықтар мен көптік қылмыстық құқық бұзушылықтарды ажыратудағы тағы бір белгі – сандық себепті байланысты табу. Жеке қылмыстық құқық бұзушылықтарда - жеке (бір) себепті байланыс орын алса, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде - күрделі (екі немесе одан да көп) себепті байланыс орын алады. Көрсетілген себепті байланыстарды дұрыс анықтау қылмыстық жауаптылық мәселесін шешкенде орасан зор қызмет атқарады. Оған сәйкес, бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтардағы күрделі себепті байланыстарды анықтау қатаң жазаға әкеп соқтыратын мән-жай есебінде қарастырылады. ҚРҚК-ң 12- бабының 4 және 5 бөлігіне сәйкес: "Қылмыстардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады.

Қылмыстық теріс қылықтардың бірнеше рет жасалуы осы Кодексте неғұрлым қатаң жазаға әкеп соғатын мән-жай ретінде көзделген жағдайларда, адамның жасаған қылмыстық теріс қылықтары осы Кодекстің Ерекше бөлігінің қылмыстық теріс қылықтарды бірнеше рет жасағаны үшін жаза көзделетін бабының тиісті бөлігі бойынша сараланады" делінген [4]. Сонымен қатар, қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы жалпы және арнаулы болып екі түрге бөлінеді.

Бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың жалпы қайталануы деп істелген қылмыстық құқық бұзушылықтың қоғамға қауіптілігінің мәні мен дәрежесіне қарамастан кез келген басқа бір қылмыстық құқық бұзушылықты қайталап жасаушылықты айтамыз. Жалпы қайталану қылмыстық құқық бұзушылықты саралауға әсер етпейді, бірақ жаза тағайындалғанда жазаны ауырлататын мән-жай ретінде есепке алынуы мүмкін (ҚРҚК-ң 54-бабының 1 бөлігі, 1) тармағы).

Бірнеше рет жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы қайталануы дегеніміз, адамның біртектес немесе ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық іс-әрекетті тағы да жасауы болып табылады. Біртектес қылмыстық құқық бұзушылықтар дегеніміз, объективтік және субъективтік белгілері ұқсас, кінә нысанының бір түрі орын алатын, бір немесе бірнеше ұқсас объектіге қол сұғатын қылмыстық құқық бұзушылықтарды айтамыз. Мысалы, ұрлық және тонау. Ұқсас қылмыстық құқық бұзушылық дегеніміз, бір қылмыстық құқық бұзушылықтың құрамына жататын қылмыстық құқық бұзушылықтың қайталанып істелуі. Мысалы, екі рет адам өлтіру.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің екінші нысаны – қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 13-бабының 1 бөлігіне сай: "Осы Кодекстің түрлі баптарында немесе баптарының бөліктерінде көзделген, адам солардың бірде-біреуі үшін сотталмаған немесе заңмен белгіленген негіздер бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған екі немесе одан да көп іс-әрекетті жасау, қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы кезінде адам, егер осы іс-әрекеттердің белгілері осы Кодекстің бір бабының немесе бабының бір бөлігінің неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің

тиісті бабы немесе бабының бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықта болады".

Көрсетілген анықтамаға сәйкес, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының мынандай белгілерін ажыратуға болады:

- кінәлі екі және одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтарды жасауы қажет;
- кінәлімен жасалатын әрбір қылмыстық құқық бұзушылық, Қылмыстық кодекстің әртүрлі баптарымен саралануға жатады;
- адам өзінің істеген қылмыстық құқық бұзушылықтарының бірде біреуі үшін сотталмауы тиіс;
- кінәлі заңмен белгіленген негіздер бойынша (шын өкінуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (65-бап); қажетті қорғаныс шегінен шығу кезінде қылмыстық жауаптылықтан босату (66-бап); процестік келісімнің талаптары орындалған кезде қылмыстық жауаптылықтан босату (67-бап); татуласуыға байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (68-бап); кепілгерлік белгіленуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (69-бап); жағдайдың өзгеруіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (70-бап); ескіру мерзімінің өтуіне байланысты қылмыстық жауаптылықтан босату (71-бап); жазаны өтеуден шартты түрде мерзімнен бұрын босату (72-бап); жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру не тағайындалған жаза мерзімін қысқарту (73-бап); жүкті әйелдердің және жас балалары бар әйелдердің, жас балаларын жалғыз өзі тәрбиелеп отырған еркектердің жазаны өтеуін кейінге қалдыру (74-бап); ауруға шалдығуына байланысты жазадан босату (75-бап); ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан жазадан босату және жазаны өтеуді кейінге қалдыру (76-бап); айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтуіне байланысты жазаны өтеуден босату (77-бап); рақымшылық немесе кешірім жасау актісі негізінде қылмыстық жауаптылықтан және жазадан босату (78-бап); сотталғандық (79-бап); қылмыстық жауаптылықтан босатылмаған болуы керек.

Қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында, яғни адамның істеген әртүрлі қылмыстық құқық бұзушылығы мен одан туындаған зардаптың арасындағы көптік себепті байланыс міндетті түрде құқық қорғау органдарымен анықталуға жатады. Себепті байланыс, қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығы болып табылатын зардап тудырған қоғамға қауіпті әртүрлі іс-әрекет үшін қылмыстық жауаптылық негізі болып табылады.

Қылмыстық құқық теориясында қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығының екі түрі ажыратылады: идеалды және нақты (реалды) [7, 190 б.].

Қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығы деп, кінәлінің бір іс-әрекетінен бірден қылмыстық заңның әртүрлі баптары, бір баптың әртүрлі бөліктері, тармақшалары бойынша сараланатын екі я одан да көп қылмыстық құқық бұзушылықтардың істелуін айтамыз. Идеалды жиынтық үшін кінәлінің жасаған ісінің бір рет орын алуының, әлде ол істің біршама ұзақ уақыт аралығында жасалып келгендігінің ешқандай әсері жоқ. Идеалды жиынтық әрекеттермен қатар, әрекетсіздіктен де құралуы мүмкін. Бұл норма Қылмыстық кодексте былай деп бекітілген: "Осы Кодекстің екі немесе одан да көп бабында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтардың белгілері бар бір әрекет (әрекетсіздік) те қылмыстық құқық бұзушылықтардың жиынтығы деп танылады. Қылмыстардың мұндай жиынтығы кезінде адам, егер бір іс-әрекеттің белгілері осы Кодекс бабының басқа іс-әрекет үшін неғұрлым қатаң жазаны көздейтін нормасында қамтылмаған болса, әрбір жасалған іс-әрекет үшін осы Кодекстің тиісті баптары бойынша қылмыстық жауаптылықта болады" (13-бап, 2 бөлік).

Қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығындағы себепті байланыстың өзіндік ерекшелігі бар. Бұл ерекшелік бір іс-әрекеттен бірнеше себепті байланыстың яғни жоғарда көрсетіп өткен күрделі себепті байланыстың орын алуынан көрінеді. Кінәлі екі немесе одан да көп қоғамға қауіті зардапты бірнеше іс-әрекетпен емес, бір іс-әрекет арқылы келтіреді. Келтірілген қоғамға қауіпті әртүрлі зардап адамның қандай іс-әрекетінен туындағанын анықтау қажет. Ол іс-әрекет біреу болуы тиіс.

Мысалы, М., кек алу мақсатымен көршісі К-ны өлтірмекші болады. Ауласындағы көлігін оңдап жүрген К-ны көріп қалып, үйіндегі тұрған мылтықпен оған бірнеше рет атады. Бірақ М-ң атқан оғы К-ға емес, оның көлігінің жанармай құйатын қорабына тиіп жарылады. Болған жарылыстан К., ауыр дене жарақатын алады және ауладағы тұрған малдың қорасы өртеніп кетеді. Бұл мысалдағы М-ң әрекетінде қылмыстың идеалды жиынтығы орын алған. Ол көршісі К-ң ауыр дене жарақаты және К-ң бүлінген жеке меншігі яғни көлігі, мал қорасы, соның ішінде, тергеу барысында анықталған 2 сиыры, 3 қойы. М-ң әрекеті қылмыстың идеалды жиынтығы ретінде Қылмыстық кодекстің 24-бабы, 99-баптың 2 бөлігі және 204-бап арқылы саралануға жатады. Осы мысалдан көрініс тапқанындай кінәлі адам бір әрекет арқылы бір уақытта қылмыс істеуге оқталумен бірге, екіншісі бір аяқталған қылмыстың құрамын орындаса бұл да қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалдық жиынтығы

болады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы деп адамның әртүрлі іс-әрекеті арқылы қылмыстық заңның әртүрлі бабына, баптың бөліктеріне, тармақшаларына жататын қылмыстық құқық бұзушылық жасауын айтамыз. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығының зияны идеалдық жиынтыққа қарағанда көп үлесті болады, сол үшін де оған қатаң жаза мөлшері белгіленеді. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығында көптік себепті байланыс болады. Бұл жердегі көптік себепті байланыс адамның бір іс-әрекетінде емес, бірнеше іс-әрекеті мен одан туындаған зардаптардың арасында орын алады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы үшін қылмыстық құқық бұзушылықты әртүрлі уақытта жасау тән, яғни уақыт аралығындағы үзіліс бір жағдайда аз болуы мүмкін, екінші жағдайда ол қомақты болып іс-әрекет аралығы жылдармен де есептелуі мүмкін. Кейбір кездерде үзіліс мүлде орын алмайды. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығына мынандай мысал келтіруге болады. Д., базарда жүріп жәбірленуші М-ң қолындағы қағазға оралған бір бума ақшаны көріп, оның қолынан жұлып алып қашып кеткен. Екі күн өткесін мектепте бірге оқыған Қ-ны тепкілеп, өлтірген. Кінәлі Д., әртүрлі әрекетімен, қылмыстық заңның әртүрлі бабына жататын қылмыс құрамын жасаған. Оның әрекеті Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 191-бабы және 106-баптың 3 бөлігімен саралануға жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығы, идеалды жиынтықтан мынандай белгілер бойынша ерекшеленеді:

1) қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығында кінәлімен екі және одан да көп жеке іс-әрекеттер істелінсе, идеалдық жиынтықта кінәлімен бір іс-әрекет істелінеді;

2) қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығында кінәлінің іс-әрекетінің қоғамға қауіптілік дәрежесі көп болады. Өйткені қылмыстың қайталануы кінәлінің санасында тұрақты қоғамға жат және қауіпті нышанның орын алуымен сипатталады. Ал қылмыстық құқық бұзушылықтың идеалды жиынтығында бір іс-әрекеттен құралған қылмыстық құқық бұзушылық кінәлінің қоғамға қауіпті дәрежесінің жоғары болуымен сипатталмайды;

3) қылмыстық құқық бұзушылықтың нақты жиынтығындағы көптік себепті байланыс әртүрлі іс-әрекетпен одан туындағын әртүрлі қоғамға қауіпті зардап арасында орын алса, ал қылмыстың идеалды жиынтығында көптік себепті байланыс бір іс-әрекет пен одан туындаған әртүрлі қоғамға қауіпті зардап арасында болады. Көптік себепті байланыс, біріншісінде бірнеше іс-әрекет пен зардап арасында болса, екіншісінде бір іс-әрекет пен зардап арасында болады.

Қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінің соңғы түрі – қылмыстардың қайталануы. Қылмыстардың қайталануы қылмыстық құқық бұзушылықтар көптігінің ішіндегі ең қауіпті түрінің бірі. Өйткені, қасақана ауыр қылмыс істеп, ол үшін сотталып, өзіне ешқандай нәтиже шығармастан, қайтадан қасақана қылмыс істеу бүкіл қоғам қауымына, мемлекет және әрбір адамның жеке мүддесіне үлкен қауіп төндірітіні сөзсіз. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 14-бабының 1 бөлігіне сәйкес: "Егер адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, осы адамның ауыр қылмыс жасауы қылмыстардың қайталануы деп танылады" [4]. Көрсетілген анықтамаға сай қылмыстардың қайталануының мынандай белгілері бар.

- кінәлінің екі және одан да көп қылмыстарды әртүрлі уақытта жасауы;
- кінәлінің бұрын ауыр қылмыс жасауы;
- кінәлінің ауыр қылмыс жасағаны үшін бас бостандығынан айыру жазасына сотталуы;
- кінәлінің сотталғандық атағының болуы шарт.

Қылмыстардың қайталануының құқықтық маңызы ең бастысы жазаны ауырлататын мән-жай есебінде қарастырылады. Қылмыстардың қайталануы соттың мұндай адамдарға қатаңырақ жаза тағайындауына негіз береді және бұрын сотталғандығы бар адамдарға заң бойынша жазаны өтеу түзеу колониясының қатаң режимінде өтеуге тағайындалады.

"Қылмыстың қайталануын таныған және оның түрін анықтаған кезде әрбір сотталушылардың бұрынғы соттылықтарына қатысты мән-жайларды мұқият анықтау қажет. Атап айтқанда: сотталушының қылмыс жасаған сәттегі жасын, бұрын сотты болған қылмыстардың санатын, сот үкімі бойынша белгіленген жаза түрін, үкім бойынша тағайындалған жазаның іс жүзінде өтелген-өтелмегенін, үкім бойынша тағайындалған жазаның басқа жазамен ауыстырылған-ауыстырылмағанын және сотталған адам неге байланысты, қашан және қандай негіздер бойынша жазаны өтеуден босатылғанын, бұрынғы соттылығы алынғанын немесе жойылғанын анықтау қажет" [8].

Қылмыстардың қайталануында себепті байланыс орын алу үшін, қасақана ауыр қылмыс жасап бас бостандығынан айыруға сотталған адам, соттылығы жойылмастан жаңа ауыр қылмыс жасауы керек. Сонда әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында жеке себепті байланыс орын алады.

Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасына сай, жасалатын қылмыстардың сипатына қарай қылмыстардың қайталануы екіге бөлінеді: жалпы және арнаулы [9, 39 б.].

Жалпы қайталану деп, сотталғандығы жойылмаған кінәлінің кез келген жаңа ауыр қылмыс істеуін айтамыз. Мысалы, қарақшылық жасап сотталып (192-бап), жазасын өтеп келген адамның әйел зорлауы (120-бап). Жалпы қайталанудың қылмысты саралау үшін әсері жоқ, ол тек жазаны даралағанда және тағайындағанда ғана есепке алынады. Жалпы қайталану 54-баптың 1 бөлігінің 1 тармағына сәкес қылмыстық жауаптылық пен жазаны ауырлататын мән-жай есебінде қарастырылған.

Арнаулы қайталану деп, сотталғандығы бар адамның бұрынғы істеген қылмысына ұқсас немесе біртектес жаңа қылмысты істеуін айтамыз. Мысалы, қарақшылық, зорлағаны үшін бұрын сотталған адамның сотталғандығы жойылмай тұрып тағы да қарақшылық, зорлау жасауы.

Кінәлі бұрынғы істеген қылмысы үшін жазасын өтеп жатқанда немесе субъект бірінші қылмысы үшін жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтеген кездегі арнаулы қайталанудың зардабы, жалпы қайталанудың зардабы сияқты болады. Сонымен қатар, арнаулы қайталану заңға сәйкес ауырлатылған немесе аса ауырлатылған мән-жайлар есебінде қарастырылады.

Қолданыстағы қылмыстық заңнамаға сәйкес, қоғамға қауіптілік дәрежесіне байланысты қылмыстардың қайталануы: жай және қауіпті деп бөлінеді.

Жай қайталану деп, бір рет ауыр қылмысы үшін сотталғандығы бар адамның жаңа ауыр қылмыс істеуі болып табылады. Мысалы, кісі өлтіріп сотталған адамның (99-бап) соттылығы жойылмастан адамды ұрлауы (125-бап).

Қауіпті қайталану қылмыстардың қайталануы ішіндегі ең ауыр түрі болып табылады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 14-бабының 2 бөлігіне сай: "Қылмыстардың қауіпті қайталануы деп адамның:

1) егер осы адам бұрын ауыр қылмыс жасағаны үшін екі рет бас бостандығынан айыруға сотталса немесе аса ауыр қылмысы үшін сотталған болса, ауыр қылмыс жасағаны;

2) егер ол бұрын ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін бас бостандығынан айыруға сотталған болса, аса ауыр қылмыс жасағаны танылады".

Кейбір ғалымдар мысалы профессор А.Н.Ағыбаев қылмыстардың қайталануының өзге де түрлерін көрсетеді. Жалпы, арнаулы, күрделі, пенитенциарлық, қауіпті, аса қауіпті.

Жай қайталану және қауіпті қайталану үшін, жоғарда көрсетілген мән-жайлар толық болғанда іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында жеке себепті байланыс орын алады.

"Соттар ҚК-нің 14-бабының үшінші бөлігіне сәйкес қылмыстардың қайталануын және қауіпті қайталануын тану кезінде алынған және жойылған соттылықтар, сондай-ақ адамның 18 жасқа толғанға дейінгі жасаған қылмыстары үшін соттылықтары есепке алынбайтынын назарда ұстағандары жөн. Сонымен бірге, ҚК-нің 14-бабының екінші бөлігі бойынша қылмыстардың қауіпті қайталануын тану кезінде, адамның ауыр немесе аса ауыр қылмыстар үшін сотталуына байланысты алынбаған немесе жойылмаған соттылықтары ескеріледі" [10].

Қорыта келгенде, қылмыстық құқық бұзушылықтардың көптігінде себепті байланыс міндетті түрде іс-әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасында анықталуға жатады. Қылмыстық құқық бұзушылықтардың бірнеше рет жасалуы мен қылмыстық құқық бұзушылықтар жиынтығында екі және одан да көп себепті байланыс, яғни күрделі (көптік) себепті байланыс орын алса, қылмыстардың қайталануында жеке (бір) себепті байланыс болады. Көптік және жеке себепті байланыстарды дұрыс анықтау сөз жоқ қылмыстық жауаптылықтың дұрыс шешілуіне бірден-бір негіз болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ағыбаев А.Н. Қылмыстық құқық. Жалпы бөлім: оқу құралы /А.Н.Ағыбаев. —Алматы: Қазақ университеті, 2016. — 276 б.
2. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (жалпы бөлім). Оқулық. Алматы: ҚР Құқықтық сараптама және халықаралық ғылыми зерттеулер орталығы, 2009. - 456 б.
3. Наумов А.В. Российское уголовное право. Общая часть. Курс лекций. - М.: Издательство БЕК, 1996. - 560 с.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ //adilet.zan.kz, 2017
5. Уголовное право России. Общая часть: Учебник /Отв.ред. д.ю.н. Б.В. Здравомыслов. - М.: Юристъ, 1996. - 512 с.
6. Ағыбаев А.Н. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне түсіндірме. Жалпы және Ерекше бөліктер. - Алматы : Жеті жарғы, 2015 - 768 бет.
7. Уголовное право Республики Казахстан. Общая часть. - Алматы: Жеті жарғы, 1998 - 288 с.
8. Соттардың қылмыстардың қайталануы туралы заңдарды қолдану туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттының 2007 жылғы 25 желтоқсандағы №8 Нормативтік қаулысы /adilet.zan.kz
9. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. /Под ред. И.И.Рогова, С.М.Рахметова. - Алматы: Баспа, 1999. - 808 с.
10. Қылмыстық жазатағайындаудың кейбір мәселелері /Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттының 2015 жылғы 25 маусымдағы №4 нормативтік қаулысы /adilet.zan.kz

Қуаналиева Г.А.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, "Кеден, қаржы және экологиялық құқық" кафедрасының профессоры
м.а., e-mail: kuanalieva.guldanakz@mail.ru

Рахимова Г.Н.

Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық институты
"Мемлекеттік және азаматтық-құқықтық пәндер" кафедрасының аға оқытушысы,
құқық магистрі, e-mail: gakku_almatycity@mail

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ СЕБЕПТІ БАЙЛАНЫСТЫ АНЫҚТАУДАҒЫ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН КӨЗҚАРАСТАР

***Резюме:** В статье рассматриваются выводы для определения причинной связи в уголовном праве. На основе анализа юридической литературы и различных взглядов ученых на данную проблему, авторы излагают свою точку зрения для правильного определения причинной связи в уголовном праве.*

***Түйін:** Мақалада қылмыстық құқықтағы себепті байланысты анықтаудағы тұжырымдар мен көзқарастар зерделенген. Осы мәселеге байланысты заң әдебиеттерінде орын алған әртүрлі пікірлер мен көзқарастар бір арнаға келтіріліп, авторлардың өз тұжырымдары келтіріледі.*

***Summary:** The article examines the conclusions and views on the cause of criminal law. In this regard, various opinions and views are summarized in the legal literature, and the authors' own conclusions are cited.*

Қылмыстық құқық теориясында себепті байланысты анықтауға тырысқан әртүрлі көзқарастар қалыптасты. Солардың бірі - әрекеттің тікелей нәтижесінен зардаптың туындауы. Бұл көзқарас бойынша адамның әрекеті мен одан туындайтын қоғамға қауіпті салдардың арасындағы себепті байланыс, пайда болған зардап сол әрекеттің тікелей нәтижесі болғанда орын алады. "Тікелей себеп" жақтаушылары В.Д.Меньшагин, З.А.Вышинская тікелей нәтиже арқылы себепті байланысты анықтауға тырысты. Олар мынандай мысал келтіреді: "Азаматша И., жаңа туған сәбиімен моншадан келе жатып, үйіне кіре берісте аяғы тайғанап, жығылып баласымен бірге құлайды. Баланың басы жарға соғылып, келтірілген зардаптан ертеңіне қайтыс болады. Бұл мысалды И-ң құлауы мен бала өлімінің арасында себепті байланыс бар, өйткені баланың өлімі И-ң құлап қалуының тікелей нәтижесінен болып отыр" [1, 102 б].

Тікелей себеп көзқарасына сай адамның әрекеті қоғамға қауіпті зардаптың "тікелей", "тура" себебі болғанда ғана себепті байланысты анықтауға болады. Бірақ адамның жасайтын әрекеті барлық кезде тура болып табылады ма деген сұрақ өздігінен туындайды. Әрине, жоқ. Барлық жағдайда адамның әрекеті зардаптың пайда болуының тікелей себебі болып табылмайды. Мәселен, кінәлі қылмыстық құқық бұзушылықты өзі жасамай, қылмыстық жауаптылықтан қашу мақсатында кісі өлтіруді есі дұрыс емес адамның мойнына жүктейді. Сонда кінәлі мен жәбірленушінің өлімі арасында тікелей себеп болмағандықтан, кінәлі ешқандай жауаптылыққа тартылмайтын болып шығады.

Көп жағдайда әрекет пен қоғамға қауіпті салдардың арасына әртүрлі мән-жағдайлар араласып себептілікке өзгеше сипат береді. Осы жағдайларды кінәлі саналы түрде есептеп, қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесіне жету үшін қолдануы мүмкін. Кейбір уақытта кінәлі бұл мән-жайларды көрмейді, бірақ көріп, оларды қолдану мүмкіндігі болады; немесе кінәлі аталған мән-жайларды көруге мүлдем мүмкіндігі болмайды. Осы жағдайлардың барлығында құқық қорғау органдары себепті байланысты қарастыру қажет. Бұл арада себепті байланыстың тікелей сипаты жоқ деп заңсыз шешім қабылдауға болмайды.

Біздің ойымызша себепті байланысты дәлелдеуге тырысқан "тікелей себептің" мынандай кемшіліктері бар:

1) адамның әрекеті қоғамға қауіпті зардаптың "тікелей себебі" болғанда ғана себепті байланысты анықтауға болады деген көзқарас қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығын негіздей алмайды. Мәселен, бұл көзқарас бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасауға тікелей қатыса алмайтын айдап салушы немесе көмектесушінің әрекеті туындаған нәтиженің тікелей себебі бола алмайды. Өйткені, олардың қылмысқа қатысуы орындаушының әрекеті арқылы қылмысқа байланысты болып табылады;

2) тікелей себепті байланыс басқа біреу арқылы қоғамға қауіпті зардап тигізгенде қылмыстық жауаптылықты негіздей алмайды. Мысалы, кінәлі өзінің қылмыстық ниетін жүзеге асыру мақсатымен, ол үшін есі дұрыс емес адамды, қылмыстық жауаптылық жасына жетпеген адамды немесе алдап-арбау арқылы қылмысқа жазықсыз адамды пайдалануы мүмкін. Міне осы жағдайда

кінәліні аталған көзқарас бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды. Өйткені әрекет пен зардап арасында тікелей себеп жоқ. Әрине, бұндай қате көзқарас біріншіден қылмыстық құқықтың қағидаларына қайшы келсе, екіншіден жазықсыз адамдардың заңсыз қылмыстық жауаптылыққа тартылып, қылмыскерлердің жауапсыз қалуына бірден-бір негіз болып табылады;

3) кейде адам жалғыз өзі, яғни ешкімнің көмегінсіз қылмыстық құқық бұзушылық жасағанның өзінде, адамның әрекеті мен одан туындаған қоғамға қауіпті зардаптың арасында тікелей себепті байланыс орын алмайды. Өйткені, бастапқы әрекет пен соңғы қоғамға қауіпті зардаптың арасына себептілік бағытын өзгертетін басқа мән-жайлар араласуы мүмкін. Осы жағдайларды кінәлі қылмыс нәтижесіне жету үшін пайдаланады. Ал аталған көзқарас бойынша тікелей себептің орын алмауы салдарынан кінәліні қылмыстық жауаптылықтан босатуға тура келеді. Бұл қорытынды сөз жоқ қылмыстық құқықтағы жалпы жауаптылық қағидасына қайшы келеді.

Қылмыстық құқықтағы әрекет пен қоғамға қауіпті зардап арасындағы себепті байланысты анықтау үшін А.Н.Трайнин әртүрлі "зиян тигізу дәрежесін" есепке алу теориясын ұсынады.

Оның ойынша "қылмыс құрамының кез келген элементі әртүрлі дәрежеге ие бола алады. Мәселен, кінә қасақана немесе абайсыз болса, қасақаналықтың өзі, алдын ала ойластырылған немесе аяқ астынан пайда болуы мүмкін. Сонымен қатар, қылмыскермен келтірілген зиян көп немесе аз болып бөлінеді. Тіпті, құрам белгілерінің бірі "қызмет жөніндегі заңсыз әрекеттің де" әртүрлі дәрежесі бар. Оған байланысты "құрам элементтерінің жоққа сай азаюы, кез келген құрамды қылмыстық құқық мағынасынан айырады" [2, 117 б]. Бұл көзқарас қарсылық туғызады. Қылмыс құрамының белгілері әр уақытта дәрежеге жол береді деген тұжырыммен келісуге болмайды [3, 78 б]. М.Д. Шаргородскийдің ойынша, зиян тигізудің "дәрежесі", "градациясы" деген ұғымдар, ол сандық ұғымдар, сондықтан оларды шартты және анықталмаған деуге болады.

Біздің ойымызша М.Д.Шаргородскийдің келтірген мысалы бұл арада жарамды деуге болады. "Кінәлі А., көшеде Б-ға оқ атып, оған тимей қалады. Бірақ Б., атылған оқтан қорқып көпірге секіріп, ол жерде көпір бойымен келе жатқан автобустың астына түсіп өледі. Атқан адамның әрекетін кісі өлтіруге оқталу деп саралап, бұл мысалда зиян тигізудің дәрежесі аз болды деп түсіндіруге болмайды" [3, 44 б]. Көп салдары бар аз себеп болмайды. Немесе бұл мысалға керісінше қарайтын болсақ, кінәлі А., көшеде Б-ға оқ атып оны өлтіреді. Бұл жерде сандық белгінің жоқтығынан, дәрежеге де жол берілмейді. Мысалдағы Б-ң өлімі көп немесе аз дәрежеде болды деп айта аламыз ба? Әрине жоқ. Я болмаса кісі өлтіру қасақана немесе абайсызда жасалуы мүмкін, бірақ қасақаналықтың өзі дәрежеге ие болмайды, ол көп немесе аз бола алмайды. Тікелей (эвентуалдық) қасақаналық немесе алдын ала ойластырылған, я болмаса, аяқ астынан пайда болған қасақаналық әртүрлі сандық дәрежелерімен емес, өзінің әртүрлі сипатымен және сапасымен ажыратылады. Тіпті жоғарда көрсетілген "қызмет жөніндегі әрекет" заңды немесе заңсыз болуы мүмкін, бірақ ол көп немесе аз дәрежеде заңсыз бола алмайды. Дегенімен, заңсыз әрекет маңызды немесе маңызды шамалы міндеттерді бұзып, ауырлығы жағынан әртүрлі қоғамға қауіпті салдар тигізуі мүмкін.

Әртүрлі "зиян тигізу дәрежесін" есепке алу теориясының біздің ойымызша мынандай олқылықтары бар:

1) қоғамға қауіпті зиян тигізу өздігінен дәрежеленбейді. Көп немесе аз дәрежеде зиян тигізілмейді. Демек, А.Н.Трайниннің әртүрлі "зиян тигізу дәрежесі" деген терминологиясы нақтыланбаған. Нәтиже әр уақытта өз себебіне тең болады, өйткені нәтиже себептің көрнісі;

2) адамның әрекеті қоғамға қауіпті салдардың қажетті шарты болғанымен, салдардың пайда болуы үшін маңызы шамалы қызмет атқарса, бұл әрекетті қылмыстық құқық қарастырмайды дей келіп А.Н. Трайнин қылмыстық құқық үшін маңызы бар қоғамға қауіпті салдарға жәрдемдесетін дәреженің қандай екенін көрсете алмайды. Оны шешу үшін қандай белгілер қажеттігін анықтамайды. Осы маңызды сұрақтар өзінің логикалық қорытындысын таппағандықтан А.Н.Трайниннің себепті байланыс туралы теориясы қолдау таба алмады.

Келесі көзқарастың бірі, мүмкіндік теориясы негізінде құқықтағы себепті байланыс мәселесін шешу. Бұл көзқарасты О.С.Иоффе өз еңбегінде оған жеке, мән беріп қарастырады [4, 228 б]. О.С.Иоффе "қажетті себепті байланысты" әділ сынға алып, зиян тигізудің әртүрлі дәрежелерін ажырату қажеттілігін айтады. Себепті мән-жайларды, олардың зиян тигізу әрекетіне байланысты ажырату: "мүмкіндік" және "ақиқаттылық" санаттары негізінде мүмкін дейді О.С.Иоффе. "Өйткені заңсыз әрекетпен жасалған нәтиженің пайда болу мүмкіндігі көп немесе аз болады, ал зиян тигізу дәрежесі өзінің ең жоғарғы шегіне заңсыз әрекет, нәтиженің мүмкіндігін ақиқатқа айналдырғанда жетеді" деп санайды [4, 230 б]. О.С.Иоффенің айтуынша, адамның заңсыз жүріс – тұрысы, нәтиженің пайда болу мүмкіндігін ақиқатқа айналдырып жағдай жасаған жерде міндетті түрде себепті байланыс болады.

Жоғарда көрсетілгенді талдай келіп, О.С.Иоффе, мынандай қорытынды жасайды: біріншіден, пайда болған салдарға жеке ерекшелікпен әсер еткен мән-жайлар нәтиженің мүмкіндігін ақиқатқа айналдырады, екіншіден, объективті қайталанатын жағдайлар нәтиженің пайда болуы үшін нақтылы мүмкіндікті туғызады [4, 233 б].

"Мүмкіндік" санаты негізінде себепті байланысты анықтаудың мынандай кемшіліктері бар.

1) О.С.Иоффе өз көзқарасын, адекватты теориядан ажыратуға тырысқанымен, сол теорияның аясынан шыға алмаған тәрізді. Өйткені жоғарда атап кеткеніміздей, адекватты теорияның өкілдері де адамның жүріс-тұрысы және одан пайда болған қоғамға қауіпті салдардың арасындағы байланыстың типтік немесе типтік емес сипатын бекітуде байланыстың қайталануы туралы мәселені қоятын;

2) қылмыстық жауаптылықты бекіткен кезде О.С.Иоффе себепті шартқа қарама-қарсы қояды. Ол дұрыс емес, өйткені себепті шартқа қарама-қарсы қою қылмыстық жауаптылықты негізсіз шектеуге алып келеді;

3) кез келген құбылыстың себебін, нәтижеден ажыратып қарастыруға болмайды. Сондықтан да себепті байланыс бар ма, жоқ па оны мүмкіндік санатының көмегімен шешуге болмайды. Ол "ақиқат" пен "мүмкіндік" ұғымдарының теңесіп кетуіне түрткі болады. Екі құбылыстың арасындағы себепті байланыс, ол ақиқатты байланыс, сондықтан оны мүмкіндік байланысымен алмастыруға болмайды.

Германия, АҚШ сияқты шетелдердің қылмыстық құқындағы себепті байланыстың жетекші теориясы мынандай тестпен көрнекіленеді: тек егер "X" "Y"-тің алдында болса және "X"-сіз "Y" болмайтын болса "X" "Y"-тің нәтижесі болады. Әдетте, *sine qua non* ("егер олай болмаса...") ережесі деп аталатын бұл тест мынандай сұрақ туындатады: "X"-тің әрекеті болмаса, не болар еді? Онда "Y" нәтиже туар ме еді? Егер біз "X"-тің әрекеті "Y" нәтижесінің себебі болған – болмағанын тексеретін болсақ, біз "Y" нәтижесіне "X" факторынсыз болатын уақиғаларды елестетіп көруіміз керек. Егер біз "Y" нәтижесі "X" факторынсыз туындамас еді деп сеніммен айта алатын болсақ, онда "X" "Y"-тің себебі болып табылады деген қорытынды жасай аламыз.

I. Қылмыстық құқықта себепті байланысты анықтауға қатысты, балама себептердің жеткіліктігі туралы көзқарас болды. Жоғарыда айтқанымыздың бәріне қарамастан "егер олай болмаса..." ережесінің елеулі үш кемшілігі бар. Оның біріншісі егер "Y" нәтижесі "X"-тің әрекетінсіз-ақ туындаса, онда "X" "Y"-тің себебі болмайды деген максиманың өзіне қатысты. Деликтік құқық жөніндегі оқулықтарда мынандай мысал келтіріледі. Әрекет жасаушы адамдар – П., Д., және К., делік. Д., П.-ны өлтіргісі келеді де П., шөл далаға саяхатқа аттанғысы келген күннің қарсаңында П-ң бөлмесіне кіріп, оның торсығындағы суды дәмі де, иісі де жоқ бір ерітіндімен алмастырады. К-ның да П-ны өлтіргісі келеді де, сол күні кешке, бірақ Д-дан кейін П-ның бөлмесіне кіріп торсықтың түбін болмашы ғана теседі. Келесі күні таңертең П., торсықтың тесігін байқамай, жолға шығады. Әрине, торсықтағы сұйық сыздықтап ағып кетеді де, П., айдалада шөлден өледі. Ендігі сұрақ: оның өліміне кім кінәлі? К., торсықты тесіп қоймасам П., уланып өлер еді дей алады, Д., К-ң әрекеті, менен кейін жасалғандықтан, суды улы ерітіндімен алмастыру әрекетінің іске қатысы жоқ дей алады. Сөйтіп бұл мысал себепті байланысқа баға беруде "тоғысу мән-жайы" құндылығының шектеулілігін көрсетеді. Жеткілікті баламалы шарттар болған мұндай жағдайда сұрақ: "егер олай болмаса, не болар еді" деген пошымда емес, "іс жүзінде не болды" деген пошымда қойылуға тиіс. Айтылған уақиғада себепті байланыс бар деп тануға бола ма? Үшеуінің әрекеттері қауіп көзін жасауда жымдаспайды, қайта бірін-бірі алмастырады. К., бос торсық аужайын жасайды, бұл қауіптілік дәрежесі жағынан алғанда, улы сұйықпен толтырылған торсық ахуалындағыдан жоғары бола қояр ма екен. Сонда да П., торсықта судың болмауынан өледі және бұл салдар К-ның әрекетінен болған. П., өлімінің себебі Д-ның әрекеттері болды ма деген сұраққа жауап айқын емес. Сондықтан тек егер "тоғысу мән-жайы" амалын пайдаланып, егер К., килікпесе П., уланған суды ішер еді деген көзқарас тұрғысынан ой елегінен өткізсек қана, Д., "себепті жауапкершілікке" кандидат болып шығады. Тәуелсіз және жеткілікті себептер бар болған мұндай ахуалдарда тоғысу мән-жайына қатысы бар сұрақтарды қоймау едәуір жөн секілді. Себепті байланысқа ғылыми қисын көзқарастарын талдап жатудың орнына: қарапайым адам, баяндалған оқиғадағы себепті байланыстың әрекет етуші күшін түсіне ала ма деген сұраққа неғұрлым қарапайым жауапты басшылыққа алу керек.

II. Тікелей себеп. "Егер олай болмаса..." ережесіне екінші дау мынадай. Бұл ереже себептік мән – жайларды қоздатып жіберетіні сонша, жауапкершілік шегінде толып жатқан ықпалдарды шектеу үшін қандай да бір қосымша шарт керек болды.

Осы заманғы құқықтық ойда жауапкершілік институтын себептік байланыс деңгейінде шектеу үрдісі бар. "Егер олай болмаса..." ережесі аясында себепті байланысты танудың шексіздігін ауыздықтау үшін жалпы құқық елдерінің заңгерлері "тікелей себеп" ұғымын енгізді. Әдетте себепті

байланысты талдаудың екі сатысы бар деп есептеледі: әуелі зерттеліп отырған мән-жай "егер олай болмаса..." ережесін қанағаттандыра ма деген мәселе анықталады. Одан кейін ол тікелей себеп талабын қанағаттандыра ма деген мәселе анықталады.

Кейбір заңгерлер "тікелей себеп" тұжырымдамасын түсіндіру үшін метафора түрінде "жылға" деген сөзді пайдаланады. Оның құрғап қалуының мүмкін екендігі екі түрлі түсіндіріледі. Су құмға сіңіп кетуі мүмкін немесе оны неғұрлым күшті ағын алып кетуі мүмкін. Себептілік жайы да дәл солай. Себепті байланыстың қуаты әлсіреп, оны басқа күштер дәрменсіз етуі мүмкін. Жылағаның неғұрлым күшті ағынға ілесіп кететіні сияқты, себепті байланыс кейде жаңа себеппен тұншықтырылады. Қандай да бір мән-жай артқы орынға ығысқан кезде, ол қылмыстық жауапкершілік жүктейтін себеп болудан қалып, табиғи түрде туындайтын нәтижеге айналады.

Екінші дәрежелі нәтиже мен бірінші дәрежелі себеп ұғымдары арасындағы айырмашылық бар. Мысалы: Д., өзінің көлігімен Г-ны басып кетті делік. Г., ауруханада емделіп жатқанда қылмыстық ортадағы оның дұшпаны М., келіп Г-ны арқанның көмегімен буындырып өлтірді. Бұл жағдайда Г-ң өліміне жазықты Д., емес, М., болып табылады. Д., көлігін абайламай жүргізіп, Г-ны қағып кеткені М-ның өз құрбандығын оның үйінде емес, ауруханада тапқандығын ғана түсіндіреді. Басқаша айтқанда, М-ң әрекеті – бірінші дәрежелі себеп, ал Д-ң қағып кетуі екінші орынға ығысады. Г-ң өлімі үшін Д., жауапты болуға тиіс емес деуге барлық негіз бар. Д-ң үлесі әу бастан-ақ әлсіздеу және М-ң қасақана қылмыстық әрекеттері одан үстем.

Айта кету керек, екінші кезектегі қасақана себептік әрекеттер (яғни ахуалда қосымша туындайтын әрекеттер) қылмыстық істермен салыстырғанда, азаматтық талаптарда себептік әрекеттер деп жиірек танылады. Деликттік құқық негізінен әбестікпен жасалған зиян үшін жауапкершілік мәселелерін реттейді. Ал қылмыстық құқық бірінші кезекте басқа адамдардың мүддесін қасақана бұзғаны үшін қылмыстық жауаптылықты анықтайды. Мұның өзі қылмыстық істерді талдаудың бас кезінде-ақ біз ықтимал қылмыскердің жеке үлесінің неғұрлым күшті энергетикасына тап боламыз деген сөз. Мұндай үлес қаншалықты күштірек болса, оның кейінірек, екінші кезекте туындайтын себепті байланыстардан артып түсу ықтималдығы соншалықты жоғары болады.

Тікелей себепті дәл анықтауға байланысты қиындықтар мынаған әкеліп соқтырды: кейбір теоретиктер тікелей себеп дегеніміз, жай ғана баға беретін пікір және саясат мәселесі деп пайымдай бастады. Бұл уәж деликттік құқық саласына көбірек қатысты. Өйткені ол жауапкершілік туындайтыны туралы адамға бұрын жасалған ескертуді басшылыққа алады. Егер кісі өлтіру туралы істерде тікелей себепті анықтау жай ғана баға беретін пікір мәселесі болса, біз онда қағидалы сипаты бар елеулі проблемаларға тап болар едік. Әділ сот пен заңдылықтың елеулі мәселелері пенденің өз әрекеттерінің әлі алыстағы салдары үшін жауапкершілігін талдау кезінде орынды туындайтыны мүлдем айқын.

III. Әрекетсіздік кезіндегі себептілік. "Егер олай болмаса..." ережесін қолдануда дәйекті болсақ, әрекет немесе әрекетсіздік жолымен жасалатын актілердегі себепті байланыс жөнінде елеулі айырмашылық болмайды. Гәп мынада: мысалы, өзін-өзі өлтіруге жол бермеу жөніндегі әрекетсіздік те – құрбандықты буындырып өлтіру секілді өлімнің себебі. Көмекке мұқтаж адамға дәрігердің көмек көрсетпеуі (әрекетсіздігі), ауру адамның күре тамырына ауа кіргізу жолымен өлімге себепкер болу секілді, ажал әкеледі. Бұдан қылмыстың себептері шексіз болуы мүмкін екені көрінеді. А., шабуыл жасардан бір күн бұрын Б-ны ешкім өлтірген жоқ деген мән-жай, А., деген адамның Б., деген адамды шынында да өлтіргені секілді өлім себебі болып табылады. Бұл "егер олай болмаса..." ережесін пайдаланатын себептілік теориясына қарсы үшінші негізгі дау.

Бұл даудан құтылудың амалдарының бірі – әрекетсіздік кезіндегі себепті байланысты теріске шығару. Философия тарихында кейбір негіздері бар бұл көзқарас зиян тигізуге бастайтын жағдайларда себепкер әрекет жасаушы күш болуы керектігі туралы танымал идеяға сүйенеді.

Оған сәйкес әрекетсіздікте күш жоқ, бұл бейнелеп айтсақ ештеңе емес. Жоғарыда ұсынылған терминологияны пайдаланып, әрекетсіздікте "себептік энергетика" көрінбейді деуге болады. Осы мысалдан біз әрекетсіздік кезінде әрқашанда себепті байланыс бар дегенді білдіретін әсіре ғылыми "егер олай болмаса..." формуласы мен әрекет ететін себептік күштерге біздің көзқарасымызды қостайтын қатардағы байқаушы көзқарасы арасындағы анық кереғарлықты байқаймыз.

Әрекетсіздікте себепті байланыс бар ма деген пікірсайыс бізді барынша сақ ажырата білу қажеттігіне итермелейді. Бір мағынада алғанда әрекетсіздік кезінде себеп жоқ, екіншісінде ол бар. Біріншіден, біреудің өлуіне мүмкіндік бергенде кісі өлтіру кезіндегідей қатаң мағынасындағы себепті байланыс неліктен жоқ екенін түсіндіруге болады. Біреудің өлуіне мүмкіндік беру дегеніміз, әрекет жасамау, адамды құтқару үшін күш-жігер жұмсамау. Басқалардың бостандығын сыйлағандықтан

солай етуге болады және олардың өмірін құтқарамын деп әуреленбеуге болады. Осыған кереғар, басқаның өмірін қию адамның ең маңызды құқығына тікелей қастандық болып табылады. Кісі өлтірудің басқа адамның бостандығы мен тәуелсіздігін сыйлауға үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл көзқарас өмірден өз еркімен кетуге (эвтаназия) көмек көрсету проблемасына байланысты таяуда сынға ұшырады. Бірақ осынау өзіндік бір проблеманы назарға алмасақ, біреудің өліміне мүмкіндік беру тұрғысында алынған әрекетсіздік пен кісі өлтіру өз негізі жағынан өзгешеленетіндігі ешқандай күмән туғызбайды. Егер кісі өлтірген адам және біреудің өлуіне мүмкіндік берген адам өлімге бірдей себепші деп есептейтін болсақ, мұнда айырма неде екенін түсіндіруіміз қиын болады. Өйткені өлімге себепшінің бәріне бірдей қатынас жасауымыз керек қой. Бірақ біз біреудің өлуіне жай ғана жол берген адамды, егер оған көмек көрсетудің ерекше міндеті жүктелген болмаса, жауапкершілікке тартпаймыз. Заң "егер олай болмаса..." ережесіне ажал турасында көзсіз жүгіне бермейтіндігі осыдан-ақ айқын. Өйткені, заң одан таймаса, онда өлген адамның өмірін құтқарып қала алатын, бірақ оны істемеген адамның бәрі заң бойынша тиісті салдары бар себептің бір бөлігіне айналар еді.

Бірақ, заңға сәйкес әрекетсіздік себеп деп мүлдем есептелмесе, онда біз құқық қолдану тәжірибесінде қызмет бабы бойынша көмек көрсетуге тиіс, бірақ біреудің өлуіне саналы түрде мүмкіндік жасаған адамдарды жауапкершілікке тарту проблемасына тап болар едік.

Себепті байланысты әдеттегідей түсіну қылмыстық құқықта пайдаланатын көптеген терминдердің басқа кейбіреулері сияқты себепті байланыс – айналадағы дүниені түсінуге тырысқан біздің күн сайынғы күш-жігерімізді тұрақты пайдаланатын тұжырымдама. Егер біз қылмыстық құқық жүйесін әдеттегі қарапайым тұжырымдамалардың негізінде құрғымыз келсе, онда бұл тұжырымдамалар күнделікті өмірде қалай әрекет жасайтынын мұқият қадағалауға тиіспіз.

Себепті байланыстарды іздестірудегі маңызды сәт сол, біз әдетте істің қалыпты жағдайының себептерін іздемейміз. Біз өмірдің себептері туралы емес, өлімнің себептері туралы сөз етеміз. Неге бұлай? Күтпеген немесе кенет болған ажал біздің мұның қалай және неліктен болғаны туралы ойлануға итермелейді. Ал сау адам біздің бойымызда айналадағы дүниені түсіндіру ниетін туғызбайды. Мысалы 11.09.2001 жылы бүкіл әлемді дүр-сілкіндірген АҚШ-ғы оқиғада террористердің шапқыншылығынан халықаралық сауда орталығының ғимараты қас қағым сәттің ішінде жермен жексен болды. Айталық осы орталықтың 19 қабатында отырған қызметкер сау қалғанын естісек, бәрі өзгеріп шыға келеді. Онда біз өзімізге мынадай сұрақ қоямыз: ол қалай тірі қалды? Оның тірі қалғаны неліктен? Осы сұрақтарда "себеп" деген сөзді пайдалануымыз қиын екеніне назар аударыңыз. Нақ өмір мен өлім арасындағы айырмашылық себепті іздестіру әрқашан орынды бола бермейтінін көрсетеді. Егер біреу-міреу сізден әлі күнге дейін неге тірісіз, немесе адамдар неге ауамен дем алады деген орынсыз сұрақ қоя қалса, біз оның себептері туралы жауап беруге қиналамыз.

Себепті байланысты анықтау үшін қажетті уақиғалардың толық тізбесін келтіру аса қиын. Бірақ, қылмыстық құқық айналысатын айқын бір санат бар. Бұл кездейсоқ және көпе-көрнеу емес уақиғалар, сондай-ақ сәтсіз әрекеттер. Біз, тегінде, кеңсе ішінде адамды киіммен жүруге не мәжбүр етеді деген сұрақты әуейі сұрақ деп санаймыз. Бірақ біз, басшысы хатшысына жыныстық қаскүнемдік жасағысы келгенде ол неліктен шешінді, біреу-міреу өзінің келісім шартын неге бұзды, әйелдің өз баласын өлтіруіне итермелеген не деген сұрақтарды ешқашан әуейі деп есептемейміз. Кез келген ажал, күтпеген жерден мүлікті құрту, денсаулыққа зиян тигізу – осының бәрі себепті байланысты іздестіру салалары.

Егер біз себеп туралы сұрақ қоюды талап еткен әрекеттердің нәтижесін көре алсақ, бұл ерекше нәтижелер тобы болып шығады, сондықтан біз олардың себептері де ерекше екенін және әдеттегі үйреншікті нәрселерден ерекшеленетініне таң қалмауға тиіспіз. Егер эквиваленттік теориясын басшылыққа алсақ, онда әрбір себеп "егер олай болмаса..." ережесіне сай келуге тиіс және туындаған нәтиженің міндетті шарты болуға тиіс. Оған сәйкес мұхиттағы су - кеме апатқа ұшырағанда теңізшінің батып кетуінің себебі.

Себепті байланысты түсінуде уақиғаға немесе әрекетке баға беру өлшемін айқындап алу маңызды. Ол өлшемді түпқазық деп білу керек. Әдеттегі тұрғын үйлер мен пәтерлерде өрттен қорғау жүйелері онша үйреншікті нәрсе емес. Сондықтан үйде өрт болып, балалар өлсе, өрт хабарын жеткізетін аспап болмаған еді деп түсіндіре қоймаспыз. Осы қасіретті уақиғаны жақын маңда өрттен күзету қызметі жоқ еді деп түсіндіруіміз мүмкін. Бірақ қаланың әрбір екінші үйінде ондай аспап болса, балалар өлімінің себепін олардың үйінде сондай аспаптың болмауымен түсіндіре аламыз. Егер ол болса, бұл оларды құтқаруы мүмкін еді. Өлшемдердің шарттылығын басшылыққа ала отырып, себеп болмаған нәрсені қажетті шарт деп қарауға болмайды деуге болады. Бұл тұрғыда біз, мысалы, бір адамның білім деңгейі мен оның табысқа жетудегі маңызы туралы осы аяда тіл безей аламыз.

Біздің заманымыздың өзгешелігі, бұрын білімділік табысқа жетудің жеткілікті, бірақ ең міндетті шарты болмауы мүмкін еді. Шарттылықтың мұндай дәрежесі қылмыстық жауаптылық теориясында негіздердің біріне айналады.

Шетелдің қылмыстық құқында жәбірленушінің рөлі және себепті байланыстың ара-қатынасы өзгеше. Шын болмыста қылмыстық жауаптылық мәселелерін шешкен кезде себепті байланыс туралы әдеткі түсінігімізді пайдаламайтынымыз анық. Себептер туралы біздің түсініктеріміз және оларды талдау қылмыстық құқықтың этикалық табиғатына негізделеді. Бұл, атап айтқанда, жәбірленушінің қылмыс жасау үшін жағдай туғызуға қатысуынан көрінеді.

Деликттік және қылмыстық құқық арасындағы түбегейлі айырмашылықтың өзі жәбірленушінің рөлі туралы мәселеде. Қимыл-әрекеттің жасалуына түрткі болған жәбірленуші жақтың рөлі деликттік жауапкершілік құрылымында маңызды мәнге ие болады. Мысалы, кінәлі, иттің бас салуын тойтару үшін таяғын селтеген кезде, ит иесінің көзіне тиіп кетті делік. Енжар жәбірленушіге (ит иесіне) шабуыл актісі жасалды деп есептеп, жағдайды түсінуге тырысып көрелік. Жәбірленушіге кінәлі өтем төлеуге тиісті. Бірақ біз ахуалға басқа тұрғыдан да келіп, екі жақтың әрекеттеріне орын алған нәтиженің алдын алуға олар қабілетсіз болды деп қарай аламыз. ХІХ ғасырдың ортасынан бастап денсаулыққа әбестікпен зиян тигізу құрбандығына американдық деликттік құқығында қосар жауапты адам деген көзқарас қалыптасты. Оның міндеті зиянды барынша азайту болатын. Таяқ көзге тиіп кетсе, көз иесі де, таяқ иесі де себеппен қатысушылар деп қарастырыла алады. Жәбірленушінің рөліне ағаттықтан (negligence) және күтілген тәуекелден болған зиян тигізу ережесі бойынша баға беріледі.

Деликттік құқық бүгінде тым етек жайып кеткені сонша, зиян тигізуде кінәлі мен жәбірленушінің рөлін сан жағынан есептеуді ұсынады. Қазіргі кезде континенттік Еуропа елдерінде де, жалпы құқық елдерінде де қолданылып жүрген салыстырмалы ағаттық (negligence) зиян тигізуге қосылған жәбірленушінің үлесі “түгелімен немесе ештеңе” қағидасы бойынша бағаланбайды. Ол кінәлі төлеуге тиісті ақшалай өтемнің мөлшерінен алып тасталатын пайызбен белгіленуі мүмкін. Егер жауапкер ағаттықпен тигізген зиян сол үшін жауапкершіліктің 60%-ы болмаса, ол өтем сомасының 60%-ы мөлшерінде ғана төленеді.

Деликттік құқық саласындағы осы қағидалардың негізінде біз қылмыстық заң өрісіндегі көзқарастарда болған өзгерістерге баға беруге тырысып көре аламыз. Қылмыстық әділ сот құрғанда басшылыққа алынатын қағида мүлдем қарапайым: жәбірленушінің арандатушы қылығы жауапкершілікпен тіпті де шендестірілмейді. Мәселен, қараңғы көшемен келе жатқан В-ны кінәлі М., бұзақылық ниетпен өлтіріп, одан кейін істі тергеу барысында кінәлі М., "қараңғы көшемен жүрген жәбірленушінің өзі кінәлі" деген мәлімдемеммен тіпті де қорғана алмас.

Қылмыстық әрекеттің алдында жәбірленуші жасаған қимыл оның кінәсі бола алмайды деген ой қылмыстық құқықтың арқауы. Қылмыстық құқық жәбірленушіні оның өзінің бейқамдығынан қорғайды. Оған айналадағы дүниеде өзі үйінде жабық есік жағдайында пайдаланатын бостандық дәрежесінде өмір сүру мүмкіндігі беріледі. Оған қалаған кезінде бақта сейілдеу, кез келген уақытта көшеде жүру, көзге түсетін киім кию осы арқылы зорлап кетуге арандатармын деп ойламау рұқсаты беріледі. Құқықтарға ие азат адам болу дегеніміз осы және мұны қылмыстық зорлауға ұшырау қатері бар кездің өзінде де шектемей, қылмыстық құқық осы бостандықты қорғайды. Кінә, қылмысқа жетектеген уақиғаларда жәбірленушінің рөлі қандай болғанына қарамастан, ұрыға, зорлаушыға, кісі өлтірушіге жүктеледі. Криминологияда, қылмыстық құқықта өшпенді қылық қалай пайда болатыны туралы анық ұғым бар. Қылмыскер өзінің өшпенді әрекеттерін жәбірленушіге бағыттайды. Алайда, деликттік құқық басқа бағытты ұстанады. Зиян келтіруші және жәбірленуші зиян тигізуде өзара байланысты. Екі бағыттың қайсысы неғұрлым жөн екенін тап басып айту қиын. Бұл бірдей жағдайларға баға берудегі әртүрлі екі көзқарас.

Себепті байланыстағы адам қылығының рөлі мен адамның қатысуынсыз өтетін табиғи уақиғалардың себептері арасындағы айырмашылықты ұмытпау маңызды. Мұндай уақиғалар тиісті оқиғаларды шешу әдістері бойынша да, олардың негізінде жатқан адамшылық пиғылдар бойынша да бір-біріне кереғар тұратынын маңызды деп білу керек. Кейбір ғалымдар "егер олай болмаса..." ережесін қолдайды. Енді біреулері себептер әрекет жасаушы энергетикасының иесі, яки себепті байланыс ұғымы біз күнделікті өмірде себептерді талқылайтын қалыпты тілдің шеңберімен шектелуге тиіс деп санайды. Әдістемелік даулардың шырқау шыңында құқықтың әртүрлі салаларымен реттелетін қатынастарда қатысушылардың арасында рөл бөлуге қатысы бар қарама-қайшылықты этикалық нормалар туралы біздің түсініктеріміз тұр. Қылмыстық құқық саласында біз, бері салғанда, қылмыс жәбірленушілері өз азабының себебі емес деген көзқарасты жақтаушылар болып қала береміз.

Теорияда қалыптасқан себепті байланыс туралы әртүрлі тұжырымдар мен көзқарастарды зерттеу, Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығындағы себепті байланысты дұрыс анықтауға мүмкіндік береді. Себепті байланыс туралы әртүрлі теориялар мен көзқарастардағы олқылықтарды талдау, болашақта қоғамға қауіпті жасалған іс-әрекетпен одан туындаған нақты зардаптың (немесе зардаптың пайда болу мүмкіндігі) арасындағы себепті байланысты анықтауда және оның қылмыстық құқық институттарындағы алатын орнын белгілеуде сөз жоқ ескерілуге жатады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. *Советское уголовное право. //Под ред. В.Д.Меншагина и др. М.: Госюриздат, 1962. - 450 с.*
2. *Трайнин А.В. Состав преступления по советскому уголовному праву. М.: Гос., изд., юрид., лит-ра, 1951.-388 с.*
3. *Курляндский В.И. Рецензия на работу А.Н.Трайнина Состав преступления по советскому уголовному праву // Советское государство и право.- 1952. №8. С.-74-79.*
4. *Иоффе О.С. Ответственность по советскому гражданскому праву. Л.- Изд-во Лен., универ., 1955.- 311 с.*

Жангушукова Алия Заманбековна

Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, aliyazhangushukova@mail.ru

Мирамбаева Гульназ Жумакановна

Азаматтық-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университеті, Талдықорған қаласы, mirambaeva_gulnaz@mail.ru

САЛЫҚТЫ ТӨЛЕУДЕН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЛТАРУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ, ТАРИХИ ЖӘНЕ САЛЫСТЫРМАЛЫ АСПЕКТІЛЕРІ

Түйін. Бұл ғылыми мақалада бүгінгі таңда Қазақстан Республикасының салықты төлеуден қылмыстық жалтару экономикалық, тарихи және салыстырмалы аспектілері қарастырылып айқындалған.

Кілт сөздері: Салық, бақылау, төлеу, салықтық мәжбүрлеу, қорғаушы.

Резюме. В данной научной статье рассматриваются экономические, исторические и сравнительные аспекты уголовного наказания от уклонения налогообложения в Республике Казахстан.

Ключевые слова: Налог, контроль, оплата, налоговое принуждение, адвокат.

Summary. This article deals with economic, historical and comparative aspects of criminal punishment from tax evasion in the Republic of Kazakhstan.

Keywords: Tax, control, payment, tax enforcement, a lawyer.

Салықтар - бұл мемлекетке заңды түрде белгілі бір мөлшерде және белгілі бір мерзімде төленетін міндетті төлем болып табылады.

Салықтың мәжбүрлі төленуі екі жағдайда байқалады. Бірін-шіден, салық мәжбүрлі түрде, яғни, міндетті төлем салық төлеушінің еркіне қарсы енгізіледі. Екіншіден, егер салық төлеуші өз міндеттемесін өз еркімен орындамаса, онда мемлекет одан ақшаны күшпен тартып алады. Осы салықты өндіріп алудың мәжбүрлі сипаты мемлекетке берілетін әр түрлі қайырымдылық жасаулардан ерекшелендіреді. Жалпы, салықты өндіріпалу мемлекеттік қазына-шылықтың шығындарын көбейтпес үшін, халыққа арзан түсуі тиіс.

Батыс ғалымдары осыған байланысты мынандай қорытындыға келді: “Мемлект ауыр салық салудан гөрі, салық ауыртпалығын төмендетуден гөрі, салық ауыртпалығын төмендетуден көбірек ұтады; босатылған қаражаттар қосымша табыс табуға мүмкіндік береді, ал одан қазынаға салық түседі. Бұл кезде төлеушілер еш ауыртпалықсыз, өз еріктерімен бұл төлемдерді жасайды, ол сәйкесінше мемлекетті жазалаумен, еріксіз өндіріп алумен байланысты салықтарды жинауға кететін қосымша шығындардан босатады”. Салықтарды 40-50%-дан жоғары өндіріп алу кәсіпкерліктің іскерлік белсенділігін төмендетеді және салық базасының төмендетуіне апаратын салықтан жаппай қашуға жағдай жасайды [1].

Соныменен, салықтық қатынастар міндетті қарым-қатынас болып келсді. Бұл міндеттемесінің мәні салықты төлеуінде жатыр: «Әрбір салық төлеуші заңмен бекітілген салықтармен алымдарды төлеуге міндетті.

Салық төлеушінің салық заңдарына сәйкес мемлекет алдында туындаған міндеттемесі салық міндеттемесі деп танылады, оған сәйкес салық төлеуші:

1) салық міндеттемелерін дер кезінде және толық көлемінде орындауға;

2) салық қызметі органдарының анықталған салық заңдарын бұзушылықтарды жою туралы заңды талаптарын орындауға, сондай-ақ қызметтік міндеттерін атқаруы кезіндегі заңды қызметіне кедергі жасамауға;

3) нұсқама негізінде салық қызметі органдары лауазымды адамдарының салық салу объектісі және салық салумен байланысты объект болып табылатын мүлікті тексеруіне жол беруге;

4) салық есептілігі мен құжаттарды заңда көзделген тәртіппен табыс етуге;

5) заңға сәйкес қолма-қол ақшамен, төлемдік банк карточкаларымен, чектермен сауда операцияларын жасаған немесе қызметтер көрсеткен кезде тұтынушылармен ақшалай есеп айырысуды фискалдық жадысы бар бақылау- касса машиналары міндетті түрде пайдалана отырып және тұтынушының қолына бақылау чегін бере отырып жүргізуге міндетті.

Осы салық міндеттемелері ішіндегі ең негізгі мақсаты - ол салықты толығымен және уақтылы төлеу болып саналады. Мемлекет салық қызметі органы арқылы салық төлеушінің өз салық міндеттемелерін толық көлемінде орындауын талап етуге, ал олар орындалмаған жағдайда оларды қамтамасыз ету жөніндегі тәсілдерді және Қазақстан Республикасының Салық Кодексінде көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындату шараларын қолдануға құқылы.

Салықтық міндеттемені орындамауы - салық заңын бұзуы деген сөз.

«Салықтық құқық бұзушылық - бұл мемлекетпен бекітілген салықтар, алымдар мен міндетті төлемдерді төлеуден салық төлеушінің бас тартуы болып табылады.

«Салық төлеуден жалтару - мемлекеттің кірісіне ақшалай қаражаттарды төлеу бойынша міндеттемесін ол соманы төлеуге мүмкіндігі бола тұрып, әдейілеп орындамауы.

Америкам экономисі А.Лаффер бұл жайында былай деген: «Салық ставкаларының неғұрлым жоғары болуы, экономикаға соғұрлым кері әсер етеді. Ал бұл өз кезегінде салық төлеушілерге тиімсіз болады. Яғни, салық ауыртпалығы жоғары болған сайын, салық төлеушілер салықты төлеудің емес, салықтан қалай жалтарудың жолын іздестіреді. Бұның басты себебі - өте жоғары салық ставкасы кәсіпкерліктің дамуын тежейді, адамдардың жұмыс істеу ыштасын жойып жібередің.

Салықтан жалтару түсінігі - салық төлеуге байланысты салық төлеушінің заңсыз іс-әрекеті болып табылады. Салықтан жалтарудың салық декларациясын бермеу, салықтық тексерулерге кедергі жасау, тиісті құжаттарды бермеу сияқты көптеген нысандары бар. Жалпы салықтан жалтару көбінесе мынадай жағдайларда көп туындайды. Салық төлеушінің салықтық сауаты аздығынан, салық заңын дұрыс білмегендіктен немесе өте жоғары салық ставкаларының болуынан, тиімді салық механизмдері жұмыс істемегендіктен және т.б. жағдайлардан туындайды [2].

Салық бақылауы салық әкімшілігін жүргізудің қажетті шарты болып табылады. Салық бақылауы - салық қызметі органдарының салық заңдарының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылау. Салық бақылауы тек салық заңдарының орындалуын, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және уақтылы аударылуын бақылау ғана емес, сонымен қатар, салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдердің дұрыс есептелуі мен уақтылы төленуін тексеріп, сондай-ақ, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылмауын қадағалайды. Салық бақылауының мақсаты мен міндеті әртүрлі. Басты міндеті - салықтан жалтаруға тосқауыл жасау, мемлекеттің табыс бөлігіне түсетін кірістерді қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасы заңдарының бұзылуын жою [3].

Салықтық бақылау:

- салық төлеушілерді тіркеу есебі;
- салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді есепке алу;
- бюджетке түсімдерді есепке алу;
- қосылған құн салығын төлеушілерді есепке алу;
- салық тексерістері; - камералдық бақылау;
- салық төлеушілердің қаржы-шаруашылық қызметі мониторингі;
- фискалдық жады бар бақылау-касса машиналарын қолдану ережелері;
- акцизделетін тауарлардың кейбір түрлерін таңбалау және акциздік постыларды белгілеу;
- мемлекет меншігіне айналдырылған мүлікті есепке алу, бағалау және сату тәртібін сақтауды тексеру;

- уәкілетті органдарға бақылау жасау нысандарында жүзеге асырылады.

Салық бақылауының негізгі мақсаттарының бірі - салықтан жалтаруға жол бермеу. Бұл құбылыс бұрынғы уақыттан бері салық салумен бірге дамып келе жатыр және тұрақты заңдылық қалпына ие болды. Тәжірибеден дәлелденгендей, салық салудан жалтару қаржы нарығындағы операцияларды жүзеге асырғанда өте жиі кездеседі. Салық теориясы мен тәжірибесінде салықтан жалтарудың төрт түрлі себептері көрсетіледі:

- моралді; - саяси;
- экономикалық;
- техникалық.

Жалпы, салықтан жалтару заңды және заңсыз болуы мүмкін. Егер де тұтынушы оның тұтынатын тауарына акциз енгізгеннен кейін немесе акцизді көтергеннен кейін сол тауарды сатып алуды тоқтатса немесе оны аз мөлшерде сатып алатын болса, онда мұндай жағдайды заңды салықтан жалтаруға жатқызуға болады. Ал егерде салық төлеуші салық салынуға тиісті объектісін жасыратын болса, мысалы, кеден бажын төлемеу мақсатында шекарадан жасырын түрде тауар өткізсе, аз табыс салығын төлеу мақсатында нақты табысын төмендетіп көрсететін болса, онда заңсыз салық төлеуден жалтаруға жатады. Заңды салықтан жалтарумен мемлекет тек қаржылық әдістерін пайдалана отырып күресу мүмкін, яғни, салық салынатын тауарды тұтыну қысқарған кезде акцизді төмендету, акциздік өндірістің техникасы ұлғайған кезде - дайын өнімге салық салуды енгізу керек. Заңсыз жалтарумен тек қаржы айшаратын жетілдіру арқылы күресу керек, яғни, қаржы аппараты төлеушілердің салық бұзушылықтарын көбірек ашып, оларды тиісті жазалауға қабілетті болу керек.

Қазіргі кезде салықтан жалтарудың көптеген жолдары бар. Олар мына төмендегі нысандарда кездеседі:

- заңдар мен нормативтік-құқықтық актілердің келіспеушілігі, салық заңы нормаларын дұрыс емес түсіндірілуіне әкелетін нақты анықтамалардың жоқтығы, экономикалық және салықтық өзара қарым-қатынастар тәжірибесіне сүйене отырып жасалынатын заңдардың жоқтығы. Бұл жағдайда салық төлеуші уақытында салық декларацияларын тапсырып, салық органдарының талаптарын орындайды, бірақ та нормативтік-құқықтық актілеріндегі кемшіліктерге байланысты табыстарын жасырады;

- екі жақты бухгалтерияны жүргізу. Бұл жағдайда салық төлеуші салық органдарығаың барлық талаптарын дұрыс орындайды, бірақ та, салық органдарының қарсы тексерулерін аса қолданбайтындықтан, салық төлеушілердің ресми есеп берулерде сату көлемін және алған табыстарын төмендетіп көрсетуге мүмкіндік туады. Екі жақты жазу ресми органдар үшін және өзінде жүргізеді.

Біріншісінде - тек қызмет етуінің минималді мүмкіндіктері, қызметінің минималді нәтижелері көрсетіледі.

Екіншісінде - шынайы, нақты, яғни бизнестің дамуына қажетті көрсеткіштер жазылады. - салық органдарында тіркеусіз кәсіпкерлік қызметпен айналысу. Бұндай жағдайда кәсіпкерлер контрактілерде, келісім-шарттарда, шот-фактураларда, банктік құжаттарында және т.б. құжаттарда ойдан шығарған кезкелген СТН (салық төлеушінің тіркеу нөмірі) қояды да салық органдарында есеп бермейді және әдеттегідей олар ұзақ өмір сүрмейді; бюджетке төлейтін төлем қарыздары жинақталуы бойынша «салық органдарымен байланысын жоғалтқан» төлеушілер категориясына өту [4, 22].

Мемлекеттің ірге тасы салық және салықтық төлемдерден құралады. Ал бізде, алғашқы жылдары салық және салық салуға аса мән берілмеді. Салық және салықтық төлемдер еліміздегі мемлекет бюджетінің түсімдерінің 80 %-ын құрауда. Осы қаржы бюджетке дұрыс түсу үшін салық заңының бұзылмауын, оның дұрыс орындалуын қадағалау қажет. Бұрыннан кележатқан адамзат қоғамына тән қылмыскерлік, заң бұзушылық тағы басқа да келеңсіз жағдайлар орын алуда. Бұған Шыңғысхан: «Жазаланбаған кінә - қайта бір кінә тууына себепкер болады, - дегендей, заң бұзған адамдарын бұрыннан бері жазалап келген. Ал салық санкцияларын қолдану деп - салық заңын бұзғандарды, бюджетке төлеуге тиісті міндетті төлемдерін уақтылы, толық, дұрыс төлемегендерді, салықтық төлемдерден жалтаруға тырысқандарды әртүрлі әкімшілік жазалауларды қолдануды айтамыз.

Көптеген мамандардың пікірінше, мемлекетте салықтар мен төлемдерді жинау деңгейін тек фискалды органдардың жүргізетін қатаң бақылауына ғана емес, сонымен бірге, сәйкесінше заңды жетілдіруге сүйене отырып көтеруге болады. Салық заңын жетілдіру салық төлеушіге қысым жасамайтын салық салуға бағытталуы керек.

Қазақстан Республикасының Салықтық Кодексындағы көптеген кемшіліктердің болуына мынадай жағдайлар әсер етті:

1) салық заңының жиі өзгертілуі, бұл өз кезекте салық органдарымен салық төлеушілердің әрекеттеріндегі түсініксіздіктеріне әкеледі;

2) салық заң нормаларын орындауына жағдай жасайтын жаппы халықтық сипаттағы қосымша ақпараттардың жоқтығы.

Салық қызметі - өте жеңіл тілмен жазылған және салық төлеушілердің салық заңы нормаларын орындауда қолайлы жағдай жасайтын түсіндірме ақпараттарды құрумен оны таратуды өз міндеті ретінде есептеу керек.

Кез келген салық жүйесіне тән қасиет - ол салық салудың ауыртпалығы болып табылады. Экономист М.Оспановтың ұсынған оңайлатылған әдісті пайдалана отырып, жиынтық салық салық ауыртпалығын есептеу арқылы Қазақстанда бұл көрсеткіштің өте жоғары деңгейде тұрғанына көзімізді жеткізуге болады. Бұндай ауыр салық ауыртпалығының болуы - кәсіпкерлік қызметінің дамуына және инвестициялық белсенділіктің жоғарлауына кедергі жасайды [5, 160].

Бірақ та, капитал салымдарына бағытталған кезкелген инвестицияларды салық салудан босату - бұл мәселені шешудің амалы болып табылмайды. Инвестициялық кешенінің нақты мүмкіндіктерін ескере отырып, мемлекет тарапынан саны жағынан шектелген және нақты бір объектілер мен кәсіпкерлік қызмет саласына ғана құйылатын инвестицияларға қолдау көрсетілуі тиіс.

Жалпы, экономиканың дағдарыстық жағдайынан шығуына жағдай жасайтын салық саясатының мынадай бағыттарын атап көрсеткен жөн:

- салық заңы мен салықтық есеп беруді стандарттау бойынша жасалатын шаралар;

- сауда мен қызмет көрсету саласында, кіші кәсіпорындарға салық салудың жеңілдік беру тәртіптемесін енгізу;

- банктік - несие жүйесімен тиімді өзара іс-қимылы, несие мекемелері мен инвестициялық мақсатында ұзақ мерзімді ссудаларды пайдаланатын кәсіпорындарға артықшылықтар беру;
- шығындар деңгейіне, өнімнің өзіндік құнына шығындардың дұрыс енгізілуіне, ірі салық төлеушілердің қаржылық қызметінің нәтижелеріне бақылау орнату (мониторинг);
- басым салалардағы кәсіпорындар мен өндірістердегі жеңілдік беру арқылы салық салынуын алып тастау;
- жанама салықтардың үлесін біртіндеп шектеу; - экономика салаларында қосылған құн салығының сараланған ставкаларын енгізу болып табылады

Бұндай бағыттарды іске асыру біздің ойымызша, мемлекеттің қаржы ағындарында салық саясатының реттеуші және бақылаушы рөлін арттырады. Салық қызмет органдарымен жүргізілетін экономикалық - бақылау жұмысы - салық төлеушілердің салық заңын орындамауын, салықты төлеуден қасақана жалтаруын көрсетеді. Сондықтан, салықтардың толығыменен және уақтылы түсуін камтамасыз ету үшін салық органдарымен есептелінген сомалар мен салық бересі сомаларын өндіріп алу жағынан үнемі жұмыс жүргізіліп отырады.

Біздің ойымызша, банктер салық комитеті органдарын ірі мөлшердегі ақша қаражаттарының аударылуы туралы, күдікті операциялардың тіркелуі туралы хабарлап отыру керек [6, 40].

Салықтық даулардың ерекшелігі Салық Сотының құрылуын талап етеді. көптеген дамыған елдерінде қаржылық, салықтық соттар бар. Салық сотында қарастырылатын істер салық салумен байланысты мәселелердің дұрыс талқылануына, салық заңының механизмін дұрыс қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл қарастырылып отырған мәселе бойынша қол жеткізгеніміз -ол біздің елімізде бүгінгі күні экономикалық соттың құрылғаны жөнінде айтып кетуге болады. Біздің ұсынатынымыз - экономикалық сотты емес, салықтық дербес сотын құру болып табылады. Қабылданған жаңа салық кодексіне тоқталатын болсақ: ол салық органдарының қызметін ары қарай жетілдіруіне, олардың жүргізетін жұмыстарының ашық болуына, салық төлеушілер мен салық органдары арасындағы өзара қарым-қатынастың жақсаруына, салық салуының оңайлатылуына, салық мәдениетінің көтерілуіне және салықтық тәртіптіліктің күшеюіне жағдай жасауы керек. Әзірше, ол өзінің жеткілікті нәтижесін беріп отырған жоқ. Ол үшін оны жетілдіру жағына біздің ұсынып отырғанымыз: салық ставкаларын төмендету, салықтар түрлерін қысқарту, салықтардың жиналуына қатаң бақылау орнату. Бұл жерде, бюджеттің кіріс жағын толтыру - тек салықтарды төлемегені үшін қаржы санкцияларын күшейту жолымен ғана шешіледі деген пікір қалыптаспауы керек.

Әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған), (10.03.2017 берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. ҚР Қылмыстық процесстік кодексі. – Алматы, «Юрист». 2017
3. Налоговый кодекс «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» РК. – Параграф ақпараттар жүйесі, 2011.
4. Оспанов М.Т. Проблемы совершенствования системы управления налогами в Республике Казахстан. - Алматы, Познание, 2000 г.
5. Сейдахметова Ф.С. Налоги в Казахстане. – Алматы, 2004. – 160 с.
6. Арабкин В. Сколько весят налоги. - Алматы: «Аян-адет», 2000. - 40с.

Жумагулов Тимур Байжуманович

PhD доктор Жетысуского Государственного университета им.И.Жансугурова
zhumagulov.timur@mail.ru

МЕЖДУНАРОДНОЕ ПРАВОВОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ВОДНОЙ БЕЗОПАСНОСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

***Аннотация:** Данная статья посвящена международному сотрудничеству в правовом обеспечении водной безопасности Республики Казахстан. В статье рассматривается международное сотрудничество в сфере водной политики, трансграничных вод и пути их решения.*

***Annotation:** This article is devoted to international collaboration in legal regulation of water security of the Republic of Kazakhstan. In issue researching international collaboration in legal regulation of water policy, transboundary water and ways of decision.*

***Түйіндеме:** Бұл мақала Қазақстан Республикасы су қауіпсіздігінің құқықтық қамтамасыз ету мәселелерінің халықаралық ынтымақтастығына арналған. Мақалада су саясатындағы халықаралық ынтымақтастығы, трансшекаралық сулар және олардың шешу жолдары.*

***Ключевые слова:** Водная безопасность, трансграничные воды, водообеспечение, межгосударственное сотрудничество.*

Постановка проблемы. За последние 60 лет на планете потребление питьевой воды возросло в 8 раз. К середине столетия многие страны будут вынуждены импортировать воду.

Вода – крайне ограниченный ресурс и борьба за обладание источниками уже становится важнейшим фактором геополитики, являясь одной из причин напряженности и конфликтов на планете.

Проблема водообеспечения остро стоит и в нашей стране. Нам не хватает качественной питьевой воды. Целый ряд регионов испытывает в ней острую потребность.

Есть и геополитический аспект этой проблемы. Уже в настоящее время мы столкнулись с серьезным вопросом использования водных ресурсов трансграничных рек. При всей сложности данного вопроса мы не должны допускать его политизации [1].

В современных условиях вода является главным фактором, определяющим устойчивость сельского хозяйства, промышленности, энергетики и других отраслей экономики, окружающей природной среды. Еще большую роль вода имеет в поддержании санитарно-эпидемиологической безопасности. По данным Всемирной организации здравоохранения (ВОЗ) нехватка и загрязнение воды являются основными причинами глобального ухудшения здоровья населения развивающихся стран.

При всем обилии воды, пресной, пригодной к использованию, невероятно мало. Истощение ресурсов минерального сырья - дело лишь более или менее отдаленного будущего, с водой положение обстоит иначе - ее дефицит становится ощутимей с каждым днем. Несмотря на это, отношение к воде, как к чрезвычайно уязвимому и ограниченному природному ресурсу, меняется медленно. Рост населения, сопровождаемый индустриальным загрязнением окружающей среды, осложняет решение проблем устойчивого обеспечения питьевой водой и соответственно экономического развития.

В “Повестке 21 века”, принятой в июне 1992 года в Рио-де-Жанейро на Конференции ООН по окружающей среде, приоритетное внимание мирового сообщества обращено на необходимость управления водными ресурсами во взаимосвязи использования воды, интегрированного с потребностями в ней человека и природы. ООН, осознавая важность значения водных ресурсов в преддверии нового столетия и с целью активизации усилий в этой области, сформулированных Конференцией в Рио-де-Жанейро, объявила 22 марта Международным днем воды.

Во многих регионах Республики Казахстан остро стоят проблемы, обусловленные природно-хозяйственными условиями. Это ограниченность, сезонная и территориальная неравномерность водных ресурсов. Как известно, территория Казахстана расположена в нижнем течении основных трансграничных водных бассейнов, и это серьезно влияет на ее водообеспеченность. Почти половина объема ресурсов поверхностных вод страны поступает из сопредельных территорий (КНР, Узбекистан, Кыргызстан, Российская Федерация). Такая недостаточность воды во всех речных бассейнах (кроме Иртышского) привела к тому, что водные ресурсы полностью вовлечены в хозяйственное использование и исчерпаны. Так что при существующем уровне водопотребления в ближайшее время будет постоянный недостаток в водных ресурсах. Это в конечном итоге препятствует решению социально-экономических задач[2,2].

Анализ последних исследований и публикаций. Отечественная и зарубежная юридическая наука уделяла серьезное внимание проблемам правового обеспечения охраны окружающей среды. Широко известны труды Медеу А.Р., I.A. Shiklomanov and John C.Rodda, К. Абдрахмановым и многие другие. Анализ работ данных авторов позволяет судить о достаточной разработанности теоретических положений и выводов, однако, практическая составляющая данного института остается мало изученной.

Целью исследования является совокупное изучение институтов охраны и использования водной безопасности в Республики Казахстан; отражение специфики правового регулирования охраны и использования воды, выявление достоинств и недостатков существующих мер правового регулирования; Изучение и анализ зарубежного законодательства в сфере охраны водной безопасности; ознакомление с основными тенденциями государственной политики исследуемого права, выработка практических рекомендаций и предложений по изменению национального законодательства.

Основные результаты исследования. Осознание особой роли воды и ее исключительной социальной значимости в аспекте прав человека на безопасную и достаточно чистую воду стало основой для решения проблемы обеспечения водной безопасности. Вода признана чрезвычайно ограниченным и ценным природным ресурсом, являющимся достоянием для настоящего и будущего поколений.

По мнению российского ученого О.Н. Барабанова, одним из актуальных вопросов, связанных с проблемой водных ресурсов, сегодня является проблема регулирования использования трансграничных водотоков. Большая часть мировых водных ресурсов пересекают национальные границы. В отчете ООН за 2003 год «Water for People, water for Life» отмечено, что третья часть из существующих в мире 263 трансграничных водных бассейнов разделяют более двух стран, а 19 - пять и более; одна река Дунай протекает на территории 18 государств. Многие страны Африки и Ближнего Востока более чем наполовину зависят в своих потребностях от «зарубежной» воды [2.33].

Глобальное водопотребление в мире с каждым годом растет. В странах, испытывающих высокий и крайне высокий водный стресс, на начало XXI века проживает более 70 процентов населения Земли (в 1950 г. крайне высокого водного стресса не испытывала ни одна страна в мире). Водный стресс означает ситуацию большого дефицита воды, использование государством более 40 процентов имеющихся ресурсов, причем вода часто используется с интенсивностью, превышающей естественное восполнение; дефицит воды препятствует экономическому развитию страны. Согласно прогнозам ученых Кембриджского университета, к 2025 году ситуация может еще более обостриться и более 80 процентов мирового населения будет проживать в странах с высоким и крайне высоким водным стрессом. Одна треть этих стран будет испытывать катастрофический стресс, где использование имеющихся водных ресурсов превысит показатель в 60 процентов [3.132].

В странах Центральной Азии все крупные реки являются трансграничными. Кыргызстан - единственная страна, водные ресурсы которой формируются на собственной территории, все остальные страны региона в той или иной мере зависят от поступления воды с территории сопредельных государств. Особенно сложная ситуация характерна для Узбекистана и Туркменистана, почти 90% их возобновляемых водных ресурсов поступает извне. В этом отношении и Казахстан является водозависимой страной, поэтому проблема использования трансграничных рек для нас является в высшей степени приоритетной. Удельная водообеспеченность равна 37 тыс. м³ на км² и 6,0 тыс. м³ на одного человека в год. Для сравнения: в Грузии она составляет 878 тыс. м³ на км² и 11613 тыс. м³ на одного человека, в Кыргызстане соответственно 245 тыс. м³ на км² и 11 763 тыс. м³ на одного человека. Сравнения с Туркменистаном и Таджикистаном еще более разительны - не в нашу пользу. Немаловажно и то, что водные ресурсы по территории Казахстана распределены крайне неравномерно. На восточный регион приходится 34,5% ресурсов, юго-восточный - 24,1%, южный - 21,2%, западный -13,4%, северный - 4,2%, центральный - 2,6%. Наиболее обеспечена водой Восточно-Казахстанская область - 290 тыс. м³ на км². В то же время испытывают острый дефицит в Аты -рауской, Кызылординской и особенно в Мангыстауской области, где практически нет источников пресной воды [4].

Водообеспечение отраслей экономики осуществляется на 85% за счет поверхностных вод, остальная часть - за счет подземных, морских и сточных. На нужды сельского хозяйства используется до 80-90% всей потребляемой воды.

В нашей стране семь из восьми бассейнов главных рек являются трансграничными. Более 40% ежегодных возобновляемых ресурсов поверхностных вод поступает с территории соседних государств. Развитие экономики Казахстана как в целом, так и в разрезе территориально-

промышленных комплексов, областей и отдельных городов, во многом зависит от обеспеченности страны водой. Поскольку почти половина водных ресурсов Казахстана формируется вне ее территории, без преувеличения можно сказать, что вода становится стратегическим инструментом международных отношений с соседними государствами.

Управление водными ресурсами в Республике основано на бассейновом принципе. В Казахстане 8 речных бассейнов: Балхаш-Алакольский, Шу-Таласский, Арало-Сырдарьинский, Урало-Каспийский, Тобол-Торгайский, Ишимский, Иртышский и Нура-Сарысуйский. При этом 7 бассейнов являются трансграничными, кроме Нура-Сарысуйского. Поверхностные водные ресурсы Казахстана в средний по водности год составляют 100,5 км³, из которых только 56 км³ формируются на территории республики. Остальной объем - 44 км³ поступает из сопредельных государств: Китая - 18,9 км³ Узбекистана - 14,6 км³, Кыргызстана - 3,0 км³, России - 7,5 км³ [5.233].

Конвенция ООН по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер от 18 сентября 1992 года, Конвенция о праве использования международных водотоков, принятая Генеральной Ассамблеей ООН 21 мая 1997 года, обязывают рассматривать «обеспечение использования трансграничных вод разумным и справедливым образом с особым учетом их трансграничного характера при осуществлении деятельности, которая оказывает или может оказывать трансграничное воздействие». В решениях ООН подчеркивается, что «государства водотока сотрудничают на основе суверенного равенства, территориальной целостности, взаимной выгоды и добросовестности». В случае нанесения ущерба должны приниматься все меры по его ликвидации или уменьшению, а при необходимости ставится вопрос о компенсации. Согласно основополагающим требованиям вышеуказанных конвенций ООН со стороны авторитетных международных экспертов должны быть даны гарантии, что сооружение гидротехнических объектов не будет иметь непоправимых экологических последствий, не нарушит сложившийся баланс использования водотока трансграничных рек всеми государствами, расположенными в их бассейне.

Выполнение этих требований должно быть обязательным при реализации различных проектов по созданию гидроэнергетических сооружений в Центральной Азии с участием как национальных, так и транснациональных компаний для того, чтобы не допустить катастрофического ухудшения экологической ситуации в регионе.

Президент Республики Узбекистан Ислам Каримов заявил, что вопросы использования водных ресурсов трансграничных рек Центральной Азии должны решаться с учетом интересов более 50 млн. населения, проживающего во всех странах региона. По мнению узбекских экспертов необходимо проведение объективной, независимой, международной экспертизы новых гидротехнических проектов, к примеру, строительства Рогунской ГЭС с водохранилищем, так как место строительства Рогунской ГЭС мощностью 3,6 тыс. МВт и высотой плотины 340 метров находится в сейсмичной зоне. *«Мы выступаем за проведение международной экспертизы водно-энергетических сооружений, в том числе Рогунской и Камбаратинской ГЭС в целях безопасности наших народов»*, - заявил Президент Казахстана Нурсултан Назарбаев по итогам двусторонних переговоров в рамках своего официального визита в Узбекистан в 2009 году. Президент отметил, что в случае положительных результатов такой экспертизы *«мы готовы участвовать в консорциуме по строительству этих объектов»*.

Важным направлением остается активизация отношений с центрально-азиатскими государствами. Для этого необходимо повысить статус Межгосударственной координационной водохозяйственной комиссии (МКВК) и ее исполнительных органов бассейновых водохозяйственных объединений (БВО) «Сырдарья» и «Амударья» с приданием этим организациям статуса международной администрации по трансграничным рекам. Решение этого вопроса возможно при заключении соглашения между правительствами пяти центрально-азиатских республик об укреплении организационной структуры управления, охраны и развития трансграничных водных ресурсов в бассейне Аральского моря. Назрела необходимость заключения соглашения об обмене информацией и формировании национальной, бассейновой и региональной баз данных комплексного использования и охраны бассейна Аральского моря.

Однако до настоящего времени центрально-азиатские государства не выработали единого подхода к использованию водно-энергетических ресурсов региона. Кыргызская и таджикская стороны рассматривают Международный водно-энергетический Консорциум (МВЭК) как орган по строительству гидроэнергетических объектов с целью производства электроэнергии и последующей ее реализации. Для Казахстана и Узбекистана создание Консорциума - одно из решений по гарантированному водообеспечению орошаемого земледелия.

Поэтому для реализации идеи МВЭЖ необходимы сближение законодательств и правовых актов государств Центрально-Азиатского региона, регулирующих внутренние водные отношения, и совместная выработка позиций, учитывающих интересы всех сторон, создание которого рекомендовано комиссией ООН. В этом случае реализация модели будет способствовать экономически эффективному и экологически безопасному использованию водных ресурсов и улучшению политической ситуации в этом регионе.

Природа центральноазиатского субрегиона очень хрупкая. Экстремальный климат делает экосистемы субрегиона чрезвычайно уязвимыми. Более 60% засушливых земель Центральной Азии подвержены опустыниванию. В решении важных для человека проблем исследования и охраны водных ресурсов допускается немало грубых просчётов, главный из которых -загрязнение в больших масштабах рек и озёр. Именно в этом заключается основная угроза истощения водных ресурсов. Каждый кубометр сточных вод, сброшенный в реки и озёра, загрязняет десятки кубометров чистых речных и озёрных вод. Воды может быть много, но если она загрязнена, то пользы от такой воды мало, её нельзя использовать, она является угрозой для здоровья людей.

Многие экологические проблемы, возникающие в Центральной Азии, имеют региональный характер могут быть решены более эффективно и с меньшими затратами при сотрудничестве государств. Шаги, предпринимаемые государствами Центральной Азии, вызванные экологической катастрофой в бассейне Аральского моря, показывают взаимную выгоду совместных действий.

Экологические проблемы и вопросы водно-энергетического комплекса относятся ко второму измерению ОБСЕ. В силу своего мандата Организация не может оказывать финансовую помощь по преодолению самих проблем, но благодаря своему уникальному составу, разветвленной сети полевых миссий, политическому влиянию в регионе ОБСЕ оказывает консультативную помощь государствам, обеспечивает необходимую экспертизу, проводит обучение задействованных в решении проблем представителей государственных и неправительственных органов. Но в первую очередь, Организация генерирует политическую волю стран, направленную на совместный поиск решения имеющихся проблем. Говоря о конкретном практическом участии Организации в решении данных проблем региона, следует отметить, что благодаря ее усилиям началась реализация проекта о совместном казахстанско-кыргызском трансграничном водопользовании в бассейне рек Чу -Талас .

Такой подход к проблеме воды создаёт объективные предпосылки для справедливого распределения и разумного использования водных ресурсов международных рек, имея в виду определённые различия стран в их экономическом развитии и, следовательно, уровнях сложившегося и перспективного водопользования. Рассматривая с этих позиций вопросы совместного использования трансграничных вод, следует подчеркнуть (из международных норм), что каждая страна должна иметь равные права для доступа к качественной воде и какие-либо природные, экономические и технические преимущества одной стороны не должны противопоставляться интересам другой. Имеющиеся данные в целом убедительно показывают необходимость срочного пересмотра стратегии использования трансграничных рек с тем, чтобы в низовьях гарантировать необходимый объём воды для обеспечения жизнедеятельности населения и сохранения экосистемы.

По оценке специалистов водного хозяйства республики, уже в ближайшие годы при росте экономического потенциала страны, основанного на освоении богатых минерально-сырьевых, топливно-энергетических и земельных ресурсов, возникнет серьёзная проблема с водообеспечением. В этой ситуации для Казахстана особую важность обретает вопрос использования вод трансграничных рек, их деление с сопредельными государствами на принципах международного права и взаимного сотрудничества. В Водном кодексе Республики Казахстан в статье 143 «Механизм межгосударственного сотрудничества в области использования и охраны трансграничных вод» говорится, что «обеспечение использования трансграничных вод разумным и справедливым образом с учетом их трансграничного характера при осуществлении деятельности, которая оказывает или может оказывать трансграничное воздействие» [6].

Заключение. Подводя итоги проблема водной безопасности была одной из наиболее острых в отношениях между странами-участницами ШОС, а в особенности Казахстана и Китая. Две крупные реки, Иртыш и Или, берут начало на территории Китая, протекают по территории Казахстана, а Иртыш и по России. Для юго-востока Казахстана эти реки являются основой системы водопользования, если объём воды в них уменьшится, это создаст серьёзные проблемы в сфере сельского хозяйства, гидроэнергетики, промышленности, экологии. В отношениях с Китайской Народной Республикой на первом этапе необходимо подписание двустороннего соглашения в сфере совместного использования трансграничных водных ресурсов. Дальнейшее развитие отношений предполагает формирование совместной водной комиссии, подписание трехстороннего (Казахстан,

Россия, Китай) соглашения по использованию и охране ресурсов р. Иртыш, создание системы совместного мониторинга как количественных, так и качественных показателей вод, изучение их состояния, тенденций изменения, а также оперативный обмен информацией.

Научно-прикладная программа которая была посвящена проблеме территориального перераспределения речного стока в Казахстане как стратегического приоритета обеспечения водной безопасности.

Острота проблемы водообеспечения Казахстана обусловлена ограниченностью располагаемых водных ресурсов, неравномерностью распределения их по территории, значительной изменчивостью во времени, высокой степенью загрязнения. В перспективе следует ожидать обострения ситуации с водообеспечением республики в связи с сокращением речного стока с территории сопредельных государств, а также с климатически обусловленным уменьшением ресурсов местного стока. Потенциальные последствия изменений ресурсов речного стока представляют реальную угрозу устойчивому социально-экономическому развитию и экологической безопасности Казахстана. Объективной предпосылкой дальнейшего территориального перераспределения водных ресурсов в Казахстане является резко выраженная пространственная неравномерность распределения речного стока и спроса на воду природно-хозяйственных систем. Наибольшие объемы речного стока формируются в Ертисской природно-хозяйственной системе (до 33% общих ресурсов и 45% местных). В Нура-Сарысуской, Есильской и Тобыл-Торгайской природно-хозяйственных системах формируется менее 6% речного стока, причем в маловодные годы местный сток меньше среднего примерно в 10 раз. Потенциальным бассейном-донором для вододефицитных районов является бассейн реки Ертис, где формируется до половины возобновляемых водных ресурсов республики [7].

Из всего вышеизложенного можно сделать следующие выводы:

1. Для удовлетворения потребностей в воде на перспективу необходимо, наряду с мерами по рациональному и экономному использованию водных ресурсов, расширение сотрудничества между странами, обладающими общими трансграничными водными ресурсами, и их присоединение к Конвенции по охране и использованию трансграничных водотоков и международных озер.

2. предусматривает реализацию мероприятий по уменьшению темпов развития основных водопотребителей и использованию более современных технологий для сокращения потребления пресной воды в промышленности, сельском и коммунальном хозяйстве

3. предполагает увеличение располагаемых для использования водных ресурсов за счет многолетнего и сезонного регулирования речного стока, использования запасов подземных пресных вод, опреснения соленых и солоноватых вод, территориального перераспределения водных ресурсов.

Список использованной литературы:

1. Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоящегося государства: Послание Президента Республики Казахстан-Лидер Нации Н.А.Назарбаева народу Казахстана 14.12.2012
2. Сарсенбаева Г.Б., Национальное водное право Республики Казахстан и его увязка с международным водным правом. Приоритеты и проблемы. Направления совершенствования. - 2014 – С.14
3. World Water at the Beginning of the 21st Century //Ed.by I.A. Shiklomanov and John C.Rodda. Cambridge University Press. 2003. P. 380.
4. Трансграничные реки - стратегический ресурс водообеспечения Казахстана [Электронный ресурс] // Информ. агентство «Казинформ». - 2005. - 21 октября. - Режим доступа: inform.kz.
5. Сотрудничество и безопасность в Центральной Азии: состояние и перспективы. - Алматы: КИСИ, 2008. - С. 323.
6. Водный кодекс Республики Казахстан от 9 июля 2003 года., № 481-ІІЗРК
7. «АО Национальный научно-технический холдинг «Парасат». Инновационный проект «Водная безопасность Республики Казахстан: Трансказахстанский канал «Ертис – Сырдария».- 14/01/2014г.

Үдербаева Б.А.

«Нархоз» университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты

Жүнісов Ж.С.

әл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, халықаралық құқық магистрі, E-mail: zhassulan.78@mail.ru

Базенов А.

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің докторанты

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ КЕДЕН КОДЕКСІ ЖОБАСЫН ТАЛҚЫЛАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Түйін.** Аталған мақалада Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің қабылдану процесі қарастырылады. Сондай ақ мақалада аталған құжат жобасын дайындау кезінде Еуразиялық экономикалық комиссиясына Қазақстан тарапынан Ұлттық кәсіпкерлер палатасының Сарапшылар тобы мен кеден ісі саласындағы органдардың ұсыныстары қарастырылған.*

***Түйін сөздер:** Еуразиялық экономикалық одақ, Кеден одағы, Еуразиялық экономикалық комиссия, Кеден кодексі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, сараптамалық топ және т.б.*

***Резюме.** В данной статье рассматривается процесс принятия Таможенного кодекса Евразийского экономического союза. А также в статье рассмотрены рекомендации и предложения экспертной группы Национальной палаты предпринимателей и органов в сфере таможенного дела Казахстана при подготовке проекта данного документа Евразийской экономической комиссией.*

***Ключевые слова:** Евразийский экономический союз, Таможенный союз, Евразийская экономическая комиссия, Таможенный кодекс, Национальная палата предпринимателей, экспертная группа и т.д.*

***Summary.** This article discusses the process of adoption of the Customs code of the Eurasian economic Union. The article also discusses the recommendations and proposals of the expert group of the National chamber of entrepreneurs and bodies in the field of customs of Kazakhstan in the preparation of the draft document by the Eurasian economic Commission.*

***Key words:** The Eurasian economic Union, the Customs Union, the Eurasian economic Commission, the Customs code, the national chamber of entrepreneurs, the expert group, etc.*

Мемлекеттердің аймақтық экономикалық интеграциялық бірлестіктер шеңберінде қатысушы елдердің заңнамасы бір келкіге келтіріледі және оны іске асыру әдістерінің бірі барлық мүше елдерге міндетті болып табылатын ортақ нормативтік актілерді қабылдау болып табылады. Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде осындай ортақ актінің көрінісі ретінде жаңадан қабылданып жатқан Кеден одағының Кеден кодексін келтіруге болады. Бұл аса маңызды акті болғандықтан, оның қабылдануы мен жалпы ерекшеліктері қызығушылық туғызады.

Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) Кеден одағы - ортақ нарықтың маңызды бөлігі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің бірлестігі. Кеден одағына қатысушы елдер үшінші елдермен саудасында бірыңғай кеден тарифтерді және өзге де реттеу шараларын қолданады. Кеден одағында Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан мен Ресей қатысушы елдер болып саналады.

ЕАЭО Кеден одағын басқарушы орган болып Еуразиялық экономикалық комиссия (ЕЭК) табылады. ЕЭК Қазақстан, Ресей және Беларусь Президенттерінің шешімімен құрылған және 18 қараша 2011 жылғы «Еуразиялық экономикалық комиссия туралы» Шарттың [1] және «Еуразиялық экономикалық комиссияның жұмыс жасау регламенті» негізінде қызмет етеді [2].

2011 жылдың қазан айында Кеден одағы Комиссиясының жауапты хатшысы С. Глазьев айтқандай, Кеден одағы геосаяси жағынан да, экономикалық жағынан да сөзсіз пайда әкеледі: «Он жылдық ыдырау мен құлдыраудан кейін посткеңестік кеңістікте аймақтық Кеден одағының пайда болуы - мемлекеттердің экономикаларына нақты экономикалық пайда әкелетін ең маңызды геосаяси жетістік болып отыр» [3].

Еуразиялық экономикалық одақтың жаңа **Кеден кодексі жобасын** талқылау мәселесі 2013 жылдан басталды. Осы жылдың қазан айында ЕЭК Кеңесінің шешімімен кеден заңнамасын жетілдіру бойынша арнайы жұмыс тобы құрылды. Осы жұмыс тобының құрамына қазақстандық бизнестің мүдделерін өкіл еткен ҚР «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының (ҰКП) кедендік әкімшілік ету департаменті директоры Д. Мамашева мен Кеден брокерлерінің/өкілдерінің Қазақстандық Ассоциация Кеңесінің төрағасы Г. Шестаков болатын. Осы тұлғалардың айтуынша Кодексті

дайындаушылар ішінен ең үлкен белсенділік көрсеткен Қазақстан мен Ресейдің іскерлік қоғамдастықтары болды. Жұмыс тобының шешімдерін іске асыру үшін ЕЭК алаңында ЕАЭО Кеден кодексінің жобасын дайындау бойынша Сарапшылар тобы құрылды. Оның жұмысына Қазақстаннан «ҚТЖ» ҰК АҚ, «KEGOC» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «Филипп Моррис Қазақстан» ЖШС, «Азия Авто» АҚ, «Қазпочта» АҚ, «KAZLOGISTICS» көлікшілер одағы секілді т.б. өкілдерінен құралған бизнес қауымдастығы белсенді қатысты. ЕАЭО Кеден кодексінің жобасы бойынша Жұмыс тобының 25 отырысы және ЕАЭО Кеден кодексі туралы Шарттың жобасы бойынша келіспеушіліктерді реттеуге уәкіл етілген жоғары деңгейдегі лауазымды адамдардың 14 отырысы өткізілді. Осы отырыстар кезінде 400-ден астам мәселе қарастырылды (1200 жуық түзетулер). Сарапшылар тобының шеңберінде 32 отырыс өткізілді [4].

2015 жылы өткізілген ішкі мемлекеттік келісімге келу процедурасының нәтижелері бойынша Кеден одағына мүше елдерден 1500 ұсыныс түскен болатын. Қазақстанның дайындаған 552 түзетуінен (ҰКП мен мемлекеттік органдардың біріктірілген ұстанымы) шамамен 70% қабылданды. 2016 жылы өткізілген ішкі мемлекеттік келісімге келу процедурасының нәтижелері бойынша ЕАЭО мүше елдерінен шамамен 600 жуық ұсыныс пен ескертулер түскен еді. Ішкі мемлекеттік келісімге келу процедурасы шеңберінде ҚР ҰКП бизнестің талқылаған 87 түзетуін ұсынды. Бұл түзетулердің ішіне ұғымдар (терминдер), алдын ала ақпарат беру, «Қорғас» халықаралық шекара саудасы орталығы бойынша түзетулер, СЭК ТН сәйкес тауарлардың сыныпталуы, тауарлардың шыққан елін анықтау, кедендік құн, кедендік төлемдер, кеден баждарын қосып төлеу (ДСҰ ставкалары бойынша ресімделген баждар), кеден төлемдерін қайтару (ескеру), кедендік төлемдерді төлеу міндетінің орындалуын қамтамасыз ету мәселелері енді. ҚР ҰКП ұсыныстарының шамамен 60% қолдау тапты [4].

ЕЭК алаңында Кеден одағы және ЕЭК мүше-елдерінің сарапшыларымен бірге ҚР ҰКП да белсене ат салысқанын байқап отырмыз. 2013 жылғы қазанда ЕЭК алаңында кедендік заңнаманы жетілдіру жөніндегі Жұмыс тобы құрылып, оның құрамына мемлекеттік басқарудың мүдделі органдарының өкілдері ғана емес, Кеден одағының бизнес-қоғамдастықтары да кірді. Сонымен бірге ЕЭК Сараптамалық тобы құрылды және ол Жұмыс тобы мақұлдаған бағыттар бойынша ЕАЭО Кеден кодексі жобасын жасаумен айналысатын болды. ҚР ҰКП-дан ЕЭК Сараптамалық тобының жұмысына Экономикалық интеграция департаменті директоры Н. Соқыров және Кедендік әкімшілік ету департаменті директорының орынбасары Э. Каримова тікелей қатысты және олардың жұмысын үйлестірді [5]. Бизнес тарапынан сарапшылардың жұмысы үшін 2013 жылғы 30 тамызда ЕЭК-ке енгізілген кедендік заңнаманы жетілдіру бойынша үш жақты Бизнес-сұхбаттың шоғырландырылған ұсыныстары негіз болып табылды. ҚР ҰКП Экономикалық интеграция департаментінің директоры Н. Соқыровтың айтуынша: «ЕАЭО Кеден кодексі жобасына, сонымен бірге бизнес-қоғамдастықтың ұсыныстары бойынша, кедендік заңнаманы жетілдіруге, тауар айналымын және кедендік ресімдеуді үдетуге бағытталған ережелер енгізілген, мысалы, электронды кедендік мағлұмдаудың басымдылығы және Одақтың Кеден кодексінде белгіленген жағдайларда ғана жазбаша мағлұмдауды қолдану, кедендік бақылаудың назарын ресімдеу кезеңінен тауарларды шығарғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру, тәуекелдерді басқару жүйесін қолданумен кеден органының ақпараттық жүйесімен тауарларды автоматты түрде шығару (лауазымды тұлғаның қатысуынсыз), ЕАЭО кедендік аумағына әкелінетін тауарлар туралы кеден органдарын алдын-ала ақпараттандыруды оңтайландыру». Осының барлығы Кеден одағы әрекеттегі Кедендік кодексін жүйелік қайта қарауды, оның терминологиясы мен құрылымын өзгертуді талап еткені сөзсіз [5].

2014 жылдың 29-30 сәуірінде ҚР Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде ҚР мен Кеден Одағының кедендік заңнамасын жетілдіру бойынша Жұмысшы топтың отырысы өтті, оның барысында 2014 жылдың 24-29 наурыз аралығында ЕАЭО Кедендік кодексін дайындау бойынша Сараптау тобының дайындаған материалдары бойынша Кеден одағы және ЕЭК мүше-мемлекеттері сарапшыларының ұсыныстары талқыланды (Кеден кодексі жобасының 16-21 тараулары). Бизнестің сарапшылары кедендік бақылаудың жаңа формасын - камералды бақылауды орнатуды ұсынды, осылайша кедендік тексеріс формаларынан камералдық кедендік тексерісті алып тастап, оны Кодекстің жеке тарауына бөліп қоймақшы. Бұл ұсыныс ҚР салықтық заңнамасына сәйкестендіру үшін, сондай-ақ мемлекеттік органдар жүргізетін тексерістердің біркелкілігін орнату үшін жасалды. Мемлекеттік сарапшылар бұл ұсынысқа келіспеуіне байланысты бұл ұсыныс шешім қабылдау үшін басшылар деңгейінде Жұмысшы топтың отырысына шығарылады. ҚР бизнесінен сарапшылар басшылар деңгейіндегі отырысқа камералды кедендік бақылау нысандары бойынша, оның жүргізілуге мүмкін мерзімі, Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасымен қандай да бір кедендік

декларацияға қатысты камералды бақылау жүргізу оқиғалары мен тәртібі орнатылатын сілтемелік норма бойынша келіспеушіліктер шығарылатын болды [6].

Сарапшылар 2014 жылдың 14 наурызында басшылар деңгейінде өткен Жұмысшы топтың шешімін орындау мақсатында, ЕАЭО Кедендік кодексінің 122 бабы 12 тармағының редакциясын 2014 жылдың 6 мамырына дейін аяқтап бітіруге келісті. Онда көрсетілген тармақта берілген ұстаным мақұлданған, атап айтқанда, жазбаша талаптармен орнатылған мерзімде мәлімделген мәліметтерді растайтын құжаттарды кедендік тексеріс жүргізу кезінде тексерілуші тұлға бермеген жағдайда кедендік декларациядағы мәліметтерді дәйексіз деп есептеу. Сарапшылар бірлесіп Кеден кодексінің 200 бабын бір нормамен толықтыру туралы ұсыныс жасады, ол тауарларды пайдалану және (немесе) иелену бойынша шектеулермен түйіндес әкелінетін кедендік баждар, салықтарды төлеу бойынша жеңілдіктер берілген, шартты шығарылған тауарларды кедендік органға көрсетпеуге болатын жағдайларды мүше мемлекеттердің заңнамасында орнатуын қарастырады. Сол сияқты, Кодекс жобасының 135 бабының 2 тармағы 1) тармақшасын толықтыруды және оны өзге редакцияда баяндауды ұсынды, оған сәйкес тексерілетін тұлға кедендік тексеріс жүргізу кезінде осы Кодекстің 200 бабы 3 тармақшасының екінші абзацында қарастырылған жағдайларды, сондай-ақ жеңілдік берілусіз ішкі тұтыну үшін кедендік процедураға сәйкес шығарылған тауарларды қоспағанда, оларға қатысты кедендік тексеріс жүргізіліп жатқан тауарларды көрсетуге міндетті [6].

Кодекс жобасын талқылау кезінде ең басты қағида «бизнеске тиіспеу» қағидасы болды. Жобаны дайындаушылар электронды (қағазсыз) мәлімдеуді енгізу, кедендік бақылаудың назарын ресімдеу кезеңінен тауарларды шығарғаннан кейінгі кезеңге ауыстыру бойынша өз ұстанымдарын алға тартуда, бұл кедендік ресімдеуді жеделдетуге әсерін тигізеді және Кеден кодексі жобасының қосымшасы болып табылады. Сонымен қатар, құжаттардың болуы мен оларды ұсыну мерзімі жағынан кедендік ресімдеу кезеңінде де, тауарларды шығарғаннан соң да кеден органдары өз талаптарын қатайтуы мүмкін деген қауіп бар. Н. Соқыровтың пікірінше кедендік тексерісте құжаттар болмаған жағдайда және оларды кедендік орган орнатқан мерзімде ұсынбаған жағдайда декларацияда тауарларға мәлімделген мәліметтерді күмәнді деп есептеу ұсынылады.

Кеден кодексі жобасы төңірегіндегі Сараптама және Жұмыс тобының отырысы барысында кедендік ресімдеу және кедендік бақылауды жүзеге асыру басырысында туындайтын проблемалы мәселелерді шешу бойынша отандық сарапшылардың жекелеген ұсыныстары айтылды. Мысалы, кеден органдарының ақпараттық жүйелерінде іркіліс орын алған жағдайда электронды көшірмесін ұсынбастан, осындай электронды көшірмені техникалық ақаулар жойылғаннан кейін ұсынумен жазбаша кедендік декларацияны тіркеуді жүргізу ұсынысы қолдау тапты. Сондай-ақ, ҚР ҰКП сарапшыларының ұсынысы бойынша, кедендік органдар тауар сыныптамасы бойынша берген түсініктері бұрын қабылданған алдын-ала шешімге қайшы келсе, тауарлар сыныптамасы туралы алдын-ала шешімді қайтарып алу туралы шешім қабылдауға міндетті болады [5].

ҰКП департаментінің директоры Н. Соқыровтың айтуынша, ҚР мемлекеттік органдарының сарапшылары ресейлік және беларустық әріптестерінің ұсыныстарын кей жағдайларда қолдады, бұл болса бизнес үшін халықаралық сауданы жүргізу шарттарын нашарлатады. Мысалы, декларант өзге кедендік процедураға тауарларды орналастырған кезде кеден баждарының сомасынан пайыздарды орнату және алу мәселесі (уақытша әкелуден не болмаса ішкі тұтыну үшін шығаруға қайта өңдеу кедендік процедурасынан). Осындай төлемдер сомасын төлету мөлшеріне қатысты ешқандай да талдама жоқ, және де кеден баждары сомасынан пайыздар төлетуді әкімшілеуге шығындардың төлетілген пайыздар сомасынан асып түсуі де әбден мүмкін. Кедендік ресімдеу кезінде мағлұмдауда көрсетілуі қажет мәліметтер көлемін ұлғайтуға келсек, сауда процедураларын жеңілдету үшін тауарларға мағлұмдау шығару үшін айтарлықтай мәнге ие негізгі мәліметтерден тұруға тиіс және қандай да бір жағдайды нақтылаушы қосымша мәліметтермен асыра жүктелмеуге тиіс. Күмәнді мәліметтерді бергені үшін декларант әкімшілік қана емес, қылмыстық жауапқа да тартылады. Бұл жағдайда заңнама кеден декларациясында қандай мәліметтер туралы айтылып отырғанына қарамайды, негізгі мәліметтер болсын, қосымша болсын жауапкершілік тең түрде қолданылады [5].

Келесі бір даулы мәселе - бұл отандық бизнес өзінің келіспеушілігін білдірген қамсыздандыру ретінде кеден органдары қолданатын төлемдер тізбесін кеңейту (арнайы, демпингке қарсы және өтемдік баждар). ҚР ҰКП Кедендік әкімшілік ету департаменті директорының орынбасары Э. Каримованың пікірі бойынша төлемдердің көрсетілген түрлері кедендікке жатпайды және қамсыздандыруға енгізілмеуге тиіс, дегенмен, өкінішке орай, ЕЭК алаңында талқылау кезінде ҚР мемлекеттік органдары сарапшылары отандық бизнесті қолдамады, және де бұл норма Кодекс жобасына кіргізілді. Бұл норма Қазақстанның транзиттік әлеуетіне кері әсерін тигізеді. Тағы да бір мәселе - кеден баждары, салықтары мөлшерлемелерін орнататын, сондай-ақ жеңілдіктердің берілу

шарттарын өзгертетін актілер жарияланған, бірақ әлі күшіне енбеген тауарлар үшін алдын-ала кедендік мағлұмдауды қолдануға тыйым салуға қатысты болып отыр. Мұндай норманы енгізу сауда процедурасын жеңілдету бойынша тұжырымдамаға сәйкес келмейді, себебі алдын-ала мағлұмдауды қолдану механизмінің өзі ТБЖ қолдану, жеткізулер құрылымын алдын-ала зерттеп білу мақсатында әкелінетін тауарларға қатысты мәліметтерді күн бұрын мәлімдеуге бағытталған. ҚР мемлекеттік органдарынан сарапшылардың мұндай ұстанымының бизнесті жүргізуге жағымды жағдай жасауға бағытталған Елбасының тапсырмаларына қайшы келетіні сөзсіз. ҚР ҰКП сарапшыларының ұсыныстары 11 маусымда өткен телекөпір барысында пайыздарды орнату және төлету бойынша ұсынысты қоспағанда (Ресейде пайыздар төлетіледі), ресейлік бизнес өкілдерінен қолдау тапты. Ресейліктер, өз кезегінде, Кеден одағының қолданыстағы Кедендік кодексінің редакциясында бұл норманы, сондай-ақ тек әкелінетін кедендік баждар мөлшерлемесін орнататын актілер жарияланған, бірақ күшіне енбеген тауарларға қатысты алдын-ала мағлұмдауды қолданбауды қарастыратын норманы қалдыруды ұсынды. Сонымен қатар, ресейлік бизнес өкілдері DHL-Қазақстан компаниясының өкілдері ұсынған «Экспресс-тасымалдаулар» тарауын Сараптама тобының отырысында қарастыруда қазақстандық бизнес-сарапшыларына қолдау көрсетті. Оның негізгі ережелері Сараптама тобының жетінші отырысындағы талқылау қорытындылары бойынша Одақтың КК жобасына кіргізілген еді [5].

ҚР ҰКП өз сайтында ЕАЭО КК жобасын дайындауға арналған арнайы бөлім ашты. Онда Одақтың КК жобасымен жұмыс барысы туралы ақпарат, сондай-ақ Мәскеудегі сарапшылар жасап шыққан жоба тарауларының редакциялары жарияланып тұрғанын айта кетейік.

Сонымен, келтірілген мәліметтерге көңіл бөлсек ЕАЭО КК жобасын қызу талқылаудан өткендігі байқалады және осы талқылаулар кезінде бизнес өкілдері мен мемлекеттік органдар өкілдерінің бірқатар жағдайларда көзқарастары қайшы келіп отырғандығы байқалады. Біздің ойымызша, мұның себебі олардың түпкілікті мақсаты әртүрлі болғандықта жатыр, мемлекеттік органдардың өкілдері көп жағдайларда бюджетті толтыру мақсатын көздесе, бизнес өкілдері сауда-саттықтың кедергісіз әрі шапшаң жүруін алға тартып отырды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Договор о Евразийской экономической комиссии от 18 ноября 2011 года* // <http://www.tsouz.ru/MGS/18-11-11/Documents>
2. *Решение Высшего Евразийского экономического совета №98 от 23 декабря 2014 года о регламенте работы Евразийской экономической комиссии (с изменениями на 31 мая 2016 г.)* // http://www.eurasiancommission.org/ru/act/trade/Documents/P_Reshenie_1.pdf
3. *Тамозженный союз ЕАЭС* // <https://ru.wikipedia.org/wiki>
4. *Тамозженный кодекс ЕАЭС: изменения во благо бизнеса* // <http://palata.kz/ru/news/25190-tamozhennyj-kodeks-eaes-izmeneniya-vo-bлаго-biznesa>
5. *Еуразиялық экономикалық одақтың Кедендік кодексі: барлығының көңілінен шығатын құжат па?* // <http://palata.kz/kk/news/8303-8303>
6. *Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінде Кеден Одағының кедендік заңнамасын жетілдіру мәселелері талқыланды* // <http://palata.kz/kk/news/4319-4319>

Жүнісов Ж.С.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының аға оқытушысы, халықаралық құқық магистрі, E-mail: zhassulan.78@mail.ru

Сайрамбаева Ж.Т.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ халықаралық құқық кафедрасының доценті, заң ғылымдарының кандидаты, E-mail: zhuldyz_sairam@mail.ru

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ КЕДЕН ОДАҒЫ КЕДЕН КОДЕКСІ

Түйін. Мақалада Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің жаңалықтары қарастаралады. Сонымен қатар мақалада Кодекстегі негізгі 19 жаңадан енгізілген өзгерістер қарастырылған.

Түйін сөздер: Еуразиялық экономикалық одақ, Кеден одағы, Кеден кодексі, декларация, қатысушылар.

Резюме. В статье рассматриваются новизны Таможенного кодекса Евразийского экономического союза. А также в статье рассмотрены 19 новых положений, которые внесены в Кодекс.

Ключевые слова: Евразийский экономический союз, Таможенный союз, Таможенный кодекс, декларация, участники.

Summary. The article considers the novelty of the Customs code of the Eurasian economic Union. And in the article 19 of the new provisions, which are included in the Code.

Key words: The Eurasian economic Union, the Customs Union, the Customs code, the Declaration, the participants.

Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден одағы — ортақ нарықтың маңызды бөлігі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің кеден одағы. Кеден одағына қатысушы елдер үшінші елдермен саудасында бірыңғай кеден тарифтерді және өзге де реттеу шараларын қолданады.

Кеден одағына қатысушы елдерге Қазақстан (2010 жылдың 1 шілдесінен), Ресей (2010 жылдың 1 шілдесінен), Беларусь (2010 жылдың бшілдесінен), Армения (2014 жылдың 10 қазанынан. Қосылу туралы Шартының күшіне енген күні: 02 қаңтар 2015 жыл) және Қырғызстан (2015 жылдың 8 мамырынан. Қосылу туралы Шартының күшіне енген күні: 12 тамыз 2015 жыл) жатады.

16 қараша 2016 жылы Еуразиялық үкіметаралық кеңесінің ұйғарымымен Еуразиялық экономикалық одақтың (ЕАЭО) Кеден кодексі туралы Шарт қабылданып, қол қоюға шығарылды [1].

2016 жылдың 26 желтоқсан күні Жоғарғы Еуразиялық экономикалық кеңестің Санкт-Петербург қаласында өткен отырысында ЕАЭО елдерінің басшылары Одақтың Кеден кодексі туралы Шартқа қол қойды. ЕАЭО Кеден кодексі 2017 жылдың 1 шілде күнінен бастап күшіне енді.

Жаңа құжат 2013 жылдың желтоқсан айынан бастап, яғни үш жыл бойы дайындалды. ЕАЭО Кеден кодексін дайындау үдерісіне мемлекеттік органдар өкілдерімен бірге алғаш рет ЕАЭО мүше мемлекеттерінің бизнесі өкілдері де қатысты.

ЕАЭО Кеден кодексі Еуразиялық экономикалық одақ пен Қазақстан Республикасында кедендік реттеуді іске асыратын негізгі құжат болып табылады және Одақ құқығын құрайтын негізгі құжаттар тізіміне кіреді. ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдерінің ЕАЭО Кеден кодексінің жобасын дайындау жұмысына қатысуы мұндай стратегиялық құжатты дайындау және талқылау сатысында кәсіпкерлер қауымдастығының көптеген мәселелерін шешуге мүмкіндік бергені сөзсіз. Сол проблемалардың ішінен келесі ең ірі мәселелерді атап өтуге болады:

- қолданыстағы заңнама мен қалыптасқан практиканың жетілдірілуі;
- кеден үдерістерінің ескіруі және оларды модернизациялау қажеттілігі;
- әкімшілік кедергілерді қысқарту керектігі;
- кеден шекарасын өтуді және мемлекет ішіндегі кедендік «тазарту» жүргізуді жеделдету;
- кеден ісі бойынша заманауи ақпараттық технологиялар мен халықаралық стандарттарды енгізу;
- сыртқы экономикалық қатынастарға қатысушылармен және өзге де кеден төңірегіндегі инфрақұрылымға қатысушылармен (тасымалдаушылар, қоймалардың иелері, арнайы экономикалық аймақтардың резиденттері, кеден брокерлері және т.б.) кеден органдарының қарым-қатынасы кезінде жемқорлық көріністерін жоққа шығару.

Жобаны дайындаушылар алдында, негізгі мәселеден (яғни, қолданыстағы кеден заңнамасын жаңарту) басқа, ЕАЭО Кодексінің мәтініне Кеден одағының кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін Кеден Одағындағы кедендік құқықтық қатынастарды реттейтін 30-дан асатын халықаралық шарттарды кодификациялау мәселесі де тұрды.

ЕАЭО Кеден кодексінің жобасын дайындау кезінде бизнестің қойған негізгі мәселелері келесілер еді:

- әрбір шаруашылық субъектісінің өз құқықтары мен міндеттерін білетіндей нақты да анық құқықтық қатынастарды орнату;
- кеден органдарының шешім қабылдаған кездегі субъективизмін жоққа шығару, соның ішінде ақпараттық жүйелер мен ақпараттық технологияларды қолдану арқылы;
- кеден операцияларын жүргізу мерзімдерін қысқарту;
- уәкіл етілген экономикалық операторлар институтын одан ары дамыту;
- жалпы алғанда, кеден заңнамасындағы да, заңнаманың басқа салаларындағы да коллизияларды (қақтығыстарды) жою [2].

Үш жыл жүргізілген жұмыстың нәтижесі болып табылатын Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 9 бөлімнен, 61 тараудан және 465 баптан тұрады [3].

Жаңа Кодекс жобасын дайындау мерзімі үш жылға созылғандығы мұндай ауқымды құжат үшін үлкен емес. Мысалы, Еуропалық одақтың кеден заңнамасын әзірлеу он жылдан астам уақытқа созылды. Сарапшылар Кеден одағының Кеден кодексі бойынша алты жыл жұмыс істеу кезінде барлық анықталған, құқық қолдану практикасындағы олқылықтар мен алшақтықтарды жаңа Кодексте біржақты жазып белгілеуді ұсынды және соның нәтижесінде дайындау мерзімі созылып кетті. Еуразиялық экономикалық комиссиясы Кеден заңнамасы және құқық қолдану практикасы департаменті директорының орынбасары Е. Бричева кедендік реттеу мәселелеріндегі ұлттық және ұлтүсті сегментінің өзгеруі туралы әңгімелеп берді. Оның айтуынша қолданыстағы Кеден кодексінде 330 сілтеме норма қамтылған, олардың бестен екісі – салықтық, валюталық, әкімшілік, азаматтық және заңнаманың басқа да салаларына сілтеме нормалар. Мұндай сілтеме нормалар жаңа Кодексте де қалды. Ал кедендік реттеуге байланысты сілтеме нормалар (олардың саны Кеден одағының қолданыстағы Кеден кодексінде 211) түбегейлі қайта қаралды.

Жаңа кодекс мәтінінің өзінде ұлтүсті деңгейге ауыстырылған нормалар қатарында кеден өкілінің ортақ міндетін, тауарлардың шығарылған жері туралы алдын ала шешімдер қабылдау мәселелерін реттеуді, толық емес декларациялау, кезең-кезендік кедендік декларациялау сияқты декларациялау ерекшеліктерін және жиналмаған немесе бөлшектелген түрде, соның ішінде жиынтықсыз немесе аяқталмаған түрде тасымалданатын тауарларды кедендік декларациялау ерекшеліктерін атауға болады. Сонымен қатар Кодекстің қабылдануымен Комиссия реттейтін мәселелер саны айтарлықтай артады, өйткені ЕАЭО Кеден кодексінде Еуразиялық экономикалық комиссия құзыретін көздейтін 279 норма қамтылған. Бұлар - жинақтарды, анықтамалықтарды, жиынтық тізілімдерді және ақпаратты қалыптастыру жөніндегі құзыретті есептемегендегі нормалар. Осы 279-дың 96-сы қолданыстағы құзыреттер, ал 183-і Комиссияның жаңа құзыретін көздейді [4].

ЕАЭО Кеден Кодексінің [5] негізгі жаңалықтарына келетін болсақ, олар [6, 112 б.]:

1) Электрондық кедендік декларациялауды қолдану басымдығы және жазбаша декларациялауды тек айрықша жағдайларда ғана қолдану – бұл Кодекстің басты жаңалығы (қағаз технологиялардан толық бас тарту);

2) Кедендік декларацияны тіркеу мен тауарларды ішкі нарыққа жіберуге байланысты кедендік операцияларды автоматты түрде, яғни кеден органдарының ақпараттық жүйелерін қолдану арқылы, жүргізу мүмкіндігі – әлемнің санаулы елдерінде ғана іске асырылған абсолютті жаңалық;

3) Тауарлық декларация мен транзиттік декларацияда көрсетілуге тиіс мәліметтердің оңтайлануы (оптимизация) – бұл мәліметтер саны маңызды түрде қысқартылмағанмен, болашақты ондай қысқартылу мүмкіндігі қарастырылған;

4) Кедендік декларацияны толтыруға негіз болған құжаттарды кеден органына көрсетпестен декларацияның өзін ғана беру мүмкіндігі - транзитті декларациялаудан бастап тауарды ішкі нарыққа жіберуге дейінгі барлық сатыларда декларациялаудың мәлімдеу қағидасына мүмкіндік қарастырылған;

5) Тауардың кеден аумағына әкелінуіне және әкетілуіне, сондай-ақ кедендік декларациялау мен тауарды ішкі нарыққа жіберуге байланысты кедендік операцияларды жүргізу кезінде «бір терезе» тетігінің қолданылуы. Бұл құжаттарды бір рет ғана ұсыну қағидасы. Егер ақпарат мемлекеттік органдардың мәліметтер базасында бар болса, кедендік бақылау кезінде ол ақпарат ұсынылмайды;

6) «Декларант» ұғымын қайта қарастыру және сол арқылы декларациялануды оңайлатуға, сыртқы экономикалық мәміле түсінігінен арылуға, ЕАЭО резиденттері арасындағы мәмілелер бойынша кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларды декларациялау бойынша проблемаларды шешуге қол жеткізілді;

7) Кедендік декларация берілгенге дейін (кедендік декларациялауға дейін) тауарды ішкі нарыққа шығару мүмкіндігінің кеңейтілуі – мұндай мүмкіндік уәкіл етілген экономикалық операторлардың тауарлары мен экспресс-жүктер бойынша ғана емес, сондай-ақ инвестициялық контрактілер мен экономикалық процедуралар шеңберінде де қарастырылған, бұл болса келген жүктердің 70% жуығын декларациясыз бірден пайдалануға мүмкіндік береді, ал декларацияны тауар ішкі нарыққа шығарылғаннан кейін бір ай ішінде беруге және төлемдерді пайызсыз кейінге шегеруге мүмкіндік туғызады;

8) Импорттық кеден баждарын төлеу мерзімі бойынша шегерім беру мәселелері қайта қарастырылды. Ендігі жерде, егер қамтамасыз етілген жағдайда және кейіннен пайыздар төленетін болса, тауарларды ішкі нарыққа жібергеннен соң баждарды төлеу мерзімі барлық жағдайларда 30 күнге дейін шегерілуге мүмкіндік туғызылды. Пайызсыз шегерім жағдайларының тізімі Еуразиялық экономикалық комиссия шешімі арқылы қосымша кеңейтілуі мүмкін;

9) Алдын ала ақпарат беру мен оны пайдалану тетіктері қайта құрылды - енді кеден органдары берілген ақпаратты бағалауға, оны декларанттың өтініші бойынша тауардың келуі туралы хабарлама ретінде, уақытша сақтау, транзит және декларациялау үшін құжат ретінде пайдалануға міндетті. Алдын ала хабарлау жүйесін енгізу арқылы жүктерді шекарадан өткізу процедураларын тездетуге және оңайлатуға мүмкін пайда болды;

10) Алдын ала декларациялау тәсілдері нақты реттелінді - заңнаманың өзгеруі бұрын беріліп қойған декларация бойынша тауарды ішкі нарыққа жіберілу шарттарын өзгертпейді (жаңа тыйымдар мен шектеулерді есептемегенде). Егер жүк алдын ала декларацияланып қойған болса, кеден бажы ставкаларының өзгеруі бұрын төленген ставканы өзгерте алмайды;

11) Сыныптау шешімдерін қайта қарау мәселелері нақты түрде ретке келтірілді. Тауарлардың сыныпталуы үшін берілген құжаттардың анық ауыстырылғаны расталмаса, жаңа сыныптау шешімдерінің қабылдануы бұрынырақ берілген кодтар бойынша жаңа төлемдерге алып келмеуі тиіс. Енді Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасы кодтарының өзгертілуі қазіргідей кәсіпкерге пеня (айып) төлеу міндетін жүктемейді. Бұл болса талап-арыз берудің ескіру мерзімін қысқартпайды және кеден органдарының нақты назарын посткедендік бақылауға ауыстырады;

12) Уәкіл етілген экономикалық операторлар үшін арнайы жеңілдіктер тізімі біраз кеңейтілген - уәкіл етілген экономикалық операторларының жаңа жүйесі уәкіл етілген операторлардың торабын құруға мүмкіндік туғызады: тасымалдаушы, қойма иесі, брокер, декларант. Уәкіл етілген тасымалдаушы (бірінші типтегі куәлік) кедендік транзит процедурасы бойынша тауарларды тасымалдау кезінде толық қозғалу еркіндігіне және минималды бақылауға қол жеткізеді. Транзит бойынша уәкіл етілген оператор ЕАЭО бүкіл аумағында танылатын болады. Адал тасымалдаушы барынша мүмкін оңтайландырылған процедуралармен және барынша аз бақылаумен бүкіл ЕАЭО аумағы бойынша транзиттік тасымалдаулар жүргізе алады;

13) Транзит кезіндегі бақылау жүргізу мерзімі қысқартылды. Егер барлық кедендік процедуралар бойынша (тексеру, байқау, сараптау және т.б.) мерзім 10 күнді құраса, транзит үшін бұл мерзім - 5 күн деп белгіленіп отыр.

14) Мультимодульды тасымалдауларды бірғана тасымалдау құжатымен декларациялау мүмкіндігі қарастырылған. СЭЖ қатысушыларына жолда келе жатқан барлық жүктерге бір ғана транзитті декларацияны толтыру мүмкіндігі беріліп отыр. Оның бір ғана шарты– барлық жүктеу мен қайта жүктеулерді және көлік түрлерінің ауыстырылуын қоса алғанда жүктің жеткізілуін ұйымдастыратын, барлық ережелердің бастан аяғына дейін сақталуын бақылайтын бір жауапты тұлғаның болуы. Бұл болса "Қазақстан темір жолына" ұлттық оператор болып, мультимодульды тасымалдауларды бір контракт және бір көлік құжаты бойынша жүзеге асыруға мүмкіндік береді;

15) Кеден өкілдерінің жауапкершілігі нақты реттелген. Егер кеден өкілі декларанттың берген құжаттары жалған екіндігін білмеген болса және білуі де мүмкін емес болса, ол жауапқа тартылмайды және төлемдерді төлеу бойынша біріккен міндет оған жүктелмейді;

16) Арнайы экономикалық аймақтардағы қызметке бақылау қайта қарастырылды. Енгізілген өзгерістер Арнайы экономикалық аймақтар шеңберіндегі бақылау және әкімшілік ету мәселелерін, оның ішінде лгистикалық Арнайы экономикалық аймақтар (мысалы, «Қорғас - Шығыс қақпасы») мен «Қорғас» халықаралық шекаралық сауда орталығының айрықша экономикалық аймағындағы мәселелерді шешуге мүмкіндік береді;

17) Бажсыз сауда дүкендерінің қызметіне кеңейтілді. Мұндай дүкендерді бүгінгідей тек елден шығу жерлерінде ғана емес, елге кіру жерлерінде де ашуға мүмкіндік туындап отыр. Бажсыз сауда дүкендерінде ЕАЭО ішіндегі сауда рұқсат етіледі. Мысалы, Мәскеуге ұшып бара жатып, қазақстандық тұлға мұндай дүкеннен сауда жасай алады;

18) Кеден өкілдерінің (брокерлердің) қызметін қамтамасыз ету қаражатын қайта қарастыру. Бүгін брокерлер үшін мұндай қаражат - 1 млн. евро құрап отыр. Бұл соманың көлемін ЕАЭО шешімімен өзгерту мүмкіндігі енгізілді;

19) Шартты түрде жіберілген тауарларға бақылаудың қысқартылуы. 2010 жылдың 1 шілде күніне дейін кіргізілген тауарларды, олардың ішінде жер қойнауларын пайдаланушылардың таураларын, бірақ шартты түрде ішкі нарыққа жіберілген (жеңілдігі бар) тауарларды кедендік бақылаудан алып тастау мүмкіндігі қарастырылған. Бүгінгі күні мұндай тауарлар мерзімсіз уақыт бойы кедендік бақылауда тұрады, сондықтан, мысалы, ТеңізШевроОйл, Филипп Моррис сияқты компаниялардың кіргізген тауарларын бұрын берілген жеңілдіктердің төленуін және өсімпұлды ескере отырып, сатуға, өндеуге, сыртқа шығаруға болмайды. Сол сияқты Дүниежүзілік Сауда Ұйымы ставкалары бойынша кіргізілген тауарларды бес жылдан кейін кедендік бақылаудан алып тастау көзделген.

ЕАЭО Кеден кодексі туралы Шартқа қол қойылғаннан кейін Қазақстан аумағында жүзеге асыру үшін осы Шартты Парламент ратификациялады.

Одан кейінгі келесі қадамдар – Қазақстан Республикасы жаңа Кеден кодексінің қабылдау («Қазақстан республикасындағы кедендік реттеу туралы» ҚР Кодексі 2017 жылғы 26 желтоқсанда қабылданып, күшіне 2018 жылдың 01 қаңтарынан бастап енді), Еуразиялық экономикалық комиссияның тиісті шешімдерін даярлау, ЕАЭО Кеден кодексінің сілтеме жасаған нормаларын іске асыруға бағытталған кедендік реттеу саласындағы Қазақстанның заңға бағынышты актілерін қабылдау.

ЕАЭО Кеден кодексі арқасында Одақтың сыртқы шекарасындағы кедендік ресімдеу біріздендіріліп, тауар тасымалдау шарттары айтарлықтай оңайлатылатын болады [7].

Ең соңғы сатыда Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті кәсіпкерлік қауымдастығына ЕАЭО Кеден кодексінің ережелерін түсіндіру жұмыстарын жүргізуі тиіс, соның ішінде аймақтарға барып түсіндіру жұмыстары да қарастырылған.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Распоряжение Евразийского Межправительственного Совета от 16 ноября 2016 года №19 О проекте Договора о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза* // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36141957
2. *Таможенный кодекс ЕАЭС: изменения во благо бизнеса* // <http://palata.kz/ru/news/25190-tamozhennyj-kodeks-eaes-izmeneniya-vo-bлаго-biznesa>
3. *Таможенный кодекс ЕАЭС 2017* // <http://tkeaes.ru/>
4. *Кадыркулов М. Үш жыл – ЕАЭО Кеден кодексі секілді ауқымды халықаралық шартты дайындау үшін ұзақ мерзім емес* // <http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/07-12-2016-5.aspx>
5. *Проект Договора о Таможенном кодексе Евразийского экономического союза (16 ноября 2016 года)* // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=31645014#pos=0;0
6. *Евразийский экономический союз: новая реальность – новые возможности: под общ. ред. Валовой Т.Д. – М., 2017. – 168 с.*
7. *Еуразиялық экономикалық одақ елдері Кеден кодексінің жобасына келісті* // <http://www.eurasiancommission.org/kk/nae/news/Pages/2016-08-12-1.aspx>

Бегманова Ж.С.

эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті
Халықаралық құқық кафедрасының магистранты, ms.zhazirusha@mail.ru

Даркенбаев А.И.

заң ғылымдарының кандидаты, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ
asxat_dar@mail.ru

МҰСЫЛМАН ҚҰҚЫҒЫНДА АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ ТҮСІНІКТЕМЕСІ

***Түйін.** Бұл мақалада автор исламдағы адам құқығының дәрежесі туралы қамтиды. Исламдағы адам құқығы Құран мен сүннеттерге және хадистерге негізделген. Дегенмен, басты мәселе Батыс мәдениетінде шариғатқа қарағанда өзгеше сипатталады. Сондықтан ережелер Исламға сәйкес Араб мемлекеттерінің бастауымен қарулы күш аясында жүзеге асады.*

***Резюме.** Авторами рассмотрены особенности шариата и правового статуса личности в исламском праве. Поскольку шариат плохо сочетается с другими правовыми культурами, большинство мусульманских государств, сохраняя принципиальные положения Корана и Сунны Пророка, внедряют в свои правовые системы общепризнанные нормы международного права в области прав человека. Вместе с тем основная проблема заключается в том, что западный стандарт прав человека, закрепляющий универсальный характер прав человека, не учитывает национальной специфики традиций и культур восточных народов.*

***Summary.** The authors consider the features of the Sharia and the legal status of the individual in Islamic law. Since Sharia is not compatible with other legal cultures, most Muslim states, while maintaining the fundamental principles of the Qur'an and the Sunnah of the Prophet, introduce into their legal systems generally recognized norms of international law in the field of human rights. At the same time, the main problem is that the Western standard of human rights, which establishes the universal character of human rights, does not take into account the national specifics of the traditions and cultures of Eastern peoples.*

Ұстанушылар жағынан әлем бойынша үшінші орынды иленетін ислам діні мен сан қырлы ислам әлемі туралы, ислам қоғамының рухани, моральдық және өнегелік құндылықтар жүйесі туралы қоғамның пікірі мен көзқарастары, ең алдымен осы діннің ұстанушылары туралы біржақты түсінік ұялататын дүрліккен «ислам фундаментализм!» турасындағы басылымдар арқылы қалыптасып отырғаны белгілі. Сонымен бірге, қоғам өмірінің заңды, әлеуметтік және экономикалық нормалары, оның ішінде адам құқықтары бойынша да Құранда және оған негізделген мұсылман құқығында егжей-тегжейлі сипатталады, тіпті ол белгілі Декларация және Хартиялармен салыстыруға да тұрарлық.

Он төрт ғасыр бұрын ислам адамзат баласына адам құқықтарының мінсіз кодексін берген болатын. Бұл кодекстің басты мақсаты-әділетсіздік пен қанаушылықты шектеп, адамзат баласының ар-намысы мен қадір-қасиетіне кепілдік беру болып табылады.

Ислам дінінде адам құқықтарының тұжырымдамасы тек Аллаһ тағала ғана барлық заңдардың негізін салушы және адам құқықтарының барлығының бастауы болып табылады деген сенімге негізделеді. Ұлы Жаратушының сыйы болған адам құқықтары өзінің табиғатының күшіне орай бір үкімет, басшы, не қандай да бір басқарушы топ тарапынан қысқартылуға немесе ықшамдалуға жатпайды. Ешкімнің де өз қалауы бойынша оларды өзгертуге құқығы жоқ. Исламда адам құқықтары ислам құрылымының ажыратылмас бөлігін құрайды, осыны барлық мұсылман үкіметтері мен ұйымдары бұлжытпай орындауға міндетті. Алайда, бүгінгі таңда әлемнің бірқатар елдерінде, соның ішінде ислам мемлекеттерінде де адам құқықтарының аяққа тапталуы жанды тебіренеді. Осындай анық құқықбұзушылықтар бүкіл әлемде саны артып келе жатқан адам баласының әлеуметтік сана сезімін оятып, үлкен мәселе туындатып отыр. Әрбір адам Аллаһ тағала тарапынан сыйға берілген құқықтарын сөзсіз қорғай білуі керек. Өйткені, осы адам құқықтары мәселесі бүгінде батыстың да, мұсылман әлемінің де басты талқыланатын тақырыбына айналып отыр.

Исламның адам құқықтары тұжырымдамасы батыстың әдетте әмбебап әрі қоғамдық құндылықтарға негізделген деп көрсетуге тырысатын тұжырымдамасынан өзгеше келеді. Дегенмен, айтарлықтай айырмашылық болмаса да, олардың түпкілікті маңызы бар, өйткені, исламдағы адам құқықтары көбіне адамның рухани дүниесіне байланысты болатын өнегелі- этикалық шектеулерге құрылады [1].

Шығыс Араб елдерін демократияландыру көптеген ислам мемлекеттерінде адам құқықтарының қазіргі конституциядағы қажеттілігін нығайтты. Сондықтан, тек жиырмамыншы ғасырдың соңынан бастап адам құқықтарының исламдағы ролі, олардың халыққа әсері ғылыми-зерттеудің объектісі

болды. Бұл бірқатар себептермен түсіндіріледі. Біріншіден, адам құқықтарының проблематикасы Шығыстың діндік құқығында қарастырылмады. Екіншіден, батыс еуропаның адам құқықтары туралы идеялары ислам мемлекеттерінің мемлекеттік-құқықтық жүйесіне жақында ғана енгізіле бастады, және бұл талап исламдық құқық теориясына ұғынуға алып келді. Үшіншіден, Таяу Шығыс елдерінің табысты дамуы үшін ғана емес, сондай-ақ еуропалық қоғамдастыққа адам құқықтары мен мұсылман құқығының постулаттарының арақатынасындағы "жалпы бөлімін" табу маңызды, себебі адам құқығының жүйесі батыс түсінігінде көбінесе сәйкес келмейді немесе дәстүрлі құндылықтарға мүлдем қайшы келеді.

Кез келген Араб мемлекетіндегі билікте демократияға аса мән берілгендіктен өткен ғасырда адамның жеке құқығы деген тақырып мүлде талқыланбады [2, 4 б.].

XX ғ. 70-ші жылдарынан кейін барлық дерлік араб елдері демократияландыру процесіне тартылды, нәтижесінде өркениеттену процессінің әлеуметтік-саяси дамуында исламның рөлін арттырды. Бүгінде әлемдік саясатта адамның жеке құқығы қаншалықты маңызды болса, соншалықты мемлекет дамиды [1,3-4б.]. Дегенмен батыстың өзіндік мәдениеті Исламның қағидаларына қайшы келеді.

Әзірге батыстық өркениеттің құндылықтары адам құқықтары туралы персонцентристік идеялармен жоғары индустриялық даму деңгейіне бағдарланғандықтан, Шығыстың діни-дәстүрлі құқығымен сәйкес келмейді. Себебі онда анықтаушы рөлді дін және Аллаға деген сенім атқарады. Ал оның догматы Құдайдың алдындағы түрлі міндеттемелермен, мемлекетпен, қоғаммен негізделеді.

Тұлғаның құқықтары мен бостандықтары туралы тақырып күрделі проблемалардың бірі және тіпті қақтығыстардың арасында көрсетіледі. Соның салдарынан Исламдағы адамның бостандығы мен құқығы батыста көптеген түсініспеушіліктер тудыруда [3,8-10бб.].

Халықаралық құжаттарда барлық мемлекет пен халықтарға тең үлгі қарастырылған [4]. Үлгі бойынша адамның жеке құқығы мемлекеттің тарихы мен мәдени оқиғаларына байланысты емес. Сондай-ақ, адамның жеке құқығына сәйкес мемлекеттегі жүйе халықаралық үлгіге сәйкес келмесе, ол жүзеге аспауы тиіс [5, 3 б.]. Соңғы уақытта халықтардың мәдениеті мен тәрбиесіне сәйкес адамның жеке құқығын қалыптастыру жөнінде сөз қозғалуда. Бұл ретте көптеген авторлар әмбебап жеке құқық қалыптастыру керегін айтуда. Лукашев Е.А., Марченко М.Н., Комлев Н.А., Шестаков Н.А., Чесноков А.А. және т. б. ғалымдардың пікірінше, адам құқықтарының стандарттары бір жақты сипатқа ие, өйткені олар еуропалық емес өркениеттер үшін қолайлы емес. Адам құқықтары мен бостандықтары туралы жарияланған халықаралық актілердің әмбебап мен жоғары құндылығы, шын мәнінде әлемдегі әр түрлі халықтардың мәдени және өзге де ерекшеліктерін ескеретін әмбебап сипатта болмады. Олардың көбі халықаралық деңгейде белгіленген адамның жеке құқығы үлгісі барлық мемлекеттер мен халықтарға сәйкес келмейді. Ол тек қана адам құқықтары туралы Батыстық стандарттарға негізделген, нәтижесінде мұндай қағидалар көптеген елдерде еркін түрде және күш қолдану нәтижесінде қабылдануда (мысалы, Ауғанстан, Ирак, Йемен және т.б. мемлекеттерде) [6, 396 б.].

Осындай қақтығыстардың нәтижесінде сарапшылардың бастамасымен құқықтану ғылымында "мәдени релятивизм" деген термин пайда болды. Бұл термин екі бағытта қарастырылады: радикалды және қалыпты. Радикалды үлгісіне келетін болсақ, адамның құқығы – батыстық мәдениетке негізделген және бүкіл әлемге насихатталатын тұжырымдама. Радикалды релятивизмді жақтаушылар адам құқығын сақтау, мәселен, Ливияда, Сомалида адамдардың құқығын қорғау мемлекеттің билігіне араласу деп сендіреді. Ал қалыпты релятивизмге келсек, адам құқығы моральдік және рухани құндылықтарға сай барлық халыққа бірдей. Дегенмен бұл құқық түрі жүзеге асу үшін адамдардың түсінігі мен мемлекеттің даму дәрежесі жоғарғы деңгейде болуы керек [7, 25 б.].

Қалыпты релятивизм тұжырымдамасын ұстана отырып бұл тәсілдің объективтілігі мен парасаттылығына көңіл аударғым келеді. Қалыпты релятивизмнің артықшылығы адамның жеке құқығы оның менталитеті мен мәдениетіне сәйкес айқындалады [8, 28 б.]. Дегенмен, барлық халыққа бірдей әмбебап қалыпты релятивизмдік жүйе қалыптастыру мүмкін емес.

Кез келген адамның тұрғылықты жеріне, нәсіліне, тіліне, шығу тегіне қарамастан жеке құқығы болуы шарт [9, 27 б.]. Сондықтан соңғы кезде ғалымдар бәріне бірдей әмбебап құқық түрін жасауға күмән келтіруде [10, 230 б.]. Бір адамның құқығын тұтас мемлекетке негіздеуге болмайды. Ал оны қарулы күштер көмегімен енгізу қауіпті жағдайға әкелуде. Оның дәлелі Таяу Шығыстағы қақтығыстар мен халықтың қорқынышы. Сондықтан көптеген араб құқықтанушылары мен саясаттанушыларының адам құқықтары мәселесіне қатысты теріс қарым-қатынасы заңды құбылыс. Сәйкесінше, бірқатар ислам мемлекеттерінің адам құқықтары туралы идеяларды қабылдамауы олардың жеке құқықтық мәдениетін сақтап қалуға әрекеті болып табылады [11, 82 б.].

Бүгінде заманауи Араб мемлекеттерін шартты түрде екіге бөлуге болады. Бірінші топқа халықаралық үлгідегі адамның жеке құқығын қабылдамайтындарды жатқызамыз (мысалы, Пәкістан, Иран). Екінші топқа шарифат пен халықаралық адам құқығының үлгісін біріктіріп, мемлекеттік деңгейде жүзеге асыруға талпынғандар жатады. Бұндай мемлекеттер, мемлекеттердің үкіметтері бір мезгілде "ислам" институттарын және "зайырлы" саяси институттарды, яғни президент, парламент, саяси партиялар сынды қазіргі заманғы билік нысандарын қалыптастыра отырып, конституциялық деңгейде адам құқықтарын бекітетін мемлекеттер. Бұл топқа Түркия, Мысыр, Ирак және Сирия сынды мемлекеттерді енгізуге болады [12, 15 б.].

Алайда, көптеген араб мемлекеттері нормативтік қарым-қатынаста жеке тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарына қарамастан діни, әрі дәстүрлі мәдениетті мойындады. Бұл ретте қисынды дәлел де бар. Өйткені, «ислам» тек дін ретінде емес, мұсылмандардың өмір салтына айналған [3, 6 б.]. Ислам елдерінде заңды нормалар және діни заңнамасына байланысты барлық әлеуметтік нормалар дінгесәйкес келеді және әр тұлғаның өмірінің реттеуші, әрі басқарушы бөлігі [13, 22 б.]. Бұл – бірінші мәселе. Екінші мәселе – діннің ерекшелігі, яғни исламдық құқықтың негізі бағынушылықты айқындайды. Тиісінше, шарифат идеясына негізделген міндеттемелер адамға ғана емес, оның құқықтарына да жүктелген. Батыс тұжырымдамасына сәйкес, керісінше, басым идея жеке бас бостандығы [14].

Ал Ислам мемлекеттерінің заңнамасына назар салсақ, адамға міндеттелген нормалар екіге бөлінеді. Бірінші топ (мысалы, Пәкістан, Иран) – бұл діни нормаларға байланысты жеке тұлға орындауы тиіс діни міндеттері болған, дегенмен уақыт өте белгілі өзгеріске ұшыраған. Екінші топта барлық нормалар шарифат қағидаларын негізделген. Шарифат ережесіне сай әр мұсылман кез келген амалын Алла разылығы үшін жасайды және ол тиым салған дүниелерден бойын аулақ ұстайды. Егер бір әрекетке қатысты Құранда тыйым салынбаса, онда ол жасауға болатын әрекеттер деп түсіндіріледі. Мұсылмандардың негізгі дерек қоры – Құран. Дегенмен Ислам мемлекеттерінің заңнамасында «міндеттемелерсіз заң жоқ, заңсыз міндеттеуге болмайды» деген тұжырымдама бар. Жоғарыда баяндалғанды ескере отырып, егер тұжырымдауға ислам тұжырымдамасының негізі адам құқықтары болса, онда шарифат бойынша ол исламмен рұқсат етілген нормалар реттейтін әрекеттер жиынтығын білдіреді және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауға бағытталған [2, 6 б.].

Аталған құқықтық реттеудің ерекшеліктері мәртебесін адам шарифат емес, құралған, сөздері қазіргі заманғы көріністермен мәртебесі туралы жеке тұлғаның батыс еуропалық юриспруденциясын да қамтиды. Сонымен қатар, жаһандану жағдайында икемділік, құқықтық реттеу және өзара құқық алмасушылық нормалары бірінші жоспарға шығады. [15, 9 б.].

Араб елдерінде жеке адамның құқықтық мәртебесінің мазмұны жалпы жұрт таныған нормаларын, адам құқықтары туралы ислам құқығын өзгертті. Мұсылман құқығындағы құқықтық мәртебесі жеке тұлғаның әрбір адамға, жынысына, тіліне, діни керек-жарақтары және егжей-тегжейлі реттеу саласындағы жеке құқығын мемлекет қамтамасыз ету керек деп сипаттайды. Нәтижесінде жеке-құқықтық саладағы құқықтық конструкциялар мен ұғымдар, нақты заңды критерийлер елеулі рөл ойнай бастады. Бірақ жетекші рөл діни-этикалық нұсқамаларының сақталуы, жария-құқықтық салада ислам құқығын шектейтін әсері жалғасып отыр. Нәтижесінде әрекет үйлесімі құқы институттарының қазіргі заманғы жағдайға қарай түрленуіне, тіпті негізгі мақсатын өзгертуіне әкелді (мысалы, Йемен, Ирак, Пәкістан, Ауғанстан және т. б.).

Осы ерекшелігіне ескере отырып, А. М. Васильев бұл ислам және либералды құқықтары мен бостандықтар арасында жеке тұлғаның келешегі үшін ортақ шешім мен келісім табуды ұсынды. Егер батыс елдерінде биліктің қайнар көзі – заң болса, мұсылман құқығындағы қайнар көзі – Алланың қалауы.

Қазіргі заманғы халықаралық стандарттар тұлғаның құқықтары мен бостандықтары еркіндік және теңдікте жатыр, ал орталық принциптері ислам тұжырымдамасы ретінде әділдік және Құдайға мойынұсыну болып саналады.

Дегенмен мұндай ерекшелігіне қарамастан адам құқықтарының саласында ғалымдар қазіргі заманғы исламдық құқықтану өзгешелігін ресми түрде мойындайды. Себебі әлемде қандай жағдай орын алса да, Ислам дінін жамылып, өзге адамдар қасіреті мол әрекет мен амалдарға бой алдырса да, асыл діннің қадір-қасиеті жоғалған жоқ. Дегенмен исламда маңызды құқықтық салаға қатысты айырмашылықтар арасындағы діни және зайырлы тараптар адамды бөлмейді. Сондықтан, түсіну мен тәжірибе құқықтарын іске асыру араб елдерінде жүзеге асуда, дегенмен батыс және басқа да мемлекеттер ғаламда олардың діни көзқарасы жоқ деп түсіндіруде.

Алайда, ислам құқықтық ой туралы айтқанда, мәні, тағайындау және шекарасы адам құқықтары, шын мәнінде, еуропалық көзқараспен, бірақ құрастыру кезінде тиісті нормаларды түсіндіру олардың

занды мазмұнының исламқұқық бағдарланған көрсетуді бірізділікті жалпыға бірдей танылған халықаралық-құқықтық нормаларын жасайды. Сондықтан, қазіргі исламшариғат пен батыс тұжырымдамасындағы жеке адамның құқықтары мен бостандығын қарама-қарсы қоймай, ортақ бір арнаға ойыстыруды мақсат етеді. Шын мәнінде, бұл екі үрдіс қазіргі заманғы ислам теориясы. Бір жағынан, ислам құқықтық жүйесі қоғамда жеке адам құқығын, құқықтық сана, өзіндік діни және әлеуметтік құндылықтарды, дәстүрлі тәртіпті сақтауға бағытталған. Көптеген мұсылман мемлекеттері адамның жеке құқықтарын конституцияда бекітуге талпынды.

Адам құқығы ислам мәдениетінде маңызды рөл атқарады, өйткені мұсылман елдерінің көпшілігінде олар конституциялық деңгейде бекітілген. Егер екі мәдениетті салыстыратын болсақ, ислам мен батыс тұжырымдамасы ұқсас, себебі олардың арасында негізгі құқықтары мен бостандықтарының мазмұнына сай жеке құқықты құрметтеу және реттеуді атап өтсек болады.

Әрине, ислам тұжырымдамасы адам құқықтарынан бас тарта алмайды, дегенмен бір мәнді принциптік ережелерін Құран мен Пайғамбар сүннеттерінің жақындастырып, адам құқықтары мен бостандықтарын батыс стандартына сәйкес өзгертуі әбден мүмкін. Қазіргі заманғы қабылданған әлемдік қауымдастық стандартымен исламдағы жеке адам құқықтарының тәсілі үндеседі. Осы ойды исламдық елдерде адам құқықтары саласындағы қабылданған халықаралық құжаттар растайды. Сондықтан стандарттар аясында адамның ислам және батыс тұжырымдамалары негізінде біртұтас деп мойындауға болады.

Жаһандану мен өркениеттер диалогына оның әсері болмайды. Керісінше, ислам тұжырымдамасында бұл нысандарды таңдау әдістерін, адам құқықтарын жүзеге асыру ерекшелігін ескеру керек. Бұл жағдайда ислам және батыс тұжырымдамалары арасындағы адам құқықтарының айырмашылығын жаһандық деңгейде қарастырған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Абсаттаров Г.Р. Правовая культура населения - важнейший фактор совершенствования правовой политики Республики Казахстан // Вестник КазНПУ. Серия социологические и политические науки. 2012, - №2. - Алматы, 2012. – 151 с.
2. Ханнаши Самих. Модели перехода к демократическому государственно-правовому режиму в странах Арабского Востока: теоретико-правовые аспекты: автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - Тамбов, 2010. – С 21.
3. Аль Али Насер Абдель Рахим. Защита прав и свобод человека в арабских странах. - М., 2015.– С. 196.
4. Сюкияйнен Л. Р. Ислам и права человека в диалоге культур и религий. - М., 2014. – С. 212.
5. Всеобщая декларация прав человека: принята на третьей сессии Генеральной Ассамблеи ООН резолюцией 217 А (III) от 10 декабря 1948 г. // Рос. газ. 1998. 10 дек.
6. Зайнаб С. Имплементация международных соглашений по правам человека в арабском мире (гражданские и политические права): автореф. дис. ... д-ра юрид. наук. - Киев, 1994. - С 22.
7. Марченко М. Н. Государство и право в условиях глобализации. - М., 2009. – 400 с.
8. Лукашева Е. А. Права человека: учебник для вузов. - М., 2001. - 573 с.
9. Пристенский В. Н. Проблема универсальности права, ее философско-антропологический смысл // Философия права. 2007. - No 3 (22). - С. 25–28.
10. Тюменева Н. В. Право на жизнь как объект теоретико-правового исследования. - Саратов, 2008. - 173 с.
11. Глухарева Л. И. Современные проблемы теории прав человека. - М., 2005. - 581 с.
12. Яковлев А. И. Региональные аспекты мирового кризиса: смена модели развития в странах арабского востока // Вест. Моск. ун-та. Сер. 25. Международные отношения и мировая политика. 2013. - No 2. - С. 82–104.
13. Залужный А. Г. Право. Религия. Закон. - М., 2008. - 360 с.
14. Мохамед Сана. Ислам и право: проблема соотношения в афганском обществе (теоретико-правовой аспект): автореф. дис. ... канд. юрид. наук. - СПб., 1995. –С. 22.
15. Давид Р. Основные правовые системы современности. Сравнительное право / пер. с фр. М. А. Крутоголов, В. А. Туманов. - М., 1967. - 496 с.

ЖЕРГЕ ЖЕКЕ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ МЕН ЖЕР ПАЙДАЛАНУ ҚҰҚЫҒЫНЫҢ ЗИЯНЫН ӨТЕУ

***Түйін:** Мақалада жерге жеке меншік құқығы мен жер пайдалану құқығының зиянын өтеу жолдары қарастырылған. Жерге жеке меншік қатынастарының құқықтық реттелуі еліміздің экономикалық көтеріліміне негіз болып саналады.*

***Кілт сөздер:** жер, заң, жеке меншік, ауыл шаруашылық, жер ресурстары.*

***Резюме:** В статье рассматриваются пути преодоления негативных последствий применения права собственности на землю и права пользования землей. Правовое регулирование частнособственнических отношений на землю является основой экономического роста страны.*

***Ключевые слова:** земля, закон, частная собственность, сельское хозяйство, земельные ресурсы*

***Summary:** The article considers the use of the right to exercise the right to use the right to use the land and to exercise the right to use the land parcel. The right regulating privatization relationships on the land is based on the fundamental economic roots.*

***Key Words:** land, law, private property, agricultural production, land resources*

Жер туралы заңымызға, еліміздің ең негізгі заңы Конституциямызға сәйкес жер мемлекеттік және жеке меншік болады және бірдей қорғалады. Дегенмен де, екі меншіктің құқықтық жағдайы бірдей емес, әр түрлі. Қазақстан Республикасы Конституциясының 6-бабына және 2001 жылдың 24 қаңтарындағы «Жер туралы» заңға сәйкес Қазақстанда жер заңмен көзделген тәртіп пен шектерде жеке меншікте бола алады [1,47]. Яғни, жер келесі тұлғалардың жеке меншігінде бола алады:

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының. Оларға жер учаскелері мынадай төрт мақсатта беріледі:

- өзіндік қосалқы шаруашылық үшін;

- бағбандық үшін;

- саяжай құрылысы үшін;

- өндірістік және өндірістік емес құрылыс немесе құрылыс салу үшін, сонымен бірге, тұрғын үй ғимараты және осы ғимартты (құрылғы, құрылыс) қамтамасыз ететін жерді қоса алғанда. Мысалы, егер Қазақстан Республикасының азаматы тұрғын үйге және өндірістік және өндірістік емес сипаттағы өзге де құрылғы, құрылыстарға жеке меншік құқығы болса, онда ол азамат осы құрылғыларын, астындағы жер учаскесінің жеке меншік иесі болып табылады.

2. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың.

3. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың.

Аталған тұлғаларға жеке меншікке жер учаскелері бір жағдайда ғана беріледі, егер жер учаскесі өндірістік және өндірістік емес сипаттағы құрылыс, тұрғын үй үшін берілсе.

Бұдан басқа жер заңдарында жердің кейбір санаттары жеке меншік объектілері бола алмайды делінген. Бұл жердің мемлекет өмірінде саяси, стратегиялық және өзге сипаттағы қызметтерді атқаруымен байланысты. Оларға мыналар жатады:

Ауыл шаруашылық мақсатындағы жерлер (Бұл жерлер тек Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншікке және тек өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізу және бағбандық, саяжай құрылысы үшін ғана беріледі. Өзге жағдайларда, бұл жерлер пайдалануға (жалға) ғана беріледі. Шетел тұлғалары үшін ауыл шаруашылық, мақсатындағы жерлерді жалға беру мерзімі 10 жылдан аспауы қажет;

Комиссия әкімнің шешімімен жергілікті өкілді органдар депутаттарынан, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органдар өкілдерінен және сәулет және қала құрылысы органдар өкілдерінен құралады.

Жер учаскесін беру туралы өтініш, ол келіп түскен күннен бастап, үш ай мерзім ішінде қаралуы қажет. Жер ресурстарын басқару жөніндегі агенттіктің жергілікті органдары жергілікті атқару органының тапсырмасы бойынша (елді-мекен жерлерінде сәулет және қала құрылысы органдарымен бірге) сұралып отырған жер учаскесінің арызда айтылған мақсатта қолданылу мүмкіндігін анықтайды [2,2]. Жер учаскесіне құқық беруден бас тарту жергілікті атқару органының шешімімен рәсімделеді. Шешімнің көшірмесі шешім қабылданғаннан кейін жеті күндік мерзім ішінде өтінушіге беріледі. Жер учаскесіне құқықтық куәландыратын құжаттар уәкілетті органдармен беріледі. Оларға мыналар жатады:

- жер учаскесіне жеке меншік және тұрақты жер пайдалану кезінде жер учаскесіне меншік құқығы және тұрақты жер пайдалану құқығы актісі;)
- уақытша арқылы жер пайдалану кезінде – жер учаскесін жалдау туралы келісім шарт .
- уақытша ақысыз жер пайдалану кезінде — уақытша ақысыз жер пайдалану туралы келісім-шарт.

«Жер туралы» заңның 35-бабы 2-тармағына сәйкес, жер Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке меншігіне ақысыз түрде келесідей мөлшерде беріледі:

1) ауыл шаруашылығы жерлерінде жеке үй шаруашылығын (үй жа нындағы және далалық жерлердегі үлестерді қоса алғанда) жүргізу үшін — суарылмайтын жерлерден 0,25 гектар және суарылатын жерлерден 0,15 гектар;

2) жеке тұрғын үй құрылысы үшін — 0,10 гектар;

3) бау-бақша, сондай-ақ саяжай құрылысы үшін — 0,12 гектар. Жоғарыда аталғандармен қатар жер заңында жеке меншікке, сондай – ақ тауарлық ауыл шаруашылық өндірісін жүргізу үшін ұзақ мерзімді жер пайдалануға берілетін жер учаскелерінің шекті (жоғарғы) мөлшері туралы айтылғандығын атап өткен жөн. Олар жергілікті жағдайларды және ерекшеліктерді ескере отырып жергілікті өкілді және атқару органдарының бірлескен шешімімен белгіленеді. Бұл мемлекеттік меншіктегі жер учаскесін мерзімсіз (тұрақты) және белгілі бір мерзім (уақытша) ішінде ақылы және (немесе) ақысыз негізде, тұлғаның иелену және пайдалану құқығы. Жер пайдалану құқығы меншік құқығынан туындайды. Ол заттық құқық болып табылады. Жерге жеке меншік құқығынан жер пайдалану құқығын айыра білу қажет. Жер пайдалану құқығы туралы сөз қозғаған кезде мемлекеттік меншіктегі жер учаскесі туралы мәселе орын алады, яғни меншік иесі болып мемлекет қалады. Жеке меншік кезінде меншік иесі болып пайдасына жер учаскесі берілген тұлға табылады. Жер туралы жаңа заң бойынша тұрақты жер пайдалану құқығы тек қана мемлекеттік заңды тұлғаларға беріледі. Олардың тізімі «Жер туралы» заңның 27-бабында мазмұндалған. Мемлекеттік емес заңды тұлғалардың және азаматтардың пайдалануына мемлекеттік жер тек уақытша беріледі, дәлірек айтсақ 5 жылға дейін (қысқа мерзімді) немесе 5 жылдан 49 жылға дейін (ұзақ мерзімді). Бұрынғы «Жер туралы» жарлық бойынша шаруа (фермер) қожалықтарына, кооперативтерге, өзгеде мемлекеттік емес ауыл шаруашылық және орман шаруашылығы ұйымдарына жер тұрақты пайдалануға берілген[3,1]. Жаңа заң бойынша бұл тұлғалар заңмен белгіленген жер учаскелерінің нормасы шегінде жоғарғы мерзімге жалдау шарты негізінде ұзақ мерзімді жер пайдаланушылар болып табылады, яғни олар 49 жыл бойы жер пайдаланушылар болып табылады. Шаруа (фермер) қожалығын жүргізу үшін жер пайдалануда болуы мүмкін жер учаскелерінің шекті (жоғарғы) мөлшері қожалықтың әрбір мүшесі үшін он бес орташа аудандық жер үлесінен аспайтын мөлшермен белгіленеді. Сондықтан да жер реформасының тетігі болып табылатын меншіктің түрлері тең дәрежеде сақталуы бүгінгі әлеуметтік тәжірибе мен қоғамдық қатынастардың даму деңгейінен туындап отыр. Қазақстандағы жерге жеке меншік қатынастарының құқықтық реттелуі еліміздің экономикалық көтеріліміне негіз болады. Жер қатынастарын заңды реттеудің мәселелері тек қана жер заңдылықтарымен емес, көп жағдайда саяси мотивтермен, мемлекеттік құрылыстың реттелмеуімен, экономиканың жағдайымен, әлеуметтік шарттармен байланысты. Кейбір ғалымдар меншік формасы өндірістің тиімділігі үшін белгілі бір роль атқармайтындығын айтады[4,2].

Ауыл шаруашылық кәсіпорындарының тиімділік көрсеткіштеріне ықпал етуші ең маңызды факторлар мыналар болып табылады: өндірістің шоғырлануы мен мамандануы (жоғарғы өнімді техника мен қондырғыны пайдалану мүмкіндігі), қолданылатын технология мен техникалық құралдар, жұмысшылар мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының басшыларының біліктілігі, еңбек пен өндіріс интенсивтілігі, табыс пен еңбек ақыны бөлу механизмі. Бұдан шығатын қорытынды жерге меншік ғана өндіріс тиімділігін анықтамайды, басқа да факторлардың ықпалын ескеру қажет. Жер үлестерін иемдену тәжірибесі осыны қуәландырады. Біздің ойымызша, жерді тиімді пайдалануда маңызды рольді кәсіпорындардың қаржылық жағдайы, материалды-техникалық қамтамасыз ету, ауыл шаруашылық кәсіпорындарында менеджментті тиімді жүргізу, қолданылатын жер учаскелерінің сапасын жақсартуды ынталандыру жолымен белсенді мемлекеттік қолдаудың ықпалы алады. Батыс мемлекеттердің тәжірибесі меншік емес, ең алдымен мемлекетпен жерде шаруашылық жүргізудің қалыпты жағдайларын құру табыс кепілі болып табылатындығын қуәландырады. Алайда жерге меншік формасы елеулі роль алады. Меншік иесі қашан да өз меншігіне жауапкершілікпен, қарайды, оның тиімді қолданылуына мүдделі болады. Осыған байланысты, біз ауыл шаруашылық бағытындағы жерлердің тиімді пайдаланылуына шаруашылық жүргізудің экономикалық механизмінің факторлар жиынтығы мен меншік құқығы ықпал ететіндігін айтамыз. ҚР-ғы мемлекеттік және жеке меншіктегі ауыл шаруашылық бағытындағы жерлерді тиімді пайдаланылуын талдау өкінішке орай мүмкін емес, өйткені елде ауыл шаруашылық тауар өндірісін жүргізу үшін ауыл

шаруашылық бағытындағы жерлерге жеке меншік институты заңды түрде 2003 жылдан бастап әрекет етеді [5,122]. Қазіргі жағдайда меншік құқығының шекарасын кеңейту қажеттігі туындайды. Мысалы, барлық дамыған Батыс елдерінде жердің меншік иесі оларды сату бойынша белгілі бір құқықтармен оларды жүзеге асыру бойынша еркіндікпен қамтылған, бірақ олар абсолютті емес. Тәжірибеде оларды жүзеге асыру белгілі бір шектеулермен жүзеге асырылады. Меншіктің алуан түрлі формалары жағдайында басқару шешімдеріне қоғамдық араласу қажеттілігі тек заңды және жеке тұлғаларға қатысты емес, сондай-ақ меншік иесі ретіндегі мемлекеттің өзіне де қатысты болуы тиіс. Жер учаскесінің меншік иесі жерді қорғау, оны тиімді пайдалану бойынша өзіне жауапкершілік алады. Бұл мемлекеттік меншіктен ауыл шаруашылық бағытындағы жерлерге де қатысты. Мемлекет жер нарығының тең құқықты серіктесі бола отырып, нарықтық экономикалық жүйе шеңберінде қызмет етуі тиіс. Көптеген шаруа қожалықтары мен ауыл шаруашылық кәсіпорындарының күрделі қаржылық жағдайында жердің сапасын жақсарту бойынша жауапкершілікті олардың өздеріне ғана жүктемеу керек, егер жер мемлекеттен арендаға алынатын болса. Біздің ойымызша қазіргі жағдайда жерге мемлекеттік меншік пен жеке меншіктің үйлесімін, олардың қатар қызмет ету қажеттілігі туындайды. Меншік экономикалық категория ретінде меншік қатынастарының кез-келген типінің негізі болып табылады. Жерге меншік формасы жер қатынастарының даму мәні мен сипатын анықтайды. Жерге меншік экономиканың аграрлық секторында саяси және әлеуметтік-экономикалық дамудың факторы болған және болып қала береді. Жүргізілген зерттеулер Қазақстан Республикасындағы жерге меншік пен жерде шаруашылық жүргізу формаларын жетілдіру бойынша реформалар елдің экономикалық дамуына оң ықпалын тигізбеді. Бұның негізгі себептері жерді пайдалану мен жерді иемденудің алуын түрлі формаларының дамуын мемлекеттік қолдаудың жетіспеуі болып табылады. Бұл жағдайда мемлекетпен қабылданған заңды нормалар мен ережелердің кезектілігі маңызды роль ойнады. Осыған байланысты, біздің ойымызша, елдегі жер қатынастарының институционалды өзгерістері жеткілікті тиімді болмады және аяқталмады, өйткені реформа өзінің мазмұны бойынша экономикалыққа қарағанда әкімшілік және саяси сипатта болды. ҚР Жер кодексінің 165-бабы («Меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындарды өтеудің негіздері») меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығындар төмендегі жағдайларда толығымен өтелуге тиіс деп көрсетеді:

1) жер мемлекеттік қажеттіктерге меншік немесе жер пайдалану құқығының тоқтатылуына әкеп соғатындай етіп алып қойылған (сатып алынған);

2) жер пайдаланудың ерекше режимінің белгіленуіне байланысты меншік немесе жер пайдалану құқығы шектелген;

3) меншік иелерінің немесе жер пайдаланушылардың құқықтары бүлінген;

4) топырақ құнарлылығының бүлінуіне әкеп соғатын, су режимін нашарлататын, ауыл шаруашылығы дақылдары мен екпелеріне зиянды заттар бөліп шығаратын объектілерді салу мен пайдалану нәтижесінде жер сапасы нашарлаған;

5) ҚР Жер кодексінің 90-бабында («Жекелеген санаттағы жерді алып қоюды шектеу») көзделген жерді алып қою жағдайларында.

Бұл бапқа (ҚР ЖК 90-бабы) сәйкес, суармалы ауыл шаруашылығы алқаптарын, ауыл шаруашылығы, биологиялық және ирригациялық-мелиорациялық балық шаруашылығы бағдарындағы ғылыми-зерттеу және оқу орындарының тәжірибелік алаңдарының, орман және су қорының жерлерін алып қоюға ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды құрумен кеңейтуге, халықаралық міндеттемелерді орындауға, учаскенің астынан бағалы пайдалы қазбалардың кен орнының табылуына, жол, электр тарату желілерін, байланыс желілері мен магистральдық құбырларды жүргізуге, сондай-ақ мемлекеттік маңызы зор объектілерді салып, оларды орналастырудың басқа да мүмкін [5,116]. Меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығындарды өтеу тәртібі ҚР Жер кодексінің 166-бабында анықталған. Меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығын оны келтірушінің есебінен өтеледі. Мемлекеттік билік органының, өзге мемлекеттік органның заңға сәйкес емес акт шығаруы, сондай-ақ осы органдардың лауазымды тұлғаларының іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) салдарынан меншік иесі-не немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығынды Қазақстан Республикасы немесе тиісінше әкімшілік-аумақтық бірлік өтеуге тиіс. Өтемақы мөлшерін айқындау кезінде оған мыналар енгізіледі:

1) жер учаскесінің немесе жер пайдалану құқығының нарықтық құны;

2) жеміс ағаштары мен көп жылдық екпелерді қоса алғанда, учаскедегі жылжымайтын мүліктің нарықтық құны;

3) жер учаскесін игеруге, оны пайдалануға, қорғау іс-шараларын жүргізуге, топырақ құнарлығын арттыруға байланысты шығындардың инфляциясы есепке алынған құны;

4) меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін мерзімінен бұрын тоқтатуына байланысты келтірілген шығынды қоса алғанда, олардан жер учаскесін алып қою мен байланысты келтірілген барлық шығын;

5) алынбай қалған пайда. Жер учаскесін алып қою кезінде меншік иелеріне немесе жер пайдаланушыларға келтірілген шығынды, сондай-ақ олардың өтемақы мөлшерін айқындау тараптардың келісімімен белгіленеді.

Жер учаскесін алып қою немесе оларға уақытша орналасу нәтижесінде суару, құрғату, табиғат қорғау, эрозияға немесе селге қарсы объектілер мен құрылыстардың (жүйелердің) жұмысы жартылай немесе толығымен бұзылатын жағдайда шығындар, жобалау-зерттеу жұмыстарының құнын қоса алғанда, объектілер мен ғимараттарды (жүйелерді) жаңадан салу немесе жұмыс істеп тұрғандарын қайта жаңғырту үшін жасалатын жұмыстың құнына негізделіп айқындалуы мүмкін [6,85]. Жерді пайдалану кезіндегі қолайсыздықтардан (су қоймаларын толтыру кезінде аралдардың пайда болуы, көлік байланыстарының бұзылуы, аумақты коммуникациялармен бөліп тастау және басқалары) туындаған шығындар (шығыстар) жобалау-зерттеу жұмыстарына, бөгеттер, көпірлер, жолдар, кірме жолдар, басқа да құрылыстар салуға, су қоймаларының түбін тазартуға, сондай-ақ қайықтар, катерлер, паромдар мен өзге де көлік құралдарын сатып алуға кеткен біржолғы шығыстардың сомасымен айқындалуы мүмкін. Жердің нашарлаған сапасын қалпына келтіру үшін қажетті шығындарды (шығыстарды) айқындау кезінде топырақты зерттеу, агрохимиялық және басқа арнайы тексерулер мен зерттеулерді, сондай-ақ жердің сапасын қалпына келтіруді қамтамасыз ететін іс-шараларды жүргізуге шыққан шығыстар енгізілуі мүмкін. Жер учаскесінің меншік иесі немесе жер пайдаланушы меншік құқығының немесе жер пайдалану құқығының тоқтатылуына әкеп соғатын шешіммен келіспеген жағдайда, дау сот тәртібімен шешілгенге дейін ол шешімді жүзеге асыру мүмкін болмайды. Дауды қарау кезінде меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға келтірілген шығындарды өтеудің барлық мәселелері де шешіледі. Жер ресурстарының тиімді пайдаланылуы жердің барлық категориясы жөнінде ақпарат жүйесін құрмайынша мүмкін емес. Мұндай ақпарат жердің мемлекеттік кадастрлық бағасын жүргізу нәтижесінде алынуы мүмкін. Жерге жеке меншік құқығы республика территориясының тек бір бөлігіне ғана таралмауы қажет. Жеке меншік құқығы шаруашылық жүргізу объектісі ретінде жер учаскелеріне ғана таралады. Сондықтан кодекспен жеке меншікке сатылмайтын жердің жекелеген категориялары бойынша жеке меншік құқығына шектеулер қарастырылған. Ашық нарықтық экономика жағдайында азық-түліктің әлемдік нарығында қатаң бәсекелік күрес жүрып жатқанда ауыл шаруашылық өндірісін дамытудағы табысқа ең алдымен жерді максималды тиімділікпен пайдаланатын елдер ие болатын болады. Сонымен, жерге меншік құқығының түсінігі ҚР Жер кодексінің 3-бабында берілген. Қазақстан Республикасында жер мемлекеттік меншікте болады. Жер учаскелері Жер кодексінде белгіленген негіздерде, шарттар мен шектерде жеке меншікте де болуы мүмкін [7,56].

Жер, оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер және жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекеттік меншікте болады. Меншік құқығы үшін ҚР Конституциясының нормаларында жердің, оның қойнауының, су көздерінің, өсімдіктер мен жануарлар дүниесінің табиғи ресурс ретіндегі сипатының анықтамасы зор мәнге ие. Жер — бұл адам мен қоғам үшін тек экономикалық қажеттілік емес, ол табиғаттың басқа да объектілерімен байланысқа түсе отырып экологиялық мәнге де ие болады. Жердің барлық табиғи ресурстарды біріктіре отырып, оларға табиғи ортаны жасауы бекер емес. Бұл оның меншік объектісі ретіндегі, сонымен қатар, пайдалану және қорғау объектісі, яғни, табиғи ресурс ретіндегі құқықтық жағдайына әсер етеді. Зандармен жерді табиғи ресурс, Қазақстан Республикасы халқының өмірі мен қызметінің негізі ретінде сақтау және оны ұтымды әрі нысаналы пайдалану қағидалары бекітілген. Ол үшін жерлерді экологиялық пайдаланудың маңызы экономикалық пайдаланудан кем емес.

Жердің меншік объектісі ретіндегі ерекшелігі оның кеңістікте белгілі бір шекарада шектелуінен, жылжымайтындығынан және табиғи жағдайлар мен қоршаған ортаға тәуелділігінен байқалады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1.Ә.Е. Бектұрғанов. Қазақстан Республикасының Жер құқық қатынастары туралы. Алматы, 1997. 325 б.
- 2.«Заң газеті», 2003 ж. 22 маусым
- 3.«Егеменді Қазақстан», 2003 ж. 25 шілде.
- 4.«Егеменді Қазақстан», 2007 ж. 23 қаңтар.
- 5.Ә.С.Стамқұлов., Ғ.Ә.Стамқұлова. Жер құқығы. (Жалпы бөлім) Алматы. 2004 ж.
- 6.Хаджиев А.Х. Земельное право. Общая часть. Алматы, Данекер, 2001
7. Косанов Ж.Х. Право собственности, право землепользования и иные права на землю. Алматы, Данекер, 2001.

Искаков И.М.

Қазақстан Республикасы ІІМ, Б. Бейсенов атындағы Қарағанды Академиясының
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция капитаны,
funt_kz@mail.ru

Амантай А.

Экономикалық қатынастарды құқықтық реттеу кафедрасының аға оқытушысы,
құқықтану магистрі, Қазтұтынуодағы Қарағанды Экономикалық Университеті

КОНСТИТУЦИЯ ЖӘНЕ ЗАҢДАР ТҰТЫНУШЫЛАР ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУДЫҢ КЕПІЛІ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ

Түйіндеме: Бұл мақалада бұзылған тұтынушылар құқығын қорғау мәселелері қарастырылған.

Резюме: Данная статья рассматривает проблему защиты нарушенных прав потребителей.

Summary: Given article looks into a matter of protection of the broken rights of the consumers.

Сөзімізді бастамас бұрын тұтынушы деген кім дегенге тоқталып өтейік. Тұтынушы – қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін тауарды сатып алуы немесе оған тапсырыс беруге ниеттенетін, я болмаса тапсырыс беретін, сатып алатын немесе пайдаланылатын жеке тұлға.

Демократиялық қоғамды дамытудың басты міндеттерінің бірі тауар мен қызмет нарығындағы кәсіпкер мен тұтынушының арасындағы тепе-теңдікті сақтау болып табылады. Бұл орайда жеке бизнестің құқын қорғаушылар баршылық. Оның басты қамқоршысының бірі мемлекет деуге болады. Қазір бізге кәсіпкерлермен қатар тұтынушы құқығын қорғауды да естен шығармау қажет. Онсыз ешқандай да кәсіпкерліктің дамымайтыны белгілі. Өйткені тұтынушы кез-келген тауардың сапасына әділ баға беріп отыратын сарапшы болып табылады. Қазақстан Республикасының Конституциясы адамның құқығына және бостандығына кепілдік береді. Мәселен, Конституцияның 14-бабына сәйкес тегіне, әлеуметтік, лауазымы және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, намысына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кез - келген өзге жағдайлар бойынша ешкімді де кемсітуге болмайды және заң мен сот алдында бәрі тең деп бекіілген [1]. Бұдан шығатыны тұтынушылар адам және азаматтардың қатарына жататын болғандықтан, олардың құқығы қорғалады деген сөз.

Осыған сәйкес, құқықтық мемлекеттің және өркениетті қоғамның азаматтарының қалыпты өмір сүруіне заңдылық негіз болады. Ал заңдылық азаматтардың заң алдындағы нақты теңдігін қамтамасыз етуге қабілетті қоғам жағдайында ғана орын алуы мүмкін. Мұндай жағдай барлық азаматтарға, қажеттіліктерін қанағаттандыруға тиімді жағдай жасау, нарықтық экономикалық қатынастардағы материалдық игіліктерді өндіру саласында теңдікті қамтамасыз ету арқылы қалыптасады. Әрі бұл құқықтық мемлекеттің басты міндеті.

Ал азаматтардың қажеттіліктерінің ауқымды бөлігі тауар алу арқылы, яғни сауда саласында қанағаттандырылады. Біз күнделікті өмірде азық-түлік, киім, тұрмыстық заттар және өзге де тауарлар сатып ала отырып, бұл қатынастардың құқықтық жағына көңіл аудармаймыз. Өкінішке орай, өз әрекетімізді «тұтынушының» әрекеті ретінде және сатушының әрекетін заң тұрғысынан бағалау қажеттігі, біздің қандай да бір құқығымыз бұзылған кезден бастап қана пайда болады. Бірақ өз құқығымызды біле тұрсақ та, оны осындай тұрақсыз экономикалық жағдайда қорғау қиынға соғады.

Ал жалпы алғанда тұтынушылар мен сатып алушылардың құқықтарын қорғау институты біздің елімізде әлі де болса толығымен зерттелмеген және осы мәселе бүгінгі күннің күрделі мәселерінің қатарына жатады.

Әлі еліміз құқықтық мемлекет құру жолына түскен және жеке тұлғаның құқығын қорғау мемлекет мүддесін қорғаудан жоғары бола бастаған қазіргі жағдайда тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі өзекті де қызықты.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау институтының мәнін ашу, оның қазіргі жағдайына талдау жасау бұл мәселеге қатысты нормативтік құқықтық актілермен танысуға, практикада тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша тәжірибелік маңызы бар қорытындылар мен ұсыныстар дайындауға тырысамыз.

Қазіргі кездегі тұтынушылардың құқықтары қысқа уақыт аралығында емес, прогрессивтік қауымның өзінің тұтынушылық құқықтары үшін бір жарым ғасыр күресі нәтижесінде қоғамдық және құқықтық жүйедегі өзінің беделді орнын алды. Тұтынушылар қозғалысын бүкіл әлемнен байқауға болады. Біздің елімізде бұл қозғалыс салыстырмалы

түрде жас болып табылады, оның дамуы біздің еліміздің 1991-жылы тәуелсіздік алуымен, жоспарлық экономикадан нарықтық экономикаға көшумен байланысты. Бұрын тоталитарлық жүйеде өмір сүрген уақытта тұтынушылардың құқықтарын қорғаумен бір орган ғана жанамалы түрде шұғылданды, ол – Сауда Министрлігі.

Содан кейін барып нарықтық реформалар жасалды, оның соңынан – тұтынушылардың құқықтарын қорғауға бағытталған заңдар қабылданды. Сол кездері алғашқы тұтынушылар ұйымдары екі жолмен қалыптасқан еді. Бір жағынан, белгілі бір себептер бойынша тұтынушылардың құқықтарын қорғауға мүдделі, өзінше бір интеллектуалдар (журналистер, экономистер, социологтар, заңгерлер және т.б.) клубы құрылды. Көбінде олар газет-журналдар төңірегінде жиналды.

Қазір біздің елімізде адамдардың тұтынушылық сауатын ашуға аса зор мән берілмей отыр. Осы тақырыпқа арналған кітаптар жоқтың қасы. Сондықтан да біздің еліміздің азаматтарының тұтынушылық білімін арттыру қажет. Бұл үшін нақты шаралар қолдану керек. Бұқаралық ақпарат құралдарынан (теледидар, радио) осы тақырыпқа арналған бағдарламалар ашу керек, газет-журналдар арқылы да мақалалар көп жазу керек, тіпті тұтынушыларға арналған жеке газет-журналдар болса да артық емес. Тұтынушының білімін арттыратын кітаптар, кітапшалар шығару керек, меніңше ЖОО-да заңгер мамандығында оқитындарға арнайы курс оқытылуы керек.

Бұл жерде алға қойылатын мақсат, әрбір адамды өзін нарықтық экономиканың басты тұлғасы – тұтынушы ретінде сезінуді үйрету керек. Өйткені, заң тек сауатты және жауапты тұтынушылық әрекетті жүзеге асыру құралы болып табылады.

Тұтынушыға қатысты қатынастарды реттеуде азаматтық заң шығармашылығы, атап айтсақ ҚР Азаматтық кодексі нормалары басты рөл атқарады. Азаматтық кодекстің бірінші бөлімінде азаматтардың және ұйымдардың азаматтық айналымға қатысуының құқықтық негіздері, азаматтық-құқықтық шарттарды жасаудың негізгі талаптары анықталады. Тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты заң шығармашылығының құрамына әртүрлі дәрежедегі нормативтік актілер енеді. Оларға жаңадан қабылданған «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы және Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі жатады. Бұл заң шығармашылығының құрамына өзге де актілер кіреді, оларға Президенттің жарлықтары, Үкіметтің қаулылары жатады. Мұндай актілер барлық уақытта қажет, өйткені құқықтық қатынастар бір жерде тоқтап тұрмай, үнемі дамып және өзгеріп отырады, сондықтан оны үнемі жетілдіріп отыру керек [2].

Заңнамада кемшілік жақтарыда бар мәселен, біріншіден, тұтынушылар өз құқықтарын өздері қорғайды. Яғни алдауға түскен азамат талабы орындалғанға дейін сауда орнына бірнеше рет баруы керек. Тіпті болмаған жағдайда ғана құқық қорғау органына баруға рұқсаты бар. Екіншіден, жаңа заңда тұтынушылардың құқығын қорғайтын ұйымдардың міндеттері жан-жақты қарастырылғанымен, құқықтары өте аз қамтылған. Сол сияқты заңға сәйкес, біз өз күнімізді өзіміз көруіміз керек болады. Бұған дейін тұрғындардың құқығын қорғауға кеткен шығынымызды айыпты жақ төлеп келген болса, бұдан былай олар тек айыппұл төлеумен ғана шектелмек.

Бірақ өкінішке орай, тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бүгінгі күнгі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық өміріндегі әлі нақты шешімін таппаған күрделі мәселелердің бірі болып отыр. Оған жоғарыда атап өткен көптеген себептер негіз болып отыр [3].

Күнделікті күйбең тіршілікте қарапайым тұтынушының құқығына нұқсан келтіретін жайттармен жиі кездесіп жатамыз. Таңертен сатып алған сүтіңіз кешкісін іріп кетсе, ал сатушы оны ауыстырудан бас тартса, нанның салмағы тиісті мөлшерден кем болса, тіпті, қалалық көліктерде төлеген ақшаңызға билет берілмесе, мұның бәрі – тұтынушы құқығын шектейтін әрекеттер. Алайда бұл тек ұсақ-түйек қана. Мәселен, Астана қаласының «Әділет» тұтынушылар құқығын қорғау қоғамдық бірлестігіне түсетін әрбір үшінші шағым сапасыз ұялы телефондарға байланысты көрінеді. «Жасыратыны жоқ, Қазақстан әлдеқашан контрафактілік тауарлардың қоқысына айналған. Еліміздің сауда айналымында жүрген ұялы телефондардың 88 пайызы – контрафактілік тауар. Олар әртүрлі «сотқалардың» бөлшектерінен жиналған фирмалық тауардың арзан көшірмесі ғана. Сондықтан бүгін сатып алған байланыс құралыңыз ертеңгі күні істен шығып жатса, таң қалмай-ақ қойыңыз.

Қазіргі уақытта дүкен сөрелерінде ұялы телефондар түр-түрімен кездеседі, бірақ солардың ішінен сапалысын таңдап алу қиынның-қиыны. Кейбір алаяқ сатушылар бизнес желісін жақсылап жоспарлап алған. Мәселен, сатқан тауарына жарты жылдық немесе бір жылдық кепілдік береді де, жоғарыда атап кеткен жағдайға тап бола қалсаңыз, сізге арнайы «сервис орталығына» жолдама ұсынады. «Негізінен кез келген ұялы телефонға сатушы емес, шығаратын фирманың өзі кепілдік береді. Ол кепілдік мерзімі үш, әрі кетсе бір жылдан кем болмауы тиіс. Егер 14 күннің ішінде

тауардың ақауы байқалса, міндетті түрде жаңасына ауыстырылып немесе ақшасы қайтарылуы керек. Ол мерзімнен асып кеткен жағдайда арнайы сервис орталығына тегін жөндеуге жіберілуі керек». Бұл жерде де халықтың аңқаулығыңызды асыра пайдаланатындар жеткілікті. «Сотқаңызға» сараптама жасап шыққан «сервис орталығы» «мына телефон соққыға ұшыраған немесе құлатып алғансыз, жүйелік ақаулары байқалмайды» деп, бар пәлені өзіңізге жауып, сыпайы ғана шығарып салады. Осы іс бойынша «Әділет» тұтынушылар құқығын қорғау орталығы бірнеше қылмыстық топтарды әшкерелеген. Мәселен, телефоныңыздың тағдырын шешуші «сервис орталығының» қызметкері сол тауарды сатқан адамның сіндісі немесе бауыры, яғни, бір топтың адамдары болып шыққан. Шағымдар ішінде екінші орын алатыны – сапасыз аяқкиімдер. Жақында жоғарғы атаулы орталыққа бір арыз түскен. Тұтынушы қымбат дүкендердің бірінен 50 пайыз жеңілдікпен 16 000 теңгеге Италияның «сапалы» етігін сатып алса керек. Бір жұма болмай ол етіктің табаны жарылып қалған. Сатушылар, әрине, жыртық етікті ауыстырудан бас тартқан. Экспертизалық зерттеулердің нәтижесі бойынша жарты бағасына сатылған «Италияның сапалы етігі» қытайдың арзанқол дүниесі болып шығып, ақшасы иесіне қайтарылған.

Жалпы, сапасыз тауарды сатып алып, соңынан сан соғып қалмас үшін, сатушыдан міндетті түрде чек талап етуге кеңес беріледі. Осы сиқырлы чектің арқасында осыдан екі жыл бұрын Астана қаласы бойынша 1 млн. теңгеге жуық қаржы өз иелеріне қайтарылған. Өкінішке қарай, арзан ақшаның соңына түскен алаяқтар заманында бұл тек теңіздің тамшысындай ғана. Азық-түлік, тұрмыстық техника, дәрі-дәрмек, тағы басқа сапасыз тауарлар легі бірнеше шағымдар кітапшасын толтырып үлгерген. Соның бірін атайтын болсақ – стоматологиялық қызметке қатысты шағым. Сау әйелдің стоматологияда дүние салуы тек бір отбасының емес, тегіс бір мемлекеттің қайғысына айналды. Әсте, осы қаралы оқиғадан кейін сыннан қорытынды шығарған ақ халаттылардың арқасында тұрғындардың күлкісі жарқын болды деп айту әлі де болса қиынға соғып тұр. Оған мына мысал дәлел. Тіс ауруына шағымданған азаматша елордалық тіс емханаларының біріне жүгінеді. Оның ауыр халін аңғарған ақ халатты абзал жан бір тіс үшін қызмет құнын 15 000 теңге деп, бағаны көкке ата салады. Емделуші қалтасында бар болғаны 12 000 теңгесін көрсеткенде, базардағы саудагердің кейпін танытқан стоматолог сөзге келмей, келісе кетеді. Өткен жылғы қайғылы оқиғаны есіне алған тіс жұлдырушы азаматшаның: «Кешіріңіз, тісіме не егіп жатқаныңызды білуге бола ма?», – деген сұрағына дәрігер: «Жұмысың қанша, тісің жазылса болды емес пе!», – деп зілмен жауап қайтарған. Стоматолог қызметінің шикілігін сезген азаматшаның ертеңгі күні беті адам танымастай қисайып кетеді. Оқиға соңында пациенттің: «Тұтынушылар құқығын қорғау орталығына шағымданамын!», – деген ескертпесінен кейін медициналық мекеме алған ақшасын қайтаруға асыққан. Алайда денсаулық дегенде ақшаның қашанда құнсыз екені айтпаса да белгілі. «Сервис» деген атаққа сай келмейтін бүгінгі қызмет сапасының сын көтермейтіндігі жасырын емес [4, 69 б.].

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында көптеген оң қадамдар жасалғандығына қарамастан, бұл мәселенің әлі де болса толық шешімі табылмай отыр. Бұл мәселелерді шешу бүгінгі күннің міндеті. Ал менің бұл мәселеге қатысты төмендегідей ұсыныстарым бар:

1. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында басты рөл атқаратын «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңына қазіргі өмір талабына сай және тұтынушылар шағымдарын ескере отырып өзгерістер мен толықтырулар енгізу керек.

2. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселесі бойынша мемлекеттік дәрежеде де, халықаралық дәрежеде де ақпарат жүйесін қалыптастыру керек. Өйткені біздің тұтынушыларымыз құқықтық жағынан әлі де болса сауатсыз. «Сіздің құқықтарыңыз бұзылса тұтынушы ретінде өз құқықтыңызы еркін қорғаңыз. Өз кезегінде тұтынушылық құқықтарыңыз бен мүдделеріңізді қорғауға және кеңеске барлық құқық қорғау органдарға, ұйымдарға баруыңызға болады». Міне осындай жарнамалар тұтынушылар көп жүретін жерлерде болуы қажет.

3. Тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың мемлекеттік жүйесін қайта жаңғырту қажет. Мемлекеттік деңгейде тұтынушылардың құқықтарын қорғау органдарының қызметін жандандыру қажет.

4. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау ұйымдарын құру және оларға мемлекет тарабынан қолдау көрсету керек. Бұл ұйымдардың қызметінің мақсаты – тұтынушылардың құқықтарын қорғау болып табылады, сондықтан олар осы салаға қатысты нормативтік актілердің қағаз жүзінде қалмай нақты орындалуына зор ықпалын тигізеді.

5. Тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында халықаралық ынтымақтастықты дамыту керек. Өйткені бұл Қазақстандағы тұтынушылардың құқықтарын қорғау қозғалысының жаңа дәрежеге көтерілуіне және тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласында жасалатын шаралардың сапасының артуына зор ықпалын тигізеді.

Біздің мақсат басқаларды даттап, жақсы атану емес, сапасыздықтың салдары қайғылы оқиғамен аяқталмасын деген тілеу ғана. Бүгінде сан түрлі себептермен келіп түсетін шағымдар есебі көп. Өкінішке қарай, бәріне бірдей көмектесу мүмкін емес. Оның үстіне шағын және орта бизнеске жарияланған мараторий біреуге пайда әкелгенімен, құқық қорғаушылардың қол-аяғын бірдей байлап отыр десе де болады. Соның салдарынан алаяқ кәсіпкерлер ар-ұяттарын ақшаға айырбастап, кесірін жазықсыз тұтынушыларға тигізуде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған) (1998-2007 ж.ж., 2011.02.02., 10.03.2017 жылы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен)
2. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 4 мамырдағы № 274-IV Заңы. 21.04.2016 № 504-V жылы берілген өзгерістер мен толықтыруларымен) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z100000274_
3. «Заң тұтынушыны қорғай ма, әлде...» Менеджмент Качества №4 (34) 2010.
4. Мороз С. П. Кәсіпкерлік (шаруашылық) құқық: оқулық / Алматы: Бастау, 2009.

Калкаева Н.Б.

Абай атындағы ҚазҰПУ, Тарих және құқық институты, Қылмыстық-құқықтық пәндер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, з.ғ.к., e-mail: nesibeli77@mail.ru

Хведелидзе М.Ж.

магистр, специалист Управления науки КазНПУ им.Абая
e-mail: madina_khv@mail.ru

ПРОЦЕССУАЛДЫҚ КЕЛІСІМ ИНСТИТУТЫНЫҢ ОРЫНДЫЛЫҒЫ: ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚАЗАҚСТАН ЗАҢНАМАСЫ БОЙЫНША)

Аңдатпа: ҚР Қылмыстық процесстік кодексіне келісім өндірісін қосу сот ісін жүргізу қағидалары туралы дәстүрлі түсініктерді ҚПК тиісті нормалары шеңберінде ғана емес, сондай-ақ, ҚР Конституциясының ережелері шеңберінде де түбегейлі өзгертті. Процессуалдық келісім институты өзінің сипаттары бойынша жариялылық қағидасы ықпалының шеңберінен шығады. Осы жағдай ҚР ҚПК 9 бабы, 2 бөлімінің ережелері мәтінінде құқықтық қарама-қайшылықтар қалыптастырады, бұл қылмыстық процесс қағидаларын бұзушылық қалыптасқан өндірісті жарамсыз деп тануға дейінгі түрлі теріс салдарларға алып келуі мүмкін. Бізді қызықтыратын бөлімдегі қылмыстық процесс қағидаларының жүйесі белгілі түзетуді қажет етеді.

Түйін сөздер: келісім өндірісі, қылмыстық процесс қағидаларының жүйесі, жариялылық қағидасы, мақсаттылық қағидасы.

Аннотация: Включение в УПК РК процедур согласительного производства коренным образом изменило традиционные представления о принципах судопроизводства не только в рамках соответствующих норм УПК, но и ряда положений Конституции РК. Институт процессуального соглашения по своим характеристикам выходит за пределы влияния принципа публичности. Данное обстоятельство создает условия для формирования правового противоречия в контексте положений ч.2 ст.9 УПК РК о том, что нарушение принципов уголовного процесса может повлечь различные негативные последствия вплоть до признания состоявшегося производства по делу недействительным. Очевидно, что система принципов уголовного процесса в интересующей нас части нуждается в определенной корректировке.

По таджикскому закону электронный документ на машинном носителе приравнивается к документу на бумажном носителе и имеет одинаковую с ним юридическую силу. Если законодательством Республики Таджикистан требуется, чтобы документ был оформлен письменно либо представлен в письменном виде или письменной форме, то электронный документ считается соответствующим этим требованиям.

В соответствии со ст.7 Закона Украины «Об электронных документах и электронном документообороте» оригиналом электронного документа считается электронный экземпляр документа с обязательными реквизитами, в том числе с электронной подписью автора или подписью, приравненной к собственноручной подписи [9]. Если автором создаются идентичные по документарной информации и реквизитам электронный документ и документ на бумаге, каждый из документов является оригиналом и имеет одинаковую юридическую силу.

В Белоруссии оригиналы электронных документов и их бумажные копии имеют одинаковую юридическую силу. Если по законодательству требуется нотариальное удостоверение или государственная регистрация документа, такому удостоверению или регистрации подлежит как сам электронный документ, так и его бумажная копия. Порядок обращения официальных документов в виде электронных документов регламентируется стандартами и нормами делопроизводства, установленными законодательством Республики Беларусь. В подлинном виде электронный документ существует только на машинном носителе. Все экземпляры электронного документа, зафиксированные на машинном носителе и идентичные друг другу, являются оригиналами. Бумажной копией электронного документа признается надлежащим образом удостоверенная внешняя форма представления электронного документа на бумажном носителе. Такие бумажные копии должны содержать указание на то, что они являются копиями электронного документа.

В Туркменистане и Таджикистане оригинал электронного документа существует только на машинном носителе. Здесь также как в Беларуси, все экземпляры электронного документа, зафиксированные на машинном носителе и идентичные один другому, являются оригиналами и имеют одинаковую юридическую силу. Оригиналы электронного документа могут быть в электронном виде зафиксированы на магнитный носитель, отделимый от машинного. Применимость магнитного носителя, отделимого от машинного, в качестве оригинала электронного документа может рассматриваться при наличии доказательства принадлежности его собственнику электронной цифровой подписи. А копией электронного документа является информация с оригинала электронного документа, зафиксированная в электронной форме на магнитном носителе, отделимом от машинного. Копия электронного документа должна быть удостоверена в установленном законом порядке и содержать указание на то, что она является копией соответствующего электронного документа.

В Таджикистане в случае, когда одним лицом создается документ на бумажном носителе и электронный документ, идентичные по содержанию, оба документа являются самостоятельными документами. Оригиналы электронных документов и их копии на бумажных носителях имеют одинаковую юридическую силу. При нотариальном удостоверении или государственной регистрации документа, удостоверению или регистрации подлежат либо электронный документ, либо его копия на бумажном носителе в порядке, установленном законодательством Республики Таджикистан. Копии электронного документа создаются путем удостоверения установленным законом порядке формы внешнего представления электронного документа на бумажном носителе.

В Молдавии копией электронного документа признается представление (отображение) электронного документа на бумажном носителе в форме, доступной для восприятия человеком. Копия электронного документа заверяется в порядке, установленном законодательством для заверения копий документов на бумажном носителе, и должна содержать информацию о том, что она является копией электронного документа. Электронный документ является подлинным, если он подписан лицом, уполномоченным в установленном порядке подписывать собственноручной подписью подобный документ на бумажном носителе, либо подписан подлинной цифровой подписью составителя, указанного в документе.

Электронный документ может использоваться во всех отраслях деятельности, где применяются программные и технические средства для создания, обработки, хранения, передачи и приема информации. С помощью электронных документов могут совершаться сделки, заключаться договоры, осуществляться расчеты, официальная и неофициальная переписка, передача документов и иной информации. Электронные документы могут пересылаться с помощью любых средств связи, включая информационные системы и сети, если это не противоречит действующему законодательству страны и ее международным договорам.

Таким образом, особенность электронных документов состоит в том, что их информация представлена в электронно-цифровом виде и, как следствие, может быть воспринята человеком только при помощи соответствующих технических и программных средств. Следует отметить, что электронные документы выполняют те же функции и обладают той же значимостью, что и традиционные документы.

Список литературы

1. Закон Республики Беларусь от 10 января 2000 года № 357-З «Об электронном документе» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 20 июля 2006 года) (утратил силу) // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30506945
2. Закон Республики Беларусь от 28.12.2009 года №113-З «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» http://kodeksy-by.com/zakon_rb_ob_elektronnom_dokumente_i_elektronnoj_tsifrovoj_podpisi.htm
3. Закон Республики Туркменистан «Об электронном документе» от 19.12.2000 г. // <http://medialaw.asia/node/176>
4. Федеральный Закон «Об электронной цифровой подписи» (утратил силу) http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_34838/
5. Федеральном законе от 27.07.2006 N 149-ФЗ «Об информации, информационных технологиях и о защите информации» http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_61798/
6. Федеральный закон "Об электронной подписи" от 06.04.2011 N 63-ФЗ // http://www.consultant.ru/document/cons_doc_LAW_112701/
7. Закон Республики Казахстан от 7 января 2003 года № 370-III «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 28.12.2017 г.) // https://online.zakon.kz/document/?doc_id=1035484
8. Постановление Правительства Республики Казахстан от 17 апреля 2004 года N 430. Об утверждении Правил электронного документооборота // http://adilet.zan.kz/rus/docs/P040000430_
9. Закон Украины «Об электронных документах и электронном документообороте» от 22.05.2003 года №851-IV <http://singlewindow.org/docs/67>
10. Закон Республики Молдова «Об электронном документе и цифровой подписи» 15 июля 2004 года №264-XV // http://online.zakon.kz/Document/?doc_id=30535001#sub_id=40000
11. Закон Республики Молдова №91 «Об электронной подписи и электронном документе» от 29.05.2014 года // <http://lex.justice.md/ru/353612/>
12. Закон Республики Таджикистан «Об электронном документе» 10 мая 2002 года №51 // http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=2183
13. Закон Республики Таджикистан «Об электронной цифровой подписи» от 30 июля 2007 года №320 // https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=18412
14. Закон Азербайджанской Республики от 30 июля 2007 года №602-III «Об электронной подписи и электронном документе». // http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=7428
15. Закон Республики Узбекистан «Об электронном документообороте» №611-II от 29 апреля 2004 года // http://lex.uz/pages/getpage.aspx?lact_id=165074.
16. Закон Кыргызской Республики «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» от 17.07.2004 года №92 // https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=18412
17. Закон Кыргызской Республики от 19.07.2017 года №128 «О цифровой подписи» // <http://cbd.minjust.gov.kg/act/view/ru-ru/111635?cl=ru-ru>
18. Закон Республики Армения «Об электронном документе и электронной цифровой подписи» от 15.01.2005 года №3P-40 // http://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=29381
19. Закон Грузии «Об электронной подписи и электронном документе» от 14 марта 2008 года № 5927-Is (утратил силу) // <https://matsne.gov.ge/ru/document/download/20866/4/ru/pdf>
20. Закон Грузии от 27 апреля 2017 года № 639-III «Об электронном документе и надежном электронном обслуживании» // <https://matsne.gov.ge/ru/document/download/3654557/0/ru/pdf>

Сулейменова Сауле Жусупбековна

з.ғ.д., профессор, «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің деканы
E-mail: s.suleimenova@turan-edu.kz

Алтынбекқызы Алуа

PhD, «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің «ЗЖХҚ» кафедрасының меңгерушісі,
E-mail: a.altynbekkyzy@turan-edu.kz

Кәдірбай Айша Әуелбекқызы

г.ғ.м., «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің «ЗЖХҚ» кафедрасының оқытушысы,
E-mail: ai_ka10@bk.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖӘНЕ ТМД ЕЛДЕРІНДЕГІ СУ ҚОРЫ ЖЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМІ

***Түйін:** Мақалада су ресурстарын қорғау мен қалпына келтіру іс-шараларын жүзеге асыру саласындағы қатынастарын дамытудың жалпы бағыттары қарастырылған. Су қоры жерлерінің құқықтық режиміне жер құқықтары үшін аралас құқықтық институт ретінде санауға болады.*

***Резюме:** В статье изложены общие тенденции развития отношений в области водоохранной и реабилитационной деятельности. Правовой режим водных ресурсов может рассматриваться как смешанный юридический орган по правам на землю.*

***Summary:** The document outlines the general trends in the development of relations in the field of water protection and rehabilitation activities. The legal regime of water resources can be considered as a mixed legal body for land rights.*

***Кілт сөздер:** су, су қатынастары, су объектілері, су қоры, құқықтық режим.*

Қазақстандағы су құқығы формаларының қалыптасу проблемаларын меңгеру үшін су құқығы дамуының жалпы тенденцияларын талдаймыз. ТМД елдерінің заңнамасы КСРО-ның көптеген құқықтық жүйесін сақтаған. ТМД елдерінің табиғи ресурстар заңнамасы бұрынғы КСРО ортақ «Мұрасы» - экологиялық проблемалары және кеңес заманының біртүрлі қателіктерін жеңу мәселелері. Сондықтан ТМД аясында ерекше құқықтық формалар- модельдік кодекстер мен заңдар қабылданады. ТМД мемлекеттері үшін Жер Кодексі модельдік жобасында су қоры жерлері қосылған жеті жер категориясы қарастырылған. Бірақ бұл жоба ТМД қатысушы елдердің құқық шығармашылық аясын қамтамасыз етуде терең реттеуді қажет етпейді. Бұл тұрғыда әрбір жақ тек экономикалық емес, сондай-ақ су қорының құқықтық режимін оңтайлы қалыптастыру үшін қажетті табиғи жағдай жасаған. ТМД елдерінің жер заңнамасы су қоры жерлерінің құқықтық режимін категорияларға бөліп қарастырады. Аталған категорияны жер кодексі моделін дайындауда есептелген Молдаваның Жер Кодексінде қарастырылған[1].

Өз кезегінде Су Кодексі моделі қабылданған жоқ. Бірақ тәуелсіз мемлекеттерде су кодексі немесе заңдары бар. Армения, Белорусия, Қазақстан, Молдавия, Тәжікстанда – кодекс, Өзбекстан мен Қырғызстанда – су заңдары. Олардың барлығы бірдей деуге болмайды, өйткені олардың кейбірі мүдделі және прогрессивті. Су қорын мемлекеттің меншігіне ыңғайлаған Қазақстанның Су Кодексі су шаруашылығының қаржылық механизмін ашпайтын жасанды түрде су объектілерін ведомстваларға бөледі.

Өзбекстан Республикасының «Су және суды пайдалану туралы» 1993ж. 6 мамырдағы №827 – XII Заңы толық немесе ішінара ақылы су пайдалануды енгізеді. Өз кезегінде 2004ж. 9 желтоқсандағы Қырғызстан Республикасының су кодексі суды пайдалану, сумен қамтамасыз ету, су шаруашылық объектілеріне ластаушы заттардың шығындылары ақысын қарастырды[2]. Украинаның да 1995ж. 6 маусымдағы Су Кодексі суды пайдаланудың (суды ағызу, су транспорттары мен гидроэнергетика үшін пайдаланылатын су) ақылылығын қарастырды. Бұл аталғандар су ресурстарын қорғау және қалпына келтіру, суға зиянды әрекеттерді болдырмау, су объектілерін өз қалпында ұстау сияқты іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Осылайша, Украинаның су заңы су төлемдерін өтеуді қарастырады[3].

Алайда ең бастысын айта кету керек, Заң шығарушының ойынша қарасақ, егер жер тікелей су қабатымен ұштасқан болса, онда ол су заңымен реттеледі.

Кейбір тәуелсіз мемлекеттерде су қорғау аймақтары мен өзен, су қоймаларына табиғатты қорғау заңнамасында ерекше көңіл бөлінгендігі айта кету керек. Аталған құқықтық институтты су және жер құқығымен байланыстыруға болады.

Молдаваның су қоры жерлерінің құқықтық режимі осы республиканың белгілі бір деңгейдегі табиғи ерекшеліктеріне байланысты. Балтық елдерінің және ТМД славянды республикалары табиғатына қарағанда Молдавия жері мұздық емес, ал ұзақ эрозия өте күрделі төбешік жайылымдарға себеп болды.

Көлемі жағынан үлкен емес Молдава шұңқырлы Днестра мен бірқатар ағындары бар Прут шекарасы сияқты екі үлкен кеме жүретін өзендер арасында орналасқан. Молдаваның дамыған көптеген өзен алқаптары, жасанды суаруға қолайлы тегіс террасалары бар үлкен өзендері – Днестр, Прут, Реут және т.б. Молдавияда көлдер көп, сондай-ақ ауыл шарушылығына пайдаланатын батпақты тоғандарда бар. 60 жылдары Прут шекарасының емдік суы Орталық Европада ең таза болып есептелсе, ал көлдері ең құнды балық аулау жерлерге бай еді.

Ресейдің ең жақын көршісі Украина КСРО кездегі туындаған проблемасын шеше қойған жоқ. Қырым түбегін біртіндеп теңіз иеленуде, ал автономды республика Қырымның ең әдемі жағажайлары теңіз астында, Көшкін аудандары мен құмыралар бақылаусыз қалуда[4]. Осылайша, жағалау сызығына 100 метрге дейін қол сұқпау 1995ж. дайындалған Қара теңіздің жағалау аймағы мен табиғатты басқару туралы заң жобасы қабылданбайынша өзгермейтін құбылыс болып қала береді. Бұл мәселе Украина басшылығының ондаған жылдар бойы қойылып келеді, бірақ Жоғарғы Кеңес тіпті «Азов теңізі мен Қара теңізді қалпына келтіру және мемлекеттік қорғау бағдарламасын бекіту туралы» заң жобасында қабылдаған жоқ. Бұл заң жобасының жоқтығынан Қаратеңіз-Азов бассейні балықтары жылына 20%-ға азаюда. Көптеген шығанақтар мен теңіз көлдерінде де осылай.

Украинаның өзендері Карпат, Полесье (Белорусиямен байланысқан), Днепр жотасында шоғырланған. Днепр, Днестр, Дунай, Прут, Тиса, Солтүстік Донец және т.б. өзендер транс шекаралы, кейде шекаралы сипатқа ие.

Осы тұрғыда кең тараған су қоры жерлердің мүмкіндігін шектей аламыз. 1990ж. Украинаның Жер Кодексінің 12 бөлімінде су қоры жерлері анықталған, Ресей заңнамасында да шамамен осылай. Су ресурстарын сақтау мен жақсарту мақсатында су объектілері, су көздері және гидротехникалық құрылымдарды қорғау зоналарын құру қарастырылды, 79 бап су қоры жерлерінде кез келген әрекеттерге тыйым салды.

Қазіргі уақытта Украинаның 2001 жылғы Жер Кодексінің 12 бөлімі су қоры жерлерден құқықтық режимін егжей-тегжейлі белгілеген.

Бұл санаттағыларыларға теңіздер, өзендер, көлдер, су қоймалары, бөгеттер, сондай-ақ аралдар және басқа да су объектілер жатады (58б). Аталған аралдар су қоры жерлеріне жатқызуы заң шығарушының ойлап тапқан тәсілі, сонымен бірге бөгеттер Жер Кодексінде су объектісі болып есептелген, дегенмен ресей заңнамасы бөгет астында белгілі бір су объектісі бар екенін түсінеді. Украина заңнамасы су жолдары жағалауларын көлік ретінде пайдалануды қарастырады. Жағалауларды қорғау құқықтық режимі ресейдікіне ұқсас және су қорғау зоналарына қосылған. Кодекстің құрылымында көрініп тұрғандай қалған су қорғау зоналары су қоры жерлер қатарына жатпайды.

Украинаның Жер Кодексінің 59 бабына сәйкес мемлекеттік, коммуналдық және жеке меншік су қоры жерлері қарастырылған. Атқарушы және муниципалдық органдар жабық табиғи су қоймаларын меншікке тегін (10 га дейін) немесе су объектілерін, жағалау участкелерін, су жолдарының жағалау сызықтарын, жолақтарды жалға бере алады. Сонымен қатар, су объектілерін, гидротехникалық құрылымдарды күтуді ұйымдастыратын құқықтық институт бар. Меншіктеген жер иесі өз жерінде жасанды су қоймаларын (балық, эрозияға қарсы және т.б.) құруға құқығы бар.

Осылайша Украинада су объектілеріне оның ішінде жасанды және жабық табиғи су қоймаларын меншіктеу мүмкіндігі бар. Ресей тәжірибесінде тек шағын көлемдегі ақпайтын жасанды су қоймалары ғана қарастырылған.

Белоруссия Шығыс-Еуропа жазығының шетінде орналасқан. Белорусияның тармақталған гидрографиялық мол сулары өзінің мұздықтарына тәуелді. Днепр, Припять, Неман және Батыс Двина сияқты үлкен өзендер транс-шекарада, кейде олардың өздері шекараға да қызмет етеді. Жайылмалы рельеф және өзен алқабының әлсіз бөлігі арналардың өзгермелілігімен қатты тармақталған мол шығанақтарымен ерекшеленеді. Басты кеме артериясы Припять ағындармен құйылып көктемде 20-30 кн. енді су қоймалары пайда болады. Батпақты жерлерді ағызғанда өзендер ағынды суға айналды. Белоруссия ландшафты өзінің қажетті элементтерімен көптеген көл, бөгеттерге ие, су қоймалары көп емес (Заславское, Вилейское). Елдің солтүстігі мен оңтүстігінде орналасқан көлдер үлкен көлік,

емдік, балықшарушылығы және су шаруашылығымен ерекшеленеді. Белоруссияда олардың жалпы саны 10 мыңнан асады.

Аталған деректерден келесідей қорытынды шығаруға болады:

1. Су қоры жерлерінің шекарасын анықтау қиындығы;
2. Гидрология жағдайындағы кеме жүргізу қиындығы (аралдар, орамдар, су аздығы);
3. Белоруссияның маңызды проблемасы артық су ресурстары: елдің біршама халқы мен шаруашылығы «көп судан» зардап шекті және әлі күнге дейін шегуде;

90 жылдардың соңында тәуелсіз ортаазиялық республикалар су қоры жерлері нормаларын өзгертпей жаңа Кодекстер қабылдады. Өзбекстанның Жер Кодексінде су қоры жерлері режимін стереотипті түрде қараған, бірақ су объектілеріне әсер ететін құрылыс және басқа да шаруашылықтарға тыйым салынған (776).

1997ж. Қырғызстанның Жер Кодексінің 17 бөлімі осы мемлекеттің Үкіметіне су қоры жерлерін уақытша пайдалануға және су қорғау зоналарын есептеу тәртібін белгілеуге құқық берілген. Су қорғау аймағында жерді пайдалану өздігінен су объектісін қорғайтын тұлға жүзеге асырады. (89-92 баптар).

Бірқатар өзендер екі немесе одан да көп ортаазиялық мемлекеттердің территориясына құяды, кейде тіпті бүкіл ТМД шекарасы болып табылады (тәжік-ауған шекарасы Пяндж өзені).

Сондай-ақ, тек ең үлкен Әмудария және Сырдария емес, кейбір ағындарды атап өту керек. Біз айтқан су объектісі трансшекаралы және аймақтық ұйым басқаруға тиіс халықаралық Арал теңізі бассейні. 1994ж. қаңтарда ортаазиялық бес мемлекеттің президенттері экологиялық жағдайды жақсартуға нақты әрекеттері көрсетілген бағдарлама дайындады. Онда барлық қатысушыларды Арал бассейнін барлық сыртқы көздернен донорлық зарядтау проблемасы бойынша техникалық-экономикалық дайындық жасайды. Жеке бассейндер мен суару аймақтарына (Мысалы, Әмударияның дельтасын алайық) басқаруды енгізсек, проблема оңтайлы шешіледі деп үміттенуге болады. Сонымен қатар тараптар Халықаралық Аралды Құтқару Қорын (ХАҚҚ) және Халықаралық Координациялық Су Комиссиясын (ХКСК) құруға келісті.

Қазақстанның гидрографикалық желісі мен су бетінің сипаты климаттық және табиғи белбеуге (орманды дала, дала, жартылай шөл дала, шөл дала, жоғары бөліктік аймақ) байланысты. Біздің заңнамада климаттық табиғи аймақтарды сараланған, бұл әртараптанған табиғаты бар ресей заңына үлгі болып отыр. Қазақстанның қолданыстағы жер кодексі[5] ТМД елдерінің барлығында бөлінген категориялармен бірге табиғатына қарай 10 аймаққа саралап қарастырады: орманды дала, дала, субтропикалық шөл дала, құрғақ дала, жартылай шөл дала, шөл дала, таулы шөл дала, ортаазиялық тау, оңтүстік сібір тау. Осылай Қазақстанның су қоры категориясы аталған аймақтардың гидроресурстармен оларға теңескен жерлерді «кесіп өтеді». Қазақстанның гидрографикалық жүйесінде су қоры жерлер өзінiң ерекшелiгiмен үлкен аймақты алып жатыр. Қазақстан Республикасының 2003ж. 20 маусымдағы Жер Кодексі су қоры жерлерінің құқықтық режимін басқа ТМД елдеріне ұқсас қарастырады. Аталған жер категориялары анықтамалары мен су заңнамасына жасалған дәстүрлі сілтемелер мен қатар (өзендер, оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және ішкі тоғандар, аймақтық сулар) мұздықтар, батпақтар, ағындарды реттеуге арналған су шаруашылығы қондырғылар, сонымен қатар су қорғау аймақтары мен осы құрылымдардың белдеулеріне бөлінген жерлер және ауыз сумен қамтамасыз ету үшін су жинау жүйелерін санитарлық қорғау аймақтары танылады.

Жер Кодексінің 135 бабына сәйкес су қоры жерлеріне жататын жер участкелерін су ресурстарын басқарудың уәкілетті органдарымен келісе отырып жергілікті атқарушы органдар жеке және заңды тұлғаларға жердің негізгі мақсаттарына қайшы келмейтін жағдайда ауыл шаруашылық, орман шаруашылығы, балық аулау, аң аулау және басқа да мақсаттарға сәйкес уақытша пайдалануға беріледі.

Өз кезегінде 2001ж. Қазақстанның «Жер туралы» заңының 15 бөлімінде де су шаруашылығын басқарудың уәкілетті органдардың келісімімен жергілікті атқарушы органдар шешімімен жеке және заңды тұлғалар уақытша пайдалануға алуға болатындығы қарастырылған. Жер заңының бабына сәйкес су қоры жерлері (орман қоры жерлері де) жеке меншікте бола алмайды. Жерді пайдалануға беру кезінде олар арнайы белгілермен анықталуы тиіс. Өз кезегінде су қабылдайтын құрылыстарын қорғау аймағының бірінші белбеуінің участкелері ғана иеліктен шығарылады.

Қазақстанның сулары Арал теңізі бассейніне ішінара ғана кіреді, бірақ сонда да 1992ж. «Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы» Заңы қабылданды[6].

Жалпы қорыта келе мынандай түін шығаруға болады: су қоры жерлерінің шекарасын анықтау қиындығын азайту үшін халақаралық шарттарды жетілдіру; гидрология жағдайындағы кеме жүргізу қиындығын азайту жолдарын табу (аралдар, орамдар, су аздығы).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Злотникова Т.В. Законодательная деятельность Межпарламентская Ассамблеи стран Содружества Независимых Государств- МПИА- Природа, 1999, с 42-44
2. Кошматов В., Водное хозяйство Киргизской республики: управление, состояние, преспективы, Джалалоа А., Правовой культура водопользования – традиции народов Средней Азии, Мелиорация и водное хозяйство, 2005 с [6-17, 24-27; Обеспечение водными ресурсами народов Казахстана, водное хозяйство, 2002, с. 20-21
3. Экологическое законодательство Украины, Сост. М.В. Шульга, Харьков. Консум, 2000, стр. 21-22
4. Шевчук. Вокруг Черного моря; слово и... дело. Экология жизни 2001, № 1, с. 62-64
5. Земельный кодекс Республики Казахстана от 20 июня 2003 года N 442-II
6. Бринчук М.М. Экологическое право (право окружающей среды), М. «Юрист», 2005

Сулейменова Сауле Жусупбековна

з.ғ.д., профессор, «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің деканы

E-mail: s.suleimenova@turan-edu.kz

Алтынбекқызы Алуа

PhD, «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің «ЗЖХҚ» кафедрасының меңгерушісі,

E-mail: a.altynbekkyzy@turan-edu.kz

Кәдірбай Айша Әуелбекқызы

з.ғ.м., «Тұран» университетінің гуманитарлы-заң факультетінің «ЗЖХҚ» кафедрасының оқытушысы,

E-mail: ai_ka10@bk.ru

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ЖЕРДІ ЖАЛҒА БЕРУДІҢ ҚҰРЫЛУЫ
МЕН ДАМУЫНА ТАРИХИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ**

Түйін: Ғылыми мақаланың авторлары жерді жалға берудің құрылуы мен дамуына тарихи-саяси, әлеуметтік және құқықтық талдауға аса мән берген. Қазақстанда қолданыстағы жер заңнамасының қалыптасуына бағытталған ұсыныстарды әзірлеу, қолданыстағы заңнаманы меңгеру кезінде кемшіліктерді анықтауға ерекше мән берген.

Резюме: Авторы статьи уделили большое внимание историко-политическому, социальному и правовому анализу создания и развития землевладения. В Казахстане особое внимание было уделено определению недостатков в разработке предложений по созданию существующего земельного законодательства, разработке действующего законодательства.

Summary: The authors of the article paid much attention to the historical, political, social and legal analysis of the creation and development of land ownership. In Kazakhstan, special attention was paid to identifying shortcomings in the development of proposals for the creation of existing land legislation, the development of existing legislation.

Кілт сөздер: Қазақстан Республикасы, Ресей империясы, Конституция, жер заңнамасы, жер, жерді жалға беру, жалға беру ақысы.

Қазақстан тарихында жерді жалға берудің рөлі мен орны зерттеу экономикалық және қоғамдық дамуын, заңды нормаларымен заңдылығын және тенденцияларын білуге көмектеседі. Қазақ құқығындағы тарихи ескерткіштер жерді жалға алудың өзіндік формада қалыптасқанын дәлелдейді. Осы тұрғыдағы зерттеулермен Қазақстан территориясында жерді жалға берудің тарихына талдау жүргізбеу мүмкін емес.

Қазіргі Қазақстанда жер қатынастарын заңды жақсарту ескі тәжірибеден жағымды және жағымсыз жақтарын ескеруді талап етеді. Жерді жалға беру заңнамасының қалыптасуы мен дамуы нарыққа көшуімен тығыз байланысты. Қазақстанда жер қатынастарының қалыптасу тарихы келесідей сатыларға бөлінеді: Қазақстанның Ресей құрамына кіргенге дейінгі құқықтық жер қатынастары, Ресей құрамындағы Қазақстанның жер қатынастары, Кеңестік кезеңдегі жер қатынастары, егеменді Қазақстанның жер қатынастары[1].

С.З.Зиманов пен А.Е.Ереновтың «Қазақстанда жер меншігі даусыз, көшпенді қауымның пайдаланған жер меншігін меншіктеді деу үлкен қателік деген пікірлермен келіспеу мүмкін емес. Қазақ феодалдарының негізгі өндірісін талдай келе, көшпенділердің пайдаланған жер телімдері феодалдардың монополиялық жағдайда иелік еткенін көрсетті»[2]. Бұл дегеніңіз сол кездегі құнарлы жерлерді феодалдардың аттарымен атау тәсілінің бар екенін дәлелдейді. Соттар жер дауларын шешуде жердің иесі кім екенін білуде осыны басшылыққа алған. Ең жақсы деген бұлағы бар жерлер феодалдардыкі болған. Осыған байланысты қарапайым көшпенділер өзен суларын пайдалана алмаған. Оған ханның немесе жер иесінің арнайы рұқсаты керек еді. Әрине егер бұлағы бар жайылымдар қауымның меншігінде болса оған рұқсат қажет емес еді.

Аталған тарихи фактілер Қазақстанда жер феодалдардың жеке меншігінде болғанын дәлелдейді. Әрине ол кезеңнің жерге деген жеке меншік институты қазіргі кезден өзгереді. Ол кезде Қазақстанда жеке меншік категориясы патриархалды-феодалды шегінде еді. Сондықтан бұл қазақ қоғамының көшпенді өмір салтымен ерекшеленген феодалдық жекеменшік болды.

Қазақстанның Ресейге қосылуы жер қатынастарының сипатына және құқықтың реттелуіне әсер етпеуі мүмкін емес екендігін атап өту керек.

Біріншіден, барлық жер қоры Хан-Сұлтанлардың қолынан Ресей империясына өтті.

Екіншіден, қазақтар жерді қауымдасып пайдаланғанымен, жер қатынастарын реттеу бұрынғыдай қазақ әдет-ғұрыптық құқық нормалары жүзеге асырылды.

Үшіншіден, қазақтың әдет-ғұрып құқығында жеке-меншік құқығын мойындайтын нормалары пайда болды (отбасының күздік және қыстық жайылымы, үй-жайлары, табындықтары және т.б.).

Төртіншіден, жер қатынасын құқықтық реттеу қазақ әдет-ғұрып құқығымен бірге жалпы ресейлік империясы заңнамасымен бірге жүзеге асты. Қазақстандағы жер нарығын құқықтық реттеудің тарихи сатысын Ресейден бөліп қарастыруға мүмкін емес екенін атап өту керек. Осылайша жалпыресейлік әлеуметтік процестер Қазақстанда да тікелей немесе жанама көрініс тапты. Жер нарығын реттейтін заңдық акт, нормативтік актілер Қазақстандағы жер қатынастарына аса ықпал етпеді. Осыған қарамастан Ресей казактар мен әскер халқына қазақтардан жер алқаптарын алу саясатын жүргізді.

Жерді алып-сату және жалға беру тәжірибесі кең тарағанынан мазаланған ресей үкіметі бір уезге алтаудан аспайтын жер телімін сату нормасын бекітті. Алайда, шын мәнінде көптеген алып-сатарлар және рантьелер (шенеуніктерге пара беру арқылы) 100-200 телімдеп сатып алатын [3].

Қазақтың байтақ даласында столыппиндік реформасы жүріп өтті саяси-экономикалық жағдай ушықпас үшін аграрлы жағдайды түрлендіру мақсатында халық тығыз орналасқан губерниялардан жері аз шаруаларды Қазақстан территориясына көшірді.

Қоныс аудару саясатын жүргізуді де бірнеше мәселелерді шешуді мақсат етті: біріншіден, халқы тығыз орналасқан Ресей оңтүстігінен жаппай көшіру аграрлық мәселелерді бәсеңдетіп кедей шаруалардың наразылығын тудырмау үшін және шаруалар қозғалысының күшеймеуіне жәрдемдесті; екіншіден, Қазақ даласына көшірілген орыс және украин шаруалары Қазақстандағы отаршылдық саясатында тірек етер еді; үшіншіден, патша үкіметі кулак-қоныс аударушылардан ауылдарда саяси және экономикалық тіректі жүзеге асырды. Ресей империясының шенеуніктері өздерінің стратегиялық ойларын елге нан ресурстарын ұлғайту және құнарлы жерлерді игеру мақсатында деп түсіндірді[4].

Столыпин реформасы кезінде Қазақстандағы нарықтық жер қатынастарын Ресей империясының отаршылдық саясатын жүзеге асырған жалпы империялық заңнамасымен қатаң реттелді.

Тарихта, жалпы империялық құқықтық белгілерден басқа, дәл Азиялық Ресей өмірлерінің қоғамдық қатынастарын реттеуге бағытталған арнайы нормативтік актілер қабылданып, оның жұмыс істегені туралы да фактілер бар[5].

1917 жылдан кейін жағдай күрт өзгерді, - жер құқығы мүлдем басқа сипат алды. 1917ж. 26 қазанда шыққан «Жер туралы» Декрет шаруалар аманаты (ескі нұсқада) жерге деген жеке меншікті жойып, жалға, кепілге беруге тыйым салып барлық жерді халық игілігі деп жариялады [6].

Жер өкілеттілігі бар мемлекеттік билік органдары жер комитеті игілігіне өтті[7]. Жерді әлеуметтендіру туралы Декрет қандай да жер меншігі және табиғи ресурстарға деген меншік мәңгі жойылып, олар мемлекеттік билік органдары игілігіне өтуін қарастырды[8].

Осылайша, құқық құрылымында тек қолдану құқығы айтылмай қалды. 1980 жылдардың аяғындағы жер қатынастарының түбегейлі өзгеріс қажеттілігі қоғамдық пікірге қатты әсер еткені тарих көрсетіп отыр. Революцияға дейін Қазақстанда жер қатынас тұтастығы тек жер құқық нормаларымен ғана емес, сонымен қатар Ресей империясының Том X Свод заңдары - азаматтық заңнамасымен де реттелді. Азаматтық құқық нормалары қаладағы және ауылдағы жерге қатысты жеке меншік қоғамдық қатынастарды реттеді.

Құқықтың режим «ресми тұлға» мемлекеттік жерлер мен жеке жер игілерінің жерлерін реттеді, мемлекеттік жерлер нарық жерлермен қосылды, ауылшаруашылық жерлер жеке тұлғаларға жалға беріліп, ол үшін ақы алынды.

КСРО Халжерком-не одақ республикаларының халжеркомитеттері тікелей бағынды. Колхоз құқығында жер құқығынан туындаған жағдайлар ауылшаруашылық ұжымдастыруды қалыптастыру бағытындағы жалпы - одақтық ережеге бағынды.

Осының нәтижесінде жер кодексі өзінің құқықтық күшін жеке қолдану аясын жоғалта бастады.

Бұл даму сатысында жалға беру жер қатынастары болмады: жер айналымнан алып тасталды және *res extra commensal*.

Ресей Федерациясының 1964ж. Азаматтық Кодексінде[9] жерді жалға беру нормалары жоқ.

Тәуелсіз Қазақстандағы жерді жалға беру заңнамасының қалыптасуы мен дамуы бірнеше сатыға бөлінеді:

Бірінші саты – 1990-1993жж. Бұл сатыда ҚазКСР жер кодексі, «жер реформасы туралы» Заңының «Шаруа қожалығы туралы», «жер салығы туралы» және басқа да жаңа жер қатынастарын негіздейтін нормативтік құқықтық актілері қабылданды. Әрине бұлар жаңа жер шаруалығы құрылуында жақсы рөл атқарды. Бірақ бұл процесте шектелуші факторлар нарықтық қатынастардың енуі мен жеке

кәсіпкерліктің дамуы, тек қана мемлекеттің монопольдік меншіктігі еді. Бастапқы сатыда жер тек мемлекет меншігінде болып, қандай да жер мәмілелері жасауға тыйым салынған еді. Алайда жерді пайдаланудың экономикалық механизм белгілері жер салығы мен жолдау ақысын жинауда білінді. ҚазКСР заңына сәйкес жерді иелену және жерді қолдану ақылы болып табылады. Жер участкесі оның ақысын төлеу сапасына, тұрған жеріне және жалдау ақысын жинау формаларында жүргізілді. Жерге төленген ақша жергілікті бюджетке түседі және ол бірінші кезекте жерді қорғауға, оның сапасын көтеруге, жер иелері мен жерді пайдаланушыларға материалдық ынталандыруға, сондай-ақ іс-шаралар өткізуге, сондай-ақ жерді басқарушылар мен территорияларды әлеуметтік-мәдени дамытуға жіберіледі [10]. Жерді қорғау және жерді пайдалануды ұтымды қамтамасыз етуде, құқықтық экономикалық және әлеуметтік жағдайлары тиімді жасалған әр түрлі шаруашылықтардың жер қатынастардың түрлендіру мақсатында «жер реформасы туралы» заң қабылданды [11].

Жерге жеке меншік институтын енгізу жер нарығының үшінші сатысына өтуі еді. 1995ж. 30 тамызда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, мемлекеттік және жеке меншік жерлер мойындалып, тең қорғалды және жылжымайтын мүлік болып жер участкесінің құқықтық мәртебесі өзгерді [12]. Кейіннен, 1995ж. 22 желтоқсанда қабылданған ҚР Президентінің «Жер туралы» жарлығы жер меншігінің заңнамасының мәртебесі құқықтық реттеу субъектісі ретінде деген мәселелерді шешті. Жылжымайтын мүлік иесі жерді толық басқару құқығына ие болуы керек, мысалы, сатуға сатып алуға, сыйлауға, кепілдік шарттарын жасауға, жалға беруге [13]. Нарық экономикасындағы кейбір мысалы теория, әдістеріне, сондай-ақ заңнамалық-нормативтік актілер және жүзеге асыру механизмдер сияқты қиын мәселелер жаңа ауысымға көшуді талап етті.

Нарықтық экономикаға өту аграрлық секторлардың жекешеленуі, екінші жер нарығының құрылуы, мемлекеттік және жеке жер ресурстарын тиімді басқару қажеттілігі өз арасында құқықтық соқтығыстарсыз жалға беру айналымының өркеніеті негізін құрайтын құқық нормаларын талап етті.

Мүлік құрылымын онтайландыру мақсатында жылжымайтын мүлікті басқару түрін өзгертуде жер участкелерін капиталдың бірі ретінде қабылдау қажет еді. Жерді жалға беруді: құқықтық реттеуде заңнаманы үйлестіру тәжірибиесін пайдалану Қазақстан мүшелік ететін интеграциялық бірлестіктер үшін аса маңызды рөл атқарды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Архипов И.Г. Земельное право Республики Казахстан. Алматы, 1997.*
2. *Зиманов С.З., Еренов А.Е. О характере феодальной собственности на землю в Казахстане // Труды Алматинского юридического института., Алма-Ата, 1955.*
3. *Крестьянская реформа в России 1861: сборник законодательных актов. М., 1954.*
4. *Сборник декретов 1917-1918 гг. М., 1920.*
5. *Декрет ВЦИК и СНК РСФСР от 26 августа 1920 года. Об образовании автономной Киргизской ССР // Собрание законодательства КАССР, Алматы, 1969.*
6. *Декреты Советской власти. М., 1957. Т.1*
7. *О переходе земли в распоряжение земельных комитетов. Принято СНК РСФСР 5 ноября 1917г. // СУ. 1917. № 2.*
8. *Советское земельное право / под ред. Н.И.Краснова, В.П.Балезина. М. 1977.*
9. *Гражданский кодекс РСФСР // Ведомости ВС РСФСР. 1964. № 24. Ст. 406.*
10. *Хаджиев А.Х. Земельное право Республики Казахстан в условиях становления и развития рыночной экономики (проблемы теории, законодательства и практики): дис. ... д-ра. юрид. наук. Алматы, 2004.*
11. *Казахская ССР. О земельной реформе в Казахской ССР. Закон // Ведомости Совета КазССР. 1991г. 28. Ст. 384.*
12. *Конституция Республики Казахстан. Алма-Ата, 1995.*
13. *Президент Республики Казахстан. О земле: Указ от 22 декабря 1995г. // Ведомости. 1995. № 24.*

Торғаутова Б.А.

з.ғ.к., доценті, ҚР ПҒА корреспондент – мүшесі, «Тұран» университетінің «Заңтану және Халықаралық құқық» кафедрасының, *Bota1313@mail.ru*

Амреева И.С.

з.ғ.м. аға оқытушы, *ТУРАН университеті, isatanovna@mail.ru*

ҚР СОТ ӨНДІРІСІНДЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ ҚЫСҚАРТУ

Түйіндеме: *Мақалада сотқа дейінгі тергеп тесеруден кейінгі сотқа келіп түскен істі қысқартудың негіздері толық қарастырылған. Сонымен қатар, қылмыстық істі басты сот талқылауын тағайындау сатысында қысқартудың тарихи жолдары баяндалған.*

Резюме: *В данной статье рассматриваются основания прекращения производства по поступившему уголовному делу в суд после окончания следственных действий. Также, описаны исторические аспекты сокращения производства по поступившему уголовному делу в суд.*

Summary: *This article deals with the grounds for the termination of proceedings on the criminal case that has been submitted to the court after the completion of the investigative action. Also, the historical aspects of the reduction of production on the incoming criminal case to the court are described.*

Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі тергеп тесеру әрекеттері толық жүргізілген, дәлелдемелер жеткілікті деп танылған жағдайда тергеуші айыптау қорытындысын құрастырып қылмыстық істі қадағалау функциясын жүзеге асыратын прокурорға жіберуге құқылы.

Мемлекеттік айыптаушы келіп түскен іс бойынша айыптау қорытындысымен келіскен жағдайда айыпталушыны сотқа жібереді, не болмаса қылмыстық істі толық не ішінара тоқтатуға құқылы [1, 113 бет]. Заң шығарушымен істі сотта қарастырудың заңдылығын қамтамасыз етудің қосымша кепілдігін енгізген. Ол міндетті түрде істің басты сот талқылауын тағайындау сатысынан және басты сот талқылдауының отырысына дайындық әрекеттерінен өтуі.

Басты сот талқылауын тағайындау бұл – соттың жеке өзімен айыпталушының кінәлілігі туралы мәселені шешпес бұрын, сотқа келіп түскен қылмыстық іс құжаттарын, істі мәні бойынша қарау үшін негіздердің жеткіліктілігін тексеріп, басты сот талқылауына қатысты дайындық әрекеттерін жүргізетін қылмыстық процестің сатысы.

Аталған сатының өзіндік ерекшелігін оның алдында тұрған міндеттері көрсетеді. Алдын ала тыңдау сатысының негізгі міндеті болып танылатын істі мәні бойынша қараудың жеткілікті негіздерін анықтау мақсатында алдын ала тергеу құжаттарын тексеру процесі осы сатының маңыздылығы мен мәнінен шығады. Басты сот талқылауын тағайындау сатысының мәні сот талқылауын тағайындау мүмкіндігі туралы сұрақтың шешілуінде. ҚР ҚПК-ң 319 бабында бекітілген басты сот талқылауын тағайындау сатысының міндеттері қылмыстық процесс теориясында дәстүрлі болып келетінін ескеру қажет. Заң шығарушы аталған сатыда шешілуге тиісті сұрақтардың қатарына іс бойынша өндірісті тоқтатуға әкеп соқтыратын мән-жайларды анықтауды жатқызады. Қылмыстық істі қысқарту тәртібі 1959 жылғы 22 июльдегі Қазақ ССР ҚІЖК редакциясында 215 бабымен қарастырылған. Қазақ ССР ҚІЖК 215 бабына сай, Қаз ССР ҚІЖК 14 бабының 1-5, 7-10 тармақтарында көрсетілген жағдайлардың бірі болғанда, іс тәртіптеуші мәжілістерде қысқартылады. Егер айыпкер істі қысқартуға қарсы болса, Қаз ССР ҚІЖК 14 бабының 3, 4, 10 тармақтарында көрсетілген негіздер бойынша істі тәртіптеуші мәжілісте қысқартуға болмайды. Мұндай ретте сотқа беру жалпы тәртіп бойынша жүргізіледі. Егер қылмыстық іс қысқартылса, сот қолданылған бұлтартпау шарасын жояды және айғақты заттардың тағдыры жөніндегі мәселені шешеді, сондай ақ айыпкердің мүлкіне салынған аресттен оны босату туралы мәселені талқылайды. Тәртіптеуші мәжілістің істі қысқарту жөніндегі ұйғаруының көшірмесі айыпкерге және жәбірленушіге тапсырылады. Бұл өкілеттілікті судья тараптардың өтініштері болмаса да жүзеге асырады және де бұл жағдай басты сот талқылауын жүргізумен байланысты шығын шығармай-ақ, сот процесінде айыптауға қатысты тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтірместен маңызды процессуалдық шешім шығаруға әкеледі.

Айыптауды құптаумен не құптамаумен байланысты алдын ала тыңдау кезінде қылмыстық істі қысқарту, айыптаумен байланысты өзге де сұрақтарды шешеді. Мысалы: бұлтартпау шарасын қолдану, мүлікке тыйым салу т.б.

Сонымен, судья ҚР ҚПК-ң 319 бабында көрсетілген сұрақтарды шеше келе, ҚР ҚПК-ң 36 бабының нормаларына сай қылмыстық іс бойынша қудалау тоқтатылады.

Қылмыстық процесс теориясында қылмыстық істерді қысқарту қандай да бір критерилерге байланысты сараланады.

Сонымен, атақты ресей ғалымы Фойницкий И.Я. қылмыстық істі қысқартудың негіздерін фактілі және заңды негіздер деп бөлді. Қылмыстық істерді қысқартудың фактілі шарты ретінде айыптау үшін негіздердің жеткіліксіздігін, істің мәні бойынша тағылған айыптың түсініксіздігін түсінеді. Ал заңды шарттарға қылмыстық әрекеттің қылмыстылығын жоятын не оның жазалануын жоятын мән – жайларды жатқызады [2, 323 бет].

С.М. Строгович қылмыстық істі қысқартудың негіздерін үш топқа бөлді. Бірінші топқа заңның күшінің негізінде қылмыстық іс бойынша өндірісті тоқтатын негіздерді жатқызған; екінші топқа алғашқы негіздерге қарағанда заңға сай қылмыстық істі қысқартуды міндеттейтін нормаларға сүйенбейтін, бірақ тергеушіге істі қысқартуға құқық беретін негіздер жатады; үшінші топқа – нақты істің мән – жайларымен байланысты негіздер жатады, яғни, айыпталушының кінәлілігін дәлелдейтін дәлелдемелердің тергеу нәтижесі бойынша жеткілікті болмауы және айыпталушы сотқа беру мүмкін болмаған кезде [3, 168 бет].

Ғалым-процессуалист Шейфер С.А. қылмыстық істерді қысқартудың келесідей негіздерін ұсынды:

1. Қылмыстылықты жоятын немесе қоғамға қауіпті сипаттағы әрекеттің жойылуын нақтылайтын белгілер.
2. Жазалануды жоятын белгілер.
3. Нақ сол айып бойынша өндірістің жүргізілуін болдырмайтынын нақтылайтын белгілер [4, 48 бет].

Қылмыстық істі қысқартудың негіздерін материалды – құқықтық және процессуалдық деп бөлуді ұсынған ғалым процессуалистер Давыдов П.М. және Д.Я. Мирскийдің пікірлері процессуалдық оқулықтарда кеңінен тараған. Бұл саралаудың авторлары материалдық – құқықтық негіздерге қылмыстың мән-жайын не құрамын жоққа шығаратын, не болмаса қылмыстық жауаптылыққа тартудың фактілі негіздерін, немесе жаза тағайындауды жоққа шығаратын барлық негіздерді жатқызады. Аталған негіздердің материалдық – құқықтық негіздерге жатқызылуы олардың қылмыс түсінігімен байланыстылығы және қылмыстық заңмен қарастырылатыны немесе қылмыстық құқық қағидаларынан шығатынымен түсіндіріледі [5, 11 бет].

Егер, қылмыстық іс заңды және негізді қозғалған болса, заңға сай ақтайтын негіздер болса қылмыстық іс қысқартылады. Қысқартылған қылмыстық іс бойынша қылмыстық процессуалдық қызмет толық тоқталып, алдын ала тындау сатысы мен қылмыстық процес міндеттері толық орындалған болып саналады.

Ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық істерді қысқартудың негіздеріне ҚР ҚПК-ң 35 бабының 1 бөлімінің 3-12 тармақтарында, 38 бабының 1 бөлімінде көрсетілген негіздер жатады. Оған қоса, «реабилитация» термині латын тілінен аударғанда екі мағынаға ие 1) құқық бойынша азаматтың қайта қалпына келтірілуі (әкімшілік не сот тәртібінде); 2) кең мағынада бұрынғы жақсы атын, қоғамдағы дәрежесін қалпына келтіру т.с.с. Әділсоттылықты жүзеге асыратын соттардың пікірі бойынша, қылмыстық істердің көбісі алдын ала тындау кезінде тараптардың бітісуімен және жәбірленушіге келтірілген зиянның өтелуімен байланысты қысқартылады [6, 8 бет].

ҚР ҚПК –нің ережелеріне сай, қылмыстық процеске қатысушылар анықтаушыға, тергеушіге, прокурорға, сотқа іс бойынша маңызы бар мән-жайларды анықтау, өтініш жасап барған адамның немесе оларды ұсынған адамның құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету үшін іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу немесе іс жүргізу шешімдерін қабылдау туралы өтініштермен бара алады. Өтініш процесінің кез келген сатысында мәлімделуі мүмкін. Өтініш білдірген адам қандай мән-жайды анықтау үшін іс-әрекет жүргізуді немесе шешім қабылдауды сұрайтындығын көрсетуі тиіс. Жазбаша өтініштер іске тігіледі, ауызша өтініштер тергеу іс-әрекетінің немесе сот отырысының хаттамасына кіргізіледі. Өтініштің қабылданбағандығы оны қылмыстық сот ісін жүргізудің келесі кезеңдерінде қайталап беруге немесе қылмыстық процесі жүргізуші басқа органға беруге кедергі келтірмейді.

Демек, қылмыстық процесінің айыптау не қорғану тараптары басты сот талқылауын тағайындау сатысында сотқа процессуалдық әрекеттерді жүргізу туралы немесе іс үшін маңызы бар мән – жайларды анықтау үшін процессуалдық шешімдерді қабылдау туралы, соның ішінде, іс бойынша өндірісті тоқтата тұру туралы, істі қысқарту туралы, істерді біріктіру не бөлу туралы, істі соттылығы бойынша жолдау туралы, істі қосымша реттеу үшін қайтару туралы, дәлелдемелерді талап ету туралы, сотқа шақыртылуға тиісті азаматтардың тізіміне енгізілмеген тұлғаларды шақырту туралы өтініш мәлімдей алады.

Осы көрсетілген сұрақтар жоғарыда зерттелгеніне көңіл аударып, сот тәжірибесінде жиі кездесетін дәлелдемелерді істен алып тастуды талап ету туралы өтінішке тоқталайық.

Дәлелдемелерді істен алып тастуды талап ету туралы өтініштің объективті сипаттамасы қылмыстық іс құжаттарының ішінде жарамсыз дәлелдемелердің болуында. Мұндай дәлелдемелер болған жағдайда, дәлелдемелердің жарамсыз болуына байланысты істен алынып тасталуы туралы сұрақ, тараптар осы дәлелдемелерді істен алып тастау туралы өтініш білдірген жағдайларда ғана іс бойынша алдын ала тыңдау кезінде қарастырылады.

Жоғарыда көрсетілген қылмыстық процессуалдық заңның ережелерінен, мәні бойынша, мұнда ең бірінші кезекте, қорғану тарабының дәлелдемелерді істен алып тастау құқығы туралы, сөз болып отырғанын көруге болады. Сонымен қатар, қорғану тарабына алдын ала тергеу өндірісі кезінде де осы мәселе бойынша айыптау тарабымен өтініштері қанағаттандырусыз қалдырылса да, қорғану тарабы осы құқығын қылмыстық іс жүргізудің келесі сатыларында жүзеге асырады. Айыптаушы тараптан дәлелдемелерді істен алып тастау туралы өтініш білдіру құқығын күту мүмкін емес, не қиын. Себебі, анықтауды жүргізу мен ұйымдастыру, фактілі мән - жайларды жинап, оларды дәлелдемелер ретінде тану бойынша алдын ала тергеуді жүргізу ережесі қылмыстық іс жүргізу кодексінде белгіленген. Ол тәртіп бойынша барлық дәлелдемелер айыптау тарабының өкілдерінің қолдарында орналасқан: прокурордың, тергеушінің, тергеу бөлімінің бастығында, анықтау органында, анықтаушыда. Аталған органдардың шешуінен қылмыстық іс бойынша мәліметтердің қайсысы дәлелдемелер статусына ие болатыны белгілі. Бұл дәлелдемелер қорғану тараптарының өкілдерімен немесе айыптау тарабының өзге өкілдерімен (жәбірленуші, азаматтық талапкер) ұсынылуы мүмкін, және бұл маңызды емес.

Нақты осы аталған органдар олар дәлелдеме деп тапқан фактілі мәліметтерді қамтитын құжаттарды жинастырып, қылмыстық істі құрайды.

ҚР ҚПК –нің 24 бабының бірінші бөлімінде «Сот, прокурор, тергеуші, анықтаушы істі дұрыс шешуге қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу үшін заңда көзделген барлық шараларды қолдануға міндетті» деген концептуальді ереже қамтылған. Бұл ереженің дәл мағынасы бойынша, ҚР ҚПК –нің ережелеріне сай анықтаушы мен тергеуші айыптау тараптарының өкілдері бола отырып, айыпталушыны ақтайтын, сонымен қатар, оның жауаптылығын жеңілдететін мән-жайларды айқындауға, тіпті тікелей құқықтары жоқ. Сонда нәтижесінде, қылмыстық іс құжаттарында айыпталушыны тек әшкерелейтін дәлелдемелер болатындығын көрсетеді. Бұл қисынсыздық.

Сол себепті де, қылмыстық іске айыптау тарабымен енгізілген дәлелдемелерді істе алып тастау туралы қорғану тарабының өтініш беру құқығы біздің ойымызша, белгілі бір дәрежеде айыптау тарабына қатысты тергеуші мен анықтаушыны қателесіп жатқызудың негативті салдарын төмендетеді.

Жоғарыда келтірілген мәліметтер мүлдем айыптау тарабымен дәлелдемелерді айып тастау туралы өтініш білдіру мүмкіндігі жоқ дегенді білдірмейді. Мысалы, алдын ала тыңдау кезінде қылмыстық істі басты сот талқылауында қарау үшін дәлелдемелердің тізімінің шеңберінде қорғану тарабымен алғаш рет ұсынылған дәлелдемелердің ішінен кейбіреулері жарамсыз деп танылса.

Дәлелдемелердің іске жарамсыз және оларды істен алып тастау туралы өтініш тек оларды жинау мен бекітудің процессуалдық тәртібінің сақталуын қадағалаумен байланысты. Дәлелдемелердің іске қатыстылығын тексеру үшін тәжірибемен тек ерекше жағдайда ғана тергеу әрекеттерінің хаттамалары мен істегі өзге де құжаттарды, сонымен қатар, алдын ала тыңдау кезінде тараптармен ұсынылған өзге дәлелдемелерді жариялау қалыптасып шығарылған.

Сонымен, іс бойынша алдын ала тыңдау кезіндегі қылмыстық іс құжаттарындағы бар және тараптармен ұсынылған дәлелдемелер мәні бойынша зерттелмейді, тек іске қатысушы тараптардың өтініштері болған жағдайда ғана ұсынылған дәлелдемелердің іске қатыссыздығы туралы сұрақ тексерілуі мүмкін.

Негізінен, қылмыстық істі қысқарту жәбірленушінің де құқықтарын бұзуына әкеп соқтырады. Ол қылмыстық істі қысқарту туралы қаулысына қатысты шағым келтіруге құқылы. Тек жағымды сипатқа ие тұлғаға қатысты ғана қылмыстық істер ақтамайтын негіздер бойынша қысқартылуы мүмкін. Аталған мән –жайлар қылмыстық іс қысқартылғанға дейін айыпталушы тұлға жәбірленушімен байланысты барлық мәселелерді шешкенін, оған келтірілген зиянның орнын толтырғанын көрсетеді. Сонымен, ҚР ҚПК-ң 35 және 36 баптарында көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық істердің алдын ала тыңдау кезінде қысқартылуы қылмыстық процесс міндеттеріне сай келіп, айыпталушының және жәбірленушінің заңды мүдделеріне жауап беретінімен толық келісіп, құптаймыз.

Пайдаланылган әдебиеттер тізімі

1. *Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая часть: учебник / О.Т. Сейтжанов, А.В. Брылевский, С.Н. Бачурин и др. – Костанай: Костанайская академия МВД РК им. Ш. Кабылбаева, 2016. – 197 с.*
2. *Фойницкий И.Я. Курс уголовного судопроизводства. Т.1. – М: Альфа, 1995г.*
3. *Строгович М.С. Курс советского уголовного процесса. Том 1. Основные положения науки советского уголовного процесса. - М.: Издательство «Наука», 1988. – 469 с.*
4. *Шейфер С.А. Некоторые вопросы прекращения уголовных дел в стадии дознания и предварительного следствия // «Вопросы криминалистики», 1982, № 1-2.*
5. *Давыдов П.М., Мирский Д.Я. Прекращение уголовных в советском уголовном процессе. – М: Госюриздат, 1963. – 230 с.*
6. *Шаухаров К. Прекращение уголовных дел при предварительном слушании дела // «Фемида», 2008, № 4.*

Торгаутова Б.А.

з.ғ.к., доценті, ҚР ПҒА корреспондент – мүшесі, «Тұран» университетінің «Заңтану және Халықаралық құқық» кафедрасының, Bota1313@mail.ru

Амреева И.С.

з.ғ.м. аға оқытушы, ТУРАН университеті, isatanovna@mail.ru

К ВОПРОСУ О ПРАВОВЫХ ОСНОВАХ БОРЬБЫ С ТЕРРОРИЗМОМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Правовой институт — это совокупность однопорядковых норм, регулирующих определенный вид общественных отношений [1с.430]. А.А. Алексеев под правовым институтом понимает «совокупность обособленных относительно небольших групп взаимосвязанных правовых норм, регулирующих свой узкий круг однородных общественных отношений, являющихся составной частью предмета правового регулирования» [4с.402].

Представители теории государства и права выделяют несколько признаков правового института. Так, по мнению В.В. Лазарева и других ученых, «правовой институт представляет собой обособленный блок отрасли права, которому свойственны: а) однородность фактического содержания - каждый институт предназначен для регулирования самостоятельной, относительно обособленной группы отношений либо отдельных поступков, действий людей; б) юридическое единство правовых норм. Нормы, входящие в правовой институт, образуют единый комплекс, выражаются в общих положениях, правовых принципах, специфических правовых понятиях, что создает особый, присущий для данного вида отношений, правовой режим регулирования; в) нормативная обособленность, т.е. обособленность образующих правовой институт норм в главах, разделах, частях, иных структурных частях закона либо иного нормативно-правового акта; г) полнота регулируемых отношений» [7с.169].

Ученые-экологи также выделяют характерные признаки правового института. Так, Ю.А. Гаврилова выделила три признака: 1) самостоятельное регулятивное воздействие института на определенный участок отношений; 2) фактическая и юридическая однородность; 3) обособление норм, образующих правовой институт, в главах, разделах, частях и иных структурных единицах законов и других нормативных правовых актов [6с.50].

Рассмотрим, всем ли признакам правового института соответствует общность норм об объектах государственного природно-заповедного фонда.

Во-первых, этим нормам присуща однородность фактического содержания. Нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда регулируют свой узкий круг однородных общественных отношений – отношений по охране объектов государственного природно-заповедного фонда.

Во-вторых, юридическая однородность норм об объектах государственного природно-заповедного фонда также имеется. Рассматриваемые нормы выражаются в общих положениях, специфических правовых принципах, специфических правовых понятиях, что создает особый, присущий для данного вида отношений, правовой режим регулирования.

Однако на сегодняшний день у норм об объектах государственного природно-заповедного фонда пока отсутствует нормативная обособленность, т.е. обособленность образующих правовой институт норм в главах, разделах, частях, иных структурных частях закона либо иного нормативно-правового акта, а также такой признак, как полнота регулируемых отношений. Лишь несколько статей закрепляют правовой режим объектов государственного природно-заповедного фонда Республики Казахстан.

Правда, существует нормативная обособленность особо охраняемых природных территорий, так как принят отдельный и самостоятельный Закон РК «Об особо охраняемых природных территориях», однако он посвящен всецело данным территориям, и лишь несколько статей касаются объектов государственного природно-заповедного фонда.

Таким образом, нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда представляют лишь составную часть правового института «Правовой режим особо охраняемых природных территорий», хотя при этом они не соотносятся как часть и целое, так как объекты государственного природно-заповедного фонда могут находиться и вне особо охраняемых природных территорий.

Нельзя сказать и о том, что рассматриваемые нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда обладают полнотой регулируемых отношений. Существующих на сегодняшний день норм о них явно недостаточного для всестороннего регулирования отношений, связанных с охраной данных объектов.

Таким образом, нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда на данном этапе развития экологического законодательства представляют собой субинститут (подинститут) правового института, который мы предлагаем назвать как «Правовой режим особо охраняемых природных территорий и объектов». Субинститут (подинститут) – это составная часть правового института.

Данный субинститут в составе правового института «Правовой режим особо охраняемых природных территорий и объектов» и совместно с другими правовыми институтами входят в отрасль экологического права.

«Отрасль права... представляет собой относительно самостоятельную должным образом упорядоченную совокупность взаимосвязанных юридических норм, направленных на регулирование качественно однородной сферы (рода) общественных отношений, образующих специфический предмет правового регулирования».

В нашем исследовании нет необходимости подробно рассматривать понятие экологического права и давать обоснование его самостоятельности в системе права. Данная проблема неоднократно рассматривалась в теории экологического права [с.72-83].

Следующий вопрос, который необходимо рассмотреть в нашем исследовании это определение места норм об объектах государственного природно-заповедного фонда в системе экологического права.

Система экологического права состоит из Общей, Особенной и Специальной частей. Рассматриваемые нормы расположены в Особенной части экологического права.

По нашему мнению, нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда представляют субинститут, который можно назвать «Правовой режим объектов государственного природно-заповедного фонда». Данный субинститут является, как мы указали выше, составной частью правового института «Правовой режим особо охраняемых природных территорий и объектов». Правовой институт «Правовой режим особо охраняемых природных территорий и объектов» безусловно входит в содержание Особенной части экологического права, что вытекает из расположения норм, его составляющих, в Особенной части Экологического кодекса РК.

Казахстанские ученые пока не выделяют такой правовой субинститут как «Правовой режим объектов государственного природно-заповедного фонда».

Обычно выделяют институт «Правовой режим особо охраняемых природных территорий» без включения объектов государственного природно-заповедного фонда.

Так, например, у С.Т. Культелеева Особенная часть состоит из следующих правовых институтов: эколого-правовой режим использования и охраны, земель, вод недр, лесов; эколого-правовой защиты атмосферного воздуха; эколого-правовой режим охраны воспроизводства и использования животного мира; эколого-правовой режим особо охраняемых природных территорий; правовое регулирование атомной энергии и радиационного воздействия на окружающую среду; международно-правовая охрана окружающей природной среды.

По нашему мнению, нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда имеют серьезные перспективы для развития, формирующуюся нормативную базу, следовательно, в ближайшем будущем они приобретут статус самостоятельного субинститута, имеющего право на существование.

В таком случае, под правовым субинститутом «Правовой режим объектов государственного природно-заповедного фонда» понимается совокупность норм, регулирующих отношения по охране, воспроизводству и ограниченному использованию объектов государственного природно-заповедного фонда.

Нормы об объектах государственного природно-заповедного фонда должны быть расположены в Особой части экологического права и входить в состав правового института «Правовой режим особо охраняемых природных территорий и объектов».

Список использованной литературы:

1. Нерсесянц В.С. *Общая теория права и государства*. – М.: Норма, 2001. – 552 с.
 2. Сапаргалиев Г. *Конституционное право Республики Казахстан: Учебник*. - Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 336 с.
 3. *Общая теория права /Отв.ред. А.С. Пиголкин*. – М., 2000.-159с.
 4. *Теория государства и права / Под ред. проф. С.С. Алексеева*. - М.: Юридическая литература, 1985. - 480 с.
 5. Булгакова Д.А. *Теория государства и права: Учебно-методическое пособие*. - Алматы: Данекер, 1999. - 84 с.
 6. Гаврилова Ю.А. *Правовое регулирование охраны и использования трансграничных природных объектов (на примере Республики Казахстан)*. – Алматы, 2007. -138 с.
 7. *Общая теория права и государства /Под ред. Лазарева В.В.* - М., 1996. – 432 с.
 8. Байдельдинов Д.Л., Бекишева С.Д. *Экологическое право Республики Казахстан*. – Алматы: Интерлигал, 2004. – 312 с.; Бекишева С.Д. *Экологическое право Республики Казахстан*. – Караганда: Арко, 2009. – 472 с.; Культелев С.Т. *Экологическое право Республики Казахстан*. – Алматы: ТОО ИК НАС, 2003. – 328 с.
- ӘОЖ 339.5:347.7(574)

Дүйсенова Л.М.
аға оқытушысы, құқық магистрі,
Алматы қ.Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті

Есекеева А.А.
аға оқытушысы, құқық магистрі, Алматы қ., әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ті

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АГРАРЛЫҚ СЕКТОР АЯСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

***Резюме:** В настоящей статье рассматриваются вопросы важнейшей отрасли современной рыночной экономики аграрный сектор страны. Сравнивая аграрный сектор Казахстана с другими странами мира, предлагает пути, стимулирования конкуренций в международной торговле.*

***Ключевые слова:** аграрный сектор, конкуренция, международная торговля.*

***Summary:** This article discusses the most important sectors of the modern market economy and the agricultural sector. Comparing the agricultural sector in Kazakhstan with other countries, offers a way to stimulate competition in international trade.*

***Аңдатпа:** Осы заманғы нарықтық экономикада мемлекет неғұрлым реттейтін және қолдайтын секторлардың бірі аграрлық сектор болып табылады. 90-жылдардың орта шенінде әлемде аграрлық секторды қолдауға жыл сайын 350 млрд. АҚШ доллары жұмсалды.*

Мұның өзі осы сектордың ел дамуындағы тарихи және әлеуметтік маңызымен, ең алдымен ауылдың кірісін және онда жұмыспен қамтуды қолдаумен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, ауылдық аумақтарды дамытумен және дәстүрлі ауылдық ландшафт пен халықтың санын сақтауға ұмтылумен айқындалады.

Әлеуметтік сектор мен оның жекелеген бөлшектерін мемлекеттік реттеудің классикалық үлгісі - АҚШ, Канада, Еуропа одағы (ЕО) елдері. Аграрлық сектордың өнімділігі, әсіресе жоғары дамыған елдердегі техникалық прогрестің жылдам жүруіне байланысты өнімділігі өсе түсіп отыр. Тектік инженерияны одан әрі енгізуге және биотехнологияларды дамытуға байланысты оның неғұрлым тез серпін алуы мүмкін [1]. Артық өндірістік қуаттар мен сұраныстың баяу өсуі жағдайында аграрлық өнімді ұсынудың жылдам ұлғаюы ішкі нарықтарда бағаның құлдырауына және осы елдердің аграрлық секторлары табысының төмендеуіне алып келеді. Мұның өзі ресурстардың экономиканың аграрлық емес секторларына ығысуына жағдай жасайды.

Аграрлық секторда жұмыспен қамтудың қысқаруының тежеусіз үрдісі өсу, даму үстіндегі кез келген экономикаға тән құбылыс және ол Қазақстан үшін де аса өзекті болып отыр. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдарлардан басқа, аумақтың кеңдігі мен халықтың сирек қоныстанғандығына орай, ауылдың құлдырауы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін факторға айналуға.

Аграрлық протекционизммен бұрмаланған қазіргі таңдағы әлемдік сауда талаптарына бейімделу, әлемдегі дамыған елдерде қолданылатын аграрлық саясаттың негіздерін ескеру - өтпелі тұрпатты елдердің аса маңызды міндеттері.

Қазақстанның аграрлық секторы әлемдегі орташа еңбек өнімділігіне қол жеткізгенге дейін аграрлық протекционизм шараларын қолдану орта мерзімді кезеңде ел үшін қолайлы.

Аграрлық-индустриялық өнімдермен сауда жасау мәселелерінде Қазақстан экономиканы құрылымдық өзгертуді жүзеге асырушы ел ретінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымының құқықтық құрылымына кіретін ережелерді неғұрлым ұзақ мерзімде іске асырады [2].

Универсалды экономикалық халықаралық шарттар: Халықаралық сатып алу-сатуларға қолданылатын құқық туралы Конвенция (Гаага, 15 маусым 1955 жыл); Өсімдіктерді қорғау туралы Халықаралық Конвенция (Рим, 6 желтоқсан 1951 жыл); Азық-түліктік көмек көрсету жөніндегі Конвенция (Лондон, 13 сәуір 1999 жыл); Өсімдіктерді қорғау және карантин туралы Халықаралық Конвенция.

Тұрақтылық пен сауда шартының алдын-ала болжамдылығы, бұл шетелдік компаниялар, инвесторлар мен үкіметтер қолданыстағы сауда шарттарының кенеттен және бір тараптың еркімен өзгерілмейтініне кепілдік береді; Халықаралық саудадағы бәсекелестікті ынталандыру, яғни түрлі елдер фирмаларының тең құқықты бәсекелестігі үшін «әділетсіз» тәсілдерді жою, оған экспорттық субсидиялар (экспортшы-фирмаларға мемлекет демеушілігі), жана сату нарықтарын иелену

мақсатында демпингтік бағаларды пайдалану; Жоғары дамымаған мемлекеттер үшін халықаралық саудада жеңілдіктер жасау.

Қазақстан ДСҰ-ға кіре отырып, мынадай міндеттемелерді орындайды: кедендік тарифті айтарлықтай мөлшерде төмендету және тарифтік емес өлшемдерді тарифтендіру; ауыл шаруашылық өнімдерінен дотация мен субсидияны алып тастау; кедендік шараларды ДСҰ талаптарына сәйкестендіру; тауар нарығы мен қызметті, капитал айналымын барынша кеңейту; ДСҰ-ның барлық ережелері мен қағидаларын орындау. ГАТТ пен ДСҰ-ң төрт негізгі элементтері: ең жағымды ұлт режимі; ұлттық режим; шекарада қорғаудың жалғыз немесе келісілген құрал ретінде тарифті қолдану; ашықтық.

Аграрлық реформалаудың бірінші моделі: Агробизнес саласында әр түрлі жеке-кәсіпкерлік құрылысқа, әр түрлі кооперативті ынталандыруға, жерге жеке меншік құқығын жаңарту мен қалпына келтіруге бейімделген жер иеленудің алдыңғы жүйесін түпкілікті түрде өзгертуді түсінуге негізделген және жерге меншіктің жеке және ұйымдық-үлестік нысанына артықшылықпен жаңа жер меншік иелеріне негізделген Шығыс Еуропа елдерінде қалыптасқан.

Аграрлық реформалаудың екінші моделі: Шаруа шаруашылығына жерді жалға беруді заңдастырған Қытай заңнамаларында бекітілген. Бұл құқықтық тәжірибенің ең құндылығын Вьетнам, Лаос және Оңтүстік Шығыс Азияның өзге елдері қабылдайды. Мемлекеттік және ұжымдық меншікке заң шығарушының тартымдылығына қарамастан, ол аграрлық қатынастарды жария-құқықтық реттеудің сұрақтарында көптеген пайданы қамтиды.

Аграрлық реформалаудың үшінші моделі: Жерге ұжымдық меншіктен бас тартқан және оған шаруалардың жеке меншікке өтуі және агробизнес саласында жеке кәсіпкерлік құрылымды құруды қамтитын Латын Америка елдерінің заңнамаларында бекітілген [3].

Халықаралық аграрлық саланың құқықтық базасы төмендегі мемлекеттерде мынадай қарқынмен дамуда. **Эстония:** 1998 жылы қабылданған Жем шөп туралы заң (басқа мемлекетте мұндай заң қабылданбаған). Заңға сәйкес, жем шөптің мемлекеттің тіркелуі жүзеге асырылады, мемлекеттік реестрі жүргізіледі, ауылшаруашылық министрлігі құрылған арнайы мекемелері арқылы сапасын тексеріп отырады. Өсімдіктердің сортын құқықтық қорғау туралы заң; Тұқым және көбею үшін өсімдік материалдары туралы заң; 11 шілде 1997 жылғы экологиялық таза ауылшаруашылығы туралы заңы; 1999 жылы қабылданған Ветеринарлық қызметті ұйымдастыру туралы заң; 2000 жылы қабылданған эпизоотиямен күрес туралы заң. т.б. **Украинада:** Тұқым сорттарына құқықтарды қорғау туралы заңы; Пестицидтер және улы химикаттар туралы заңы; Тұқым туралы т.б. **Молдовада:** 25 мамыр 1999 жылғы Мал шаруашылығы туралы заң; бұл заңда үй жануарлар, жайылым, су қоймалар иелерінің құқықтары мен міндеттері қарастырылған, тұқымдарын жақсарту т.б. **Францияда:** Ауылшаруашылық кодексі әрекет етеді. Көпсалалы және жоғары технологиялық ауыл шаруашылығы саласы Франция халқын бидай-220 %, қант-233%, көкөніс және жеміс жидек-96%, ет-102% қамтамасыз етеді. Ауылшаруашылық негізі болып – отбасылық фермерлер танылады, 700 мыңнан асады; Жас фермерлердің құқықтарын қорғайтын 80000 мүшесі бар ауылшаруашылық кәсіподақтар құрылған. **АҚШ-та:** 1949 жылғы ауылшаруашылық акт; 1966 жылғы ауылшаруашылығын жақсарту мен реформалау туралы федералдық заң; Соттық прецеденттер (үлгілер).

Қазақстан ДСҰ-ға кіру арқылы не ұтады: әлемдік нарыққа кіруге жол ашылып, қазақстандық тауарлар сатылуы барысында барлық сауда барьерлері алынып тасталады. Республиканың кең көлемдегі ақпараттық базасына, экономика туралы білімге жол ашылып, сауда режимдеріндегі елдермен тәжірибе алмасуға мүмкіндік туады. Сыртқы қатынастарға сауда стратегиясын ашық әрі тең құқылы жағдайда жасау мүмкіндігі мен қажеттілігі туындайды. Халықаралық нормалар мен ережелерден туындайтын дауларды реттеу. Жалпыға ортақ халықаралық стандарттарға сәйкес құқықтық-нормативтік базаны қалыптастыру.

Тұтас алғанда, аграрлық сектордың дамуы мемлекет үшін экономикалық және ең бастысы әлеуметтік аспектіде стратегиялық жағынан маңызды.

Ілгергі жылдарда аграрлық секторда бағаны ырықтандыру және жер реформасы жүргізілді, мемлекеттік және ұжымдық меншік жекешелендірілді және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қайта ұйымдастырылды [4].

Нәтижесінде, жерде шаруашылық жүргізудің көпукладты нысаны құрылды және ауылда нарықтық қатынастар дамыды. Өндірістің жаңа нарықтық инфрақұрылымы пайда болып, нығая түсті. Осының бәрі аграрлық өндірісті тиімді жүргізуге жағдай туғызады.

Аграрлық сектордың өткен жылдардағы дамуының ішкі және сыртқы факторларын жинақтап, қорыта келіп, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- аграрлық сектордағы жағдайдың нашарлап кетуінің негізгі себептерінің бірі - аграрлық секторды және тұтас алғанда ауылдық жерлерді, жаңа нарықтық жағдайларда басқару мен реттеуде мемлекет рөлінің ақырына дейін іске асырылмауы;

- басқару мен реттеу объектісі технологиялық байланысты тізбектерді - өндірісті, дайындауды, қайта өңдеуді және өткізуді қамтитын қалыптасып отырған өнім нарықтары емес, тікелей ауыл шаруашылығы қызметі болды;

- азық-түліктің әлемдік нарығы аграрлық протекционизммен қатты бұрмаланған жағдайда, ырықтандырылған сыртқы сауда режимі жағдайында мемлекеттік қолдау шараларының қысқаруы және тұтас алғанда саланы мемлекеттік реттеу деңгейінің төмендеуі жалпы әлемдік практикаға қайшы келеді [5].

Пайдаланылған әдебиеттер

1 «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты Қазақстан Республикасының Президенті - елбасы Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан.

2 Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: ӨСІМ, РЕФОРМАЛАР, ДАМУ Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 2015 жылғы 30 қараша.

3 Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 10 шілдедегі № 1149 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ауылдық аумақтарын дамытудың 2004-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының «Ауыл аймақтарының жағдайының сараптамасы».

4 Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жаңару мен дамуға» Қазақстан халқына Жолдауының (Жол картасы) Пункт 1.1.2.

5 Қазақстан Республикасы Президенті. Қазақстан Республикасы Президентінің «Бәсекеге қабілетті Қазақстанға, бәсекеге қабілетті экономикаға, бәсекеге қабілетті ұлтқа» Жолдауы. (Астана, 19 наурыз 2004 жыл). – Жеке ресми басылым.

Ильясов К.Т.

з.ғ.м., академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының оқытушысы kulager2009@ Rambler.ru

Божқараұлы А.

з.ғ.к., академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының менгерушісі

Рүстембекова Д.К.

PhD доктор, академик Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің Конституциялық және халықаралық құқық кафедрасының доценті

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТ ПЕН ДІНИ БІРЛЕСТІКТЕР ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХИ КЕЗЕҢДЕРІНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАЛДАУ

***Түйін:** Автор бұл мақаласында Қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым қатынасының тарихына талдау жасайды. Әр кезеңдегі мемлекет пен діни бірлестіктердің құқықтық қарым-қатынасының оң және теріс жақтарына баға береді.*

***Тірек сөздер:** Діни бірлестік, мемлекет, Қазақстан Республикасы, тарихи кезеңдер;*

***Резюме:** В статье рассматривается история взаимодействия государства и религиозных объединений в Казахстане. Автор выделяет периоды в истории взаимодействия государства и религиозных объединений, пытается проанализировать плюсы и минусы данных периодов.*

***Ключевые слова:** религиозные объединения, государства, Республика Казахстан, периоды в истории;*

***Summary:** The article deals with the history of interaction between religious associations and the state in Kazakhstan. The author identifies the periods in the history of interaction between religious associations and the state, and makes an attempt to analyze pros and cons of the periods.*

***Key words:** religious associations, state, Republic of Kazakhstan, periods in the history*

Мемлекет пен діни бірлестіктер және дін мен құқықтың қарым- қатынасы адамзат тарихында өте күрделі кезеңдерден өтті. Дін мен құқық адамдардың мінез құлқын қалыптастыруға әсер етсе, мемлекет пен діни бірлестіктер қоғамды ұйымдастырушы және басқарушы қызметін атқарды. Құқық, мемлекет және діни институттарының біте қайнасақаны соншалықты, көптеген мемлекеттердің құқықтық және мемлекеттік бастауларын діни нормалар қалыптастырған. [1] Кәзіргі уақытта көптеген мемлекеттерде секуляризация процесі жүріп жатқанына қарамастан діннің мемлекет пен қоғам өміріне әсерінің азаймай отырғанынан діннің адамзат санасына әсерінің күштілігін байқауға болады. Бұл жағдайды біз кезінде діннің ролін мүлдем жоюға тырысқан посткеңестік мемлекеттерде діни бірлестіктердің қайтадан көбеюі мен олардың қоғамға әсерінің күшеюінен көре аламыз. Яғни мемлекет өзінің барлық билік ету институттарын, идеологиялық және күштеу әдістерін пайдаланған күннің өзінде діннің әсерін қоғамнан ажырата алмайтындығын көрсетті. Діни бірлестіктер мен мемлекеттің қарым- қатынасының қалай қалыптасып, олардың бір-біріне тигізген әсеріне баға беру үшін тарихтағы кезеңдерін саралауымыз қажет. Елбасымыздың «Болашаққа көзқарас: Қоғамдық сананы жаңғырту» атты бағдарламалық мақаласында «XX ғасырдағы батыстық жаңғыру үлгісінің бүгінгі заманның болмысына сай келмеуінің сыры неде? Меніңше, басты кемшілігі - олардың өздеріне ғана тән қалыбы мен тәжірибесін басқа халықтар мен өркениеттердің ерекшеліктерін ескермей, бәріне жаппай еріксіз таңуында. Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бастау алатын рухани коды болады»[2] деген Елбасымыз жаңғырудың басты талабы «өз ұлтымыздың мәдениетін, ұлттық кодын» сақтау екенін атап көрсетті. Бұлай болмаса жаңғырудың құрғақ сөзге айналатынын ескертеді. Бұл жаңғыру барысында өткен тарихтың қалдырған тәжірибесі мен дәстүрін жоққа шығармай, керісінше соның негізінде рухани жаңғырудың керектігін білдіреді. Қазақстан тарихы мемлекет пен діни бірлестіктердің өзара қарым қатынасын құқықтық реттеу барысында керек болатын мол тәжірибие қалдырып кетті.

Қазақстандағы мемлекет пен діни бірлестіктердің қарым қатынасын үш кезеңге бөліп қарастыруға болады. Бірінші кезең қазақ даласына ислам дінінің таралуынан бастап 1918 жылы кеңестік биліктің келуіне дейінгі уақыт, екінші кезеңі Қазақстанның кеңес билігіне қосылуынан бастап тәуелсіздік алғанға дейінгі уақыт, үшінші кезеңі тәуелсіздіктен бастап осы уақытқа дейін жалғасып жатыр.

Қазақстанның тарихы мен мәдениеті көп ғасырлар бойы ислам дінімен байланыса дамып келеді. Орталық Азия мен Қазақстанға исламның енуі VII-VIII ғасырларға жатқызылады. Бастапқыда жаңа

дін оңтүстік өңірлерге ене бастады. X ғ. аяғына қарай ислам Жетісу мен Сырдариядағы отырықшы халықтың басты дініне айналды. X ғ. басында мұсылмандықты Қарахан әулеті билігінің негізін қалаушы Сатұқ қабылдайды, ал оның ұлы Боғра-хан Харұн Мұса 960ж. Исламды мемлекеттік дін деп жариялайды. XIII ғасырда Орталық Азия мен Қазақстан жерлеріне бағытталған монғол шапқыншылықтары мен олардың дәстүрлі діни сенімдерін ұстанатын тайпаларының (монғол және түркі) қоныстана бастауы салдарынан исламның таралуы біраз уақытқа дейін бәсеңдеді. Осы шапқыншылықтар кезінде көптеген қалалар жойылды, ғылым мен мәдениет орталықтары тоналды, мешіт пен медреселер қиратылды. Ұлы Жібек жолындағы сауда-саттыққа ауқымды зиян келтірілді. Алайда, уақыт өте келе қайта өркендеу басталды. Монғол басқыншылары мен ел билеушілері ислам діні мен түркі тілін қабылдай бастайды. Бұл жағдай ортағасырларда ислам дінінің көшпелі дала өңіріне қайта таралуына кең ықпал етіп, басқа да бұқара халық топтарын өзіне тартуға мүмкіндік берді. Монғол билеушілері өздерінің діни сенімдерін мұсылмандарға күштемей, діни төзімділік танытты. Ислам XV ғасырда Жәнібек пен Керей негізін қалаған Қазақ хандығының ресми идеологиясы болып жарияланды. Ислам діні жоғарғы хандық биліктің нығайуы мен түрлі қазақ тайпаларының бір этникалық қауымға бірігуіне ықпал еткен идеологиялық факторлардың бірі болды. Қазақ мемлекеті өзінің құрылғанынан бастап мұсылмандық құқықтық нормаларына жүгінді. Барлық қазақ хандары Керей мен Жәнібектен бастап ең соңғы қазақ ханы Кенесары өздерінің шариғатқа жүгінетіндіктерін атап кеткен. Қасым хан мен Есім хан қабылдаған көшпелі мемлекеттің дала заңдарына шариғаттың үлкен әсері болды. Тәуке ханның «Жеті Жарғы» заңдар кодексін қабылдауы исламды қоғамдық өмір мен заңдық тәжірибеде қолдануда айтарлықтай үлкен қадам болды. Осы құжатта көрсетілген әкімшілік, қылмыс және азаматтық құқық нормалары айтарлықтай дәрежеде шариғатқа жүгінген. Бұл заңда мемлекеттің ислам дініне қолдауын мойындайды. Мысалға, «Құдайға тіл тигізген адамның күнәсі жеті куәгер арқылы дәлелденсе, оны тас атып жазалу қажет»; «Егерде біреу христиан дінін қабылдаса, жақындары оның барлық мүліктерін иемденеді». Сонымен қатар, құқықтық нормалардың басым бөлігі дала әдет-ғұрпымен байланысты болды, немесе шариғат пен әдет-ғұрыптың синтезі күйінде болды. Ислам діні дала әдет-ғұрпының басым бөлігін қабылдауына байланысты, әдет-ғұрып пен шариғаттың ара-жігін анық айыру қиын екені белгілі. Мұндай байланысты «Жеті Жарғыдан» байқауға болады. Қазақ қоғамында ислам мен көне халық дәстүрінің араласып кеткен тұстары кездеседі. Мысалы, сәбилерді атастыру («Бесік құда») салтын ислам жоққа шығармады. Бұл салт бойынша, мұндай құдаласу арқылы туысқан болу уақыт өте келе қайта жаңғыртылады. Ислам «қалың мал» төлеу секілді көне салттарға да икемділік танытты. [3] Осылайша, исламға дейінгі нанымдардың элементтері сақталған дәстүрлі ислам кең жайылды. Діни басшылықтың имам, молда және өзге де ресми құрылымдары қалыптасқанымен, олар баяу дамыды.

Кеңестің билігі уақытында дін мен мемлекеттің қарым-қатынасы төрт кезеңді бастан кешірді. Бірінші кезеңде (1917—1928 жылдары) кеңестік билік мұсылман қоғамына төзімділік танытып, оларды Шығыс елдеріне төңкеріс жасау мақсатына пайдалануға тырысты. Екінші кезеңде (1929 жылдан бастап) мұсылман қоғамымен және өзге де дін өкілдерімен ашық күреске шығып, көптеген мешіттерді қиратып, олардың діни қызметкерлерінің басым бөлігін репрессиялады. Үшінші кезең (1944—1989 жылдары) мұсылман дін басыларын қудалауды тоқтатып, кеңес үкіметіне толықтай бағынышты төрт діни басқарма құрылды. Бұл кезеңде мұсылмандар діни басқармасы өзге де діни ұйымдармен қатар жоғарғы салықтар төлеуге және Бейбітшілік қорына төлемдер төлеуге мәжбүр болды. Соғыстан кейінгі уақытта жаңа мешіттер салу мен діни оқу орындарын ашуға рұқсат болмады. Хрущевтың дінге қарсы кампаниясы кезінде билік бұрын ашылған мешіттердің біразын жауып, мұсылмандардың киелі жерлеріне зиярат етуге тыйым салды. Төртінші кезең (1989—1991 жылдары) — Билік тарапынан діни бірлестіктерге қысымның азаюы мен жаппай мешіттердің қайта салына басталуы.

Кеңес билігі құрылғаннан 1929 жылға дейін болшевиктер мұсылман қоғамымен жақсы қатынас құруға тырысты, себебі олар өз билігін ислам дінін ұстанатын шығыс елдеріне орнату мақсаты болды. Сондықтан осы жылдары молдаларға сайлау құқығын беру, ұсақ істер бойынша шариғат соттарын жүргізу, діни білім беретін мектеп ашу, қажылыққа бару сияқты қызметтерге рұқсат берілді. Ал 1928 жылдан бастап бұл еркіндіктер шектеліп, мұсылман дін басыларын қудаланды және мешіттер жаппай жабыла бастады. 1929 жылдан бастап «әскери атеизм» саясатының жүргізілуіне байланысты барлық діни бірлестіктер, оның ішінде ислам діні өкілдері де жаппай қудалау басталды. Бұл кезде кеңес билігіне қарсы топтардың барлығы дерлік жеңілгендіктен Орта Азия мұсылмандарына бұрынғыдай еркіндік берудің қажеттілігі жоқ болатын. Осы жылы қабылданған бірнеше нормативтік құқықтық актілер негізінде мұсылмандар діни басқармасы мен олардың мүшелерінің құқығы шектелді. Бұл нормалардың ішіндегі ең маңыздысы 1990 жылға дейін күшін

жоймаған 1929 жылғы 8 сәуірдегі Орталық Атқару комитетінің және КСРО СНК шешімі болатын. Бұл шешім негізінде діни бірлестіктерге мынандай шектеулеу қойылды:

- өз ара көмек қорын құруға
- үйірмей, топ, бөлімшелер құруға
- кітапхана мен оқу залын ашуға
- діни бірлестік ұйымдарының мүшелеріне материалды көмек көрсетуге
- құлшылық ету ғимараттарында құлшылыққа ғана қатысы бар кітаптарды ғана сақтауға
- діни білім беруге (КСРО ПХК рұқсат еткен арнайы курстардан басқа)

Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде діни конфессияларға қатысты ресми саясат өзгеріске ұшырады. КСРО діни бірлестіктер өте ауыр жағдайларды өз қызыметін жалғастыруға мүмкіншілік алғанымен 1944 жылға дейін олар ерекше белсенділік танытпады. Бұған осы уақытқа дейін жүргізілген репрессия әсер еткен болатын. 1929 жылғы шешім өз күшін жоймағанына қарамастан соғыс кезінде бұл шешімнің нормаларын қарама қарсы нормативтік актілер қабылданды. Мысалға осы шешімде тыйым салынған діни бірлестіктердің азаматтарға (әскереде жүрген азаматтардың отбасына, жетімдерге) материалдық көмек көрсету құқығын қалпына келтірді және салықтан біраз жеңілдіктер берілді. Соғыс кезінде исламға қарсы үгіттеу жұмыстары тоқтатылып, өзге мемлекеттерге кеңес одағында діни сенім бостандығының сақталатындығын көрсету үшін қажылыққа рұқсат берілді. Соғыстан кейінгі кезеңде діни бірлестіктер мемлекеттің толықтай бақылауында болуы тиіс болатын Діни бірлестіктерге қадағалауды Дін істері жөніндегі кеңес жүзеге асырды. Оның құзыретіне кез келген діни қызметкерді тіркеуден алып тастау, яғни оның қызметін тоқтату кіретін. КСРО да мұсылмандардың төрт діни басқармасы құрылды, олар территория бойынша бөлінді. Олар: Орта Азия және Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы, Солтүстік Кавказ мұсылмандар діни басқармасы, Закавказье мұсылмандар діни басқармасы және КСРО ның Европа бөлігі мен Сібір мұсылмандар діни басқармасы (1948 жылы Орталық мұсылмандар діни басқармасы базасы негізінде құрылған). 1989-1990 жылдар КСРО ға шетелден мұсылман әдебиеті келе бастады. Діни бірлестіктерге мемлекеттің қадағалауы азайды. Қорға мәжбүрлеп ақша аударудың тоқталуынан кейін бірлестіктердің материалдық жағдайы жақсара бастады.

1991 жылы Қазақстан өз тәуелсіздігін алғанан кейін дін саласындағы саясатын өзгертіп, өзін зайырлы мемлекет деп жариялады. Азаматтардың діни сенім бостандығына еркіндік беріп, дін саласын реттеу үшін нормативтік базаны қалыптастыру процесін бастады. 1992 жылдың 15 қаңтарында «Діни сенім бостандығы және діни бірлестіктер туралы» Заңды қабылдады. Осыдан кейін қоғамдағы діни бірлестіктердің қызметі жанданып олардың санының артуына себеп болды. Елімізге бұрын болмаған әр түрлі діни ағымдардың легі келе бастады. Бұл өз кезегінде дәстүрлі діни бірлестіктермен қатар деструктивті ағымдардың да көбейуіне әсер етті. Бұл заң тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қабылданғандықтан мемлекеттің ол кезде діни бірлестіктердің қызметін реттеу саласында тәжірибиесі аз болатын, сондықтан қабылданған заңда біраз олқылықтар орын алды. Осы себепті 2011 жылы дін саласына қатысты жаңа заң жобасын жасау туралы бастамалар көтерілді, заң дайындаушылар алдына осы уақытқа дейінгі жиналған тәжірибие мен шет елдердің және халықаралық ұйымдардың тәжірибиелерін пайдалана отырып діни бірлестіктердің қызметтерін реттеуді жетілдіру, сонымен қатар, діни сенім бостандығы қағидасының демократиялық негіздерін сақтау міндеттері қойылды. Осылайша, Қазақстан Республикасының, діни бірлестіктер қызметінің негізгі бағыттарын құқықтық реттеу мақсатында 2011 жылғы қазанның 11-інде «Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы» туралы заң қабылданды[4].

Заңның негізіне әлемдік тәжірибелер ескеріліп, қоғам алдында елдегі дәстүрлі конфессиялардың беделін көтеруге мүмкіндік берді. Себебі осы уақытқа дейінгі тәжірибие жат ағымдардың қоғамға тигізетін зиянын анық көрсетті. Мысал ретінде елімізде діни экстримизмнің белең алуы, кейбір азаматтардың діни ағымдардың жетегімен шет елдерде болып жатқан қақтығыстарға кетуін айтуға болады. Сондықтан дәстүрлі діндердің жастарды рухани-өнегелік тұрғыда тәрбиелеудегі және қоғам өміріне қатер төндіретін жалған діндерге қарсы тұрудағы ықпалдарын арттырып, ұлттық-мәдени дәстүрдің дамуы мен сақталуына да жәрдемдесуіне мүмкіндік берілді.

Кәзіргі кезеңде діни бірлестіктердің қызыметін реттеу Қазақстан Республикасының бірнеше заңдарымен жүзеге асырылады. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен[6], ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен [7], ҚР Діни қызмет пен діни бірлестіктері туралы заңымен[4], ҚР Экстримизмге қарсы іс-қимыл туралы заңымен[8], ҚР Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңымен[9], ҚР Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңымен[14] және тағы басқа нормативтік құқықтық актілер негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан өз тарихында діни бірлестіктер мен мемлекеттің өз ара қарым қатынасы әр түрлі кезеңдерден өтті. Мемлекет бір дінді өзінің ресми діні деп тануынан бастап атеизмді ресми түрде қабылдап, одан кейін зайырлы мемлекет формасына көшті. Кәзіргі кезеңде әлемде болып жатқан түрлі діни қақтығыстар бір дінді мемлекеттік деп жариялаудың тиімсіздігін әрі қауіптілігін көрсетсе, кеңес билігі кезінде дінге қарсы жүргізілген атеизмнің саясатының нәтежиесіз аяқталуы ол бағыттың қателігін көрсетті. Біз тәелсіздік алған уақытта өзімізді зайырлы мемлекет деп діни бірлестіктердің қызметіне толықтай еркіндік беру арқылы дәстүрлі емес бағыттағы діни секталар санын көбейтіп алдық, бұл өз кезегінде еліміз өзіне тән дін саласын реттеу саясатының қажеттілігін көрсетті. Сондықтан Қазақстан Республикасы Конституцияда көрсетілгендей зайырлы мемлекет формасын сақтай отырып, ел ішіндегі діни бірлестіктер қызметін реттеуді қолға алды. Мысалға 2011 жылы қабылданға заңға сәйкес діни бірлестіктерді тіркеу талаптары күшейтіліп, деструктивті бағыттағы діни бірлестіктермен күрес басталды. Осымен қатар еліміздегі дәстүрлі діни бірлестіктерге қолдау көрсетіп, оларды экстримизімге қарсы идеологиялық күресте пайдалануда.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Подопригора Р.А. Государство и религиозные организации (административно-правовые вопросы) // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=35392260#pos=4;-100
2. Н.Назарбаев «Болашаққа көзқарас: Қоғамдық сананы жаңғырту» // http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy
3. Қазақстандағы ислам // <http://e-history.kz/kz/contents/view/1053>
4. Діни қызмет пен діни бірлестіктер туралы заң 2011ж 11 қазан қабылданған (22.12.2016 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1100000483>
5. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсан (11.07.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K940001000_
6. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексімен 2014 ж. 5 шілде №235-V (11.07.2017 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000235>
7. ҚР Экстримизмге қарсы іс-қимыл туралы заңы 2005 ж 18 ақпан (01.03.2017 жылғы өзгерістермен толықтырулармен бірге) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z050000031_
8. Коммерциялық емес ұйымдар туралы заңы 2001 жылғы 16 қаңтардағы N 142 Заңы(27.02.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z010000142_
9. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы заңы 1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 (01.07.2017 жағдай бойынша) http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z9500002198_

Амреева Индира Сатановна

з.ғ.м., аға оқытушы, Заңтану және халықаралық құқық кафедрасы,
Туран университеті, Алматы қ., isatanovna@mail.ru

Кәдірбай Айша Ауелбековна

т.ғ.м., аға оқытушы, Заңтану және халықаралық құқық кафедрасы,
Туран университеті, Алматы қ., aika@mail.ru

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚТЫҢ СЕБЕПТЕРІ ТУРАЛЫ НЕГІЗГІ ТЕОРИЯЛАР

Түйіндеме: Мақалада қылмыстылықтың себептерінің теорияларының жүйесі туралы кеңінен қарастырылып, танымал криминолог ғалымдардың еңбектері көрсетілген.

Резюме: В данной статье рассматривается система теории причин преступности и указаны труды известных кримиологов.

Summary: In this article, the system of the theory of the causes of crime is considered and the works of well-known criminologists are indicated.

К.Маркс Қай кезеңде болмасын қоғамдағы орын алатын қылмыстылық себептерін анықтап олардың алдын алу бойынша жолдарын жетілдіру қылмыстылықпен күресте маңызды орынға ие. Қылмыстылық бұл әлеуметтік құқықтық, тарихи өзгермелі негативті массалық құбылыс. Ол белгілі бір кезеңде, аумақта өзіндік көрсеткіштері бар (құрылымы, динамикасы) жасалатын белгілі бір қылмыстырдың түрінің жиынтығы [1, 39]. Хронологиялық тұрғыда қылмыстылықтың себептерін анықтаушы, әрі онымен күрес жүргізуде теологиялық теорияны ғалымдар атап өтеді. Олар, қылмыстылықтың алдын алу теория бойынша көптеген ы\факторларды негізге ала отырып 1. Қылмыстылықтың түбегейлі себептерін түсінуде қылмыстылықтың жекелеген факторларын бөліп анықтау керек, 2. Тұлғаның жүріс тұрысының зерттеу қажет, 3. Қылмысқа әлеуметтік және физико-биологиялық факторлардың туындысы ретінде қарау қажет деген тұжырымдамаға келеді [2,19]. Кейінірек, криминология ғылымының тарихында үлкен сын пікірлерлі тудырған биологиялық, генетикалық, психологиялық, социологиялық теориялар орын алды. Жоғарыда аталғандар теориялардың ішінде антропологиялық (биологиялық терияның айқын көрінісі) үлкен маңызға ие. Себебі, қылмыстылық мәселесі бойынша антропологиялық мектептің негізін қалаушы — австриялық френолог, анатом Г.И. Галль (1758-1828) болатын. Ол қылмыс жасайтын тұлғаларды үш топқа бөлді:

- қылмыскерлер, яғни тумысынан болатын қылмыскерлер, әйтпесе олардың ішкі рухы мықты және анау-мынау үгітке көне бермейді. Олар қылмыс жасаса біреудің айтауымен емес, өз қалауымен жасайды және ішкі қасиеттерін қаласа заңмен ғана емес, одан жоғары идеалдармен сәйкестендіре алады.

- табиғатынан жұрдай боп туғандар, яғни ішкі рухы жоқ, тек қылмысты біреулердің азғыруымен, итермелеуімен жасайды.

- жоғарыда айтылған екеуінің арасындағы дұбара адамдар. Оларға табиғат жақсы мен жаманды қатар берген, олардың қылмыстық жолға түсуіне сыртқы ортаның үлесі зор.

Ары қарай криминологияның тарихында антропологиялық мектептің өкілі ретінде итальяндық түрме дәрігері, криминалист, Турин Университетінің профессоры Чезаре Ломброзо (1830-1909ж.ж.) келді. Ломброзонның қылмыстылықтың себептерінің теориясы позитивизм философиясына, психиатрия мен стаититикаға сүйенеді. Ол алғашқы күндерінен бастап "қылмыскер қылмыскер боп туады,, деп жар салды. "Желтоқсанның бір түнерген күнінде мен каторжниктің бас сүйегінен төменгі сатыдағы омыртқалыларында болатын белгілерге ұқсайтын атавистік ауытқушылықтардың сериясын аңғардым... Осыншалықты айқын ауытқушылықтарға кез сала отырып маған бір сәуле қара түнекті көкжикке шейін жарыққа бөлегендей болды — мен қылмыскерлердің мәні мен пайда болуы проблемасы мен үшін шешілгенін ұғындым... - деп бастайды ол өзінің "Қылмыстық адам туралы,, деп аталатын көп томдық еңбегін (1876 ж.). Галльге қарағанда Ломброзо өз идеясына берілген, сондай-ақ өте еңбекқор адам болып шықты. Отыз жылдан аса жүргізген зерттеуінде ол он бір мыңнан аса қылмыскерді зерттеді. Тіпті, өліп қалса да атағы шыққан мыңдаған кәнігі қылмыскерлердің қабірін қазып алып сүйектерін өлшеді. Жаңадан қайтыс болған қылмыскерлердің сүйектерін өлшеп қана қоймай, ішкі органдарының салмағын өлшеп, олардың түсін де жазып алды. Ломброзо қылмыскерлерге «Сендер арғы жануар-аталарыңның қасиетін алып туғандарыңа кінәлі емессіңдер» деп басу айтты, бірақ «Бізді де кінәламандар, өйткені сендердің тұла бойларыңда баяғы жануар аталарың үнемі жаңғырып тұрады, осы кездерде тәртіптен ауытқып, қылмыс жасап бізге зақым

келтірулерің мүмкін. Сондықтан, өзіміздің қауіпсіздігімізді қорғау үшін біз сендерді бостандықтарыңнан айруға мәжбүрміз» - деген болатын.

Ломброзо қылмыскерлердің негізгі үш типін қарастырыды:

- 1) кісі өлтіргіштер - қанталаған салқын көзді, төмен тартқан қошқар мұрында болып келеді;
- 2) ұрылар - көзі мен қолы сұғанақ, қысық көзді, сирек сақалды қысық мұрын;
- 3) зорлықшылар — жаркыл көзді, ат жақты, ерні дүрдиген нәзік денелі боп келеді.

Әрине, Ч.Ломброзоның тұжырымдары жұрттың бәріне бірдей ұнаған жоқ.

Ағылшын ғалымы Ч.Горингтің басқаруымен үш мың қылмыскерлер мен қарапайым адамдар (соның ішінде студенттер де бар) зерттеліп олардың арасында ешқандай айырмашылық жоқ екендігін анықтады. Дегенмен, оның тікелей шәкірттері Энрико Фэрри (1856-1934) мен Рафаэль Гарофалло (1852-1934) (ең алғаш «Криминология» атты еңбек жазушы) ұстаздарынан гөрі әлеуметтік факторлардың адамды қылмыскер ететіндігіне сенімді болды.

Сөйтіп, отыз жылдан аса зерттеу жүргізе келе кейіпкеріміз өз көзқарасын аздап өзгертті. Өмірінің соңғы жағына қарай жарыққа шығарған кітабында ол бұрынғыдай "қылмыскер боп тек қана туады, деп жар салмай қылмыскер болуға көптеген факторлар әсер етеді деп илікті. Ол он бес факторлардың тізімін көрсетті, бірақ соның біреуі «тумысынан болатын қылмыскер» деп әуелгі идеясынан мүлде бас тартқан жоқ.

Криминология ғылымында кең тараған теориялардың келесі түрі- генетикалық теория. Генетикалық теорияның дамуы тұлғаның қылмысты жасауға генетикалық тұрғыда икемдігі жөніндегі гипотезаны ашық айтуға үлкен мүмкіндіктер туғызды. Генетикалық теорияның қарқанда түрде дамуы кезінде ата анадан балаға «вирус» ретінде берілетін генетикалық ауытқушылықтарды айтуға болады. Бұл теориялардың екі ағымы бар: бірі «қылмыстық ген» деп аталса, келесісі «артық хромосома» деп аталады. Қылмыстық генмен туған адам қылмыскер боп кету жағдайы көбірек ал қарапайым адамның ондай көрсеткіші азырақ. Немесе керісінше, яғни қылмыстық гені жоқ адамдар да қылмыскер бола береді. Осыған байланысты зерттеушілер "егіздер әдісі, деп аталатын криминологиялық әдіс қолданған, яғни 249 жұп біржұмыртқадан, 264 жұп екіжұмыртқадан ұрықтанған егіздерді зерттеген. Нәтижесінде — егер де осы жұптардың біреуі қылмыс жасаған болса, 62,6 % жағдайда екінші сыңарлары қылмыс жасаған. Олардың ойынша тұқым қуалаушылық факторының ықпал ету үлесі 75-80 % те, сыртқа ортаның ықпал ету үлесі 20-25%. Генетикалық теориялардың келесі ағымы "*артық хромосома*, туралы. Оның негізін қалаушы американи биологы Морган Томас Хант (1866-1945 ж.ж.). Осы ағым бойынша қарапайым адамда 23 жұп, яғни 46 хромосома болатын болса, кейбір генетикалық тұрғыдан ауытқып туғандарда артық 47-ші хромосома болады. Осындай адамдардың үлесі қылмыс жасамаған адамдарға қарағанда қылмыс жасағандардың ішінде 80 есе көп де тұжырымдаған [3, 43].

Қылмыстылықтың себептері туралы психологиялық теориялардың да екі ағымы бар: бірі — психопатиялық ағым, келесісі — психоаналитикалық. Психопатиялық ағымның негізін қалаушы неміс психиатры Курт Шнейдер өз еңбегінде (1923 ж.) психопаттардың он типін бөліп, оның кем дегенде жетеуі қылмыс жасауға бейім деп есептейді. Келесі бір неміс психиатры Кречмер Эрнест (1888-1964) антропологиялық көзқараспен де қабыса кететін психикалық жағынан гөрі сыртқы жағы көзге түсетін психопаттардың төрт типін келтіреді. Ю.М.Антонянның ойынша зорлықшыл қылмыскерлердің арасында психопаттардың үлесі 30%-ті құрайды [4,63]. Психологиялық бағыт Г.Тардпен («Имитацияның заңдары», 1890, «Философия жазасы», 1890) анықталған имитациялық және оқу заңдылықтарынан туындайды, соған сәйкес әлеуметтік қызметтің кез-келген басқа түрі сияқты қылмыстық мінез-құлық оның даму үдерісінде қалыптасады және оған қол жетімді мінез-құлық үлгілерінде қалыптасады. Осыған байланысты қылмыстың алдын-алуда тәрбиелеудің маңыздылығы мен қылмыстық жазаның аздығы туралы қорытындылар қисынды болды. Қылмыстың психологиялық интерпретациясында Зигмунда Фрейдтің психоаналитикалық теориясы ерекше маңызды. Ол қылмысты адамның туғаннан оған берілетін терең сезімдік көріністері деп біледі. Фрейдтің идеялары оның ізбасарлары К. Хортни, К. Юнг, Е.М. Фромстың еңбектерінде көрініс тапқан. Бұл тұрғыда психологтар мен психоаналитиктердің жұмыстары қылмыскерлердің жеке қасиеттеріне бағытталған қылмыстық мінез-құлықтың ішкі, психологиялық тетіктерін түсінуге елеулі үлес қосты, қылмыстың жеке мағынасын жақсы түсінуге мүмкіндік берді.

Социологиялық теориялар негізінен XVIII - XIX ғ.ғ. аралығында қалыптасты. Утопиялық социализмнің негізін қалаушылар Томас Мор (1478-1535) біреулердің кедейшілігі мен екіншілердің паразиттік өмірінің қылмыстылықпен бірлікте екендігін атаса, Томазо Кампанелла (1568-1639) да осы текте көзқараста болып қоғамды "әділдік пен теңдік, принципіне сүйеніп қайта құрмаса, ештеңе өзгермейтіндігіне меңгейді. Ж.П.Марат (1743-1793), А.Н.Радищевтер (1749-1802) қылмыстылықтың

себептеріне адамды адамның қанауынан, қоғамдық құрылыстан көреді. Социал-утопистер Сен-Симон (1760-1825), Ш.Фурье (1772-1837), Роберт Оуен (1771-1858) - жеке меншіктің пайда болуы мен әділетсіздікті қылмыстылықтың негізгі себебі деп біледі.

Неміс криминалисті Ф.Лист (1851-1919) тек қана экономикалық факторлар ғана емес, қылмыстылыққа соғыс, алкоголизм, кейбір дәстүрлер, әдет ғұрыптар, жезөкшелік, кейбір тәрбие кемістіктері де үлес қосатынына назар аударды. (1818-1883) пен Ф.Энгельс (1820-1895) таптар арасындағы күрес, кедейшілік және осының шиеленісуі нәтижесінде туындайтын антогонистік көзқарасты қылмыстылықтың себептеріне саяды. Осы идеяларды әрі қарай жалғаушы болғанмен де В.Лениннің (1870-1924) өзіндік "тума дақтар,, (родимые пятна) теориясы да бар, яғни тума дақтар адам денесінде емес, санасында. Қанша жаңа қоғамдық қатынастарға икемделем десе де адам бұрынғы феодализм немесе капитализм кезінде қалыптастырған көзқарастары мен мінез-құлқынан арыла алмай қалады. Демек, бұл тарихи тұрғыда қалыптасқан теориялар бүгінгі таңда да құқық қорғау органдары қызметкерлерінің жедел іздестіру қызметтерінде және қылмыскердің жеке басына криминалогиялық тұрғыда толық сипаттама беріп, қылмысты жан жақты толық ашу үшін, қылмыстылықтың алдын алу үшін үлкен мағынаға ие.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. *Е.А. Алауханов. Криминология. Учебник: Общая и Особенные части. –Алмат: Жеті жарғы, 2008.- 664 с.*
2. *Е.Қайыржанов. Причинность в криминологии. Учебное пособие. Алматы, 2002.-140 с.*
3. *Криминология. Под ред. Кузнецовой Н.Ф., Лунеева В.В. 2-е изд., перераб. и доп. - М.: 2004. — 640 с.*
4. *Ю.М. Антонян. Криминология. Избранные лекции. — М.: «Логос», 2004. — 448 с*

Каратаева А.М.

заң ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті,
мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік
құқығы кафедрасының доценті

Ақтымбаев Қ.И.

Лияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университеті, құқық және экономика факультетінің
мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ ӘДЕПТІК МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІ

Резюме: В работе рассматриваются содержательные стороны этической культуры и правовой культуры государственного служащего. Также в работе всесторонне исследуются особенности современной правовой культуры. В работе также особое внимание уделяется на дальнейшее развитие правовой культуры. Основные выводы и положения авторов могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: этика, право, правопонимание, правовая культура, правовой нигилизм, государство, деятельность государства, государственный служащий.

Summary: The paper deals with the essence of the content side of the ethical culture and legal culture of public servants. Also in the work comprehensively investigated features of the legal culture, the professional legal culture in modern times. The main conclusions and position of the authors may use to provide states policy in raising law awareness and legal education of the Kazakhstan society.

Keywords: ethic, law, legal interpretation, legal culture, legal nihilism, the state, the activities of the State, public servants.

Аннотация: Жұмыста қазіргі кездегі мемлекеттік қызметшінің әдептік мәдениеті мен құқықтық мәдениетінің мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі құқықтық мәдениеттің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Сондай ақ мақаланың авторы құқықтық мәдениеттің арықарай дамуына аса назар бөледі. Авторлардың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: әдеп, құқық, құқықтық таным, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, мемлекет, мемлекеттің функциясы, мемлекеттік қызметші

Осы уақытта құқықтық мемлекеттің және азаматтық қоғамның дамуы кезеңінде мемлекеттік қызмет институтын жетілдіру және мемлекеттік қызметшінің әдептік және құқықтық мәдениетін көтермелеу аса маңызды әрі өзекті мәселе екені рас.

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметте болып жатқан қайта құрулар жан-жақты және тиімді заңи қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметшінің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтермелеу жағдайында дамуы мүмкін.

Мәдениет, этика, мораль және өнегелік құндылықтар әрдайым сақтап қалу парызы тек мемлекеттік құрылымға ғана емес, қоғамға да тиісті болуы керек.

Мәдениет – қоғамның рухани және материалды жетістіктерінің жиынтығы болып табылады. Ол тұлғаның болмыс пен сана саласындағы әлеуметтік шығармашылық қызметін көрсетеді, құндылықтарды құрудың біріңғай үдерістері, мәдени мұраны игеру нормасы болып табылады.

Қазақстандық белгілі ғалым, профессор А.С. Ибраева өз еңбектерінің бірінде былай деп жазады: «правовая культура, равно как и любая другая разновидность культуры, подвержена оценкам. Отсюда представляется возможным говорить о роли закона в формировании высокой культуры при ориентации его на средний уровень и преодоление уровня низкого. Разумеется, оценки будут относительны. Разные люди, разные общности людей, политические партии, лица, находящиеся у власти, и оппозиционеры могут оценивать культурные достижения в государственно-правовой сфере. Как с субъективной, так и с объективной стороны существуют серьезные препятствия в достижении единства интерпретации правовых явлений в качестве культурных завоеваний. Тем не менее эти препятствия преодолимы. История выработала уже некоторые общецивилизованные критерии в определении уровня культуры, и на этой основе создается возможность для определения основных направлений повышения правовой культуры, в том числе с помощью закона. К их числу следует отнести: формирование чувства права и законности; освоение достижений логико-правового мышления; совершенствование законодательства; увеличение объема и качественное совершенствование правопослушного поведения; совершенствование юрисдикционной и иной правоприменительной деятельности; разделение власти законодательных, исполнительных и судебных учреждений; изучение памятников права и правоприменительной практики как основы юридического образования» [1, с. 158].

2015 жылдың 23 қарашасында қабылданған «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» заңының 1 бабына сәйкес «Мемлекеттік қызметші – мемлекеттік органда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттерден не Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қаражатынан ақы төленетін мемлекеттік лауазымды атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының азаматы» [2] болып табылады.

Өз кезегінде мемлекеттік қызметшілер екіге бөлінеді:

1) мемлекеттік әкімшілік қызметші – Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өз қызметін тұрақты кәсіби негізде жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші;

2) мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруға жауаптылықта болатын мемлекеттік қызметші [2].

Заңның мазмұнына қарап мемлекеттік қызметшілердің барлығына тән белгі-нышандарды бөліп көрсетуге болады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматы болуы тиіс;
- 2) 18-жасқа толуы тиіс;
- 3) толық әрекет қабілеттілігі болуы тиіс;
- 4) қызметтік өкілеттіктерді атқаруға денсаулығы жақсы болуы тиіс;
- 5) заңды құрметтеуі тиіс;
- 6) жоғары кәсіби білімі болуы керек;
- 7) мемлекеттік органдарда жұмыс істеуі қажет және т.б.

Мемлекеттік қызметшінің әдептік және құқықтық мәдениеті мемлекет пен қоғамның құқықтық мәдениетін қалыптастырады.

Мемлекеттік қызмет жүйесінің тиімділігі қызметте жүрген мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқына байланысты болады. Атап кететін жәйіт мемлекеттік қызмет істеріндегі мінез-құлық және тәртіп ережелері мен нормалары жалпыадамзаттық мораль нормалары болып табылады. Мемлекеттік қызметшінің этикасының мәні де осында. Кәсіби әдеп белгілі бір кәсіптегі адамдардың өнегелік мінез-құлықтар жиынтығы болып табылады.

Мемлекеттік қызметшінің этикалық мәдениеті және құқықтық мәдениеті оның қызметінің тек қолданымдағы заңдардың нормаларына ғана емес, сонымен қатар моральдық принциптар мен нормаларға сәйкес болуын талап етеді.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексі тек қана моральға ғана негізделіп қоймай, ол сондай ақ моральдың талаптарына да сүйенуі тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің кәсіби құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейі оның қызметінің сапасымен де анықталады.

Егер мемлекеттік қызметшінің этикалық және құқықтық мәдениетінің деңгейі төмен болса мемлекеттік қызмет жүйесін жетілдіру жөніндегі кез келген реформалар пайдасыз болады.

Бұл жайында отандық профессор А.С. Ибраева былай деп пайымдайды: «профессиональное сознание понимается как элемент профессиональной культуры, а основу его содержания составляет профессионально-правовое и профессионально-нравственное сознание, функционирующее в единстве и взаимодействии с политическим, эстетическим и другими сферами общественного сознания» [1, с. 166].

Мемлекеттік қызметте қатынастарды реттейтін маңызды құқықтық актілердің бірі мемлекеттік қызметшінің қызметтік әдеп ережелерін бекіту болып табылады. Бұл ережелер Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексінде көрініс тапты. Бұл құқықтық акт 2015 жылдың 29 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің № 153 Жарлығымен бекітілген болатын. Әдеп кодексі қоғамның мемлекеттік органдарға сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым қатынастың жоғары мәдениетін қалыптастыруға және мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлықтарының алдын алуға бағытталған [3].

Әдеп кодексі барлық мемлекеттік қызметшілерге сақтауға міндетті мінез-құлықтардың негізгі стандарттарын анықтады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы ережелер мен нормаларды бекітті.

Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілердің мінез-құлықтарының жалпы стандарттары, жұмыстан тыс уақыттағы мінез-құлық ережелерін, қызметтік қатынастардағы мінез-құлық, көпшілік алдында сөз сөйлеу тәртібі, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында сөз сөйлеу стандарттары анықталған.

Әдеп кодексіндегі бірқатар нормалар моральдық-әдептік сипатқа ие болып табылады. Кодекс нормаларын сақтау әрбір мемлекеттік қызметшінің қызметтік парызы болып табылады.

Мемлекеттік қызметші барлығы үшін өнегеліктің, мәдениеттіліктің және әділеттіліктің үлгісі болуы тиіс. Ол ең біріншіден, заңға бағынуы тиіс, өз ісіне адал және жауапты болуы керек. Мемлекеттік қызметшіде әрқашан басқарушылық мәдениет болуы қажет.

Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынасы кезінде:

1) ұжымда іскерлік және тілектестік өзара қарым-қатынасты әрі сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;

2) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге немесе оларды болдырмау жөнінде өзге шаралар қабылдауға;

3) ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен абыройына кір келтіретін жеке және кәсіптік қасиеттерін талқылаудан аулақ болуға;

4) әріптестерінің өз лауазымдық міндеттерін орындауына кедергі келтіретін әрекеттерге (әрекетсіздікке) жол бермеуге міндетті [3].

Мемлекеттік қызметшілерге қатысты қоғамдық пікірлер көбінесе олардың қызметтен тыс уақыттағы мінез-құлықтары аясында қалыптасады. Әдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілердің қызметтен тыс уақытта қызметтік әдеп нормалары көрсетілген.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта:

1) жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, қоғамға жат мінез-құлық, оның ішінде қоғамдық орындарда адамның қадір-қасиетін және қоғамдағы адамгершілікке нұқсан келтіретін масан күйде болу жағдайларына жол бермеуге;

2) қарапайым болуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға;

3) өз тарапынан қоғамдағы адамгершілікке, тәртіпке және қауіпсіздікке қол сұғушылыққа әкелетін заңнама талаптарын бұзуға және басқа азаматтарды құқыққа қарсы, қоғамға жат әрекеттерді жасауға тартуға жол бермеуге тиіс [3].

Мемлекеттік қызмет рухани құндылықтарды бекіту және мәдениет атмосферасын қалыптастыру тетігі болып табылады. Рухани құндылықтар мемлекеттік қызмет институтының даму үдерісінде қалыптасатын мәдениет нормаларынан тұрады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер:

1) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

2) адал, әділ, қарапайым болуға, жалпы қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын сақтауға, азаматтармен және әріптестерімен қарым-қатынаста сыпайылық пен әдептілік танытуға;

3) өздері қабылдайтын шешімдердің заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуге;

4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыз етуге;

5) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;

6) қызметтік міндеттерін тиімді атқару үшін өзінің кәсіби деңгейі мен біліктілігін арттыруға, Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген шектеулер мен тыйымдарды сақтауға;

7) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;

8) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдаланбауға;

9) шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға;

10) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге, өзіне сеніп тапсырылған мемлекеттік меншікті, автокөлік құралдарын қоса алғанда, ұтымды, тиімді және тек қызметтік мақсатта ғана пайдалануға;

11) қызметтік тәртіпті бұлжытпай сақтауға, өзінің қызметтік міндеттерін адал, бейтарап және сапалы атқаруға, жұмыс уақытын ұтымды және тиімді пайдалануға;

12) мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыру бойынша тұрақты түрде шаралар қабылдауға, мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің тұтынушысы ретінде толығымен халықтың сұранысына бағдар ұстануға;

13) жасағаны үшін заңнамада тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген құқық бұзушылықтар мен теріс қылықтарды жасауға жол бермеуге;

14) іскерлік әдепті және ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға тиіс [3].

Барлық құқықтық тетіктердің ішінде мемлекеттік қызметшінің әділ болуына және ізгілігіне мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі әрекетті болып отыр.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін әзірлеу және енгізу сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырудың және мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық мәдениетін көтермелеудің бағыттарының бірі болып танылады.

Сыбайлас жемқорлық қоғамға қауіпті, құқық нормалары талаптарына қарсы келетін құқық бұзушылық болып табылады.

А.З. Турисбек өз зерттеулерінде былай жазады: «обществу и каждому гражданину в отдельности совсем небезразлично, какими средствами и по каким правилам достигаются цели, поставленные перед государственной службой. Поэтому все острее встает вопрос об этике отношений как внутри каждого государственного органа, так и между государственными органами и обществом. Это очень важно для государства и общества в целом, так как они заинтересованы в том, чтобы на государственной службе работали профессионалы, обладающие высокими нравственными качествами» [4, с. 57].

Мемлекеттік қызметшінің Әдеп кодексінің басты міндеті сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау болуы тиіс. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің қабылдануы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасауға маңызды қадамдардың бірі болды.

Осыған байланысты мемлекеттік қызметші:

- әрқашан мемлекетке адал болуы тиіс, өз мүдделерін мемлекеттік мүддеден артық қоймауы керек;

- мемлекеттік қызметші өзіне жүктелген міндеттерді әрқашан адалдықпен атқаруы керек;

- мемлекеттік қызметші өзінің қызметтік өкілеттіктерін өз пайдасына пайдаланбауы қажет;

- мемлекеттік қызметші құпия ақпаратты өз пайдасына пайдаланбауы тиіс;

- мемлекеттік қызметші сыбайлас жемқорлық әрекеттерінің кез келгенін болдырмауы тиіс және оған бойсынбауы керек.

Қоғамды сыбайлас жемқорлыққа қарсы ағарту ісі өнегелік тәрбиенің, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың құрамдас бөлігі болып табылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет мемлекеттің әл-ауқаты және қоғамның қауіпсіздігі үшін жемқорлықтың зияндығы туралы білімдерді қамтитын тұлғаның қасиеттерін көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет жемқорлық құқық бұзушылықтарын жоюға ұмтылған адамның жәй –күйі.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет – жемқорлыққа қатысты белсенді азаматтық позициялардың көрінісіне бағытталған құнды құрылғылар болып табылады.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың дәрежесі бойынша мінез-құлықтың белгілерін анықтауға болады:

- жемқорлықты қауіпті әлеуметтік құбылыс етіп тану;

- жемқорлықтың зиянын бағалай білу;

- жемқорлықтың азаюына әкеп соқтыратын барлық қажеттіні пайдалану;

- жемқорлықтың алдын алуға қабілетті болу;

- құқық нормасын талқылай білу;

- тәжірибеде теориялық құқықтық білімдерді пайдалана білу;

- құқық нормаларын білу және өз құқықтарын қорғауда оларды пайдалану.

Тұлғаның құқыққа сай әрекет етуінің деңгейі адамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көрсетеді.

Заңға бағынушылық, құқықтық белсенділік, өнегелік, қоғам мен мемлекет алдындағы жауаптылық сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің өзі болып табылады.

Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің атқаратын қызметтерін анықтауға болады, олар:

1. Танымдық қызмет – тұлғаның жемқорлық құбылыстарын құқықтық тәжірибеде пайымдауымен сипатталады. Осы қызметті іске асыру барысында қоғамның түрлі жүйелерінде туындап жатқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы үдерістерді зерттеу мен түсіндіру қалыптасады. Танымдық қызмет тек түрлі сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне себепті-салдарлы байланысты анықтаумен және түсіндірумен ғана шектеліп қоймайды. Ол мәселенің түп тамырын ашатын, жемқорлық көріністерінің пайда болуының алғашқы себептерін, оның мәнін ашуға бағытталған;

2. Модельдеу қызметі сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлықтың тиісті моделін қалыптастыру құралы болып табылады. Бұл қызметті іске асыру барысында тұлғаның құқық нормаларына сай келетін сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқының белгілі бір үлгісі немесе стандарттарын қалыптастыру байқалады;

3. Реттеуші қызмет тұлғаның өзінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мінез-құлқын құқықтық талаптармен ұштастыруға мүмкіндік береді [5].

Мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті мемлекеттік қызметтің дамуына әсер етуі мүмкін, қоғамда заңдылық пен құқықтық тәртіптің нығаюына ықпал етуі мүмкін, мемлекеттік және құқықтық жүйенің тиімді қызмет етуіне жағдай жасауы мүмкін.

Сонымен, мемлекеттік қызметшінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеті оның отанға деген сүйіспеншілігін, азаматтық белсенділігін, өзінің қызметтік міндеттерін адал атқаруды көрсетеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің негізі мемлекеттік қызметшінің құқықтық мәдениеті болып табылады, ол өз кезегінде заңдылықтың үстемдігінің нығаюына және қатаң сақталуына әкеп соқтырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметті қамтамасыз ету үшін және оның тиімді қызмет етуі үшін:

- мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметті атқару кезінде кімге болсын артықшылық көрсетпеуі керек;

- өз қызметтік лауазымдық өкілеттіктерін атқару кезінде мемлекеттік қызметшілер мүдделердің қақтығыстарына әкеп соқтыратын жеке қызығушылықтарын көрсетпеуі керек;

- мемлекеттік қызметшілер ҚР заңдарына сәйкес кірістері туралы мәліметтер беруге міндетті;

- мемлекеттік қызметшілер жемқорлық құқық бұзушылықтары туралы ескертуі міндетті.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс. Мемлекеттік қызметшілер, оның ішінде басшы лауазымдарды атқаратындар, ұжымда өз діни көзқарасын ашық көрсете алмайды, бағынысты қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлей алмайды [3].

Біздің ойымызша, мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетін көтермелеу үшін:

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы білімді үнемі көтермеліп тұру керек;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейін көтермелеп тұру қажет;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы үгіт-насихат жүргізіп тұру керек;

- сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет мәселелері бойынша бұқара ақпараттық іс-шаралар жүргізіп тұру қажет;

- жемқорлықпен күресу үшін үнемі азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасап тұру керек.

Сайып келгенде, мемлекеттік қызметшінің әдептік мәдениеті мен құқықтық мәдениетін көтермелеу мемлекеттік саясат пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегияның басым бағыттарының біріне айналуы тиіс. Ол құқықтық сауаттылықты, құқықтық білім беруді, құқықтық ағартуды, қнегелік қасиеттерді және әдеп пен моральдың принциптерін қамтуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Ибраева А.С. *Правовая культура: проблемы теории и практики.* – Алматы, 2002. - 352 с

2 23 қараша 2015 жылғы «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы» Заңы // <http://adilet.zan.kz>

3 Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексі / 29 желтоқсан 2015 жылғы №153 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы // <https://online.zakon.kz>

4 Турисбек А.З. *Правовые механизмы формирования корпуса административных государственных служащих в Республике Казахстан.* - Диссертация на соискание уч.степени к.ю.н. – Алматы, 2005. – 160 с.

5 Ибрагимова Е.М., Хамдеев А.Р. *Сушность понятия антикоррупционная культура и ее функции / Современные проблемы науки и образования.* – 2013. – № 3 // <https://www.science-education.ru>

Каратаева А.М.

заң ғылымдарының кандидаты, Эл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дің заң факультеті, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқығы кафедрасының доценті

Ақтымбаев Қ.И.

Илияс Жансүгіров атындағы Жетісу Мемлекеттік университеті, құқық және экономика факультетінің мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы

ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аннотация: Жұмыста қазіргі кездегі құқықтық мәдениеттің мазмұндық тұстары ашылып, қарастырылады. Сонымен қатар қазіргі құқықтық мәдениеттің ерекшеліктері талданып, жан жақты зерттелінеді. Сондай ақ мақаланың авторы құқықтық мәдениеттің арықарай дамуына аса назар бөледі. Автордың қол жеткізген нәтижелері мен қорытындыларын мемлекеттік саясаттың қамтамасыз етілуіне, қоғамның құқықтық санасын арттыруға, қоғамның құқықтық тәрбиесін көтермелеуге ісінде қолдануға болады.

Тірек сөздер: құқық, құқықтық таным, құқықтық мәдениет, құқықтық нигилизм, мемлекет, мемлекеттің функциясы

Резюме: В работе рассматриваются содержательные стороны правовой культуры. Также в работе всесторонне исследуются особенности современной правовой культуры общества. В работе также особое внимание уделяется на дальнейшее развитие правовой культуры. Основные выводы и положения автора могут быть использованы в обеспечении политики государства, в повышении правосознания и правового воспитания казахстанского общества.

Ключевые слова: право, правопонимание, правовая культура, правовой нигилизм, государство, деятельность государства.

Summary: The paper deals with the essence of the content side of the legal culture. Also in the work comprehensively investigated features of the legal culture, the professional legal culture in modern times. The main conclusions and position of the author may use to provide states policy in raising law awareness and legal education of the Kazakhstan society.

Keywords: law, legal education, legal culture, legal nihilism, the state, the activities of the State.

Қазіргі кезде түрлі мәдениеттерді жақындастыратын, адамның рухани қарым-қатынасының аумақтық шекарасын өшіретін ғаламтор сияқты электрондық байланыс, ғарыштық байланыстар секілді ақапараттық жүйелер алып қызметтер атқаруда. Мұнымен түрлі халықтардың түрлі мәдениеттері дамып қана қояды. Бұл жағдайда қақтығыстарды да байқауға болады.

Мәдениеттің дамуына байланысты қақтығыстың үш түрін көрсетуге болады: аномия, мәдени қалып қою және сырттан әсер ету.

«Аномия» термині мәдениеттің бірілігінің бұзылуы болып табылады. Оны XIX ғасырдың аяғында француз социологы Э.Дюркгейм (1858–1917) енгізген болатын [1, с. 12].

Осыдан бастап аномия ғылыми айналымға ене бастады.

Дюркгеймнің ойынша аномия аурудың бір түрі болып табылады. Ол қоғамдық еңбектің бөлінуі туралы өзінің еңбегінде «от аномии страдает прежде всего общество, которое чтобы жить не может обойтись без согласия и урегулированности» - деп жазады [1, с. 25].

Дюркгейм өзінің «Өзіне қол жұмсау» еңбегінде аномияны өзіне қол жұмсаудың әлеуметтік себебі ретінде қарастырады.

Қазіргі кезде қазақстандық қоғамда аномия орын алған. Батыстық өмір сүру үлгісі, эгоизмге негізделген батыстық құндылықтар адамгершілікке, өзара көмектесушілікке, шыдамдылыққа негізделген біздің ұлттық мәдениетімізді ығыстырып келеді. Мораль мен өнегелік нормаларын ұстанбау, есірткі пайдалану жастар ортасында басымды құбылыстардың бірі болып келеді. Өзіне өзі қол жұмсаушылықтың саны күрт өсті, адамдар жабырқаулы, өмірдің мәнін түсінбей барады, тұрмыстық агрессия өсіп келеді. Басты құндылық ретінде рухани құндылық емес, материалдық құндылықтың басымдығы байқалуда. Жалпыадамзаттық мәні бар рухани құндылықтарды жаңғырту керек. Нарықтық қатынастарда тұлғаны құрметтеуге, өзгенің меншігін сыйлауға негізделген қағидаларды ұстану әлі де қоғамның санасында орын алмай жатыр [2, с. 20].

Бұл мәселе Қазақстан Республикасының болашағына тікелей қатысты болып табылады. Ең біріншіден оның қауіпсіздігіне қатер төнеді. Сондықтанда ғасырлар бойы мұра болып келе жатқан әдет ғұрпымызды, салт-дәстүрлерімізді, мәдени нормаларды сақтағанымыз жөн.

Барды өшіру жаңаны қалыптастырудан да тез екендігін ұмытпау керек.

Күні бүгінде соттық және құқық қорғау қызметтерінің негіздері қалыптасты, олардың қызметінің

құқықтық қағидалары бекітілді, ал елдегі қылмыстылық деңгейі күннен-күнге өсуде.

Осы уақытқа дейін көптеген заң акілері қабылданды, бірақ тәжірибеде олар өз қолданымын таппай жатыр.

Осыған қатысты заңдарды жетілдіру қажеттілігі туындап жатыр.

Батыс қоғамының қателіктерін қайталамас үшін, реформалардың сапалық жағына көп көңіл бөлген дұрыс және қоғамның рухани денсаулығын қамқорлыққа алу керек.

Жаһандану кезеңіндегі қиын әлеуметтік және рухани - өнегелік дағдарыс барысында көптеген жас адамдар отбасы құруға ынтасы жоқ, көптеген отбасының балалары аз не болмаса балалары мүлдем жоқ. Қазіргі жастар бір балалы отбасы құруға бейімделген. Осының нәтижесінде Қазақстанда бала туылымы азаюда. Ары қарай Қазақстан халқының санымен не болады деген сұрақ туындайды. Бұл мәселеге мемлекет назар аудармаса, сұрақ ашық болып қала береді.

Қазақстанда жастардың саны азайып бара жатыр. Ол дегеніміз мектеп, мұғалім, аурухана, дәрігерлердің саны да азаяды дегенді білдіреді.

Мемлекеттің басты байлығы – халық, сондықтан да ұлттың, халықтың өсіп-өркендеуін қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау, білім беру, салық, тұрғын үй және еңбек заңнамаларына реформалар жасау қажет [3, 88 б.].

Қоғамдағы әлеуметтік белсенділікті арттыру үшін еңбектік қатынастарды әлеуметтік-құқықтық реттеуге көп көңіл бөлу керек. Ең біріншіден адамдарға еңбек етуге жағдай жасау керек, екіншіден, олардың еңбектік құқықтарына шынайы әлеуметтік және заңи кепілдіктер қажет.

Мұның нәтижесінде елде өткізіліп жатқан реформаларға жағымды көңіл бөлінеді.

Аномияны жеңу Қазақстанның арықарай дамуына алғышарт болып табылады.

Мәдени қалып қалу түсінігін ХХ ғасырдың алдыңғы жылдары Уильям Филдинг Огборн енгізген болатын. Бұл қалып қоюдың мәні – қоғамның материалды өміріндегі өзгерістер оның материалды емес мәдениетінің (әдет, сенім, философиялық жүйе, заңдар, басқару нысандары) трансформациясын артта қалдырып тастаумен сипатталады. Мұның нәтижесі материалдық мәдениет пен рухани мәдениеттің тепе-теңсіздікте дамуына әкеп соқтырады, Оның салдарында өзекті әлеуметтік проблемалармен пайда болады.

Мысалы: қоршаған ортаны қорғау, экологиялық қауіпсіздік проблемалары бүкіл проблемалардың ішіндегі ең өзектісі. Міне, осы аталған проблемалармен адамзат ХХ-ы ғасырда бетпе-бет кездесіп отыр, міне осылар ғаламдық болып танылып отыр.

Атмосфераға жыл сайын техногендік және т.б. 200—400 миллион тонна шаң-тозаң, 150 миллион тонна күкіртті ангидрид, 700 миллион тоннаға шамалас зиянды химиялық заттар шығарылып, олар айналаны лаптап жатады. Ал енді ғаламшардың индустриалдық жағынан аса дамыған аймақтарындағы ластану табиғи ластанудан мыңдаған және одан да кеп есе артық мөлшерде болуда.

Жер ғаламшарындағы климаттың өзгеруіне бүкіл әлем жұртшылығы алаңдаушылық білдіріп отыр. Келешекте адамзат баласының жойылып кетпеуі яғни сақталуы зор мәселе түрінде қойылуда.

Ауаның ғаламдық деңгейде жылынуы адам айтқысыз зор да жойқын зардаптарды туындатуы мүмкін. Қазақстан ғалымдарының бағамдауы бойынша климаттың өзгеруіне тосқауыл қою жөнінде шаралар қолданылмаған жағдайда алдымыздағы ғасырдың соңын ала атмосфераның төменгі қабаттарының температурасы 3 градусқа көтерілуі мүмкін, ал мұның өзі жаппай су тасулары қаупін тудыруы мүмкін. Қазақстанға мұның тікелей қатысы бар. Өйткені Каспий деңгейінің көтерілуі Оңтүстік Америкадағы мұхит суы температурасының көтерілуімен байланыстылығы анықталған жәйт [2, с. 35].

Мемлекеттердің атқаратын қызметтері бірінші кезекте тұрғанын айтқан жөн. Осы салада атқарылған іс ретінде ең алғашқы және ең маңызды халықаралық құжаттың қабылданғанын айтуға болады. Климаттың өзгеруі туралы 1992-і жылы маусым айында Рио-де-Жанейро қаласында қол қойылған БҰҰ-ның Рамалық конвенциясы (жоғарыда аталынған) 1994 жылы 21 наурызда өз күшіне енген болатын. Бұл құжатты 165 мемлекет ратификациялады. Осы конвенцияда парниктік тастанды газдар мөлшерін азайту және бұл сала бойынша халықаралық ынтымақтастық механизмдері мен әрбір жақтардың (мемлекеттердің) міндеттемелері анықталған болатын. БҰҰ-ның осы Рама конвенциясы ережелеріне сай жүргізілген дайындықтың нәтиже фазасы Киото (Жапонияда) протоколына қол қою болды. Сонымен Киото протоколы БҰҰ-ның климаттың өзгеруі жөніндегі Рама конвенциясының тікелей жалғасы іспетті сипатталды. Конвенцияға қатысушы жақтар өздерінің алдына қойған ұзақ мерзімді мақсаттарына жету үшін міндеттеме алды [4, 143 б.].

Бұл міндеттемеде климаттың антропогенді себептерден ғаламдық өзгерулеріне дер кезінде көңіл бөлу және тиісті түрде құлақ асып, олардың әрі қарайғы етек алып кетуіне жол бергізбейтіндей саясат жүргізу, сонымен бірге бұл салада қалау-тілекке сай келетін нәтижелерге қол жеткізетін шараларды

іске асыру және әрбір жақтардың өздеріне алған міндеттерін орындауы тиіс деген ереже-қағидалары бар.

Осы келтірілген міндеттер аталған конвенция бекіткен мемлекеттер қызметтерінің негізгі бағыттары болып табылады. Конвенцияның заңдық міндетті аспабы болып табылатын Киото протоколы өзінің жақтастары конференциясында (Жапонияның Киото қаласында 1997 жылы) қабылданды. Сөйтіп ол 1998 жылдан қол қоюшылар үшін ашық деп жарияланды. Осы хаттама бойынша Конвенцияның 1-ші қосымшасына енген жақтар (жақтастар) 2008-2012 жылдар аралығындағы кезеңде әр жыл сайын өздеріндегі өндірістерде өндіріліп шығып жатқан парниктік газдардың жиынтық тастандыларын 1990 жылдың деңгейімен есептегенде ең аз дегенде 5% мөлшерде азайтуы тиіс.

1998 жылдың тамыз айында Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер Министрлігінің сараптау комиссиясы БҰҰ-ы Рама Конвенциясының Киото Хаттамасына қосылу жөнінде қол қою туралы жөнінде өз шешімін қабылдады. Бұл қол қою әртүрлі елдердің және халықаралық қорлардың қаражаттарын Қазақстанға тартуға мол мүмкіндіктер береді. Сөйтіп еліміздегі қордаланып қалған экологиялық проблемаларды шешуге мүмкіндіктер береді деген болжам бар [4, 145 б.].

Мәдениеттің дамуымен байланысты қақтығыстың үшінші түрі сырттан әсер ету немесе бөтен мәдениеттің басшылық етуі болып табылады. Бұрын сонды ол еуропалық елдердің тарапынан колонизацияға ұшыраған индустриалды қоғамның алдында байқалған. Оны зерттеген ағылшын этнографы және социологы Бронислав Каспер Малиновский (1884–1942) болған.

Күні бүгінде батыс мәдениетінің қазақстандық рухани мәдениетке әсер етуі байқалуда. Бүгінгі бұқаралық ақпарат құралдары адамды зорлау мен кісі өлтіруге итермелеу сияқты, адамның жеңіл тіршілік етуіне ықпал жасайтын баыстық фильмдерді көрсету арқылы қатыгездікті үгіттеп келеді. Әсіресе бұл өсіп келе жатқан ұрпақтың – балалар мен жастардың санасын улайды. Олар кітап оқуды қойды, Ғаламтор мен Теледидар кітаптарды ауыстырды. Соның нәтижесінде балалар мен жастар қатыгез бола бастайды, зорлыққа үйренеді. Рухани мәдениетті қалыптастыру проблемасы ХХІ ғасырдың алдыңғы қатарлы мәселелерінің бірі болды. Ұзақ уақыт бойы еліміз орыс мәдениетінің ықпалында қалып, қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінен алшақтап кеткен болатынбыз.

Қазақстандық қоғамның ұлттық философиялық мәдени негіздерінің проблемасы осы заманғы ірі проблемалардың бірі болып саналады. Ұлттық идеяға сүйене отырып бірқатар мемлекеттер өз экономикасын көтеріп алғаны туралы әлемге әйгілі бірнеше мысалдар баршылық.

Мәдениет ұғымы өркениет ұғымымен тығыз байланысты болып табылады. Өркениет дегеніміз қоғамның тіршілік етуінің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын, оның этникалық, діни негіздерін, адам мен табиғаттың үйлесімдігі дәрежесін, сондай ақ тұлғаның экономикалық, саяси, әлеуметтік және рухани бостандығының деңгейін білдіретін социомәдени жүйе болып табылады. Өркениет пен оның құндылықтары қоғамның тек әлеуметтік ұйымдастырылуына ғана емес, сонымен қатар оның мемлекеттік ұйымдастырылуына өз әсерін тигізеді.

Қазіргі әлемдік өркениеттің жағдайы екі түрлі тұрғыдан сипатталады. Бір жағынан кедейшілікте өмір сүріп отырған, жақсы өмір сүруге уәде беретін кез келген идеяны, мифті қолдайтын адам, ал екінші жағынан өз бас пайдасын ойлайтын, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыратын адамның мүдделері орын алып отыр. Бұл жағдай тарихи кезеңнің ауысуына әкеліп соқтыруы мүмкін. Тарихи тәжірибеге сүйенсек моральді релятивизм, руханилықтың кез келген түрін жоққа шығару, ысырапшылдық, антиөркениеттік күштер мен тенденциялардың пайда болуына әкеп соқтырып отырған.

Тек адам құқықтарының басымдығы, оның бостандығының кепілі мен қол сұғылмаушылығы, оның рухани тамырларының жандануы, оның заңға сенімін нығайту ғана әлемнің қайта құрылуына себеп болуы керек.

Біздің ойымызша өркениеттік жол құқықтық мәдениетті түсіну үшін және оның типтерін бөліп, көрсету үшін негіз болып табылады. Бұл жерде өркениетті тарихи процестің әлеуметтік және әлеуметтік емес компоненттерін құрайтын, тұтас өзін-өзі дамытатын мәдени-тарихи жүйе ретінде анықтауға болады.

Құқықтық мәдениеті түсінудегі өркениеттік жол бірқатар сұрақтарды шешуге көмектеседі. Бұл жолда нақты қоғамның әлеуметтік-психологиялық тәжірибесі туралы, оның менталитеті туралы көзқарасымыз ұлғайады. Өркениеттік жол материалды-экономикалық бастаманы шексіз етуді тыйады, мемлекетке бәрінен бұрын қоғам дамуының рухани-өнегелік және мәдени факторларының ықпал етуін мақсат етеді. Бұл көзқарасты пайдалану мәдени-тарихи мирасқорлықты пайдалануды, нақты қоғамдар мен мемлекеттерді зерттеуде көрсетеді. Өркениеттік көзқарас мәдениет туралы қазіргі пікірлермен ұштасады. Ол мәдениетті барлық көлемде қарастыруға мүмкіндік береді [2, с. 40].

Құқықтық мәдениет жалпы мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде, оның бастауының сипаты, дамуының көрiнiсi, халық менталитетiнiң жаршысы болып келедi. Ұзақ уақыт бойы әлеуметтiк ғылымдарда адам ақылға бағынып, тиiмдi, тарихтың кейбiр заңдылықтарына бағына отырып әрекет етедi деп есептелдi. Ал оның түйсiктiк, эмоционалдық тараптарына назар аударылмады.

Үлкен топтарға, қоғамдық құрылымдарға, класстарға көп көңiл бөлiндi. Бұл қоғамның атомдық бiрлiгi индивидке еш көңiл бөлiнбедi десек те болғандай. Iшкi дүниенi зерттейтiн белгiлi бiр категориялар болды, мысалы: «ойлау жүйесi», «дүниенi сезiну», «таптық сана», «ұлттық сана», «әлеуметтiк құқықтық сана».

Құқықтық мемлекеттiң құрылуын азаматтық қоғамның құрылуымен тығыз байланыстыра аламыз, ол кезде адам көбiрек индивидуалданып, оның автономиясы кеңейедi. Дербес топтық құрылымдар еркiн орнай бастайды. Сондықтан да ғылым адам санасы мен психикасында жүрiп отыратын процестердi зерттеуге көп көңiл бөлуi қажет. Бұрын ғылымдарда объективтi көзқарас субъективтi көзқарастан басым тұрса, бүгiнгi таңда олардың арақатынасы теңелуде. Сондықтан құқықтық мәдениеттi объективтi зерттеу үшiн оның субъективтi бөлiмiне де көңiл аудару қажет. Өйткенi ол кейде, оның иесiнiң еркiнен тыс оның әрекетiнiң басты қозғаушысы болып табылады. Осы саналық құбылыстар менталитеттi құрайды.

Құқықтық мәдениеттiң этнотарихи негiздерiн жоюдың алдын алатын тұлғаның сау рухани құқықтық санасын қалыптастырып, бекiтiп, оның жақсы қасиеттерiн дамыту қажет. Жеке адамның құқықтық мәдениетiне қоғамның құқықтық мәдениетi тiкелей тәуелдi. Өз кезегiнде, құқықтық сана мен құқықтық мәдениет халық менталитетiне сүйенуi қажет.

Менталитет барлық халыққа және оның индивидтерiне тән қасиет. М.С. Орынбеков «менталитет қоғамда ұжымдық түрде қалыптасатын ойлау және әрекет құрылысы, ол қоғамның барлық мүшелерiнде бар және индивидуалдық деңгейде көрiнiс табады» дейдi [5, с. 13].

Менталитеттiң ерекшелiгi, субъект оның бар екiндiгiн, оның тасушысы болып табылатындығын сезбейдi. Менталитет жасырын, құпияға толы құбылыс, тек зерттеушiлер үшiн ғана емес, оның тасушылары үшiн де. Ол адамның еркiнен тыс, тәрбие, тiл, мәдениет, дәстүр, дiн, әлеуметтiк құрылым, өмiрлiк үлгi, яки қоршаған орта негiзiнде қалыптасады. Мұнда И.В. Кондаковтың «менталитеттi» «әлемiнiң айнасы» ұғымымен алмастыруға болады, алайда соңғысын елестетiп көруге болады, ал алғашқысын бастап кешiрiп, эмоциямен түсiну керек [6, с. 40].

Менталитет саналы идеологиядан айырмашылығы кез келген адамға тән. Жалпы адам нақты өмiрлiк ұстанымға ие болмауы мүмкiн, алайда менталитетсiз адам болмайды. Сондықтан дәл осы менталитет оның барлық әрекеттерiне бастау болады деп айтуға болады.

Менталитет консервативтi, ол көпетеген жалпы реакцияларды, әрекеттердi, қалыптардың бастаушысы. Көптеген саяси қайраткерлер жеңiсiнiң себебiн сараптасақ, көпшiлiк саансын манипуляциялау, менталитетпен жұмыс жасай бiлу екендiгiне көз жеткiземiз. Қандай да бiр қайраткердiң ұсынысы «түйсiк түбiндегi ойларға» сәйкес келсе, реформалардың жеңiске жетуi сөзсiз болып келедi.

Бiздiң ойымызша, «құқықтық менталитет» және «құқықтық мәдениет» ұғымдары бөлек ұғымдар болып келедi. Құқықтық менталитет тұрақтырақ, оңай өзгермейтiн ұғым. Ол Бiр территорияда тұрып түрлi тарихқа ие болған құқықтық сана ерекшелiктерiнiң терең сипаттамасы болып келедi. Ал құқықтық мәдениет болса, кең, динамикалық, халықтың тек психологиялық ерекшелiктерiн ғана емес, қоғамдық қатынастарды реттеудiң нақты құқықтық құралдарын да қамтиды.

Құқықтық менталитет құқықты жасауда, оны жүзеге асыруда реттеушi рөл атқарады. Индивидтердiң, ұлттық және басқа да әлеуметтiк топтардың, мемлекеттiң барлық тұрғындарының әрекетiне әсер етедi. «Құқықтық менталитет» терминi өз мазмұны бойынша тек құқықтық мәдениет құндылықтарын ғана емес, халықтың құқыққа қатысты психологиялық, рухани жағдайын да сипаттайды. Осыдан менталитет табиғи және әлеуметтiк шарттасқан компоненттер негiздерiнде туындап, адамның қоршаған әлем жайындағы көрiнiсiн аша түседi.

Құқықтық сана құқықпен байланысты қалыптасқан жағдайды субъекттiң қабылдауы болып келедi. Адамдардың құқық жайындағы бiлiмдерi, ол жайындағы түсiнiктерi адамның индивидуалды практикасының нәтижесi емес, ол құқықтық әлеуметтену барысында тұлғаның әлеуметтiк ортадан сiңiретiн бөлшегi.

Құқықтық әлеуметтену барысында алынған бiлiм, оны интуитивтi сезiну, бағыттау, құндылықтар мен қалыптар құқықтық менталитеттi, жалпы құқықтық құралды құрайды. Ол арқылы адам табиғи, әлеуметтiк ортаны және өзiн танып бiле алады.

Құқықтық мәдениет пен құқықтық сана феноменiн объективтi зерттеу үшiн тарихи шарттасқан әрекеттердi, құқықтық әрекет үлгiлерiн, құқықтық қалыптарды қарастыру керек, олар өз кезегiнде,

әлемді сезіну, көру, түсіну, яки құқықтық менталитетпен байланысты. Құқықтық менталитет мызғымастығы және консервативтілігімен белгілі. Құқықтық мәдениет өмірінде бұл екі жақты рөл ойнайды: прогрессивті және регрессивті. Бірінші жағдайда құқықтық менталитет нормативті реттеудің өзгертілмес қорғаушысы. Дәл осы консервативтілік алдыңғы ұлттық және әлемдік құқық дәстүрінде бар болған ең жақсы тұстарды сақтап, көбейтуге мүмкіндік береді. Біздің пікірімізше, қазақ халқы өзінің құқықтық менталитетінің консервативтілігінің арқасында халық ретінде сақталып қалды.

Құқықтық консервативтіліктің жағымсыз тұстарына келетін болсақ, ол заңдық құндылықтарды жаңа қоғамдық қалыптасқан жағдайларды үнемі есепке ала отырып жүзеге асырады деп айта алмаймыз. Осылайша социалистік құқықтық мәдениеттің позитивті потенциалы өзіндегі «негативті» жеңіп шыға алмады. Сондықтан да социалистік құқықтық сананы түбірімен жойып, оны адамгершілік, демократиялық көзқараспен алмастыру қажет.

Қоғамның құқықтық мәдениетінің онтологиялық және аксиологиялық мәртебесі құқық рухында, құқық сезімінде, рухани дамыған құқықтың этникалық идентификациясында жатыр.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Дюркгейм Э. *О разделении общественного труда.* – М., 1991. – 345 с.
- 2 Ибраева А.С. *Правовая культура: вопросы теории и практики.* – Алматы, 2006. – 235 с.
- 3 Ибраева А.С., Каратаева А.М., Сартаев С.А., Есетова С.К., Тұрсынқұлова Д.А. *Құқықтық мәдениет.* – Алматы, 2013. – 123 б.
- 4 Сапарғалиев Ф., Ибраева А.С. *Мемлекет және құқық теориясы: Оқулық.* - Астана, 2007. – 174-175 бб.
- 5 Орынбеков М.С. *Казахстанская философия в канун XXI века.* – Алматы, 1998. – 133 с.
- 6 Кондаков И.В. *Введение в историю русской культуры.* – М., 1997. – С. 40.

Мороз С.П.

д.ю.н., профессор ВШП «Әділет» Каспийского общественного университета

Абилова М.Н.

доктор PhD, ассоциированный профессор ВШП «Әділет» Каспийского
общественного университета, abilova_maya@mail.ru

АНГЛИЙСКОЕ ПРАВО В УСЛОВИЯХ СОЦИАЛЬНО-ПРАВОВЫХ ПЕРЕМЕН В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН: ОБЩИЙ ОБЗОР ОТДЕЛЬНЫХ АСПЕКТОВ

***Аннотация:** Статья посвящена обзору точек соприкосновения английского права и права Республики Казахстан. Авторами рассмотрены основные предпосылки взаимодействия права Англии и Уэльса с правом Республики Казахстан, а также сделан вывод о необходимости избирательного подхода к вопросу совершенствования законодательства Республики Казахстан с учетом применимости или неприменимости отдельных норм и принципов английского права.*

***Түйін:** Бұл мақала ағылшын құқығы және Қазақстан Республикасы құқығына ортақ мәселелерге шолу жасауға арналған. Авторлар Англия мен Уэльс құқығы мен Қазақстан Республикасы құқығының өзара әрекеттесуінің негізгі алғышарттарын қарастырып, ағылшын құқығының жеке нормалары мен қағидаларының қолданылуын немесе қолданылмауын ескере отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру мәселелеріне таңдау тәсілінің қажеттілігі туралы қорытынды жасаған.*

***Annotation:** This article is devoted to a brief general overview of the common points between English law and the law of the Republic of Kazakhstan. The authors analyze the basic backgrounds for the interaction of the law of England and Wales with the law of the Republic of Kazakhstan, and they also make a conclusion that there is a need for a selective approach to the question of improving the legislation of the Republic of Kazakhstan, with taking into account the applicability or inapplicability of certain rules and principles of English law.*

В Послании Президента Республики Казахстан - Лидера Нации Н.А.Назарбаева Народу Казахстана «Стратегия «Казахстан-2050»: Новый политический курс состоявшегося государства» [1] подчеркивается, что за годы независимости Казахстан состоялся как равноправный участник международных процессов, и нам удалось создать благоприятные внешние условия. **Одними из** приоритетов определены: интенсификация международного сотрудничества в культурно-гуманитарной, научно-образовательной и других смежных сферах, а также усиление правовой защиты наших граждан, их личных, семейных, деловых интересов за рубежом, что предполагает необходимость разработки и совершенствования нормативно-правовой базы в соответствующих сферах сотрудничества.

Основные направления развития национального права и важность правового обеспечения деятельности государства отмечается в Концепции правовой политики Республики Казахстан на период с 2010 по 2020 годы [2], в которой говорится о стратегических направлениях совершенствования гражданского права Республики Казахстан. В Концепции также отмечено, что казахстанская правовая система должна быть способна на равных конкурировать в вопросах удобства применения и надежности защиты прав с законодательством развитых стран мира. В условиях всеобщей глобализации и роста мировой конкуренции многие страны столкнулись с необходимостью модернизации правовых систем и максимального приближения их к нуждам и потребностям людей и интересам инвесторов. В этой связи одним из важных направлений данной политики является правовое обеспечение внешнеполитической и внешнеэкономической деятельности. Такая деятельность направлена на защиту долгосрочных национальных интересов во внешнеполитической сфере, обеспечение взаимовыгодного сотрудничества на международной арене в двухсторонних и многосторонних форматах и требует адекватного международно-правового регулирования. В свою очередь, это, несомненно, обеспечит Казахстану возможность реализации всех институциональных реформ, а также возможность занять качественно-новое место на международной арене.

Дальнейшие шаги по такому правовому обеспечению выхода Республики Казахстан на международный уровень и по вхождению Республики Казахстан в 30-ку развитых государств в новых исторических условиях определены в «**Плане нации – 100 конкретных шагов**» по реализации пяти институциональных реформ Главы государства Нурсултана Назарбаева [3]. Среди пяти президентских реформ, направленных на улучшение инвестиционного климата в Республике Казахстан, особо можно выделить следующие важные направления: обеспечение верховенства закона, а также индустриализация и экономический рост. Конкретными шагами для проведения вышеназванных реформ Н.А. Назарбаевым определены: создание в г. Астане

международного арбитражного центра AIFC на примере опыта в Дубае (шаг 24); создание международного совета при Верховном Суде РК для внедрения лучших международных стандартов с участием авторитетных зарубежных судей и юристов (шаг 25); создание Международного Финансового Центра Астана (AIFC) на базе инфраструктуры Astana Expo 2017 с приданием ему специального статуса, закрепление особого юридического статуса финансового центра в Конституции, становление Центра в качестве финансового хаба для стран СНГ, а также всего региона западной и центральной Азии, создание независимой судебной системы с собственной юрисдикцией, которая будет функционировать на принципах английского права, судейский корпус формируется из числа иностранных специалистов, в перспективе финансовый хаб Казахстана должен войти в 20 передовых финансовых центров мира (шаг 70).

Собственно, с момента определения указанных выше шагов в Республике Казахстан, право которой основывается на принципах романо-германской системы, начали говорить об английском праве и его месте в правовой системе Республики Казахстан.

О взаимодействии права Республики Казахстан и английского права следует говорить в следующих аспектах.

Первый аспект – так называемая «имплементация» английского права (его отдельных принципов и норм) в гражданское законодательство Республики Казахстан в целях его совершенствования с учетом опыта английской правовой системы. Данная деятельность проводится разными исследователями и отдельными учреждениями в нескольких направлениях [см. например: 4; 5; 6].

Второй аспект связан с применением права Англии и Уэльса в Международном Финансовом Центре «Астана», в рамках деятельности которого применение английского права, в первую очередь, направлено на привлечение иностранного капитала в нашу страну. Передовые международные финансовые центры (такие, как Лондонский, Гонконгский, Сингапурский, Дубайский) пошли по пути создания отдельной, обособленной от правовой системы соответствующего государства независимой правовой системы, основанной именно на принципах и нормах права Англии и Уэльса. Этот момент, связанный с необходимостью основываться на принципах, нормах и прецедентах права Англии и Уэльса и (или) стандартах ведущих мировых финансовых центров, закреплён и в Конституционном Законе РК «О международном финансовом центре «Астана» [7].

Третий аспект может быть раскрыт в плоскости международного частного права и связан с выбором сторонами применимого к договору права. Происходящие в настоящее время процессы установления и укрепления международных отношений в разных сферах обуславливают формирование большого числа субъектов экономической деятельности, которые с возрастающей интенсивностью строят свои договорные отношения с отечественными и зарубежными партнерами. Правовое регулирование таких отношений неизбежно приводит к расширению типов договорных связей и взаимодействию разных национальных правовых систем. В результате происходит взаимное проникновение в правовое пространство одного государства иностранных правовых норм, принципов другого государства, а практикующие юристы сталкиваются с иностранными институтами, в частности договорного права.

Таким образом, возникает резонный вопрос, с чем связана необходимость обращения к принципам и нормам английского права и почему следует обратить свой взор в сторону именно английского права?

Разные авторы среди преимуществ английской правовой системы отмечают последовательность, точность, эффективность, гибкость [8, pp.153-158]; стабильность и определенность, честность закона, точность и скорость, отсутствие перезагрузки практики [9, с.64-67], а также предсказуемость при применении прецедентного права. Даже отмечаемый авторами такой минус английской правовой системы, как медленное совершенствование английского права [9, с.70-72], на наш взгляд, больше относится к преимуществам, нежели к недостаткам, т.к. это одно из выражений стабильности правовой системы.

Сегодня английское право пользуется большой популярностью при разрешении споров, возникающих в пределах СНГ [10] и применяется во всем мире в силу его четкого, устоявшегося характера. Английская правовая система формировалась на протяжении многих столетий и продолжает развитие по сей день; она характеризуется способностью подстраиваться под окружающие условия [11].

В целом, обращение к английскому праву в вопросах улучшения положения участников гражданского оборота, совершенствования структуры договорных связей, представляется весьма оправданным.

